XIV-XV ғасырларға қарай, ежелгі оғыз-қыпшақ одақтасығынан бөлініп, батысқа ауған оғыздар арасында ислам дінінің ықпалы барынша күшейіп, ескі заманнан естерінде сақтап, ауыздан-ауызға таратып, барынша қадірлеп келген көне заманның дана бақсылары мен абыздары, тарихи шындық ретінде қабылданып келе жатқан батырлық-ерлік жырлары мен аңыздары біртіндеп ығыстырыла бастайды, тіпті қудалауға түсіп, ұмыт болуға айналады. Осындай қасіретті заманда қағаз бетіне түскен «Қорқыт ата кітабы» белгілі өзгерістерге ұшырайды. Десе де, ол Қорқыттың атымен аталады. Жырлардың бұлайша топтасуы кейінгі замандарда да болған. Ол туралы М.Әуезов: «Ескілікті әңгімелердің бірсыпырасы белгілі бір хан мен патша немесе белгілі бір асқан бидің айналасына жиналған болады. Ескілік әңгімелерін кейде бір үлкен тарихи дәуірге әкеп те жиып қояды. Қазақ атаулы елдің ноғайлы дәуірінен қалған әңгіме-жырлардың көбі «Орманбет би» заманының маңына жиналған. Онан соң қазақтың ноғайдан бөлініп шығып, қазақ атанып, бөлек хандық құрып жүрген заманнан қалған ескілік әңгімелердің көбі «Әз Жәнібек» ханның тұсында болған», – дейді [1, 67-б.]. Ежелгі оғыз-қыпшақ жырларының Қорқыт есімі арқылы басы бірігіп, Қорқыт атымен аталуының себебі біріншіден, бұл жырлардың қағаз бетіне түсуден бұрын-ақ «Қорқыт жырлапты» дейтін атпен, Қорқыттың есіміне байланысты ауызша жырланып, ауызша таралып келуі болса; екіншіден, Қорқыттың қоғамдық-әлеуметтік кейіпкер ретінде жырдағы үлкенді-кішілі оқиғаларға араласып жырлардың тұтастанып, басының бірігуіне ұйытқы болуы.

«Қорқыт Ата» кітабындағы жырлардың құрылымы ежелгі мифтік сенімнің аясынан алшақтамай, исламға дейінгі түркілердің наным-сенімдік көріністерінің сақталуымен де ерекшеленеді. Жырларда дін үшін күрес деп айтылғанымен оған ислам дінінің әсері қатты тимегені байқалып тұрады. Керісінше оғыз-қыпшақ сахарасында ерте замандардан келе жатқан тәңірлік-шамандық наным-сенімнің сипаты көп ұшырасады және оның сюжеттік құрылымының бұзыла қоймағандығы байқалады. Демек, «Қорқыт ата кітабында» бағзы заманның дүниетанымы мен кейінгі дәуірдің идеологиясы, шамандық сана мен исламдық түсінік ұштаса келе, тұтас әрі күрделі синкреттік түрде көрініс табады.

Қорқыттың жеке өзін, оның өлмес туындысын әр кезеңдерде неміс шығыстанушылары Г.Ф. Диц (Дист), Т. Нелькеде, түрік ғалымдары А.Р. Ялман, Ф. Көпрілі, К.М. Рифат, М.Эргин, О.Ш. Гөкяй, итальяндық шығыстанушы Э. Росси, сондай-ақ В.В. Бартольд, А.Инан, А. Диваев, Г. Араслы, М. Тахмасиб, А. Туманский, А. Якубовский, В.М. Жирмунский, А. Кононов, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Р. Бердібаев, Ә. Қоңыратбаев, М. Байділдаев және т.б. зерттеді. Ал біз қозғап отырған Қорқыт Ата жырларындағы ежелгі

наным-сенімдер сипаты тақырыбы В.М. Жирмунский, Х.Г. Короглы, Р. Әлмұханова, Б. Әбжетов, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде шет жағасы айтылған. Бірақ кейбір себептерге байланысты аз зерттеліп, олардың барлығын жинақтап, ғылыми тұрғыдан жіктеуге талпыныстар әлі күнге дейін жасалмаған. Сонымен қатар Қорқыт жайлы деректердің шындыққа жанаспайтын тұстары әлі де зерттеуді қажет етеді. Ол жайлы Қорқыт тақырыбындағы салмақты мәселелерді көтеріп жүрген Т. Қоңыратбайдың шетелдік және республикалық ғылыми басылым беттерінде жарық көрген мақалаларында баяндалады [2; 3, 127–130-бб].

Түркі халықтарының бай әдеби мұрасының біріне айналған Қорқыт ата жырларындағы ежелгі наным-сенімдер сипаты тақырыбының аз зерттелуі үлкен өзектілікке ие екендігін көрсетеді. Жұмысымыздың мақсаты ретінде Қорқыт ата жырларында көрініс табатын ежелгі мифтік наным-сенімдерді жан-жақты талдау мен сипаттауды алдық. Жырлар шоғырының бойындағы ескі наным-сенімдердің көп өзгеріске ұшырамағандығы зерттеу нысанына айналады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақаланы жазуда белгілі ойшыл ғалымдардың талдаулары мен ой-тұжырымдары көрініс тапқан зерттеу еңбектері нысанға алынды. Атап айтқанда, С. Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» атты ғылыми монографиясына [4] шолу жасала отырып, талдау жүзеге асырылды. Зерттеуші, мифолог С. Қондыбайдың «Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері» [5] атты іргелі туындысында қарастырылған теориялық тұжырымдарды да жұмысымызға пайдаландық. Т. Қоңыратбайдың «Эпос және этнос» атты монографиясында көрініс тапқан эпостық жырлардағы наным-сенім жайлы тұжырымдары назарға алынып, талдау жасалды. Сондай-ақ, зерттеуімізге Т. Қоңыратбайдың ғылыми зерттеу жұмыстарын қолдандық. Тақырыпқа нысан етіп алынған мәселені зерделеу мақсатында түсіндіру, талдау, жинақтау, салыстыру әдістерінің ұстанымдары басшылыққа алынды.

Талдау мен нәтижелер

«Қорқыт ата кітабындағы» ежелгі наным-сенімнің сипаты бүкіл эпостық жырлардағы бағзы заманнан келе жатақан дәстүрлі мәдени-рухани негізге, яғни шамандық-мифтік дүниетанымға, оның нанымдық ұғымдары мен түсініктеріне, ондағы жаратушы күштер мен тотемдік бейнелерге, сол наным-сенімнен туындаған салттық-дәстүрлік сана мен бұлжытпай орындалу керек деген жол-жоралғыларға, оның дәлелі ретінде көрсететін көне аңыздар мен сюжеттерге, ондағы ізгі тұлғалар мен жағымсыз құбыжық күштердің қатысуымен өрбиді. Оғыз-қыпшақ даласының ежелгі тыныс-тіршілігімен, эпостың алғаш қалыптасқан тұстағы көтерген тақырыбымен, алға қойған мақсатымен, атқаратын қоғамдық міндетімен ұштасып жатады. Қысқасы, «Қорқыт ата кітабындағы» ежелгі наным-сенімнің сипаты: біріншіден, түркі мәдениетінің бастапқы дәуіріндегі көшпелілер дүниетанымының болмысы бейнесінде көрініс берсе; екіншіден, ру-тайпаның мүддесін қорғау, түрлі алауыздық пен кикілжіңдерді, ішкі қайшылық пен қақтығыстарды реттеудің түп негізі, өлшемі түрінде көрініс береді. Үшіншіден, кейінгі оғыз-қыпшақ бірлестігі тұсында сырттан баса-көктей кірген исламдық дүниетаным мен далалық дәстүрлі дүниетанымның, түркілік тұтастық пен бөлшектенудің күресі түрінде көрініс береді. Сөйтіп, ол ежелгі дәстүрлі наным-сенімді, оның салт-санасын бұзбай, өз қалпында ұстап тұру, халықты ішкі және сыртқы жаудан, елді бөлшектенуден аман сақтау идеясымен тоғысып жатады.

Дін тарихында шаманизм ежелгі түркі халықтары арасында кеңінен тараған ең көне наным-сенім жүйесі, оның киелі жаратушысы – көк тәңірі, діни уәкілі – бақсы, танымдық негізі – мифтік сана, сенімдік мазмұны – табиғатқа табыну, ата-баба аруағына сыйыну, киетектерге (тотемге) құлшылық ету және салттық-ғұрыптық жоралғыларды дәріптеп отыру деп қаралады. Ежелгі біртұтас түркі дәуірінде шамандық наным-сенімнің сипаты, негізгі

ұғымдары барлық түркілерде ортақ болған. Бірақ, наным-сенімдік ұстанымдарының жүйелі түрде қағаз бетіне түспеуі себебінен кейінгі түркілік тұтастықтың тоз-тоз болып ыдырап, түркі қағанаттары мен одақтастықтың баянсыз болуы оның бүтін бұлжымайтын жалпылық діни қағидалары, тура жолға бағыттайтын қасиетті кітабы, жаратушы мен пенде арасын дәнекерлеуші пайғамбары бар өркениетті діндер қатарына қосылуына ықпалын тигізеді. Сөйтіп, ол көп тәңірлі табиғатқа табынудан бір тәңірлі дінге бет алған деңгейде қалып қояды, әрі түркі халықтарының әрқайсысында наным-сенімдік ұғымдары мен түсініктерінің дараланушылығы, өзгешелігі орын алады. Әрине, бұған қарап шаман дінін қарапайым, кемелденбеген, сәбилік санадан туындаған үзік-жұлық түсініктердің шоғыры деп танып, оған немқұрайлы қарауға әсте болмайды. Шаманизм өзінің даму тарихы барысында бағзы нанымдық түсініктен мифтік дүниетанымға дейінгі, көп тәңірліктен бір тәңірлікке дейінгі жетілу, кемелдену кезеңдерінде қалыптастырған наным-сенімдік ұғымдарды, адам мен табиғат, адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы қилы қатынастарды сәйкестіріп, реттеп отыратын сан-салалы жолы, оны орындаудағы ереже-тәртібі, нені істеп, нені істемеуі туралы ырымдары мен тыйымдары, құлшылық ететін рухани тірегі, табынатын ізгі иелері, сақтанатын зұлымдық күштері бар дәстүрлі діни жүйе ретінде танылды. Сондықтан да шаман діні – түркі халықтарының ерте заманнан келе жатқан салт-санасының, дала мәдениетінің қайнар көзі, түп төркіні деп қаралады. Ал Қорқыт түркі мифологиясындағы шаман деп саналады. Бұл турасында С. Қасқабасов өз зерттеулерінде бірнеше дәлелдер келтіреді [4, 66-6].

Ежелгі түркілердің әлемнің жаралуы туралы мифологиялық наным бойынша, күллі әлемді, жер мен көкті жаратушы, ондағы тылсым мен тіршіліктің иесі, ұлы билеушісі біреу: ол – көк тәңірі. Көк тәңірі туралы мәліметтер әр кезеңдегі ғалымдардың зерттеулерінде де берілген. Соның ішінде С. Қондыбайдың «Байырғы қазақ дүниетанымның негіздері» атты іргелі туындысында Көк тәңірі – түркі елдерінің, оның ішінде қазақ халқының дәстүрлі тәңіршілдік дініндегі шексіз аспанның иесі Құдай, Жаратушы. Тәңірі сөзіне көк сөзін қосып атау, оның күллі әлемнің жаратушысы, әрі бірден-бір әміршісі дегенді білдірсе керек. Өйткені, көк – түпсіз, шетсіз тұңғиық аспан әлемі, әуе, тіпті күллі әлем, әрі барлық игіліктің бастауы, ғаламды билеуші Жаратқанның төрі, тұрағы, яғни жоғарғы әлемді де білдіреді делінеді [5, 59-6]. «Қорқыт ата кітабында» шаман дінінің киелі жаратушысы «тәңір» атауы үнемі қайталанып отырады әрі ол негізгі қасиеттері жағынан ислам дінінің ең киелі жаратушысы «алла», «құдай» атауларының баламасы, түркілердің құлшылық ететін рухани тірегі ретінде көрініс табады. Ол барынша дерексіздендірілген, абстракт тұлға болып, оның бейнесі тек адамдардың жүрегінде, көңілінде ғана сақталады. Әйтсе де «Қорқыт ата кітабындағы» Салар Қазан ауылының шабылуы туралы жырда: «Су – тәңірінің жүзін көріпті» дейтін аңыздық дерек айтылады, бірақ сипаттамайды. Яғни, ислам мен шаман – осы екі түрлі наным-сенім жүйесіндегі ең ұлы, ең құдыретті күштерге тән ортақ қасиеттер мен негізгі белгілер, оларды бір-біріне икемдеуге, бір-біріне балама ретінде ауыстыруға мүмкіндік берген.

Шамандық-мифтік дүниетанымда әлем жоғарғы, ортаңғы және төменгі болып үшке бөлінеді. Көк тәңірі мен рухтар жоғарғы – аспан әлемін, адамдар ортаңғы – жер беті әлемін, кесірлі жын-құбыжықтар төменгі – жер асты әлемін мекендейді. Жалпы әлем аталық пен аналықтан тұрады. Көктегі аталықтың символы – күн, аналықтың символы – ай; жердегі аталықтың символы – тау, аналықтың символы – су. Алғашында «көгілдір аспан» мен «қара жер», соңынан «адам баласы» жаралған. Әлем үлкен өзен түрінде болады, оның басы аспан, ортасы жер, аяғы жер асты. Өзен бірнеше әлемді біріктіріп тұрады, әлемдегі күн, ай және басқа жарық денелер тынымсыз қозғалыста болады, олар осы өзенді бойлап қара жерді айналып жүреді деп қараған. Тіршілікте адам мен тылсым күштер арасынан жаралған, үш әлемді, екі дүниені жалғап, үйлестіріп отыратын ерекше тұлғалар болатынына сенген. Пенде

– жан мен тәннен құралған нысан, жанның пішіні болмайды, тәннің пішіні болады. Өлім тіршіліктің жалғасы, адам біржола өлмейді, тек жан көкке ұшып кетеді де, тән табиғатқа қайтады. Оның рухы мәңгі жасай береді деп ұққан. Осылайша, ежелгі түркілер жан мен тән, өмір мен өлім, фәнилік пен бақилық ұғымдарының қарама-қайшылығын, ақиқаттығын мойындайды. Маңдайға жазылған тағдырға қарсы тұруға, мәңгілік өмір үшін күресуге, қысылғанда ата-бабалар аруағын жәрдемге шақыруға, басқа әлемдік тылсым күштермен араласуға жол ашық деп санайды. Шамандық-мифтік санадан туындаған әлемнің сыр-сипаты жайлы осынау дүниетанымдық түсініктер мен ұғымдар кейінгі замандарда фольклорлық шығармалардың эстетикалық қуатын күшейтетін көркемдегіш құрал қызметін атқаратын болды. Ол, ең әуелі, фольклорлық шығармалардағы бір-біріне жүйелі түрде жалғасып, үндесіп отыратын баласы жоқ ата-ананың бейшара, мүсәпір халі, болашақ қаһарманның ғажайып дүниеге келуі, оған ат қою, оның ерекше есейіп-ер жетуі сияқты мотивтерде көрініс табады. Сөйтіп, фольклорлық шығармаларда ерекше мән беріле баяндалатын бұл мотивтер бас қаһарманды барынша дәріптеу, оның ерлігін аша түсу, оның болашақтағы ерліктерді жасауына дайындығын көрсету міндетін атқарады. Аталған дүниетанымдық түсініктер мен ұғымдар Қорқыт ата жырларында да көрініс беріп отырады.

Әдетте, жалпы түркілік фольклорлық шығармалардағы қаһарманның дүниеге келуі жайлы мотивтер қоғамдық дамудың әр кезеңіндегі пайымдалу ерекшелігіне қарай мынадай бірнеше топқа жіктеледі. Біріншісі, ең көне мифтік сарындағы мотивтер, мұнда қаһарман тікелей тылсым күштерден жаралады. Мысалы, ежелгі түркі бітіктас жырларында Білге қаған тікелей тәңірдің өзінен жаралады [6, 14-б]. «Оғызнама» эпосындағы кейіпкерлер күннің нұрынан, ағаштың жарығынан жаралады [7, 174-б]. Екіншісі, екі дүниелік жаратылысқа ие мифтік сарындағы мотивтер, мұнда қаһарман жартылай адам, жартылай тылсым күштерден жаралады. Олардың анасы перінің қызы немесе ғажайып хайуанат болып келеді. Мысалы, ежелгі түркілер жайлы аңыздарда түркілер адам мен көкбөрінің қосылуынан жаралады. Үшіншісі, шындық сипаттағы мифтік сарын мотивтері. Мұнда қаһарманның әке-шешесі кәдімгі адамдар, алайда қаһарманның тууы түс көру, әруақтардың басына түнеу, әулиелерден сұрап алу түрінде болады, немесе қаһарманның анасы қабыланның, арыстанның, құланның жүрегіне, бүйрегіне, етіне жерік болады. Олардың мінездемелері арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты деп суреттеледі. Яғни, қаһарманның болмысын таң қаларлық тылсым күштерден, ғажайып хайуанаттардан таратпайды, қайта солардың мінезіндегі, қайратындағы ұқсастық басты орын алады. Тіпті олардың өздеріне үстемдік ететін ғажайып тұлға туады.

«Қорқыт ата кітабынан» болашақ қаһарманның дүниеге келуі жайлы мифтік сарындағы мотивтердің ұқсастығы жоқ, бөлек үлгілерін ұшыратуға болады. «Дерсехан ұлы Бұқаш туралы жырда» баласы жоқ ата-ананың бейшара, мүсәпір халі былайша суреттеледі: Бір күні хандардың ханы Баяндыр хан жылда бір рет оғыздың билері мен бектерін шақырып, қонағасы беріп, сияпат көрсететін әдеті бойынша, бір жерге қара үй, бір жерге қызыл үй, бір жерге ақ үй тіккізіп, жылқыдан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойғызады. Ұлы барды ақ отауға, қызы барды қызыл отауға түсіріндер, кімде-кімнің ұл-қызы жоқ болса, қара отауға түсіріндер, астына қара киіз төсеп, қара қой сойып, етін алдына тартындар, жесе жесін, жемесе кетсін. Ұлы, қызы жоқты тәңірі қарғапты, біз де қарғаймыз дейді. Дерсеханның не ұлы, не қызы жоқ еді, ол ұлы тойға келіп, қорлау көріп, қатты қайғырып қайтады. Сосын, әйелінің ақылымен бүкіл елдің батасын алып, Бұқаш атты бір ұл көреді» [8, 41-б.]. Халық ауыз әдебиетінің інжу-маржаны «Қорқыт ата кітабындағы» дәл осы туындыда емшілікке қатысты түсінде аян алу мотиві де кездеседі. «Әкесі Дерсе ханның оғына ұшқан Бұқаштың жанына боз ат мінген Қызыр келіп, басынан үш рет сипап: Қорықпа, балам! Бұл жарадан өлмейсің. Жараң тау гүлі мен анаңның ақ сүтінен жазылады!» деп, ғайып болады. Бұны естіген анасымен бірге келген қырық қыз тауға шығып, жұпар иісті гүлдерді жинайды. Анасы емшегін сығады, бірақ сүт шықпады. Екінші рет сыққанда да сүт шықпады. Үшінші

рет сыққанда, заулап сүт шығады. Сүтке тау гүлін ұнтақтап салып араластырып, баласының жарасына жақты. Бұқаш жазылып, атына отырады» [9, 37-б.].

Осы сияқты баласы жоқ ата-ананың мұңын, халін баяндайтын мотив «Байбөрі ұлы Бамсы байрақ туралы жырда» да бар, бірақ онда баласы жоқ Байбөрі басқалар жағынан емес, өзі қорланып жылайды, Қазан бастаған оғыздар оған бата беріп, оның әйелі ұл туады. Жырда келесідей баяндалады: «Бұл сөзді есіткен барлық оғыз елінің бектері қолдарын жайып, жүздерін көкке жая жалбарынып, «Тәңірі саған ұл берсін», – десті. Ол заманда бектердің алғысы да, қарғысы да қате кетпей, дұғасы қабыл болушы еді» [10, 34-б.]. Бұл мотивтердегі қорлау мен қорлану – бар жақсылық пен жамандық көк тәңірінен келеді, баласыз қубас қалу тәңірдің кәріне ұшырау деп түсінетін шамандық нанымға қатысты болса, ал батаның күші дарып, тілегі қабыл болып, ұл сүю – сөздің де киесі бар, оның құдіретіне сүйеніп, әулиелерден, тіпті жалғыз жаратушы тәңірдің өзінен бала сұрап алуға болады деген тіл сиқырына қатысты болып тұр. Ең маңыздысы, осы мотивтердің түп тамыры тілеп алған баланың тумысынан киелі, оның дүниеге келуіне тылсым күштер араласқан дейтін шамандық түсінікпен байланысып жатқанын көруге болады.

Ал «Бисаттың Төбекөзді өлтіргені туралы жырда»: Арудың сары қойшысы дейтін малшысы бар еді. Ол жайлауға елден бұрын көшетін, бір күні ол Ұзынбұлақ деген бұлақ басында перілерге кез болады. Қойлары үркіп кетеді, қойшы перінің біреуін ұстап алып, онымен жақындасады. Пері ұшып бара жатып: «Жыл толғанда менен аманатыңды ал, бірақ оғыздың басына пале таптың!» дейді. Сөйтіп, адам мен перінің жақындасуынан Төбекөз (төбекөз) дүниеге келеді, оның қолдаушысы өзінің аққу бейнесіндегі пері анасы болады. Расында, Төбекөз болашақта оғыздарға үлкен апат әкеледі [11, 289-б.]. Байырғы шамандық наным бойынша, «жоғарғы» әлемнің киелі рухтары құс бейнесінде сипатталады, құс – көк тәңірімен тілдесе алатын, көк пен жерді байланыстыра алатын алғашқы киетектердің, дүниеден өткен ата-бабалардың көктегі бейнесі, рухы (аруағы) деп қаралады. Құстардың ішінде аққу тәңірдің жердегі өкілі – бақсы шырғаға түсіп, аспан әлемін шарлап, көктегі жын-перілерін шақырған тұста жардемге келетін киелі қолдаушыларының бірі болып саналды. Сол себепті бақсылар бертінге дейін аққу терісін жамылып, оның қауырсынын тағып жүретін болған. Ал мифтік-фольклорлық аңыздар мен эпостарда аққу екі дүниелік жаратылысқа ие тұлғалардың (болашақ батыр, ұлы бақсы, асқан өнерпаз, Төбекөзді жалмауыз, т.б.) анасы не әйелі перілер түрінде беріледі. Олар адамға жолыққанда аққу болып көрінсе, кетерінде аққу болып ұшып кетеді. Халқымыз өзінің «қазақ» деген атының шығу тегін аққумен байланыстырып (қаз-ақ), оны тотемдік аңыздарына арқау етеді. Демек, бұл мотивтің астарынан екі дүниенің, яғни адамдар дүниесі мен тылсым күштер дүниесінің арасындағы ізгілікті не ізгіліксіз қатынастарға белсене араласатын тұлғалар тумысы жағынан осы екі дүние өкілдерімен тікелей байланысты болып, солардың ортасынан жаралады әрі солардың қолдауына ие болып отырады. Сондықтан да олар теңдессіз күш иесі, әрі болмыс бітімі де өзгелерден ерекше болады деген шамандық-мифтік нанымды көре аламыз.

«Қорқыт ата кітабында» болашақ қаһарманға ат қою мотивтері де ерекше мәнде баяндалады. Бірақ ондағы батырлық жырларда ежелгі дәстүрді сақтап, нәресте туған мезгілдегі оқиғаға, табиғат құбылысына қарап бірден ат қойылмайды. Қайта сол заманның өз салты бойынша, есейе келе баланың алғашқы жасаған ерлігіне, болған оқиғаға қарай ат қойылады, көбінде Қорқыт ата келіп бата беріп, ат қойып отырады. «Дерсехан ұлы Бұқаш туралы жырда»: Дерсеханның зарығып көрген жалғыз ұлы 15 жасқа келгенде алаңға шығып, Баяндыр ханның алып бұқасын өлтіреді. Қорқыт ата келіп, алғаш ерлік көрсеткені үшін батасын беріп, баланың атын «Бұқаш» қояды. «Байбөрі ұлы Бамсы байрақ туралы жырда» Байбөрінің құдыретті күштен сұрап алған жалғыз ұлы да 15 жасқа келгенде бес жүз гәуірді жеңіп, базаршылардың тоналған малын қайтарып алып бергені үшін Қорқыт ата келіп, «Баланың аты Байшұбар атты Бамсы Байрақ болсын, атын мен қойдым, жасын алла берсін!»

дейді. Ал «Басаттың Төбекөзді өлтіргені туралы жырда» жау келіп, ел үркіп қашқанда Аруздың жол-жөнекей жоғалтып алған баласын үңгірде арыстан асырап өсіреді, кейін баланы арыстанның апанынан құтқарып әкелсе де, ол жабайы әдетін қоймай апанға қашып, жылқының қанын сорып маза бермейді. Сонда Қорқыт ата келіп оған ақыл айтады, әрі «сенің үлкен ағанның аты Қиян селжұқ, сенің атың осы елден шыққан ағанның аты – Басат болсын, атыңды мен қойдым, өміріңді алла берсін!», – дейді. Демек, болашақ батырға ат қоюда ырымдау, тумысынан киелі күштің қолдауымен туғандығы, затына аты сай болсын деген тілегі, тіпті ғажайып күштерге үстемдік ете алатындығы, т.б. ескеріледі. Қорқыт ата әулие ретінде оған ат қояды, сондықтан оның есімінде киелілік бар деп саналады.

«Қорқыт ата кітабында» мифтік санадан туындаған ең көне көшпенді сюжеттер де кездесіп отырады. Көне көшпенді сюжеттің біреуі «жалғыз көз (төбекөз)» тақырыбындағы мифтік эпсана желісі. Кейінгі дәуірлерде бұл сюжет талай-талай шығармаға арқау болып, шығыс пен батыстың арасында көшіп жүреді.

Жырда «Төбекөз» адам мен перінің арасынан пайда болады, ғажайып жолмен өмірге келіп, ерекше есейіп-ержетеді. Осылайша, жырдың басынан-ақ «Төбекөз» екі дүниелік жаратылысқа ие өзгеше тұлға ретінде танылады. Есейген соң ол үңгірді тұрақ етеді. Үңгір – ежелгі түркілердің дүниетанымында, ата-бабалары алғаш тіршілік еткен, өсіп-өнген, олардың аруағы о дүниеге аттанған киелі мекені. Ежелгі түркілер қашанда үңгірді киелі мекен санап, сонда барып ата-баба аруағына құрбандық беріп отырған. Сондықтан да ежелгі түркілер өздерінің шамандық-мифтік нанымдарында осындай адам мен тылсым күштің арасынан пайда болып, үңгір сияқты киелі орындарды паналаған алыптар бітімі өзгелерден ерекше, дүлей күштің иесі, қорқуды білмейтін ер болады деп сенген. Десе де, «Төбекөз» шығу тегі қасиетті, киелі бола тұрса да ізгіліктің бейнесі түрінде емес, жауыздықтың мифтік-құбыжық бейнесінде болады да оғыздарға үлкен апат әкеледі. Осылайша өрбіген жырдың сюжеті ізгілік пен жауыздықтың күресі ретінде өрбіп, фольклорлық-эпостық сарында ізгі күштердің жеңіске жетуімен аяқталады. Қысқасы, Төбекөздің тууы туралы мотивте болсын, сюжеттің өн-бойындағы сан қилы шытырман оқиғалардың ішінде болсын, шамандық-тәңірлік діннің арқауы болған түрлі рухтарға, тылсым күштерге, ата-баба аруағына деген наным мен сенім, сондай-ақ жарылқаушы, жебеуші күштердің ролі ерекше орын алады.

«Қорқыт ата кітабындағы» көне сюжеттің ендігі біреуі «өліммен күрес» тақырыбы. «Өліммен күрес» идеясы адамзат мәдениетіндегі ең көне, ең құнды тақырыптардың бірі болып саналады. Бұл тақырыпқа құрылған сюжеттерді әлемнің түкпір-түкпірінен, көне аңыз-эпсаналар мен байырғы шығарамалардан кездестіруге болады. Екі түрлі тектің қарама-қайшылығы – жарық пен түнектің, өмір мен өлімнің күресі түрінде түсіндіріледі. Оғыз-қыпшақ даласында ықылым заманнан бері ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан «өліммен күрес» тақырыбы «Қорқыт ата кітабы» қағаз бетіне түскенде «Оғыз Доха Делі Домрұл туралы жырға» арқау болады [13, 59-б.].

Жырда ер жүрек Домрұл кінәсіз өлген жігіттің жанын қайтарып алу жолында эзірейілмен аяусыз алысады, оның кесірлі әрекеті алланы қаһарландырады, алла кәріне мініп Домрұлдың жанын алмақ болады. Домрұлдың өз басына қауып төніп, әкесі мен шешесіне келіп мұңын шағып, олардың құтқаруын сұрайды. Бірақ, жарының оған деген махаббаты әкешесінің махаббатынан да артық болып шығады да, алланы әсерлендіреді, олар ұзақ ғұмыр кешеді. Ал қазақ халқының жадында сақталған аңыздар мен эпсаналарда Қорқыттың қырық жыл өмір сүретіні аян болады. Осыдан бастап Қорқыт желмаясына мініп, өлімнен қашып, дүниені кезіп кетеді. Әбден тарығып, титықтаған Қорқыт жер ұйығына жетсем жаным қалар деп, өзінің туған жері Сыр бойына келеді. Су бетінен көр қазбас болар деп, желмаясының жабуын сыр суына төсеп, қобызын толассыз сарнатып отыра береді. Жүз жыл бойы Қорқытты аңдыған ажал, қобыз үні тынған бір сәтте, жылан болып келіп, оны шағып алады.

Осылайша айналдырған ажал Қорқытты ақыры алып тынады. Демек, Домрұл жырында сюжет эпостық түр алса, аңыздар мен әпсаналарда трагедиялық түр алады.

Қорытынды

Біз сөз еткен «Қорқыт ата кітабында» оқиғаны баяндау барысында исламға дейінгі түркі халықтарының көне эпосынан орын алған байырғы мифтік сюжеттеріне арнайы тоқталдық. Қорқыт ата жырларында көрініс табатын ежелгі мифтік наным-сенімдерге мейлінше жан-жақты талдау, сипаттау жасауға тырыстық. Ел аузында айтылып келген оғыз жырлары жазба әдебиетке түсіп, шығыстық жазба дастан үлгісі қарқын алып дами бастаған тұста хатқа түсірілгені белгілі. Соның өзінде байырғы оғыз халықтарының исламға дейінгі көне наным-сенімдері жақсы сақталғандығының куәсі боламыз. Мейлі Домрұл жыры болсын, немесе қазақ халқының арасына тараған аңыздар мен әпсаналарда болсын бәрі де ислам дінінің «тағдыр, алланың жазуы» деген киелі қағидаларына мүлде қайшы болып келеді. Әсіресе қазақ халқының арасында тараған аңыздар мен әпсаналарда Қорқыт бейнесі тәңірлік-шамандық діннің жаршысы, ең дана, ең көрнекті уәкілі ретінде сомдалады. Ал Қорқыттың тарихи тұлға екендігін көрсететін құнды мәліметтер аңыздар болып табылады.

XIX ғасырдың басынан бастап Қорқыт тақырыбындағы үлкенді-кішілі зерттеулер қазіргі түрік халықтарында ғана емес, әлемнің өркениетті елдерінде үзіліссіз жазылып, жарық көруде. Сонымен қатар, Қорқыт жайлы деректердің де шындыққа жанаспайтын тұстары зерттеуді қажет етеді. Себебі, Қорқыт ата мұрасы – мәдениет, әдебиет, тарих үшін аса құнды дүние. Заман озса да өзектілігін жоймайтын тақырыптардың бірі.

Қорыта айтқанда, «Қорқыт ата кітабының» ежелгі наным-сенімдік сипаты тұтас эпостық жырлардағы бағзы заманнан келе жатқан дәстүрлі мәдени-рухани негізге саяды да, эпостық жырлардың танымдық, сана-сезімдік тірегі болып танылады. Ықылым заманнан бері оғыз-қыпшақ даласын мекендеген көшпенділердің тыныс-тіршілігін толық сипаттап, ұшқыр қиялынан туған түсініктерінің тегін тектеуімізге, мәні мен қасиетін ашып, саралап тануымызға негіз болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
2. Kongyratbay T., Sultanova M., Bekmoldinov N., Ospanov B., Kongyratbay K. Study of the Heritage of Korkyt in the Turkic World // Asian Social Science. – 2015. – Vol. 11, No. 21. – Б. 55–61.
3. Қоңыратбай Т. Қазақ халқының музыкалық аспаптарын зерттеудің өзекті мәселелері // Түркология. – 2022. – №2 (110). – Б. 121–140. <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-3162.05>
4. Қасқабасов С. Таңдамалы. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – Т.1. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
5. Қондыбай С. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. Энциклопедиялық басылым. – Алматы: Қазақ тілі, 2018. – 480 б.
6. Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан әпсаналары. – Алматы: Аруна, 2008. – 256 б.
7. Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. 1-том / Құраст.: Ш. Ахметұлы, А. Әлібекұлы, Н. Базылхан, С. Қорабай, Қ. Орынғали, Қ. Сартқожаұлы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 504 б.
8. Қорқыт ата: энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 798 б.
9. Әшірханова Қ.М., Сүйінжанова Ж.К. Халық емшілігінің қазақ және түрік халық ауыз әдебиетіндегі көрінісі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2021. – №4 (122). – Б. 37–46. <https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.04>
10. Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос / Орыс тілінен ауд. Ә. Қоңыратбаев, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 128 б.
11. Қорқыт Ата кітабы (Дрезден нұсқасының транскрипциясы) / Қазақшалағандар: М. Жолдасбеков, Г. Шадиева. – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2020. – 752 б.

12. Жирмунский В.М., Кононов А.Н. Книга моего Деда Коркута. Репринтное воспроизведение издания 1962 года. – СПб.: Наука, 2007. – 229 с.

REFERENCES

1. Auezov M. Adebiet tarihy [History of literature]. – Almaty: Ana tili, 1991. – 240 b. [in Kazakh]
2. Kongyratbay T., Sultanova M., Bekmoldinov N., Ospanov B., Kongyratbay K. Study of the Heritage of Korkyt in the Turkic World // Asian Social Science. – 2015. – Vol. 11, No. 21. – 55–61.
3. Qonyratbai T. Qazaq halqynyn muzykalyq aspaptaryn zertteudin ozekti maseleleri [Actual problems of studying musical instruments of the Kazakh people] // Turkologia. – 2022. – №2 (110). – B. 121–140. <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-3162.05> [in Kazakh]
4. Qasqabasov S. Tandamaly. Qazaqtyn halyq prozasy. Zertteuler [Selected works. Kazakh folk prose. Researches]. – T.1. – Astana: Foliant, 2014. – 320 b. [in Kazakh]
5. Qondybai S. Baiyrgy qazaq dunietyanymynyn negizderi. Enciklopedialyq basylym [The basics of the ancient Kazakh worldview. The encyclopedic edition]. – Almaty: Qazaq tili, 2018. – 480 b. [in Kazakh]
6. Janaidarov O. Ejelgi Qazaqstan afsanalary [Legends of ancient Kazakhstan]. – Almaty: Aruna, 2008. – 256 b. [in Kazakh]
7. Kone dauirdegi adebi eskertkishter. 1-tom [Literary monuments of antiquity. Volume 1] / Qurast.: Sh. Ahmetuly, A. Alibekuly, N. Bazylhan, S. Qorabai, Q. Oryngali, Q. Sartqojauly. – Almaty: «Taimas» baspa uii, 2007. – 504 b. [in Kazakh]
8. Qorqyt ata: enciklopedialyq jinaq [Korkyt Ata: an encyclopedic collection]. – Almaty: Qazaq enciklopediasy, 1999. – 798 b. [in Kazakh]
9. Ashirhanova Q.M., Suinjanova J.K. Halyq emshiliginin qazaq jane turik halyq auyz adebietindegi korinisi [The reflection of folk healing in Kazakh and Turkish folk-oral literature] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2021. – №4 (122). – B. 37–46. <https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.04> [in Kazakh]
10. Qorqyt ata kitaby. Ogyzdardyn batyrlyq jylary: Epos [The book of Korkyt ata. Heroic Songs of the Oghuz: An Epic] / Orys tilinen aud. A. Qonyratbaev, M. Baidildaev. – Almaty: Jazushy, 1986. – 128 b. [in Kazakh]
11. Qorqyt Ata kitaby (Drezden nusqasynyn transkripciasy) [The book of Korkyt Ata (transcription of the Dresden version)] / Qazaqshalagandar: M. Joldasbekov, G. Shadieva. – Nur-Sultan: Kultegin, 2020. – 752 b. [in Kazakh]
12. Jirmunskiy V.M., Kononov A.N. Kniga moego Deda Korkuta. Reprintnoe vosproizvedenie izdania 1962 goda [The book of my Grandfather Korkut. Reprint reproduction of the 1962 edition]. – SPb.: Nauka, 2007. – 229 s. [in Russian]

УДК 811.161.1; ГРНТИ 16.21.33

<https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.41>Г.А. СЕЙДУЛЛАЕВА¹, Г.К. ТЕМИРКУЛОВА², Ж.Л. КЕНЖИТАЕВА³¹кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Международной образовательной корпорации (Казахстан, г. Алматы), e-mail: g.a.seidullaeva@mail.ru²старший преподаватель Международной образовательной корпорации (Казахстан, г. Алматы), e-mail: gulzada-73@mail.ru³старший преподаватель НАУ Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина (Казахстан, г. Астана), e-mail: kenzhetaeva@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ СОВРЕМЕННОЙ КОМИЧЕСКОЙ РЕКЛАМЫ

Аннотация. Цель данной статьи – анализ текстов современной рекламы с элементами комического. В современной рекламе все чаще применяются различные прагматические стратегии, направленные на вызов эмоций у адресата. Одним из результативных способов достижения этой цели является использование юмора и создание комического эффекта. Юмор помогает привлечь внимание аудитории и запомнить рекламное сообщение. С этой целью используются разнообразные лингвистические приемы, в основе которых – языковые средства, участвующие в создании комического. Речевая многозначность подобных инструментов, наряду с омонимией, функциональным синкретизмом, игрой слов, шуточных образов и ситуаций, чаще всего и становятся причиной комического. В анализе рекламных текстов был использован метод сплошной выборки (предложенный Т.В. Жеребило), что позволило обратиться к более 50 рекламным слоганам с комическим подтекстом. Количественный анализ использовался для численного учета рекламы с комическими элементами, а также при опросе респондентов для определения влияния подобной рекламы на их повседневную жизнь. В процессе исследования было выявлено, что реклама с элементами комизма способна более полно, информативно и наглядно передать необходимые сведения, эмоции и ценности через сочетание вербальных и невербальных элементов, направленных на предпочтения целевой аудитории. Статья может быть полезной изучающим рекламоведение, а также журналистам и исследователям комического.

Ключевые слова: реклама, комическое, вербальный, невербальный, модель.

Г.А. Сейдуллаева¹, Г.К. Темиркулова², Ж.Л. Кенжитаева³¹филология ғылымдарының кандидаты,

Халықаралық Білім беру Корпорациясының қауымдастырылған профессоры (Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: g.a.seidullaeva@mail.ru

²Халықаралық Білім беру Корпорациясының аға оқытушысы (Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: gulzada-73@mail.ru³С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің аға оқытушысы (Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: kenzhetaeva@mail.ru

* Цитируйте нас правильно:

Сейдуллаева Г.А., Темиркулова Г.К., Кенжитаева Ж.Л. Особенности современной комической рекламы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №2 (132). – Б. 26–39 <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.41>

*Cite us correctly:

Seidullaeva G.A., Temirkulova G.K., Kenjitaeva J.L. Osobennosti sovremennoi komicheskoi reklamy [Features of Modern Comic Advertising] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2024. – №2 (132). – B. 26–39. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.41>

Дата поступления статьи в редакцию 02.04.2024 / Дата принятия 19.06.2024

Қазіргі комикстік жарнаманың ерекшеліктері

Аңдатпа. Бұл мақаланың мақсаты – комикс элементтері бар заманауи жарнама мәтіндерін талдау. Заманауи жарнамада адресаттың эмоциясын оятуға бағытталған әртүрлі прагматикалық стратегиялар көбірек қолданылуда. Бұл мақсатқа жетудің тиімді әдістерінің бірі – әзіл-оспақты қолдану және күлкілі әсер ету. Әзіл аудиторияның назарын аударуға және жарнамалық хабарламаны есте сақтауға көмектеседі. Жарнамалық мәтіндер көбінесе әртүрлі лингвистикалық әдістерді және өз мақсаттарына жету үшін тілдік құралдарды қолданады. Тілдік құралдардың көп мағыналылығы, омонимиямен, функционалды синкретизммен, сөздерді ойнату, күлкілі бейнелер мен жағдаяттар көбінесе комикстің пайда болуына себеп болады. Жарнама мәтіндерін талдауда үздіксіз іріктеу әдісі қолданылып, күлкілі реңктері бар 50-ден астам жарнамалық мәтіндер таңдалып алынды. Сандық талдау күлкілі элементтері бар жарнамаларды сандық есепке алу үшін, сондай-ақ ерлер мен әйелдер арасында жүргізілген сауалнамада осындай жарнамалардың олардың күнделікті өміріне әсерін анықтау үшін қолданылды. Зерттеу барысында комизм элементтері бар жарнамалар мақсатты аудиторияның қалауы мен үміттерін ескере отырып, ауызша және вербалды емес элементтердің үйлесімі арқылы ақпаратты, эмоциялар мен құндылықтарды толық, ақпараттық және көрнекі түрде жеткізе алатындығы анықталды. Мақаланы жарнаматану, қазіргі журналистиканың кейбір аспектілері және комикс әдебиетін оқитын студенттерге қосымша ретінде пайдалануға болады.

Кілт сөздер: жарнама, комикс, вербальды, вербальды емес, модель.

G.A. Seidullayeva¹, G.K. Temirkulova², ZH.L. Kenzhitaeva³

*¹Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
of the International Educational Corporation
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: g.a.seidullaeva@mail.ru*

*²Senior Lecturer of the International Educational Corporation
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: gulzada-73@mail.ru*

*³Senior Lecturer of NAU Kazakh Agrotechnical University named after S. Seifullin
(Kazakhstan, Astana), e-mail: kenzhetaeva@mail.ru*

Features of Modern Comic Advertising

Abstract. The purpose of this article is to analyze the texts of modern advertising with comic elements. Modern advertising is increasingly using various pragmatic strategies aimed at evoking emotions in the addressee. One of the effective ways to achieve this goal is to use humor and create a comic effect. Humor helps to attract the audience's attention and remember the advertising message. Advertising texts often use a variety of linguistic techniques and play with linguistic devices to achieve their goals. Speech polysemy of linguistic means, along with homonymy, functional syncretism, play with words, comic images and situations most often become the cause of the comic. In the analysis of advertising texts, the continuous sampling method was used. Its use helped to select more than 50 advertising texts with comic overtones. Quantitative analysis was used to quantify advertisements with comic elements and to survey men and women to determine the impact of such advertisements on their daily lives. During the research, it was revealed that advertising with comic elements is capable of more fully, informatively and clearly conveying information, emotions and values through a combination of verbal and non-verbal elements, taking into account the preferences and expectations of the target audience. The article can be used as an application for students of advertising science, some aspects of modern journalism and comic literature.

Keywords: advertising, comic, verbal, non-verbal, model.

Введение

На сегодняшний день значимость рекламы и ее влияние на современное общество велико, что проявляется в текущих социальных и культурных явлениях. Во взаимодействии с обществом она порождает новые смыслы, которые, с одной стороны, влияют на поведение людей; с другой, – связаны с менталитетом и культурным своеобразием общества. Актуальность исследования определяется необходимостью изучить некоторые приемы построения рекламного текста, передающего специфику комического, заключающуюся в привлечении внимания адресата.

Методы исследования и материалы

При работе с рекламными сообщениями был использован метод сплошной выборки, который позволил обратиться к текстам современного пиара, содержащим элементы комического. Метод анализа дал возможность определить способы его выражения. Описательный метод был необходим, чтобы представить средства комического в рекламе и проанализировать их.

Создание рекламы с использованием приемов комического – интересная и многоаспектная область изучения. Она становилась предметом исследования не только для филологов, но и культурологов, социологов, философов, психологов и других. Например, вопросы теории рекламного текста с точки зрения лингвистики были рассмотрены в работах П.А. Пименова [1]. Автор российских учебников по рекламе подробно рассматривает такие составляющие рекламного процесса, как цели, задачи, специфика современной мультикультурной среды и т.п. Для него реклама – это социальный и весьма востребованный коммуникатор, который продвигает определенный продукт среди других подобных на визуальном языке искусства и семиотики. Реклама как речевой жанр пропаганды проанализирована в труде А.Д. Шмелева «Смех и улыбки в русской языковой картине мира» [2]. Известный российский лингвист подчеркивает, что ее эффективность во многом определяется тем, что желательная идеология преподносится как нечто само собою разумеющееся, поэтому в рамках используемых языковых средств она не может быть подвергнута никаким неопределенностям. Другими словами, «необходимые» идеи уже должны быть заложены в слогане и являться составной частью языка пропаганды. В своих исследованиях о комическом А.Д. Кошелев настаивает на том, что в философии, психологии и других науках основа комического – это различные формы противоречия, так называемый «умственный контраст», «отклонение от нормы» [3]. По мнению М.А. Кулинич [4], именно юмор позволяет выйти за пределы линейного, строго логического мышления. Комическое способствует тому, что воспринимающий может увидеть диалектические противоречия в анализируемом объекте, а автор обнаруживает такие взаимосвязи в строении мира, которые не всегда возможно объяснить рациональным подходом к окружающей действительности. Это позволяет сформировать объемную и целостную картину описываемого и тем самым уловить его связь с другими объектами. Подобное повышает многомерность отражения реальности и функционального потенциала интеллекта человека. Среди казахстанских исследователей рекламы представляют интерес работы А.Ж. Кайрамбаевой [5] и М.Б. Айтмагамбетовой [6]. По мнению А.Ж. Кайрамбаевой, рекламный текст – это особое речевое произведение, в котором есть свои составляющие (вербальные и невербальные элементы). Текст наружной рекламы, с одной стороны, информативен, с другой, – декодируем. Сама структура рекламы опирается на знания, опыт, установки, мнение адресата. Именно в подобном мнении изначально заложен прагматический потенциал, поэтому оно коммуникативно.

При анализе эмпирического материала в исследованиях М.Б. Айтмагамбетовой подчеркивается значимость для казахстанского рекламного дискурса фреймов, связанных с

темой семьи. Они используются, в первую очередь, в рекламе продуктов и жизненно важных товаров. Так, например, фрейм «семья» больше всего представлен в рекламе молочной продукции: из 108 рекламных материалов в 86 присутствует образ дружной семьи. При анализе комического и его функций в структуре текстов мы опирались на статьи А.Т. Бактыбаевой, которая с опорой на ряд западных и российских исследований подчеркивает, что комическое – это эстетическая категория «в основе которой несоответствие, нелепость или непоследовательное противоречие явлений в искусстве, выраженное посредством оценки – смехом» [7, с. 253].

Анализ и результаты

Согласно определениям, реклама – способ информирования. С одной стороны, она предназначена для привлечения внимания людей с целью продажи товаров или услуг. С другой стороны, сообщает о событиях экономической, культурной или политической жизни для призыва общества к активному участию в них.

С лингвистической точки зрения, реклама – это форма речевой деятельности. Однако она оперирует не только языковыми средствами (текст), но и внеязыковыми (музыка, изображения, пластика и другие), чтобы создать эффективное средство воздействия на целевую аудиторию. Реклама также является отраслью индустрии, занимающейся производством и размещением рекламных материалов в средствах массовой информации, исследованием и оценкой их результативности [8].

Рекламный текст имеет несколько особенностей. Во-первых, это одна из форм коммуникации, которая обладает своей спецификой и уникальными характеристиками. Подобный текст, как уже отмечалось выше, состоит из вербальных и невербальных элементов, способствующих действенной передаче информации и оптимальному воздействию на адресата. В связи с этим мы можем утверждать, что постоянные изменения на рынке товаров и услуг приводят к увеличению «эмоциональных покупок», совершаемых с помощью рекламы, а конкуренция аналогичных товаров проходит не в рамках функциональных характеристик типов продукции, но на уровне «продающих идей» и их воплощения в жизнь. По этой причине комическое становится актуальным приемом языковой игры, так как привлекает внимание, заставляет работать воображение и апеллирует к памяти покупателя.

Во-вторых, в рекламных текстах часто используются аудиовизуальные элементы, которые усиливают воздействие на адресата. Такие компоненты, как рисунки, фотографии, видеоролики, музыкальные записи, помогают создать экспрессивную связь с клиентами, вызвать желаемую реакцию и запомнить полученное сообщение.

В-третьих, в рекламных текстах могут быть использованы различные семиотические коды (цвет, шрифт или звуковые эффекты). Эти элементы дополняют и усиливают вербальную часть текста, помогают создать нужную атмосферу и вызвать желаемую реакцию у аудитории: «Соблазнительные духи' весны // Когда просыпаются ду'хи весны».

Следовательно, рекламный текст – это комплексное и творческое средство коммуникации, которое стремится привлечь внимание и заинтересовать потребителя, а, с точки зрения общества, – воздействовать на его решения и предпочтения [9, с.43].

Способы создания рекламных текстов можно условно разделить на три основные модели. Первая модель предполагает добавление изображений к исходному вербальному тексту. Это может быть инфографика, фотография или иной визуальный элемент, который дополняет и расширяет информацию, содержащуюся в тексте. Вторая модель, наоборот, предусматривает добавление вербальных компонентов к изображениям. Такие тексты часто встречаются в рекламных баннерах или на упаковке товаров, где слова или фразы дополняют визуальную информацию и помогают передать необходимые смысловые нюансы.

Третья модель – интегрированная, где текст изначально создается как креолизованный, совместно с изображениями. В этом случае вербальные и графические элементы разрабатываются параллельно с целью воплощения гармоничного и эффективного рекламного сообщения. Такой подход позволяет подготовить целостные и запоминающиеся фразы, где каждый элемент взаимодействует и подкрепляет друг друга. Например, на щите, презентующем квас, рядом с пьющим этот напиток человеком стоит слоган: «Квас «Никола» пей, Никола!».

Объект рекламы определяет конечную цель. В зависимости от нее, можно выбрать различные подходы. Например, если компания выходит на новый рынок, то имиджевая реклама может быть эффективным инструментом для создания положительного восприятия бренда и привлечения клиентов.

Сравнительная реклама направлена на сопоставление аналогичных продуктов или услуг. Ее цель – демонстрация преимущества товара и убеждение потребителей в его превосходстве. Она может основываться на таких критериях, как цена, качество, функциональность и т.д.: «попрОБУЙ – поЛЮБИШЬ!» (реклама обувного магазина). Однако в ряде стран существуют законы и этические нормы, регулирующие использование прямого сопоставления.

Информационно-просветительская реклама предназначена для передачи информации и знаний, повышения общего уровня осведомленности у адресата. Она может предоставлять сведения о новых продуктах, технологиях, услугах или государственных программах, помогать формированию правильного понимания и оценки предлагаемых потребителям предложений.

В последнее время определенный интерес для исследователей имеет социальная реклама. Ее задача – повлиять на сознание и поведение людей. Основные ее темы – пропаганда здорового образа жизни, охрана окружающей среды, противопожарная безопасность и т.д. Она пытается возбудить сознательное отношение к социальным проблемам и способствовать их решению. Например, о вреде курения министерство здравоохранения выпускает слоган на пачках некоторых видов сигарет: «БОЛЬШЕ чем Ты думаешь!»

Использование того или иного вида рекламы зависит от конкретной ситуации и задач, стоящих перед рекламодателем. Тем не менее комбинирование и сочетание ее различных типов может создать комплексную промоакцию, нацеленную на достижение конкретных результатов.

Непосредственная реклама представляет собой явное и прямое указание на ее создателя или продукт/услугу в коммерческих целях. Примеры непосредственной рекламы – телевизионные ролики, баннеры, печатные объявления и т.д. Такая форма требует оплаты и направлена сразу на потребителя: «швейЦАРСКИЕ часы!» В данном примере псевдочленение швей+царские обыгрывает языковые значения и позволяет извлечь дополнительный смысл.

Косвенная реклама – форма пропаганды, при которой авторы не упоминаются явно, продукт или компания напрямую не указываются, но цель прослеживается на всех уровнях – формирование положительного образа и укрепление имиджа. Для этого используются различные методы и средства, вызывающие ассоциации с представляемой фирмой. Косвенная реклама может быть реализована через спонсорство спортивных мероприятий, благотворительных акций, через участие в социальных проектах и т.п. В результате таких действий компания стремится стать узнаваемой потребителями и улучшить свою репутацию [10, с. 98].

Необходимо отметить, что не все жанры рекламы (заметка, интервью, репортаж, статья) могут быть применимы для косвенного продвижения товаров и услуг, потому что

чаще всего прозрачно указывают на рекламодателя, как, например, в рекламе строительной фирмы, у которой слоган «ТВОЁ мироЗДАНИЕ».

Причина появления косвенной рекламы может крыться и в особенностях поиска новостных событий. Некоторые журналисты самостоятельно находят повод для своих статей и публикуют их без оплаты со стороны, в связи с чем появляются дополнительные материалы о товаре и его производителе.

Следовательно, реклама, так называемая «из первых рук» и косвенная, – это разные виды пиара. Использование их обусловлено целями, бюджетом компаний и законодательством. Каждый из этих видов характеризуется своей спецификой и преимуществами, но при этом должен соответствовать общепринятым нормам государственного регулирования.

Согласно Закону Республики Казахстан от 19.12.2003 года за № 508-ІІ «О рекламе» с изменениями и дополнениями от 10.09.2023 года вводятся ограничения и требования к прозрачности рекламного сообщения, включая его косвенные формы. Это сделано в целях защиты информации и потребителя, а также для сокращения возможности манипуляций и обмана со стороны рекламодателей.

Цель информационной рекламы – представить товар, описать в «выгодном свете» его свойства и качества для широкого внедрения на потребительский рынок. Задача же недоброжелательной рекламы – подчеркнуть только преимущества того или иного товара среди альтернативных для акцентирования внимания со стороны заинтересованных лиц. Данный пиар, как правило, применяется на стадии «насыщения» этим видом продукции, а не для его внедрения.

Превентивная реклама направлена на затрату более значительного количества средств, чем это обычно необходимо. Ее целью является дестабилизация позиций конкурентов, которые не в состоянии выделить такие же существенные суммы на рекламу.

На сегодняшний день существует и такой вид рекламы, как «ненадлежащая» или «контрреклама». Например, надпись: «Настоящие сухарики корочками не назовут» – контрреклама. Она направлена на продукцию фирмы «Сибирский берег», а точнее, сухарики «3 корочки». Действия данного вида пиара регулируются в рамках не только государственного, но и международного права. С одной стороны, если в рекламе содержатся элементы, которые могут ввести в заблуждение потребителя или нарушить его права, то эту рекламу принято считать неэтичной. С другой стороны, именно такая разновидность пиара может служить для устранения негативных последствий ненадлежащей рекламы. А в случае обращения в суд ее создатели могут иметь не только моральные, но и материальные последствия.

Создание и проведение рекламной кампании включает в себя несколько этапов: определение целевой установки, составление бюджетных расходов, способы ее реализации и использование конкретных материалов. Все это в совокупности позволяет более тщательно отработать каждую статью расходов и достичь желаемого результата.

Основной момент на первой стадии работы над рекламным проектом – это разработка проведения всех его этапов. Важной составляющей является определение субъекта, то есть, того, кому предназначены товары или услуги, кому реклама адресована. Например, при создании рекламы ювелирных изделий ее создатели понимают, что основными их покупателями будут состоятельные дамы. Однако не стоит забывать и о нецелевой аудитории. Так, в канун женского праздника 8 Марта или в честь дня рождения в качестве приятного сюрприза мужчины могут покупать дорогие подарки для своих женщин или дочерей. В связи с этим рекламодатели принимают во внимание данное обстоятельство и в определенной степени нацеливают рекламу и на подобные случаи.

Другим примером может быть выбор детской одежды. В данной области для рекламы есть определенное количество ограничений, которые связаны с защитой прав детей. В первую очередь, она не должна повлиять на немедленное решение приобрести товар, особенно в тех случаях, когда речь идет о ребенке, еще не отвечающем за свои поступки. Пиар должен апеллировать к родителям или другим взрослым, которые принимают решение о покупке детской одежды.

A. Kaydar, eski dönemlerdeki anlaşma usulünde yemin etmenin manevi ve ahlaki faktörünün kilit bir rol oynadığını ifade ederek şunları eklemektedir: “Resmi bir mektup yazışması olmaksızın ve onaylanmaksızın, uygun ritüeller (tepeye bir taş koymak, bir siyah beyaz ip tutmak, Kur’an, ekmek vb.) veya Tanrı’nın, ruhların, pirlerin, ataların, evliya anaların, bebeklerin, baba ocağının adıyla ant içmek, yemin etmek törenleri de yapılagelmiştir” [3, s. 34].

Bu geleneklerin sıkı bir şekilde uygulanması, Türk toplumunun doğaya, Tanrı’ya, mucizelere ve mistik güçlere, ataların ruhlarına vb. kutsal sayılan nesnelere olan inançlarıyla ilişkilendirilmesinden kaynaklanmaktadır.

“Ant” ve “yemin” manevi kavramlarının kutsallığı ile ilgili olarak Abiş Kekilbayev’in “Ülker” romanında ustaca anlatılmaktadır: “Karanlık işler için yemin ettiğinde babalar ruhu (aruak) küser, Allahın günü bile değiştirmiş. Kötü ameller için yemin eden pek çok insan utanmış (yüzsüz) düztaban olmuşlar. Bir çoğunun kafasından kırmızı görmüş gibi kartal, kanatlarını çırttı, çığlık attı ve öldü. Kara işleri yapmak üzere yemin eden de insan, asla başarılı olmayacaktı. Bu yüzden halkın saygı duyduğu, kimseye kötülük yapmayan, reşit olmayan masum bir oğlanın yemini alınacaktır. Eğer yemin eden kişi, kara işler için yemin ederse, yemini alan kişi de çirkin olacakmış. Böyle durumlarda kara işler için yemin edip, birisi kötü muameleye maruz kalan bir çocuğun ebeveynlerine yedi kahramanın maliyetini ödemiş. Kötü şeyler için yemin eden yüzsüzün kafası kesilecek ve malları terk edilecektir. Bu yüzden ne kadar kavga ederlerse etsinler yemin etmezlerdi” [12, s. 570].

Gerek bu tarihî malûmattan ve gerekse folklor materyallerinden açıkça olarak anlaşılıyor ki, en eski devirlerde ant kavramı, ancak dostluk ve kardeşlik kurmak için uygulanmıştır. İnan’a göre, “Kargış ise gerçekle yalanı ayırt etmek için yapılan müstakil bir törendir. Bununla beraber ant töreniyle yapılan dostluk ve kardeşlik kargış formülleriyle de teyit edilmiş olacaktır ki, sonraları kargış töreniyle ant töreninin karışmasına sebep olmuştur ve kargış’tan ibaret olan törene de ant denilmiştir” [9, s. 287].

Masallar, atalarımızdan miras olarak kuşaktan kuşağa aktarılan folklor ürünlerinden biridir. Bir halkın gelenekleri ile kültürel değerlerini aktarma görevini üstlenmiş olan masallar birer kültür mirasımızdır.

Ünlü Kazak yazarı Muhtar Auezov Kazak masallarıyla ilgili şu bilgileri aktarmaktadır:

“Masallar, folklorun sözlü olarak anlatılan başlıca türlerinden biridir. Bunlar halkın sözlü geleneğinin gösterişli hikâyeleridir. Masallarda ilginç durumlar, olağanüstü anlatımlar vardır. Masal “erteği” terimi; geçmiş “erte”, geçmişte “ertede”, geçmiş zamanlardaki 'ertedeki' anlamındadır. Bazen “ertek” şeklinde de söylenir. Masalı söyleyene “ertekşi” veya “erteğişi” denilir” [13, s. 67].

Araştırmacı B. Abzhet Kazak masallarıyla ilgili görüşünü şöyle ifade etmektedir: “Genel olarak Kazak masallarına dikkat ettiğimizde, özgün Kazak masallarının yanı sıra, yüzyıllardır sıkı temas halinde olan Doğu halklarının edebiyatlarından ve kültürlerinden aktarılan çok sayıda fabl, hikâye tarzında masalların bulunduğunu görmek mümkündür. Bu masalların çoğu ibret verici

nitelikte olup, Kazakların arasında hem nesir biçiminde, hem de nazım biçiminde sözlü olarak yayılarak nesilden nesile aktarıldığına şahit olmaktadır” [14, s.10].

Folklorcu Auelbek Konıratbayev, Kazak masallarının hangi türü olursa olsun, zaman süzgeçinden geçerek halkın hafızasına kazınmış olay örgüleri olduğunu ve masallarda birçok ülkede ortak olan ve özgün olay örgüleri olarak sayılan çeşitli motif ve imajların da bulunduğunu ileri sürmektedir [15, s. 18].

Şimdi Türk Dünyası için kutsal bir değeri olan “ant”, “yemin” ve “vaat” (söz) manevi kavramlarının Kazak halk masallarındaki kullanımını ele alalım: “Ant” sözcüğü sözünü ettiğimiz masallarda “ant vermek”, “ant içmek”, “andolsun”, “ant verdirmek” gibi bir takım fiillerle birlikte kullanılır. Tüm bu ifadelerin tamamı; “vadetti, yemin etti, beddua etti, antlaştı” gibi anlamlarda da kullanılır. Ancak, bu kavramların anlamları ile kullanımlarında birtakım farklılıklar mevcuttur. Örneğin, “Baka” masalında bu kavram “and içmek” anlamında kullanılmaktadır. Bu masal, “Sağlığı ve sıhhati yerindeyken artık bir evlilik yapmamaya and içmiş/and içmiştir” şeklinde son bulmaktadır [16, s.139].

“Ayaz bi” (Ayaz bey) masalında ise söz konusu kavramla ilgili şöyle ifade edilmektedir: “Zarli Han avdaydı, ikimizin sancımız aynı günde tuttu ve aynı saatte doğum yaptık, sırrımızı kimse bilmesin diye and içtik. Kimseye izin vermedik, birbirimizin çocuğumuzun göbeğini kestik, kızımı sol elimle verdim ve sağ elimle seni aldım yavrum, ışığım sensin! “Ayaz bi” masalının kahramanı Jaman, sözünde durmadığı için birçok kötülükle karşılaşmaktadır. Jaman su alıp eve geldiğinde, ne arkadaşı ne de sandık vardı. O sırada Jaman karısına verdiği sözü tutamadığı için pişman olur ve ağlayarak karısını aramaya çıkar” [17, s.12].

“Ant içmek” deyiminin anlam bakımından birçok şekilde kullanıldığı görülmektedir: Örneğin, “Han kızı” (Kağan Kızı) masalında kız vezire der ki: “Efendim, Size bir iyilik yapmak isterim, ancak tüm öğrendiklerinizi babama söyleyeceksiniz diye korkarım”.

“Hayır prenses, söylemeyeceğim. Söyleyeceğime ölmeyi tercih ederim ve neden iyilik yapan birine kötülük yapayım ki?” diye and içer [Babalar Sözü, 228].

Aynı kavram “Jeti şayan” (Yedi Yengeç) masalında: “Tanrı esirgesin zavallı çocuğum, eğer yaşarsam bir taneciğim, Külanda’dan bile iyi bakacağım” diyerek yaşlı kadına yemin eder, çocuğun gözyaşlarını siler, tatlılarını verir, eninde sonunda avutarak yanında kalmayı başarır. “Sonunda, Anuvar’ın katillerinden birini veya ikisini kendimiz öldüreceğiz ve Anuvar’ın öldürüldüğü yerde birlikte öleceğiz” sözüyle and içerler [Babalar Sözü, s.130].

“Bay men duyana” (Zengin ve Divane) masalında ise, Divane Zengine: “Sen ağlamayı bırak, sana istediğin bir çocuk vereceğim, fakat bana ortanca eşinin çocuğunu vereceksin!” der. Zengin adam: “Tamam, vereceğim!” diye and içer [Babalar Sözü, s. 148].

“Körgen tüstin Orındalır” (Görölmüş Bir Rüyanın Gerçekleşmesi) masalında, Kayran Han “Bir günde elli kısarak keserek etini akşama kadar insanlara dağıtmayı başaran kişiye kızımı vereceğim” şeklinde and içer [Babalar Sözü, s. 206].

“Jomart” (Cömert) masalında “ant” kavramı “and olsun” şeklinde kullanılarak bir kargış ifadesi taşımaktadır: “Doğruyu söyle, bu koyunların hepsi senin mi?” “Evet efendim, and olsun yalan söylemiyorum!” şeklinde bir and içmiştir [Babalar Sözü, s.285].

Böylece göçebe ortamda “ant” ve “yemin” manevi kavramları, çeşitli ritüellerin gerçekleştirildiği ve birbirini tamamladığı yasal, büyü, dini, etik bir rol oynamıştır. Yemin etmek, ant vermektен daha söz vermeye, vadetmeye yakındır. Fakat bir yandan, bir kargış unsuru taşımaktadır, öte yandan, mistik nesnelere tapma konusu hakim olarak ortaya çıkmaktadır. Örneğin, “Eki dünyalık ayel” (İki Dünya Kadını) masalında: “Bir kız ve bir erkek otağda yalnız kaldıkları sırada “Git buradan” diye seni kovar ve döver. Ancak sen oradan fazla uzaklaşma. Kız ve erkek uyurken, kızı kucakla. O sırada kız sana “Ne yapıyorsun?” diye sorar. Sen de: “Ya, asıl sen ne yapıyorsun? Hani, iki dünyaya ait bir erkek olmazsa, tek dünyaya ait biriyle evlenmeyeceğine dair yemin etmiştin?” diyeceksin [Babalar Sözü, s. 220].

“Ayaz bi” (Ayaz Bey) masalında: “Efendim! Size bunları anlatmamamın şöyle bir nedeni vardır. Gidip Ualibay’ın kızı ile dışarıda görüştüğümde, bana bir tabak, bir bileği taşı, bir bıçak ve bir elmas verdi. Onun nedeni bileği taşı gibi ezilene, bir tabak gibi kırılana, bir bıçak gibi başı kesilene kadar sırrını söylemeyen kişi, beni elmas gibi ikiye bölüp alacak demesinden kaynaklanmıştır. Ben de o sırada, bıçak gibi başım kesilene kadar sırrı söylemeyeceğimi belli etmek için bıçağı belinden kırdım. Bileği taşıyı ezilene kadar diye taşı ezdim. Tabak gibi parçalanana kadar diye tabağı parçladım ve bir elması ikiye bölüp kıracağım ve seni alacağım!” dedim. Elması böldükten sonra söz verdim ve bu yüzden gerçeği söyleyemedim. Kız bana acıdı, yüzünü peçeyle kapatmış olarak beyaz bir atla geldi, darağacının ipini kesti ve göğsüme yatay şekilde bir kılıç bıraktı. Bu olayın açıklaması ise “Masum olduğun halde benim için ölme, kahramanlığını gördüm. Kılıç üstünde yemin geçersiz kalırmış, bu yüzden yeminini geri al” diye söylemesine “Doğruyu söylüyorum”, diye Jaman sözünü tamamladı [17, s.16].

“Vaat” (söz) kavramı “Ayaz bi” (Ayaz Bey) masalında şu şekilde yer almaktadır:

- Evet efendim, gerçeği anlatmaya geldim.
- Zengin adamın kızının evine gittiğin doğru mudur?
- Doğrudur.
- Almaya söz vermiş miydin?
- Söz vermiştim! [17, s.15].

“Jetim Kappas” (Yetim Kappas) masalında ise bu kavram şu şekilde geçmektedir: “Günlerden bir gün Kasım hüzünlenir ve Yetim Kappas bir gün padişah olursa, bizi yaşatmaz. Onu daha küçükken canına kıydırayım” diye Amir adında bir padişahın cellatlarından birini huzuruna çağırır: “Yetim Kappas’ı öldür. Onu öldürdükten sonra sana biricik kızım Kanışa’yı vereceğim!” diye vaatte bulunur [Babalar sözü, s.196].

“Küçük bir çocuk olmana rağmen bir bilgeymişsin. Kasım bana kızını vermemesi bir yana, benim canıma da kastetti. Sözünü tutmadı. Şimdi seni özgür bırakıyorum!” [Babalar Sözü, s.197].

“Alpıs jasına kelgennen akıl sura” (Altmış Yaşına Gelen Kişiyle Danış) masalında:

“Unutma ki, bu sefer Han sana “Başını keseceğim” baskısıyla gerçeği söyletmeye çalışır. O sırada sen de ‘günahlarımı bağışla’ vaadini aldıktan sonra gerçeği söylersin!” der [Babalar Sözü, s.195].

“Jaksılıkka Jaksılık” (İyiliğe İyilik) masalında:

“Eğer, kimimiz Tanrı’ya verdiğimiz vaadi (söz) yerine getiremezsek, Onun karşısında yüzü kara insan olacağız, demedik mi?!” [Babalar sözü, s.93].

“Kılıç üstünde yemin geçersiz kalır” atasözü ile beraber kullanılmaktadır. Aynı atasözünün “Ayaz bi” (Ayaz Bey) masalında da yer alması ayrı bir ehemmiyet taşımaktadır. Bunun nedeni muhtemelen kadim insanların çeşitli şeylere ibadet etmesi, tapması ve onları kutsal saymasından kaynaklanmış olmalıdır. Örneğin; Bir avcı kullandığı silahlarına, el sanatçısı ustalar yaptıkları ürünlerin üzerine yemin edebilir.

A. Toyşanulı’na göre, aşıklar, dost yarenler, arkadaşlar, akrabalar birbirlerine yemin ederler ve mükemmel bir şekilde yerine getirirler [18, s.15]. Kısacası, bu şekildeki yeminin ilkel alt tipleri eski gelenekte olduğu gibi kanda köklenmemiş ise de kamusal yaşamda yaygınlaşan bir alana, insan vicdanının saflığına, başka bir deyişle “vaat” ve “emanet” denilen değerlere dönüşmüştür.

“Ant” veya “yemin” kavramı iki kişinin birbirlerine söz vermesi, yemin etmesi ve vadetmesi olayıdır. Yukarıdaki örnek getirilen masalda, her iki tarafın da yemin etmeye katılımı, yani iki muhatabın rolü aynı konumda olduğu fark edilmektedir. “Ant”, “yemin”, yazılı bir antlaşma imkânının olmadığı durumlarda bağlayıcılık sağlama imkânı oluşturduğu için tüm toplumlar tarafından kullanılagelmiş bir olgudur.

“Sert kılıştan ötkir” (Yemin kılıştan keskindir). Demek ki, “yemin” kavramının bir keskin kılıç ile eşitlenmesi ve kılıcı kınından çıkarmadan da yemin etmenin mümkün olduğunu göstermektedir. Öte yandan, hayatı tehdit eden bir savaş ve baskın durumunda yemin etmişim diye

kılıcını kınından çıkarmadan duramayacağı anlamına gelmektedir. Böylece, “yemin etmek, ant içmek” kavramları ile kıyaslandığı zaman gayri resmi iki kişi arasında yapılıp veya konuşmacıya yönlendirilir.

“Vaat” (söz) ile ilgili aşağıdaki atasözleri bu kavramın tam anlamını ortaya çıkarmaya yardımcı olur. Örneğin, “Makal – sözdin atası, uade – erdin apası” (Atasözü, sözün atasıdır, vaat ise erkeğin vefasıdır). Bu Kazak atasözünü akıl, özlü sözün en büyüğü, en değerlisidir; vaat edilen bir sözün yerine getirilmesi bir erkeğin vazifesi, insanlara yaptığı bir vefasıdır şeklinde açıklamak mümkündür. Öte yandan, “vaat” kavramı halk arasında Allah’ın adı “Uade – Allanın atı” (Vaat, Allah’ın adıdır) şeklinde tanımlanmaktadır.

B. Suiyerkul vd. sözcüklerin semantik özellikleri ile ilgili görüşlerini dile getirmektedir: “The semantic characteristics of words differ significantly in terms of synchrony and diachrony. It is possible that a linguistic unit, which is now considered to have one meaning, has several etymological meanings. Conversely, units used in the same sense in earlier stages of language development can be used in different ways in our modern language, especially in poetics” [19, p.88].

“Vaat” (va’d) kavramı söz verme, üstüne alma, taahhüt etme anlamında kullanılmaktadır. Kur’an-ı Kerim’de sık bulunan Arapça bir sözcüktür. Bu yüzden “vaat” Kazak topluluğunda Allah’ın adı olarak karşılanmakla beraber, birine verilen sözü yerine getirilmesi şart olan ilahi bir emir ve güç olarak görülmüştür. Bu bağlamda tüm Müslümanları güçlü olmaya odaklamıştır.

“Vade – Kudaydın sözi” (Vaat, Allah’ın sözüdür). Dini inançlara göre, vaatlerin tamamı Tanrı’dandır ve Tanrı’nın emri ile gelmektedir. Dolayısıyla Allah’ın her bir kulunun ettiği yeminleri, verdiği sözleri yerine getirmesi gerekmektedir. Zira Kazaklar için “vaat” (söz) Tanrı’nın sözü ile eşdeğerdir. İnsanlar birbirlerine bir söz verdiklerinde, bu geleneği korumak zorundadırlar, çünkü bu Tanrı’nın sözü olarak kabul edilmektedir [21, s.514].

Atalarımızdan miras kalan çok değerli bir atasözü mevcuttur. “Er jigittin eki söylegeni – ölgeni, emen ağaştın iyilgeni – sığanı” (Bir erkeğin sözünde durmaması ölmesidir ve bir meşe ağacının eğilmesi kırılması demektir). Bu atasözü, sözümüzü tutmamızın çok önemli olduğunu vurgulamaktadır. Yani, |bir sözü iki etmek” (sözünden dönmek) bir erkeğe yakışır bir davranış biçimi değildir. “Ayılğan söz atılğan okpen ten” (Söylenen söz atılan ok gibidir). Kazak toplumunda verilen sözü tutarak kişinin güvenini kazanmak büyük bir önem taşımaktadır.

A. Kaydar söz verme ve sözünü tutmanın Kazak toplumundaki önemini şöyle açıklamaktadır: “Vadenin atı vade goy” (Söz sözdür). “Hannın eki söylegeni – ölgeni” (Hanın, farklı konuşması ölümle eşittir). Bir hanın kararı veya fermanı iki olmaz [21, s.535].

Han söylediklerini değiştirmez, iki kez söylemez. Bu eskiden beri devam etmekte olan bir kuraldır. Eğer, han vaadini yerine getirmezse, onun unvanına, itibarına, onuru ve şanına zarar geleceği konusunda uyarıda bulunmaktadır.

Sonuç

Kazak halkının dünya görüşü ve mantalitesinde var olan sözünü tutmak, sözünü yerine getirmek, sözünün eri olmak, insanların duygularında da, şuurunda da, iradesinde de yer alarak halkın manevi şuurunun özel bir görünümünü yansıtır. “Ant”, “yemin” ve “söz” (vaat) manevi kavramları, halkımızın güven ve inancının bir tezahürüdür. Günümüzde “ant” ve “yemin” kavramları, düşmana karşı intikam, uluslararası anlaşma, sadakat gibi önemli durumlarda kullanılmaktadır, incelediğimiz halk masallarında da “Ant” ve “yemin” kavramları adaletle ilgili, dürüstlikle ilgili bir kavram olarak göze çarpmaktadır.

Yaptığımız tahlil sonucunda “ant”, “yemin” ve “vaat” sözcüklerinin anlamsal ve kuramsal alanının aynı olmadığı ortaya çıkmaktadır. Söz konusu kavramları anlam bakımından ele aldığımızda ortak çekirdeği “yemin” kavramını oluşturmakta, “ant” daha yüksek bir seviyeyi, “vaat” daha düşük bir seviyeyi göstermektedir (Resim 1).



Resim 1 – Makrokavramlar sistemi

Çalışmamızda ele aldığımız halk masallarında ve özlü sözlerinde bulunan bu üç kavramın Kazak halkının felsefesini yansıtabilen kavramlar olduğuna tanıklık etmekteyiz. İşte, “ant”, “yemin” ve “söz” (vaat) kavramları ile ilgili deyimler, atasözleri incelendiğinde, kavramların gücü, mistiği, folklorik tanımlamadaki önemi ortaya çıkmakta ve Kazak halkının bu hadiseyi çok uzun zamanlardan günümüze kadar hafızasında sakladığını açıkça göstermektedir. Benzer şekilde, “ant”, “yemin” ve “vaat” kavramlarının üslup ve etkileyici renkleri aynı değildir. Temel olarak, “vaatte bulunmak” tarafsız bir stilistik renge sahipken, “ant içme” ile “yemin etme” eyleminin etkileyici bir rengi vardır.

Araştırmaya konu olan “ant”, “yemin” ve “söz” (vaat) kavramları sıklıkla birbirinin yerine kullanılabilir. Ancak, söz konusu kavramların semantik alanı ve kapsamı aynı değildir. Açıklayıcı sözlüklerdeki bu kavramların tanımları örtüşmüş ise bile, kapsam, tertip ve pragmatik nitelik açısından aynı olmadıkları açıkça görülmektedir. “Ant içmek, ant etmek, ant vermek, ant olsun, ant verdirmek, andolsun” ve “yemin etmek, yemin ettirmek, yeminler olsun” gibi çeşitli eylemlerin uygulanması, her sosyal alanın durumuna ve doğasına bağlı olarak bazı özellikler taşır. Bu bağlamda, değişken ortamda sık kullanılan yasal, mistik, dini, saf ve etik nitelikteki en yaygın “ant” türlerini belirlemek mümkündür. Örneğin, bir ülkenin hayatındaki kritik bir olay sırasında, iki kişi birbirlerini ya da bireysel toplumun yararını içtenlikle feda etmeye, mistik stereotipler söylemeye ve yeminlerini bozmaları halinde ciddi şekilde cezalandırılmaya karar verir ve özel geleneksel eylemleri yapar.

“Ant” kavramının yasal ilişkiler alanında kendi işlevi mevcuttur. Aynı zamanda, ant sosyal ilişkiler alanında özel bir düzenleyici role ve öneme sahiptir. Çoğu zaman kişiler arası ilişkileri düzenlediği için sosyal seviyedeki andın fonksiyonu ahlaki ve etik niteliktedir. Bununla birlikte, kişiler arası ilişkilerdeki andın düzenleyici işlevi, özel duruma bağlı olarak yasal öneme sahip olabilir. Geleneksel bir etno-kültürel ortam olan göçebe bir toplumda, ant görenek ve sosyal işlevleri ile senkretik nitelik taşımaktadır. Ancak, artan kişiler arası ilişkiler durumunda, geleneklerin normları ve ilkeleri uygulanır. Etnografik verilere göre ant, ant içmek töreni göçebe toplumun yaşamında kendine has ve özgün bir rol oynamıştır.

“Ant içme” geleneğinin göçebe bir etno-kültürel ortamda gerçekleştirilme usulü bulunmaktadır. Kısacası, “ant” halkımızın güveninin bir tezahürüdür. Aynı zamanda sadece düşmana karşı intikam, uluslararası anlaşma, sadakat gibi en önemli durumlarda uygulanmaktadır. Ant bir dürüstlük kavramıdır. Bir erkeğin sözünü tutması ve söylediklerinin sorumluluğunu üstlenmesi eski tarihlere dayanan bir biçim olarak görülmesine rağmen, gerektiğinde “ant içmek, yemin etmek veya vaat etmek/söz vermek”, erkeğin söz ve eylemdeki kararlılığının başka bir kanıtıdır.

İnceleme sonucunda Kazak halk masallarında “ant”, “yemin” ve “vaat” (söz) kavramlarının ayrılmaz olduğuna ve bazı durumlarda ise eşanlamlı olarak kullanıldığına tanık olmaktadır. “Yemin” kavramını “ant” kavramı ile kıyasladığımızda gayriresmi iki kişi arasında

gerçekleşmektedir veya konuşmacının kendisine yönlendirilmektedir. Bu konuşma eylemi, bir ön söz veya daha önceki iletişimsel bir durumla ilişkilidir.

“Ant içme” geleneğinin gerçekleşmesi çeşitli durumlara ve çeşitli sosyal alanların özelliklerine göre farklılık göstermekte olduğunu tespit etmiş bulunmaktayız. Bu bağlamda, göçebe hayat tarzında yaygın kullanılan hukuki, büyüsel, dini, “saf” etik sıfattaki yemin etme çeşitlerini gösterebiliriz.

“Yemin” kavramı, iki kişi arasında yemin etmekten ziyade gayriresmi bir durum veya konuşmacıya yöneliktir. Bunun kanıtı olarak yemin etmek/yemin içmek deyimlerini söylemek mümkündür. “Yemin etmek”, ant içmekten daha söz / vaat etmeye daha yakındır. Fakat bir yandan, bir kargış/beddua unsuru, öte yandan, mistik nesnelere ulviyet kazandırma hakimdir. “Vaat” (söz) kavramı da “ant” ve “yemin” kadar kutsal bir kavramdır. Fakat anlaşma, bağlılık, güvence, sözleşme, antlaşma ile ilgili sözcükler yemin kavramının çerçevesini oluşturur. Modern toplumlarda çokça karşılaşılan güven eksikliği ve bu eksikliğin yeniden tesisi, “ant” veya “yemin” geleneği ile mümkün olmaktadır. Diğer bir deyişle, “ant” ve “yemin” geleneği, günümüzde de iletişim eksikliğini giderme stratejilerinden biri olarak sıkça kullanılmaktadır. Türk kültüründe “ant” ve “yemin” ifadeleri “namus” ve “şeref” kavramları ile doğrudan bağlantılıdır. “Vaat” (söz) kavramının ise insanlar arasında mütevazı ilişkilere dayandığından “ant” ve “yemine” göre daha yaygın olarak kullanıldığına şahit olmaktadır.

Söz konusu kavramların genellikle kültürel ve tarihi düzlem içinde insanların zihniyetini yansıttığını görmek mümkündür. Tahlil ettiğimiz metinlerdeki konuşma eylemlerinin pragmatik anlam açısından özel bir yere sahip olduğunu görmek mümkündür, zira “ant içmek, yemin etmek” eylemleri işlevsel ve anlamsal olarak bir üslup kullanılmasını gerektirmektedir. Ayrıca, incelediğimiz Kazak halk masallarında “ant”, “yemin” ve “vaat” (söz) kavramlarının, insan ve toplum arasındaki ilişkilerin düzenlenmesindeki rolünün zamanla değişerek geliştiğini ve anlamsal olarak farklı boyutlar kazandığını da görmekteyiz.

KAYNAKLAR

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық. 1-том / Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы: Арыс, 2011. – 752 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 967 б.
3. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). I том.– Алматы, Дайк-Пресс, 2009. – 780 б.
4. Ögel B. Büyük Hun İmparatorluğunun Tarihi. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2022. – 463 s.
5. Kök A. Karahanlı Türkçesi Satır Arası Kur'an Tercümesi: Basılmamış Doktora Tezi. Ankara Üniversitesi. – Ankara, 2004. – 794 s.
6. Kadri N. Türkçe Yemin İfadeleri Üzerine Toplumdilbilimsel Bir İnceleme: Basılmamış Doktora Tezi. Dicle Üniversitesi. – Diyarbakır, 2013. – 131 s.
7. Бейхай С. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы: Дәуір, 2001. – 551 б.
8. Durmuş İ. Türk Kültür Çevresinde Ant // Milli Folklor. – 2021. – №84. – S. 97–106.
9. İnan A. Eski Türklerde ve Folklerde Ant // Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi Dergisi. – 1948. – Cilt 6, Sayı 4. – S. 279–290.
10. Кенжалиев З. Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 208 б.
11. Мағауин М. Аласапыран. – Алматы: Жазушы, 1988. – 828 б.
12. Кекілбаев Ә. Үркер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 582 б.
13. Avezov M. Folklor Yazıları / Çev. A. Çınar. – Ankara: Bitig Yayınları, 1997. – 305 s.
14. Әбжет Б.С. Қолжазба қорларында сақталған қазақ ертегілерін тізімге алу, жариялаудың ғылыми маңыздылығы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2021. – №3 (121). – Б. 7–15. <https://doi.org/10.47526/habarshy.v3i121.729>
15. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 2011. – 288 б.
16. Бабалар сөзі. Жүз томдық. 76-том. Новеллалық ертегілер. – Астана: Фолиант, 2011. – 432 б.

17. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 77-том. Сатиралық ертегілер. – Астана: Фолиант, 2011. – 400 б.
18. Balabekova K., Otarbekova Zh et al. Concepts in folktales – Manifestations of embodied worldviews // *Xlinguae*. – 2022. – Volume 15 Issue 4. – P. 18–27. DOI: 10.18355/XL.2022.15.04.02
19. Тойшанұлы А. Ант. [Elektronik kaynak]. URL: <https://egemen.kz/article/110680-ant> (Erişim 21.02.2021)
20. Suyerkul B., Kurmanali A. vd. Teaching somatic idioms during the corona crisis (based on historical and literary texts) // *Xlinguae*. – 2021. – Volume 14, Issue 1. – P. 81–90. DOI:10.18355/XL.2021
21. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.

REFERENCES

1. Qazaq adebi tilinin sozdigi. 15 tomдық. 1-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. 15 volumes. Volume 1] / Qurast. T. Januzak, S. Omarbekov, A. Junisbek jane t.b. – Almaty: Arys, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
2. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Daik Press, 2008. – 967 b. [in Kazakh]
3. Qaidar A. Qazaqtar ana tili aleminde (etnolingvistikalıyq sozdik) [Kazakhs in the Native Tongue World (ethnolinguistic dictionary). Vol. I]. – Almaty: Daik-Press, 2009. – 780 b. [in Kazakh]
4. Ogel B. Buyuk Hun Imparatorlugunun Tarihi [History of Great Hun Empire]. – Ankara: Turk Dil Kurumu, 2022. – 463 s. [in Turkish]
5. Kok A. Karahanly Turkchesi Satyr Arasy Kur'an Tercumesi [Karakhanid Turkish Interlinear Quran Translation: Unpublished Doctoral Thesis]. Ankara Universitesi. – Ankara, 2004. – 794 s. [in Turkish]
6. Kadri N. Turkche Yemin Ifadeleri Uzerine Toplumdilbilimsel Bir Injeleme [A Sociolinguistic Study on Turkish Oath Expressions: Unpublished Doctoral Thesis]. Dicle Universitesi. – Diyarbakir, 2013. – 131 s. [in Turkish]
7. Beihai S. Qazaq madenietinin tarihy [History of Kazakh Culture]. – Almaty: Daur, 2001. – 551 b. [in Kazakh]
8. Durmush I. Turk Kultur Chevresinde Ant [Oath in the Turkish Cultural Circle] // *Milli Folklor*. – 2021. – №84. – S. 97–106. [in Turkish]
9. Inan A. Eski Turklerde ve Folklarda Ant [Oath in Ancient Turks and Folklore] // *Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi Dergisi*. – 1948. – Cilt 6, Sayı 4. – S. 279–290. [in Turkish]
10. Kenjaliev Z. Qazaq adet-quryq quqygynyn materialdary [Materials of Kazakh Customary Law]. – Almaty: Jeti Jargy, 1996. – 208 б. [in Kazakh]
11. Magauin M. Alasapyran [Alasapyran [Turmoil]]. – Almaty: Jazushy, 1988. – 828 b. [in Kazakh]
12. Kekilbayev A. Urker [Urker [The Pleiades]]. – Almaty: Jazushy, 1981. – 582 b. [in Kazakh]
13. Auevov M. Folklor Yazylary [Folklore Writings]. – Ankara: Bitig Yaiynlary, 1997. – 305 s. [in Turkish]
14. Abjet B.S. Qoljazba qorlarynda saqtalghan qazaq ertegilerin tizimge alu, jarialaudyn gylymi manyzdylygy [The Scientific Significance of the Search and Publication of Kazakh Fairy Tales Preserved in Manuscripts] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2021. – №3 (121). – B. 7–15. <https://doi.org/10.47526/habarshy.v3i121.729>
15. Qonyratbaev A. Qazaq folklorynyn tarihy [History of Kazakh Folklore]. – Almaty: Ana tili, 2011. – 288 b. [in Kazakh]
16. Babalar sozi: Juz tomдық. 76-том. Novellalyq ertegiler [The Words of Ancestors: 100 Volumes. Volume 76. Novel Tales]. – Astana: Foliant, 2011. [in Kazakh] – 432 pages.
17. Babalar sozi: Juz tomдық. 77-том. Satiralyq ertegiler [The Words of Ancestors: 100 Volumes. Volume 77. Satirical Tales]. – Astana: Foliant, 2011.– 400 b. [in Kazakh]
18. Balabekova K., Otarbekova Zh et al. Concepts in folktales – Manifestations of embodied worldviews // *Xlinguae*. – 2022. – Volume 15 Issue 4. – P. 18–27. DOI: 10.18355/XL.2022.15.04.02
19. Toishanuly A. Ant [Oath]. [Electronic resource]. URL: <https://egemen.kz/article/110680-ant> (Electronic resource) (date of access 21.02.2021) [in Kazakh]
20. Suyerkul B., Kurmanali A. vd. Teaching somatic idioms during the corona crisis (based on historical and literary texts) // *Xlinguae*. – 2021. – Volume 14, Issue 1. – P. 81–90. DOI:10.18355/XL.2021
21. Qaidar A. Halyq danalygy [Folk Wisdom]. – Almaty: Toganai T, 2004. – 560 b. [in Kazakh]

ӘОЖ 37.013; МҒТАР 17.71.07

<https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.43>**Б.Б. КЕЛГЕМБАЕВА** 

филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
(Қазақстан, Өскемен қ.), e-mail: baha_fil@mail.ru

ЖОҚТАУ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ӨМІР МЕН ӨЛІМ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚТЫҚ ФИЛОСОФИЯ

Аңдатпа. Мақала жоқтау жанрының өмірмәндік және тарихи негіздерін талдауды мақсат еткен. Зерттеуші сак, ғұн, үйсін тайпаларының ауызша поэтикалық дәстүрін мұрагері қазақтың өлім мен өмір жайлы экзистенциалдық философиясының терең тамырларын танытатынын көрсетеді. Автор фольклортанушы, философ, тілші ғалымдардың құнды пікірлеріне сүйене келе жоқтаудың қазақ халқының адам болмысы, адам ғұмырының туу-ер жету-өлу циклдерінің мәні жайлы гуманистік пайымын танытатынын дәлелдейді. Жоқтау жырларының терең философиялық мәнімен қатар, фольклор поэтикасының генезисін, өзін туғызған дәуірдің шындығын танытатынын, әдеби ескерткіш екенін нақты мысалдар арқылы көрсетеді. Жоқтау жырлары мен өлік жөнелту ғұрпының мифологиялық қырларын ашады.

Автордың өзі Ұлттық ғылым академиясының қолжазбалар қорынан тапқан «Абдолла қажыны жоқтау жырының» ХІХ ғасырдағы қазақ жерінің отарлануы тарихымен сабақтастығын дәлелдейді. Атақонысынан айрылған қазақ руларының Қазақстанның шығыс аймағынан үдере көшуі, жайлы қоныс іздеп Монғолия, Қытай, Ресей жерлерін шарлауы, тарихи тұлғалардың есімдерінің аталуы оның тарихилығын танытатынын көрсетеді. Туындыгер жоқтау жанрының ұлттың дүниетанымы, өмірлік пәлсапасымен, тарихымен сабақтас маңызды жәдігер болғандықтан, әлі де зерттеуді қажет ететіндігі туралы түйінді ой айтады.

Кілт сөздер: жоқтау, азалау жырлары, өмірмәндік философия, экзистенциалдық философия, өмір мен өлім мәселесі, қазақ фольклоры.

B.B. Kelgembayeva

¹*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
S. Amanzholov East Kazakhstan University
(Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk), e-mail: baha_fil@mail.ru*

Folk Philosophy on Life and Death in Lamentations

Abstract. The article is devoted to the analysis of existential-philosophical aspect and historical bases of the genre “joktau” (lament). The researcher shows that this genre inherited oral-poetic traditions of Sak, Hun, Uysun tribes and has deep roots of existential philosophy of Kazakh

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Келгембаева Б.Б. Жоқтау жырларындағы өмір мен өлім туралы халықтық философия // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №2 (132). – Б. 53–63. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.43>

***Cite us correctly:**

Kelgembayeva B.B. Joqtau jylrlyndagy omir men olim turaly halyqtyq filosofia [Folk Philosophy on Life and Death in Lamentations] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2024. – №2 (132). – B. 53–63. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.43>

Мақаланың редакцияға түскен күні 01.04.2024 / қабылданған күні 12.06.2024

people. The author relies on the works of famous philosophers, folklorists and linguists in his research. According to the author's opinion, jоктау reflects the humanistic worldview of Kazakhs about human existence and the meaning of each stage of the human life's cycle "birth-growth-death". The living tradition of jоктау, along with its deep philosophical significance, demonstrates the genesis of folklore poetics and reflects the historical reality of the era in which it was created. The author emphasizes the world outlook connection of jоктау with Kazakh myths and fairy tales.

The text of «Joktau on Hajj Abdullah», which was found by the author in the manuscripts fund of the National Academy of Sciences is of great historical value. This oral-poetic text reflects the era of colonization of Kazakh lands by the tsarist power of Russia. Zhoktau describes how Kazakh tribes, that lost their lands, migrated from the eastern region of Kazakhstan and wandered in search of a home in Mongolia, China and Russia. The researcher notes that the jоктау genre needs a deep study as it is an important monument of oral folk art, associated with the worldview, life philosophy and history of the Kazakhs.

Keywords: lamentation, mourning, philosophy on the meaning of life, existential philosophy, the problem of life and death, Kazakh folklore.

Б.Б. Келгембаева

*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор
Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова
(Казахстан, г. Усть-Каменогорск), e-mail: baha_fil@mail.ru*

Народная философия о жизни и смерти в «жоктау» (в похоронных причитаниях)

Аннотация. Статья посвящена анализу экзистенциально-философского аспекта и исторических основ жанра «жоктау» (плач, похоронные причитания). Исследователь отмечает, что данный жанр унаследовавший устнопоэтические традиции сакских, гуннских, уйсунских племен является ярким примером экзистенциальной философии казахского народа. В статье автор опирается на труды известных фольклористов, философов и лингвистов. По мнению автора жоктау отражает гуманистическое мировоззрение казахов о человеческом бытии и смысле каждого этапа жизненного цикла «рождение-рост-смерть» человека. Живая традиция жоктау наряду с глубоким философским значением, демонстрирует генезис поэтики фольклора и отражает историческую действительность эпохи в которой она была создана. Автор подчеркивает мировоззренческую связь похоронных обрядов и жоктау с казахской мифологией.

Историческую ценность имеет текст «Жоктау по хадже Абдулле», который был найден автором в рукописном фонде Национальной академии наук. Данный устнопоэтический текст отражает эпоху колонизации казахских земель царской властью России. Жоктау описывает исторические события когда казахские племена, потерявшие свои угодья, откочевали из восточного региона Казахстана и скитались в поисках обители в Монголии, Китае и России. В фольклорном тексте упоминаются имена известных исторических личностей, что показывает историзм данного жанра. По мнению исследователя жанр жоктау, как важный памятник устного народного творчества демонстрирующий мировоззрение, жизненную философию и историю казахов, нуждается в глубоком изучении.

Ключевые слова: плач, похоронные причитания, философия о смысле жизни, экзистенциальная философия, проблема жизни и смерти, казахский фольклор.

Кіріспе

Қазақ халқының өмір мен өлімге көзқарасы азалау фольклорынан терең танылады. Халық пайымынша, өлім – өмірден тыс нәрсе емес, керісінше онымен диалектикалық

бірліктегі заңдылық. Өмір бар жерде өлім бар. Өлімнен құтылу мүмкін емес. Өлім – жақсыны да, жаманды да сынға салмақ. Адам өз өмірінің соңғы циклі – өлім табалдырығын аттамас бұрын пенделіктен арылып, рухани тазаруы, Кәміл адамға айналуы тиіс. Бұл – өмірдің шектік межесінде әр адамға қойылар сынақ болса, оның дүниеден өтуімен байланысты ағайын-туыстарының алдына тосылар сынақ басқа. Ол – жақынынан айрылып, кара жамылғандағы адамның өзін-өзі ұстауы мен іс-әрекетіне байланысты. Қажырлы адам қарағайдың қарсы біткен бұтағындай қайғыға қарсы тұрса, жаман адам керісінше мүжіліп, қорқыныш пен үрейге, күйзеліске түседі.

Өлім мен өмір жайлы пайымдаулардың тамыры тым тереңнен, мифологиялық ойлау жүйесінен бастау алады. Мифтік танымнан тамыр тартқан өмір мен өлім туралы архетип ұғымдар кейінгі дәуірлерде әдет-ғұрыптарымызға сіңісіп, жоқтау, мақал-мәтелдер, аңыз, ертегілер, шешендік сөздер мен терме, толғаулар, кара өлең сынды фольклор үлгілерінде сақталып, түрлі дәуірлерде өзгеріске түсіп, арнасы кеңейіп отырғанын байқауға болады. «Өзекті жанға бір өлім», «Өлгеннің артынан өлмек жоқ, өлген қайтып келмек жоқ», т.б. мақалдар, халықтық лирика мен жоқтау жырларындағы өмір мен өлім философиясы бір ортақ негізден шыққан. Академик Ә. Марғұлан ежелгі көшпелі тайпалардың тіршілігіндегі: «...патриархал қауымның әлеуметтік тұрмысы, жора-жосыны, өлікті қадірлеумен байланысты дәстүрлері – қоштасу, естірту, жоқтау, аза тұтып қайғыру, жылау, қадірлеп шығарып салу, басына белгі орнату, ас беріп той жасау, сойыс қылу – бәрі бұрынғы көшпелі сақ, ғұн, үйсіндерден бері қарай қазақ пен қырғыз халқына дейін жеткен тарихи жоралар», - дейді [1, 125-б.]. Демек, қазақтың өлікті жөнелту жораларының тарихы қаншалықты көне болса, өмір мен өлім жайлы экзистенциялық пайымдауларының, оның сөз өнері түріндегі көрсеткіші жоқтаудың (басқа да ғұрыптық фольклор үлгілерінің) тамыры да соншалықты тереңде. Бұл жанр сақ, ғұн, үйсіндердің тайпалық дәуірінде қалыптасқан деп түйін жасауға негіз бар. Жоқтау жырлары қазақ халқының ғұрыптар арқылы көрінген экзистенциялық философиясы мен оған байланысты дамыған фольклор жанрларының шығу тегін анықтауға; бастапқы мифологиялық ойлау жүйесімен байланысын; кейінгі дәуірлерде тарихи-деректік сипат алып, қоғамдық өмірді бейнелеу қызметін иеленуін ғылыми зердеге салуда қызықты материал бола алады. Азалау жырлары халықтық мифология мен экзистенциялық философияның жұмбағын шешер алтын кілт, сонымен бірге тарихи-деректік маңызға да ие фольклор жәдігері. Онда – тарихта болған адамның өмірі, ол тіршілік еткен дәуір келбеті, қала берді ұлт тарихының бел-белестері бейнеленеді. Сондықтан бүгінгі күні жоқтау жырларын ұлттың мәдени-рухани әлемінің бір көрінісі ретінде ғылыми тұрғыдан зерттеудің өзіндік маңызы бар.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу мәселесіне байланысты Қ. Халид, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Ә. Марғұлан, М. Әуезов, Б. Уахатов, К. Матыжанов секілді ғалымдардың пікірлеріне салыстыра талдау жасалды. Азалау жырларындағы өмір мен өлім философиясын антропологиялық философия саласындағы ғалымдар пікіріне шолу жасалды. Жоқтаулар мен өлік жөнелту ғұрпының қазақ мифологиясымен сабақтастығын дәлелдеу үшін шетелдік саяхатшылар мен ғалымдардың жазбаларындағы этнографиялық деректер талданды. Жоқтау жырларының мәтінін ішінара диахрониялық әдіспен және шежірелермен салыстыра талдау жасау әдістері қолданылды.

Жоқтау – ұлттың мәдени-рухани әлемін назарына алатын фольклортанушы мен этнограф, тарихшы мен тілшілер, философтар үшін маңызды дерек көзі. Сол себепті де қазақтардың жоқтау жырлары ерте дәуірдегі Махмұд Қашқаридан бастап, Қ. Халид кейінгі заманда Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, В.В. Радлов, Н. Березин, Г.Н. Потанин сынды зерттеушілерінің қызығушылығын туғызған. Ы. Алтынсарин: «Өлген кісінің әйелі ерінің

қайтыс болған күнінен бастап басына қара жамылады. Өлген кісінің әйелі, оның қызы, апа-қарындастары және ауыл әйелдері күн сайын (ас бергенше) таңертең тұрады да, керегенің көзіне беттерін беріп отырады, содан кейін үш-төрт сағат уақыт бойы өлеңге қосып дауыс шығарады, бұл «дауыс» деп аталады. Бұл жоқтау өлеңде марқұмның өзі, оның тірі кезінде істеген істері мақталады, оның қайтыс болғандығы, үй ішінің және туған-туысқандарының бақытсыздыққа ұшырағаны еске түсіріледі» [2, 3-б.], - деп жазады. XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қазақ жерінде болған В. Плотников, Н. Сорокин, Д. Мухин, Р. Карутц сынды шетелдік саяхатшылар мен жиһангерлер, әскери адамдар қазақтардың мәйіт жөнелту, оның артын күту ғұрпы мен жоқтау жырларына байланысты аса қызықты деректер жазып қалдырған. Бұл қызығушылық қазақ халқының рухани жан дүниесін, өмірлік философиясын түсінуге ұмтылушылықтан туып жатты.

Алаш ардақтылары А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, т.б. зиялылары да жоқтауға назарын аударған. А. Байтұрсыновтың «Жиырма үш жоқтауы» қазақ жоқтауларын жеке жинақ етіп жариялаудың алғашқы және соңғы тәжірибесі болды. Ұлт ұстазының аталған жинағындағы жоқтау мәтіндері зерттеу материалы ретінде пайдаланылды, пікірлері басшылыққа алынды. Ғалымның пайымынша, жоқтау – тарихшылар үшін маңызды дереккөзі, ақын-жазушыларға таптырмайтын поэтикалық қор. Суырыпсалмалыққа негізделген әдеби тілдің өнегелі мектебі, қазақтың төгілмелі шешен тілінің қазынасы, сөз өнерінің озық үлгілерінің бірінен саналатын мұра [3, 3-б.].

Кеңес дәуірінде жоқтау жанры Б. Уахатовтың еңбектерінде арнайы сөз етілсе [4], тәуелсіздіктен кейінгі рухани жаңғыру жылдарында К. Исламжанұлының «Қазақтың отбасы фольклоры» еңбегінде салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан зерделенді [5]. Бұл аталған ғылыми еңбектердің барлығы біздің зерттеуіміздің ғылыми-теориялық негізін құрады.

Тәуелсіздік жырлары кейбір философ-ғалымдардың еңбегінде жоқтаудың экзистенциялық мәнін ашуға ұмтылыс байқалды. Бұл ретте Гүлжиһан Нұрышеваның «Адам өмірінің философиялық мәні» еңбегін атап өтуге болады [6, 263-б.]. Ғалымның пайымынша, жоқтау жырлары – (сонымен қатар қара өлең, шешендік сөздер, аңыздар мен айтыс) қарапайым сана формасының көркем сөзбен өрнектелген формасы. Ондағы өмірмәндік философияны ғылыми талдаудың теориялық маңызымен қатар, қазақстандық қоғамды ізгілендіру мен нығайтуда практикалық құндылығы бар.

Талдау мен нәтижелер

Жоқтау – өзінің бүкіл ішкі рухымен халықтың ежелгі дүниетанымымен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен, байырғы мәдениетімен және әдебиетімен тамырласатын рухани мұра. Жоқтауларға тән экзистенциялық философияны талдап, онда суреттелетін тарихи оқиғалардың мәнін ашудың дүниетанымдық, деректік маңызы бар. Себебі онда қазақ халқының өмір мен өлім жайлы дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасып-даму тарихын, ең көне мифтік қабаттарын көруге болады.

Жоқтаулардан бастауын алған өмір мен өлім жайлы экзистенциялық философия кейінгі дәуірлерде ақын-жыраулар поэзиясындағы кең өрісті дәстүрлі тақырыпқа айналды. Филология ғылымдарының докторы Б.И. Нұрдәулетова: «Қазақ ақын-жырауларының тілдік дүние танымындағы «өлім» концептісі стереотиптік адами танымдар негізінде және мұсылман дінінің діни-философиялық ұстанымдары арқылы қалыптасқан эстетикалық танымдық жүйелі құрылым болып табылады», - дейді [7, 8-б.]. Демек, тек фольклор ғана емес, ауыз әдебиеті өкілдерінің шығармашылығындағы өмір мен өлім философиясына қатысты эстетикалық-танымдық жүйенің бастауы жоқтаулар деп тұжырымдауға болады. Жоқтаудың эстетикалық-танымдық маңызы эпикалық жанрларға драматизм мен психологизм дарытудағы қызметінен, жырдың эмоциялық бояуын қоюлатуынан көрінеді.

Оған мысал ретінде «Қыз Жібек» жырындағы Жібектің, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы Баянның жоқтауын келтіруге болады.

Халық пайымында адам ғұмыры «туу-ержету-өлу» циклінен тұрады. Демек, өмірдің соңы өліммен аяқталуы заңдылық, осы өмірлік ұштағанның ішкі мазмұнында терең бірлік бар. Бұл – халқымыздың ежелгі мифологиясынан бастау алады. Осы ретте, Серікбол Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» атты еңбегіндегі жас нәрестені қырқынан шығару мен өлген адамның қырқын беру ғұрпының арасындағы байланыстың мифтік мәні туралы мына пікірі ден қойдырады: *«Адам баласы туғанда осы шекарадан (автор пікірінше «Құдайы кеңістік» пен бұл дүниенің арасын ажыратып тұрған шекара – К.Б.) бері қарай өтеді; ол өзінің о дүниелік киімін («ит көйлегін») шешеді (яғни, о дүниенің күзетшісі болған итке береді, «ит жанын» қалдырады, ит кейпінен адам кейпіне ауысады), оның орнына бұл дүниенің киімін» (адам көйлегін киеді). Өлгенде осы процесс кері бағытта жүреді: өлген адам бұл дүниелік киімін шешіп, оның орнына о дүниелік (кебін, ол да – «ит көйлек») киімін киіп, әлгі шекарадан кері қарай өтеді... Өлген адамның жаны 40 күн бойына бұл дүниеде жүреді де, тек 41-ші күн болғанда ғана о дүниеге өтеді, яғни «ит күзеткен қақпадан / көпірден өтеді», «иттің кейпіне енеді», «ит көйлегін қайта киеді». «Қырық» сөзі сан атауы болмай тұрған кездері бүкіл жылдық циклді білдірген... Жеке-жеке қарастырғанда «үшін», «жетісін», «жүзін», «жылын» беру жоралғыларының әрқайсысы да «қырықтікіндей» мағына берген. Ал осы сөздердің сан атауларына айналып, бір ғұрыптық цикл ауқымында қолданылуы барысында олардың әрқайсысы нақты жоралғылық мағынаға ие болған [8, 8-б.].*

Ғалым келтіріп отырған жас нәрестені қырқынан шығару мен өлген адамның қырқын беру ғұрпының мазмұн-мәнін ортақтастыратын бастау-бұлақ халықтың адам ғұмыры жайлы дәстүрлі дүниетанымы. Екі ғұрыптың ұқсастықтарының сырын Шәкәрім қажы:

Кіндікті кесіп тастамағы –

Жас өмір сүйтіп қиылған.

Ақ бұйымға орай бастамағы –

Кебінің сондай бұйымнан.

Қуыстап салса, құндағына –

Кіретін көрге ұқсамақ.

Тағдыр жоқ өлмей тұрмағыңа,

Өмірді өлім тұсамақ [9, 33-б.], - деп терең пайыммен жырлаған.

Өмірді бір түрден екінші түрге ауысып отыратын «дөңгеленген дүние», толық бір циклді құбылыс деп түсінген ежелгі бабаларымыз әрбір жас кезеңін белгілі ғұрыппен өрнектеген. Адамның өмірге келуі, алғашқы қадамын басуы, ат жалын тартып мініп, ер жетуі, отбасын құруы қаншалықты қуанышпен, сән салтанатпен аталып өтсе, өмірден өтуі де елеулі оқиға ретінде түрлі ғұрыптармен, азалау жырларымен әдіптеліп отырған. Нығмет Мыңжани «Қазақтың қысқаша тарихы» еңбегінде қытай қазақтарының этнографиялық деректерін талдай келе: *«...адамның өмірінің елеулі оқиғаларының бәрі жоқтау жырына қосылады», - дейді [10, 394-б.].* Демек, жоқтау – адам өмірінің үш циклінің тұйықталар тұсында айтылатын қорытынды түйін, марқұмның тірлігінде жасаған игі істерінің жыр тілімен жеткізілген бағасы деуге лайық.

Адам өміріне байланысты ғұрыптардың барлығы белгілі бір жүйеге бағынған. Ол жүйенің негізгі қызметі – бір түрден екінші түрге, бір сипаттан екінші сипатқа, бір әлеуметтік топтан екінші әлеуметтік топқа немесе категорияға өтуді ресімдеу. Адамның дүниеге келуі – дәстүрлі дүниетаным бойынша, жоғары әлемнен ортаңғы әлемге келу, қыздың ұзатылуы – бір елден екінші елге немесе бір рудан екінші руға ауысу (қазақтардың жеті атаға дейін қыз алыспайтыны белгілі).

Өлу – халық түсінігінде адамның жанының денесін тастап, жоғары әлемге ауысуы. Қазақ мифтері мен ертегілерінде, аңыздарында да осы көне таным жақсы сақталған. Халықтық мифологияның бұл қыры жайлы қызықты деректерді ертеректегі саяхатшылардың, ғалымдардың жазбаларынан табуға болады. Мәселен, А.М. Балаубаева-Голяховская «Погребальные обряды у казахов Акмолинской губернии» мақаласында: «Жан – көзге байқала қоймайтын кішкентай жәндік сияқты, бұл шыбын жан делінеді. Адамның қалыпты жағдайында ол оның жүрегінде өмір сүреді, әйтсе де, кейде жүректі тастап шығып, ауру мүшелеріне келіп орналасады. Өлімнен кейін адамның жаны ауыздан ұшып шығып, ешкімге байқалмай көкке көтеріледі де, өлік жерленгенше сонда қалады» [11, 291-б.], - деп адам жанына байланысты қазақтардың мифологиялық түсінігін сипаттап жазады. Фольклортанушы К. Исламжанұлы да жоқтау жырларының сыртқы түрінен де, ішкі мазмұнынан да мифологиялық танымның көрініс табатынын айта келіп: «Сұңқарым ұшты тұғырдан, жете алмадым соңынан», «Атекем сапар шеккен соң» деген сияқты тіркестер адам жаны ұшып жоғарғы әлемге кетеді, ол оған ұзақ сапар шегеді деген сияқты ескі наным-сенімнің көріністері», - деген түйін жасайды [5, 204-б.]. Осы мазмұндас пікірлер мен археологиялық қазба деректері және өлік жөнелту ғұрпының кейбір фрагменттері (мәселен, марқұм өткен күні «қонағасы беру») жоқтау жырының шығуына байланысты болжам айтуға жетелейді. Біздіңше, жоқтау о баста денені тастап ұшып кеткен адам жанын (жалбарыну, жылау, дауыс салу арқылы) қайта шақырып алуға болады деген мифтік түсінікпен байланысты тууы мүмкін.

Ғалымдар пікіріне сүйенсек, аза тұтудың белгісі болып табылатын бұл ғұрып (әрі жыр) дүниежүзіндегі елдердің көбінде кездеседі. Бірақ оның дәл қай кезде пайда болғаны туралы пікірлер әрқилы. Құрбанғали Халид «Тауарих Хамсасында»: «Бұл әдеттің (мәйіт шығару-К.Б.) қашаннан бері қалыптасқандығына жауап айтатын кісі болмады. Бірақ Абылай ханға, онан бұрын арғын Қазыбек биге, найманда Нарынбай, Құттыбай билерге ат шаптырып, ас берілгеніне қарағанда, ең аз дегенде 200 жылдан асық шығар деп шамаланған», - деген болжам айтады [12]. Ал түркітестес халықтардың ғұрпын салыстыра зерттеушілер оның қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен, татар, алтай, қарашай халықтарында көнеден бері өшпей келе жатқан дәстүр екенін дәлелдейді [13, 76-б.]. Көне түркі тіліндегі «Алып Ер Тұңғаны жоқтау» (V-VI ғ.ғ.), «Күлтегін жыры» (VIII ғ.) төл әдебиетіміздегі «Қодан тайшының Ақжол биді жоқтауы», Шығыс ханның Жошы өлгенде айтты делінетін «...Құлынымдан айрылдым, Айырылышқан аққудай, Ер олұмдан айырылдым» деп келетін жолдары оның көне түркілерден тамыр тартқан көне де өміршең жанр екенінің дәлелі.

Жоқтаудың дүниетанымдық, ғұрыптық сипатымен қатар, тарихи-деректік мәні бар. Ол – тарихи адам, белгілі бір әулет тағдырын, қала берді ұлт тарихының белестерін бейнелейтін азалы жыр. Мәселен, Шоқанның қолымен хатқа түскен Бұхар жыраудың Абылайға шығарған жоқтауы – Абылай өміріне, атқарған істеріне қатысты тарихи дерегі мол азалы жыр [14, 76-б.]. Дәл сол секілді тарихи-деректік маңызға ие жоқтаулардың бірі – Қаз дауысты Қазыбек бидің қызы Қамқаның жоқтауы. Жоқтауда Қазыбек бидің ата-тегі, қазаққа сіңірген еңбегі жыр тілімен безбенделеді:

Шаншар абыз нәсілінен
Алтау едің анадан:
Сәдібек, Асан, Бөдене
Үсен менен Баламан.
Бесеуіне аға боп,
Алашқа Әкем қараған.

Немесе:

Босатып едің жан Әкем,
Тұтқында қазақ қалғанын,

Талап алған шабынды,
Қайырып алдың бар малын...
Батыр жиып ел шаппай,
Қылыш шауып оқ атпай,
Ақылменен жол тауып,
Қазақтың кегін алғаның [3, 10-б.].

Қазыбек бидің қызы Қамқа әкесінің бүкіл өмірін, адами қасиеттерін, артында қалдырған ізін, қоғамдағы орнын жырға қоса отырып, ол өмір сүрген дәуір оқиғаларын, қоғам келбетін қоса танытады. Аты аңызға айналған Қаз дауысты Қазыбек бидің еліне сіңірген еңбегінің дәл бағасын береді. Жоқтау жырындағы бұл деректер Қазыбек би жөнінде «Wikipedia» ашық энциклопедиясында келтірілген: «Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне ілесіп, алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Цэван Рабданға барғанында 14 жаста екен. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқаншақтық танытып, күмілжіңкіреп қалған сәтте жасөспірім Қазыбек: «Дат, тақсыр!» деп жұлқынып алға шығады да:

«Қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп
Найзасына жылқының қылын таққан елміз.
Дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзын ақтай білген елміз.
Бірақ асқақтаған хан болса,
Хан ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды,
Анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды,
Ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз.
Сен – темір болсаң, біз – көмір, еріткелі келгенбіз,
Қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге — танысқалы келгенбіз,
Танысуға көнбесең – шабысқалы келгенбіз.
Сен – қабылан болсаң, мен арыстан, алысқалы келгенбіз,
Тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз.
Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт!» – депті.

Жас баланың бұл сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымаққа шақырған ізгілікті де аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: «Дауысың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын», – деген екен. Соның арқасында елшілік жау қолындағы 90 тұтқынды шабылған мал, тоналған мүлігімен шашау шығармай қайтарып алып, елге олжалы оралған екен. Қазыбек бұдан кейін де жоңғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көздеген мақсатын орындап қайтқан», - деген деректермен сәйкеседі [15].

«Әдебиет порталындағы»: «Қазыбек би 14 жасында қазақ елшілерімен бірге, Жоңғар ханы – Сыбан Раптанмен келіссөздер жүргізуге аттанды. Өзінің батылдығының және шешендік өнерінің арқасында, халықтан ұрланған мүлікті елге қайтарып, тұтқындарды босатты... Бұдан кейін, Жоңғар хандығына тағы да бірнеше рет дипломатиялық сапармен барған. Осындай сапарлардың бірінде, тұтқынға алынған Абылай ханды босата алды. Сондай-ақ, келіссөздердің нәтижесінде, Түркістан қаласы және қазақтың 32 елді мекені

Қазақ тіл біліміндегі этимологиялық ізденістер тарихының бастауында Қ. Жұбановтың тұрғаны белгілі. Зерттеуші ғалым қазақ тілдік қорындағы көптеген сөздердің шығу тегін анықтап көрсетті. Қазақ тіліндегі төрт түлік мал, жан-жануарлар атауларын арнайы қарастырған. «Скотоводческие междометия казахов» баяндамасында *айғыр*, *қошқар*, т.б. атауларының этимологиясын анықтап көрсетеді. Аталған баяндама қазіргі кезге дейін жетпесе де, оның мазмұнын «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» [6] атты ғалымның еңбектер жинағының алғашқы басылымында академик І. Кенесбаевтың жазған алғы сөзі арқылы таныса аламыз.

Ш. Жанәбіловтің зерттеу жұмысында [7] қазақ тіліндегі мал атаулары лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттелінбегенімен, жылқы малының жасына, жынысына, түсіне, т.б. түрлі жай-күйіне байланысты біраз деректер берілген.

1975 жылы К. Мұсаевтың «Лексика тюркских языков в сравнительном освещении» [8] еңбегі жарық көрді. Зерттеуші ғалым мал шаруашылығы терминологиясы енді-енді қалыптаса бастаған ерте дәуірде түркі тілдері мен диалектілерінің ортақтығына назар аударады. Таралу деңгейіне қарай терминдерді 1) түркі тілдерінің барлығында, я көбісінде бір тұрақталған мағынасында, я өзге мағынада қолданылатын сөздер; 2) түркі тілдерінде бір я сәл өзге мағынасында таралуы аз сөздер; 3) белгілі бір түркі тілінде немесе жеке диалектінде ғана кездесетін сөздер деп үш топқа бөліп қарастырады. Ғалым, сонымен қатар, атау таралуының ареалдық сипатын атап өтеді. Айталық, қыпшақ тілдерінде *сиыр* мен *қоян* сәйкесінше *сыйыр*, *қойан* деп аталса, оғыз тілдерінде *инек*, *тавиан* түрінде кездеседі [8, 62-б.].

Көрнекті ғалым Ә. Қайдардың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» [9] атты еңбегінде бір буынды түбір негіздің тізімінде жануар атауларының елу бесі келтірілген. Одан кейін жарық көрген «Тысяча метких и образных выражений» [10] және «Халық даналығы» [11] атты еңбектерде жылқы малына қатысты көптеген фразеологиялық тіркестер этнолингвистикалық тұрғыдан сипатталады.

Т.В. Линконың зерттеу жұмысында [12] қазақ және орыс тілдеріндегі жануарлар атаулары қамтылған. Аталған еңбекте ғалым жануарларды түріне, жасына, жынысына қарай жіктеуде латын терминдерін қолданады. Мысалы, *боонимдер* (лат. *boos* «ірі қара») – сиыр атаулары, *кабаллонимдер* (лат. *cabobuss* – «жылқы») – жылқы атаулары, *камеллонимдер* – (лат. *camellus* – «түйе») – түйе атаулары, т.с.с.

Ә. Жақыпов өзінің зерттеу еңбегінде [13] түйе малына қатысты тілдік бірліктерді қарастырады. Б. Тлепин [14] қой-ешкі атауларына қатысты тілдік бірліктердің этнолингвистикалық сипатын ашуға ұмтылған. С. Сәтенова «Образно-фондовая основа устойчивых выражений, образованных на основе лексики скотоводства в казахском языке» [15] атты ғылыми-зерттеу жұмысында құрамында төрт түлік малдың атаулары бар тұрақты тіркестерді жан-жақты қарастырады. Зерттеу нәтижесінде қазақ тілі бойынша төрт түліктің ішінде басқаларға қарағанда жылқыға қатысты тұрақты тіркестердің көп екенін көрсетіп, біраз тіркестердің бейнелі-аялық негіздеріне тоқталады. О. Тоқхожаеваның «Қазақ тіліндегі фауна лексикасы» [16] атты зерттеуінде қазақ тіліндегі жануарлар атаулары фауна лексикасының құрамдас бөлшегі аясында талданады.

А. Тоқтабаевтың зерттеу жұмысында [17] 200-ге жуық жылқы атаулары берілген. Оның ішінде жылқы малының түсіне қатысты атаулар көптеп кездеседі. А. Шынардың «Қазақтар мен түріктердің жылқы өсіру мәдениеті және оның рөлі» [18] атты еңбегінде қазақ және түрік тілдеріндегі жылқыға байланысты лексемалар және олардың басқа да тілдерде кездесуі, жылқының түстері мен қасиеттері, т.б. мәліметтер беріледі. Б. Тоқтағұл [19] төрт түлік малдың жас мөлшеріне қатысты түркі тілдеріндегі атауларды бір лексика-семантикалық топта талдап, олардың танымдық мәні мен қолданылу шегіне жеке-жеке тоқталады.

Қазақ және басқа да түркі тілдерінде жылқыға қатысты атаулар мол кездесетіндіктен, олар ғалымдардың зерттеу нысанына айналған. Жылқы атауларына қатысты Н. Айтбаеваның «Қазақ тіліндегі жылқыға қатысты атаулардың лексика-семантикалық және дүниетанымдық сипаты» [20] және Ж. Байтелиеваның «Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі» [21] зерттеу жұмыстарын атап көрсетуге болады.

Ендігі кезекте зерттеу материалымыз – «Бабырнама» еңбегіндегі жануарлар атауларына көшейік. Бұл бағытта азын-аулақ зерттеу еңбек бар. Олардың ішінде қомақтысы – И. Хауэншильдтің «Botanica und Zoologica im Babur-name: eine lexikologische und kulturhistorische Untersuchung» = «Бабырнамадағы ботаника және зоология: лексикологиялық және мәдени-тарихи зерттеу» [22] еңбегі. Ғалым «Бабырнама» еңбегін былай сипаттайды: «Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр шағатай тілінде жазған естеліктерінде Ферғана, Мәуераннахр, Ауғанстан және Үндістандағы өсімдіктер мен жануарлардың табиғи таралуы туралы өте нақты мәліметтер береді. Сондай-ақ XV-XVI ғасырлар тоғысында бұл аймақтарда қандай өсімдіктер өсірілетінін, қандай үй жануарлары ұсталғанын атап өтті. Оның флора мен фаунаны сипаттауы тек егжей-тегжейлілігімен ғана емес, тіпті әдеттен тыс өсімдіктер мен жануарлардың құбылыстарын да таңқаларлық дәл бейнелеуімен ерекшеленеді. Әсіресе, «Үндістан» тарауында Бабыр Орта Азия флорасы мен фаунасының өкілдерімен жиі салыстыра отырып, олардың түркі атауларын үнемі келтіреді. Ол ұлттық яки жергілікті атауларды, яғни түркі, парсы, ауған немесе хинди тілдерінен терминдерді береді» [22, 1-б.]. Ғалым 150 жануар атауларын және 135 өсімдік атауларын әліпбилік ретпен береді. Бұл тұста, зоология мен ботаника терминдері аталған ғылым салаларындағы жіктеулерге сәйкес берілгені дұрыс болар еді, себебі бұл «Бабырнама» авторының құрған жүйесін бұзады, оны жоқ қылады. «Бабырнама» тілінің жүйелілігі хақында Е.Н. Хамраева «Элементы идеографии в «Бабур-наме»» [23] атты мақаласында сөз қозғайды. Ғалымның өз сөзі: ««Бабырнамада» жиналған материал жүйеленген және дедуктивті әдісті қолдана отырып, ұқсас белгілерге негізделген белгілі бір ұғымдар семантикалық көлемі бойынша әртүрлі кластарға, топтарға

және кіші топтарға бөлінеді. Мысалы, Үндістанның сипаттамасын алайық. Бабыр уәлаяттардың, таулардың, өзендердің, жануарлар мен өсімдіктердің атауларын белгілі бір парадигмаларға шебер орналастырады. Автор жасаған парадигмалардың бұл кластары өзара байланысты элементтердің ортақ тұтастығын құрайды. Тіпті онда бірде-бір артық сөз табылмайды және сол немесе басқа ұғымның жаңадан енгізілген атауы үшін бос орын жоқ». Бұны ғалым мақалада зоология мен ботаника терминдерінің жүйелі берілуімен де дәлелдейді. Мәселен, жануарлар әлемінің парадигмасы. Жүйе ішіндегі жүйе принципіне сүйене отырып, автор бұл парадигманы бірнеше топқа бөледі: а) жануарлар атауларының парадигмасы; б) құс атауларының парадигмасы; в) су жануарлары атауларының парадигмасы [23, 1-б.]. И. Хауэншильдтің еңбегінде бұл еленбейді. Екіншіден, еңбекте, көп жағдайда, терминдердің этимологиясы берілмейді. Тек термин, ол термин кездесетін «Бабырнамадан» үзіндімен шектеледі. Бұл олқылықтың, толықтай болмаса да, орнын толтыру – мақсатымыз болмақ.

Талдау мен нәтижелер

«Үндістанға тән аң-жануар» сөзін естігенде көпшіліктің ойына келетін жануар – піл. «Бабырнамада» да бұл аталған аймақтың фаунасын сипаттау пілден басталады: «Bir *fil dur* – Hindustānī *hāti* der – kim Kālprī vilāyatining sarhaddlarida bolur» [24, 589-б.] = «Ол жердегі жабайы жануарлардың бірі – *nil*. Үндістандықтар оны *xatu* деп атайды және ол Калпи аймағының шекарасында мекендейді». Көріп тұрғанымыздай, автор аталған жануардың екі атауын келтіреді: бірі түркі халықтарына белгілі болса (Ұлы Жібек жолы бұған үлкен әсер етті), екіншісі түсініксіз болса керек. «Піл» сөзінің түркі тілдеріне парсы тілінен енгені күмән келтірмейді. Түркі тілдерінен басқа да тілдерге енгені жайлы мәлімет бар: «башқ. *фил* «слон» < парс. [فیج] *fil* «слон» < пехл. [pil] «слон» > араб. [فیج] *fil* «слон» + ивр. [פיל] *pil* «слон»» [25, 103]. Піл жануарын білдіретін «Бабырнамада» тіркелген келесі атау – *hāti* – хинди тілінің сөзі. Шығу тегі – санскрит (हस्तिन् [hastin]). Аталған тұлғада санскрит тілінде жазылған индуизмнің ең көне қасиетті жазбалар жинағы – Веда мәтіндерінде тіркелген. Айталық, 1.84.17 және 4.4.1., т.б. Ригведада (Ведалық самхиталардың ең көнесі мен негізгісі – авт.) «піл» мағынасында қолданылған [26, 323-б.]. «Піл» лексемасы көптеген түркі тілдерінде белсенді қолданылып жүр. Мысалы, жаплы түрк. *pil*, *fil*, құмық., ноғ. *пил*, тат. *фил* «піл» [28, 38-б.], т.б.

Үндістанда мекен ететін, түркі халықтарының көбісіне таңсық хайуандардың енді бірі – мүйізтұмсық. «Бабырнама» мәтнінде *karg* [24, 589-б.] деп беріледі. «Мүйізтұмсық»-ты білдіретін бұл тұлға парсы тілінде, шамамен, X ғасырда (982 ж.) жазылған «Hudud al-‘Alam» еңбегінде кездеседі [28, 84-б.]. Түркі тілдеріне парсы тілдерінен енген деп есептейміз. Түркі тілдерінде кездесуі: түрік. *gergedan*, әзірб. *kərgədan*, түркм. *kerk*, өзб. *karkidon*, қырғ. *kerik*, ұйғ. *kerkidan*, татар. *kärkädän*, қырым-татар. *kerkedan*, құмық. *gargadan*, ғағауыз. *gergedän*, қарайым. *ğarğadan*. Қазақ тіліндегі *керік* сөзі де бұл қатарда болуы тиіс еді, дегенмен оның қолданысында бірізділік жоқ. Бұл жайлы Р. Сыздық: «Африкада болатын носорог деген жануарды көбінесе *мүйізтұмсық* деп (бұл таза аударма-калька), енді бір оқулықтарда *керік* деп аталып жүрді» [29, 200-б.], – дейді. Қазіргі кезде «жираф» мағынасында қолданылады: «Керік (парс. *керк*) – мойны ұзын, биіктігі 3 метрге дейін жететін дала жануары» [30, 232-б.]. «Бір заттың (бұрын қазақ білмеген аң-құс, жан-жануарлардың аттарын немесе жаратылысқа қатысты ұғымдардың) аталуын әр оқулық авторларының қазақша әртүрлі ұсынуынан варианттылық проблемасы туып отыр. Мысалы, ... жираф – керік және жайлаң» [29, 202-б.]. Ғалым қазақ жыр-дастандарынан мысал келтіре отырып, аталған тұлғаның басқа да мағыналарын ажыратып көрсетеді [31, 97-б.]. Қорыта айтқанда, қазақ жерінде носорог мекендемегендіктен «керік» сөзі тілдің құрамына енгенде мағынасын ұзаққа сақтай алмаған деп есептейміз.

«Yana *ṣahrā'ī gāvmeṣ dur*» [24, 591-б.]. Бұндағы *ṣahrā'ī gāvmeṣ* – жабайы буйвол. Араб тілінде *الصحراء* (*sahra'*) – жапан [32]. Айта кетерлігі, түркі тілдерінде де *жапан* сөзі тек топонимикалық апеллиатив қана емес, сондай-ақ сол аймақта мекен ететін затты да білдіреді. Мысалы, «қырғыз тілінде *жапан* сөзі адамға, жан-жануарлар мен өсімдіктерге қатысты «жабайы» (дикий, некультивированный) мағынасын беретіні белгілі» [33, 84-б.]. «*Gāvmeṣ*» – буйвол. И. Хауэншильдтің көрсетуінше, «Бабырнамада» түсі қара буйвол табынына қатысты «*kālā qaralag*» термині қолданылған [22, 89-б.]. Иран тілін зерттеуші М.Н. Боголюбов авест. *kara-* «үлкен» мағынасын біледіреді деп есептейді [34, 92–93-бб.]. Ол мәлім, ал беймәлім *гавмеш* жайлы С.К. Каратаева: «парсы. *گاو میش* [гāv-миш] «буйвол» < *گو* «сиыр, бұқа, өгіз» + *میش* [миш] «қой»; парсы әдеби тілінде *гāv*, тәж. *говмеш*; қырғ. *көөмуш* немесе *көөмуш уй* «сүтті сиыр» мағынасында енген; өзб. *гавмуш* «сүтті» (сиырға қатысты), т.б.» [35, 20-б.] деп мәлімет береді. Ғалымның көрсеткен этимологиялық болжамына қатысты қосарымыз: бәлкім, бұрын *گوسپند* қойға да, жасы кіші ірі қараға да қолданылған. Үлкен сиыр немесе бұқа емес, бұл жануарлардың құрбандыққа шалынуы қол жетімді болғандығынан деп болжауға болады (құдай(лар)ға құрбандыққа кез келген жануар емес, «қасиетті» жануар шалынуы керек екенін ескеріңіз). *گاو میش* лексемасы сүтті сиырдан гөрі бұқа, өгізге бұрыннан бері жақын болған сыңайлы. Сөз құрамындағы *میش* қойды мағынасын емес, аталық мәнді беріп тұр. Мәселен, санскрит тілінде бұл тұлға қошқар мағынасын береді, ал этимологиясына үңілсек, праүнді-еуропалық **moysós* тұлғасынан шыққан деген пайым бар. Оның «жүн» мағынасы бар. *Moiso-s* немесе *maiso-s* – қой; жүн, жүннен иірілген жіп; қап» [36, 747-б.]. Жануардың сыртқы ерекшеліктеріне мән берсек, уәж жағынан «сиыр + қой»-ға қарағанда «сиыр + жүн» жұбы орынды деп есептейміз.

3.М. Бабыр сипаттаған келесі аң – ірі бөкен түрі – нилагай (*boselaphus tragocamelus*): «Yana *nīlagāv dur*. Bulandlıqı atça bolğay. Attın bir nemä inçkäräk tür. Erkäki kök tür. Bu jihattın *ğālibā nīla-gāv* derlär. İki kiçikräk *šāxı* bar. Boğzıda bir qanşın uzunraq tüki bar dur. Bañrī qotasqa muşābahatı bar. Tuvağı uynıng tuvağı dek erdi dür. Mādasınıng rangi buğū-maralning rangi dek dür. *Šāxı* ham yoqtur. Boğzıdaqı tüki ham yoqtur. Erkäkigä baqa bu torçaq vad` dur» [24, 591-б.] = «Үндістанда *нилагай* кездеседі. Ол жылқы сияқты ұзын, бірақ одан сәл арық болады. Нылғайдың аталығы көк; *нила-гай* атануы да содан болса керек. Екі кішкентай мүйізі бар, ал тамағында бір сүйемнен ұзын бір шоқ түк бар. Осылайша тау өгізіне ұқсайды. Оның тұяқтары кәдімгі бұқаның тұяғы сияқты. Ұрғашы нылғайдың түсі бұғы-маралдікіндей. Оның мүйізі жоқ, тамағында түк те жоқ. Аталыққа қарағанда аталығы семіз». Бұл атаудың негізінде де «сиыр» мағыналы парсы. *gāv* түбірі жатыр. Ол хинди тіліндегі көк түсін білдіретін *nīlā* (नीला) [37] сөзімен біріккен. Демек 3.М. Бабыр бұл сөзжасамның уәжін дұрыс анықтап көрсеткен деп есептейміз.

«Yana *kūtahpāy dur*. Uluğluqı aq keyikčä bolğay. Munıng iki qolı va iki butı qısqaraq dur. Bu jihattın *kūtahpāy* derlär» [24, 591-б.] = «Тағы бір үндістандық жануар – қысқаяқ (зоологияда «аксис»). Денесі киіктікіндей; оның алдыңғы және артқы аяқтары қысқа, сондықтан оны қысқа аяқты деп атайды». Шынымен де, парсы тілінде *کوتاه* [kūtah] «қысқа», *پای* [pāy] – «аяқ» [38].

«Yana bir jeränning erkäki hona yoşunluğ keyik dür, arqası qara, eväki aq. Honanıng *šāxıdın* munıng *šāxı* uzunraq tur va purreçraq dur. Hindustānī *kalahara* der. Aşlda *kālā haran* egändür, ya`nī qara keyik, taxfif qılıp *kalahara* deptürlär» [24, 591-б.]. Бұл жерде де 3.М. Бабыр сөздің неліктен солай аталғаны жайлы ақпарат береді: «Үндістанда хонаға (?) ұқсас киік – қарақұйрықтың аталығы да бар. Арқасы қара, қарны ақ, мүйізі хонаға қарағанда ұзынырақ, тармақталған. Үндістандықтар оны *калахара* деп атайды. Бастапқыда *кала харан*, яғни «қара киік» деген, кейін бұл сөз қысқартылып, *калахара* деп атала басталды». Хинди тілінде *काला* (*kāla* «қара», «қою» немесе «қою-көк»), *हिरण* (*hiran*) [37] – киік.

«Yana bir *gaynī uy dur*. Kīçikkinā uy dur. Ol yerlärning uluğ qoçqarıça bolğay» [24, 593-б.] = «Үндістанда *гайни бұқасы* да бар. Денесі жағынан біздің үлкен қошқардай, кішкентай бұқа». З.М. Бабырдың немересі, моғол билеушісі Ақбардың бұйрығымен оның тарихшысы Әбул Фазлдың қаламынан парсы тілінде жазылған, XVI ғасырдағы Моғол империясының басқару ерекшеліктері мен билеушінің өзі жайлы сөз ететін («Ақбарнама» бөлімі) «Айн-и-Ақбари» яки «Ақбар әкімшілігі» үштомдық еңбекте де аталған ірі қара түрі сипатталады: «Кут жылқысы сияқты кішкентай, бірақ өте әдемі бұқаның *гайни* деген түрі де бар» [39, 149-б.]. Гайни – Бенгалда шығарылған ергежейлі сиырдың бір түрі. Урду тілінде *गैनी* [gainii] – кішкентай сиыр [40]. Бұл сөздің қасындағы *уу* – шығу тегі түркілік сөз. Бұл сөз «сиыр» атауы ретінде М. Қашқари сөздігінде тіркелген [41, 73-б.]. Қазіргі таңда қолданыста. Бір ғана мысал: қазіргі қырғыз тілінде аталған мағынаға *ие уу* сөзі қолданылып жүр.

«Yana *maumūn dur*. Hindustānī *bāndar der*» [24, 593-б.] = «Осында маймылдар да бар. Үндістандықтар маймылды *бандар* деп атайды». Аталған сөздің фонетикалық нұсқасы – *vānar*. Сөзжасамына бойласақ, екі түбірдің бірігуінен жасалғанын анықтаймыз. Санскрит тілінде: *वानर* [vānara] = (*वन* (vana, «орман»)) + *नर* (nara, «ер адам») [42, 672-б.]. Яғни маймыл үндістердің түсінігінде «орман адамы» болып шықты. Маймылдың түрі мен қылығына, тіршілік ету мекеніне назар аударсақ, бұл болжамның логикаға сәйкес келетінін түсінеміз.

Үндістанда тіршілік ететін сүтқоректілерді сипаттауды З.М. Бабыр егеуқұйрық, тышқанмен аяқтайды: «Yana bir *nawal dur*, kişdin juzvī kiçikrāk bolğay. Yığaçqa çıqar. Ba`zı *mūş-i xurmā ham derlär*» [24, 593-б.] = «Үндістанда бұлғыннан сәл кішірек, *науал* деп аталатын жануар да бар. Ол ағаштарға өрмелейді. Кейбіреулер оны *муш-и хурма* деп те атайды». Алдымен *mūş-i xurmā* тұлғасы жайлы сөз қозғасақ. Алғашқы түбір парс. *mūş*; пушту *mužak, məžak*, сирек *муш* [43, 867-б.]. Бұл сөз бастапқы мағынасы «ұры», «үйден ұрлайтын, таситын» үнді-еур. **mūs* тұлғасына негізделеді [44, 659-б.; 45, 668-б.]. Аталған мағына санскрит тілінде: *mūṣaka* «ұры, ұрлықшы» [46, 518-б.], сонымен қатар кейбір қазіргі үнді-арий тілдерінде сақталған [47, 916-б.; 48, 929-б.]. Екінші түбір бізге мәлім *xurmā* – пальма ағашы я онда өсетін жеміс түрі. Түркі тілдеріне парсы тілінен енген [49, 207-б.]. Сөйтіп, «пальма үстінде тіршілік ететін егеуқұйрық» яки «пальма егеуқұйрығы» болып шығады. Ал «науал» нұсқасына келетін болсақ, араб. *نخل* – *naḥl* – пальма ағашы [50, 3029–3030-б.]. «Бабырнамада» *نول* деп берілген [24, 593-б.]. Көріп тұрғанымыздай, аталған жануардың атауларына мекен ететін орны – құрма (пальма) ағашы уәж болған.

«Yana bir siçqan dur kim *gilāhri derlär*» [24, 593] = «Үндістанда тышқанның *галахри* деп аталатын бір түрі де кездеседі». Дегенмен хинди тілінде *गिलहरी* [gilahri] – тиін [51, 1031-б.]. Хинди тілінде егеуқұйрықты – *chūhā, mūsā, indur*; тышқанды – *chūhī, mūsri, mūsh*; ал тиінді *gilahri, chikhur, rūkhī* деп атайды [52, 126-б.]. Тек «Brahmapurāṇa» (бастапқы нұсқасы бірінші мыңжылдықтың соңында жазылған деп есептеледі, бірақ көбінесе мәтін XV-XVI ғасырларға жатқызылады) еңбегіндегі атаулар индексін құрған Р. Зёнен мен П. Шрайнер мәтінде тіркелген *gilaharī* сөзін «fruit-rat» деп аударады [53, 334-б.]. З.М. Бабырдың бұл жануарды қалай сипаттағанына назар аударайық: «Bu hameša diraxtlarda oq bolur. Diraxtlarning üstidä yoçqarı qoyı `ajab çust u çasrān yügürür» [24, 593] = «Ол әрқашан ағаштарда өмір сүреді. Ағаштардың үстінде таңқаларлық жылдам және ептілікпен жоғары және төмен жүгіреді». Бұл сипаттама тиінге де, ағаш тышқанына да қатысты бола алады. Біз мәтіндегі бұл жайтқа қатысты М. Амриталингамның ұсынған пікірімен келісеміз. Ол бойынша: «Бұл тиін емес, ағаш тышқаны болуы мүмкін; бәлкім, бұл *Vandeleuria oleracea* түрі шығар» [54, 179-б.].

Үндістандағы хайуандарды сипаттауды пілден бастап, тышқанмен аяқтағаны, яғни жануарларды үлкеннен кішіге дейін қарастыру З.М. Бабырдың ғылыми жүйелі ойлауын және оны «Бабырнама» жазуда шебер пайдалануын тағы бір рет танытады.

Жоғарыда жануар атауларының 12-і қарастырылды. Шығу тегіне мән берсек: парсы тілінен *fil*, *karg*, *ṣahrā'ī gāvmeš*, *kūtahpāy*, *mūš-i xurmā* (5); санскрит/ хинди тілінен *kalahara*, *bāndar*, *gilāhrī*, *hāti* (4); араб тілінен *nawal* (1); *nīlagāv* (парсы + санскрит), *gaynī uy* (хинди + түрк.) шыққан. Көріп тұрғанымыздай, атаулардың көбісі біз үшін белгісіз, тіпті кірме сөздер де емес. Өйткені аталған жануарлардың бірқатары түркі халықтары тұратын географиялық аймақтарда мекендемейді. Бұл атаулар кездесетін мысалдарда өзімізге белгілі *aq keyik*, *at*, *buğı-maral*, *keyik*, *qoçqar*, *sıçqan* сияқты жануар атаулары бой көрсетті. Олардың шығу тегі – түркі тілдері, одан әрі алтай тілі, тек *taumūn* сөзінің шығу тегі араб-парсы – مَيْمُون [maumūn] [55, 25-б.]. Бұл жануар атауының кірме болуы мекен ететін жеріне қатысты болса керек.

Қорытынды

«Бабырнама» – Бабырдың өмірін баяндайтын тарихи шығарма. XV ғасырдың соңы–XVI ғасырдың басында Орта Азияда, Ауғанстан мен Үндістанда болған оқиғаларды шағатай тілінде баяндайтын бұл еңбек тарихи шығарма болуымен қатар энциклопедиялық жинақ сияқты қабылданады. Аталған жазба ескерткішінің Үндістанға арналған үшінші бөлімінде аталған елдің флорасы мен фаунасы шебер суреттеледі. Бабыр өзі алғаш аяқ басқан мекенді аса қызығушылықпен сипаттайды, өзіне таңсық аң-құстарды натуралист ретінде бейнелейді. Оның бақылауларында Үндістанда кездескен жануарлардың әртүрлі түрлерін егжей-тегжейлі сипаттап, олардың жергілікті атауларын атайды, туған өлкесіндегі жануарлармен салыстырады. «Бабырнама» мәтінінің лингвистика үшін ұтымды тұсы – онда хайуан атаулары беріліп қана қоймай, олардың бірқатарының шығу тегі, аталу уәжі қарастырылады. «Бабырнамадағы» этимологиялық болжамдарды тексеру мүмкіндігі бар.

Бабыр «Бабырнамасында» Үндістанның фаунасын, оның ішінде сүтқоректілердің көптеген түрлерінің атаулары мен ерекшеліктерін егжей-тегжейлі сипаттайды. Ол жануарларды іріден кішіге, мекен ету орны бойынша құрлықтан суға дейін жүйелі түрде сипаттайды. Бабыр жануарларға қатысты жергілікті, араб-парсы және хинди терминдерін қолданған, бұл оның сипаттауда дәлдік пен көптілділікке ұмтылысын көрсетеді.

«Бабырнамада» Үндістанда мекен ететін *bāndar*, *fil*, *gaynī uy*, *gilāhrī*, *hāti*, *kalahara*, *karg*, *kūtahpāy*, *mūš-i xurmā*, *nawal*, *nīlagāv*, *ṣahrā'ī gāvmeš*, т.б. жануарар жайлы деректер берілген. Шығу тегі бойынша парсы тілінен: *fil*, *karg*, *ṣahrā'ī gāvmeš*, *kūtahpāy*, *mūš-i xurmā*; санскрит/ хинди тілінен: *kalahara*, *bāndar*, *gilāhrī*, *hāti*, араб тілінен: *nawal*, *nīlagāv* (парсы + санскрит), *gaynī uy* (хинди + түрк.).

«Бабырнамадағы» Үндістанның фаунасына берілген бұл егжей-тегжейлі сипаттамалар құнды тарихи-зоологиялық деректер беріп қана қоймай, Бабырдың табиғат әлеміне деген терең қызығушылығын, білімін жүйелеуге ұмтылысын көрсетеді.

Үндістанның фаунасын «Бабырнама» бойынша зерттеу әртүрлі ғылыми пәндер үшін кең перспективалар ашады. Бұл бағыттағы зерттеу өлкенің тарихы мен мәдениеті туралы түсінігімізді кеңейтіп қана қоймай, Бабыр қалдырған қайталанбас мұраны сақтап, насихаттауға септігін тигізеді. Оның мұқият және жүйелі бақылаулары тарихи контексте адам мен табиғаттың өзара байланысын жақсырақ түсінуге көмектесетін қазіргі ғылыми зерттеулерде қолдануға болатын құнды деректер берері сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Щербак А.М. Названия домашних и диких животных в тюркских языках. В кн.: Историческое развитие лексики тюркских языков. – М.: Изд-во АН СССР, 1961. – 172 с.
2. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика / отв. ред. Э.Р. Тенишев. – М.: Наука, 1997. – 800 с.
3. Ибрагимов К. Древнетюркские названия животных в лексике современных тюркских языков: дис. ... канд. филол. наук. – М., 1975. – 153 с.

4. Копыленко М.М. О мотивации наименований животных в тюркских языках. В кн.: Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 108 с.
5. Цинциус В.И. Проблемы сравнительно-исторического изучения лексики алтайских языков. В кн.: Исследования в области этимологии алтайских языков. – Л.: Наука, 1979. – 17 с.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
7. Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. – Алматы: Қайнар, 1982. – 150 б.
8. Мусаев К.М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении (западно-кыпчакская группа). – М.: Наука, 1975. – 360 с.
9. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1986. – 322 с.
10. Кайдаров А.Т. Тысяча метких и образных выражений: казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями. – Алматы: Білге, 2003. – 368 с.
11. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: «Тоғанай Т», 2004. – 560 б.
12. Линко Т.В. Зоонимы в казахском и русском языках: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1989. – 23 с.
13. Жақыпов Ә. Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қайнар, 1989. – 190 б.
14. Тлепин Б.Қ. Мал шаруашылығына қатысты лексиканың этнолингвистикалық сипаты (қой-ешкі атаулары): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1997. – 153 б.
15. Сатенова С.К. Образно-фондовая основа устойчивых выражений, образованных на основе лексики скотоводства в казахском языке: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1990. – 31 с.
16. Токхожаева О. Лексика фауны в казахском языке: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1991. – 20 с.
17. Тоқтабаев А. Қазақтардың ХІХ ғ. мен ХХ ғ. басындағы жылқы шаруашылығы: тар. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1992. – 228 б.
18. Шынар А. Қазақтар мен түріктерде жылқы өсіру мәдениеті және оның рөлі / ауд. Кенан Коч. – Шымкент: Әлия, 2001. – 135 б.
19. Тоқтағұл Б. Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикасы: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 124 б.
20. Айтбаева Н. Қазақ тіліндегі жылқы атауларының лексика-семантикалық және дүниетанымдық сипаты: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 29 б.
21. Байтелиева Ж.Д. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 26 б.
22. Hauenschild I. Botanica und Zoologica im Babur-name: Eine lexikologische und kulturhistorische Untersuchung (Turcologica, Band 66). – Wiesbaden: Harrassowitz Verlag, 2006. – 144 p.
23. Хамраева Ё.Н. Элементы идеографии в «Бабур-наме» // Лингвистика. – 2015. – №20. [Электронды ресурс]. URL: <https://sci-article.ru/stat.php?i=1428924884> (қаралған күні 13.10.2023)
24. Zahiruddin Muhammad Babur Mirza. The Baburnama: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation, Turkish transcription, Persian edition and English translation by W.M. Thackston, Jr. – Cambridge, Ma: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University, 1993. – 904 p.
25. Саяфи Р.М. Фарсизмы в башкирском языке (фонемный, семантический, морфемно-структурный и морфологический аспекты): дис. ... канд. филол. наук. – Уфа, 2020. – 171 с.
26. Bryant E. The Quest for the Origins of Vedic Culture. – New York: Oxford University Press, 2001. – 387 p.
27. Шагиров А.К. Этимологический словарь адыгских (черкесских) языков. – Т. 2: Р-І. – М.: Наука, 1977. – 244 с.
28. Hudud al-Alam. The regions of the world a Persian geography, 372 A.H.-982 A.D. / Translated and explained by V. Minorsky. – Cambridge: University Press, 1982. – 524 p.
29. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.
30. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құраст.: Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан, т.б. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

31. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). – Т. 4. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 412 б.
32. Almaany English Arabic Dictionary. [Электронды ресурс]. URL: <https://clck.ru/36spLn> (қаралған күні 13.10.2023)
33. Кенжалин Қ.К., Таңсықбай Ә.Қ. «Басы – бапан, аяғы – сапан» мәтеліндегі көнерген сөздер // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – №4 (188). – Б. 81–89.
34. Боголюбов М.Н. Персидские слова с *kar^o* и *har^o* и рыба Кага в Авесте // Иранская филология. Краткое изложение докладов научной конференции, посвященной 60-летию проф. А.Н. Болдырева. – М., 1969. – С. 91–93.
35. Каратаева С.К. Кыргыз тилинин тарыхый фонетикасы (үндүүлөр системасы): филол. илим. док. ... автореф. – Бишкек, 2023. – 43 б.
36. Pokorny J. Indogermanisches etymologisches Wörterbuch. – Vol. 2. – Bern, München: Francke Verlag, 1959. – 495 p.
37. Hinkhoj Hindi-English Dictionary. [Электронды ресурс]. URL: <https://dict.hinkhoj.com> (қаралған күні 13.10.2023)
38. Lingvanex. Translate from English to Persian online. [Электронды ресурс]. URL: <https://lingvanex.com/translation/english-to-persian> (қаралған күні 13.10.2023)
39. Blochmann H. Ain-i-akbari by Allam Abul Fazal. – Calcutta: Baptist Mission Press, 1873. – 768 p.
40. Rekhta Dictionary. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.rekhtadictionary.com> (қаралған күні 13.10.2023)
41. Қашқари М. Түрік сөздігі: Диуани лұғат ит-түрік: үш томдық шығармалар жинағы / ауд., алғы сөзі мен ғыл. түс. жазған А.Қ. Егеубай. – Т. 2. – Алматы: Хант, 1997. – 525 б.
42. Turner R.L. A Comparative Dictionary of the Indo-Aryan Languages. – London: Oxford University Press, 1969-1985.
43. Асланов М.Г. Пушту-русский словарь. – М.: Русский язык, 1985. – 1008 с.
44. Franck J. Etymologisch woordenboek der nederlandsche taal. – Gravenhage: Martinus Nijhoff, 1892. – 1238 p.
45. Mayrhofer M. Kurzgefaßtes etymologisches Wörterbuch des Altindischen. – Bd. 2: D-M. – Heidelberg: Universitätsverlag WINTER, 1963. – 700 p.
46. Кочергина В.А. Санскритско-русский словарь. – М.: Русский язык, 1987. – 944 с.
47. Бескровный В.М. Хинди-русский словарь. – М.: ГИИНС, 1959. – 1318 с.
48. Рабинович И.С., Королев Н.И., Аганина Л.А. Непальско-русский словарь. – М.: Советская Энциклопедия, 1968. – 1328 с.
49. García M.-I.M., Yarıcı M. Common Vocabulary in Urdu and Turkish Language: A Case of Historical Onomasiology // Journal of Pakistan Vision. – 2014. – Vol. 15 (1). – P. 193–221.
50. Lane E.W. Arabic-English Lexicon. – London: Williams & Norgate, 1863. – 367 p.
51. Misra M.P. A trilingual Dictionary being a comprehensive lexicon in English, Urdú and Hindí, exhibiting the syllabication, pronunciation and etymology of English words, with their explanation in English, and in Urdú and Hindí in the Roman characters. – Benares: E.J.Lazarus and Co., 1865. – 1300 p.
52. Shakespear J. An Introduction to the Hindustani language: comprising a grammar, and a vocabulary, English and Hindustani; also short sentences and dialogues; short ... military words of Command, Nagari and English. – London: Wm.H.Allen & Co, 1845. – 564 p.
53. Söhnen R., Söhnen R. Th., Schreiner P. Brahmapurāṇa: Summary of Contents, with Index of Names and Motifs. – O. Harrassowitz, 1989. – 596 p.
54. Amirthalingam M. Perspectives of environmental studies during the Mughal period // Journal of Indian History and Culture. – 2016. – №22. – P. 178–185.
55. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 159 б.

REFERENCES

1. Sherbak A.M. Nazvania domashnih i dikih jivotnyh v tiurkskih iazykah. V kn.: Istoricheskoe razvitie leksiki tiurkskih iazykov [Names of domestic and wild animals in Turkic languages. In the book:

- Historical development of the vocabulary of the Turkic languages]. – M.: Izd-vo AN SSSR, 1961. – 172 s. [in Russian]
2. Sravnitelno-istoricheskaia grammatika tiurkskih iazykov. Leksika [Comparative-historical grammar of Turkic languages. Vocabulary] / otv. red. E.R. Tenishev. – M.: Nauka, 1997. – 800 s. [in Russian]
 3. Ibragimov K. Drevnetiurkskie nazvania jivotnyh v leksike sovremennyh tiurkskih iazykov [Ancient Turkic names of animals in the vocabulary of modern Turkic languages: dis.]: dis. ... kand. filol. nauk. – M., 1975. – 153 s. [in Russian]
 4. Kopylenko M.M. O motivacii naimenovaniy jivotnyh v tiurkskih iazykah. V kn.: Problemy etimologii tiurkskih iazykov [On the motivation of animal names in Turkic languages. In the book: Problems of etymology of the Turkic languages]. – Alma-Ata: Gylym, 1990. – 108 s. [in Russian]
 5. Cincius V.I. Problemy sravnitelno-istoricheskogo izucheniya leksiki altaiskih iazykov. V kn.: Issledovaniya v oblasti etimologii altaiskih iazykov [Problems of comparative-historical study of the vocabulary of Altai languages. In the book: Research in the field of etymology of the Altai languages]. – L.: Nauka, 1979. – 17 s. [in Russian]
 6. Jubanov Q. Qazaq tili jonindegi zertteuler [Studies on the Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1999. – 581 b. [in Kazakh]
 7. Janabilov Sh. Qazaqsha mal ataulary [Kazakh animal names]. – Almaty: Qainar, 1982. – 150 b. [in Kazakh]
 8. Musaev K.M. Leksika tiurkskih iazykov v sravnitelnom osveshenii (zapadno-kypchakaskaia gruppa) [Vocabulary of Turkic languages in comparative education (Western Kipchak group)]. – M.: Nauka, 1975. – 360 s. [in Russian]
 9. Kaidarov A.T. Struktura odnoslojnyh kornei i osnov v kazahskom iazyke [The structure of monosyllabic roots and stems in the Kazakh language]. – Alma-Ata: Izd-vo «Nauka» Kazahskoi SSR, 1986. – 322 s. [in Russian]
 10. Kaidarov A.T. Tysiacha metkih i obraznyh vyrajeniy: kazahsko-russkiy frazeologicheskij slovar s etnolingvistikeskimi poiasneniyami [Thousands of figurative and figurative expressions: Kazakh-Russian phraseological dictionary with ethnolinguistic explanations]. – Almaty: Bilge, 2003. – 368 s. [in Russian]
 11. Qaidar A.T. Halyq danalygy (qazaq maqal-matelderinin tusindirme sozdigi jane zertteu) [Folk wisdom (explanatory dictionary and study of Kazakh proverbs)]. – Almaty: Toganai T, 2004. – 560 b. [in Kazakh]
 12. Linko T.V. Zoonimy v kazahskom i russkom iazykah [Zoonyms in the Kazakh and Russian languages: abstract]: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. – Almaty, 1989. – 23 s. [in Russian]
 13. Jaqypov A. Tuie osirushinin tusindirme sozdigi [Camel breeder's explanatory dictionary]. – Almaty: Qainar, 1989. – 190 b. [in Kazakh]
 14. Tlepin B.Q. Mal sharuashylygyna qatysty leksikanyn etnolingvistikalyq sipaty (koi-eshki ataulary) [Ethnolinguistic character of vocabulary related to animal husbandry (names of sheep and goats): dis.]: filol. gyl. kand. ... dis. – Almaty, 1997. – 153 b. [in Kazakh]
 15. Satenova S.K. Obrazno-fonovaya osnova ustojchivyh vyrazhenij, obrazovannyh na osnove leksiki skotovodstva v kazahskom yazyke [The figurative-background basis of stable expressions formed on the basis of the vocabulary of cattle breeding in the Kazakh language: abstract]: avtoref. ... kand. filol. nauk. – Almaty, 1990. – 31 s. [in Russian]
 16. Tokhojaeva O. Leksika fauny v kazahskom iazyke [Vocabulary of fauna in the Kazakh language: abstract]: avtoref. ... kand. filol. nauk. – Alma-Ata, 1991. – 20 s. [in Russian]
 17. Toqtabaev A. Qazaqtardyn XIX g. men XX g. basyndagy jylqy sharuashylygy [Horse breeding of Kazakhs in the XIX – early XX centuries: dis.]: tar. gyl. kand. ... dis. – Almaty, 1992. – 228 b. [in Kazakh]
 18. Shynar A. Qazaqtar men turikterde jylqy osiru madenieti jane onyn roli [Culture of horse breeding in Kazakhs and Turks and its role] / aud. Kenan Koch. – Shymkent: Alia, 2001. – 135 b. [in Kazakh]
 19. Toktagul B. Turki tilderindegi tort tuliktin zhasyna katysty ataulardyn etnolingvistikasy [Ethnolinguistics of age-related names of four Turkic languages: dis.]: filol. gyl. kand. ... dis. – Almaty, 2005. – 124 b. [in Kazakh]

20. Aitbaeva N. Qazaq tilindegi jylqy ataularynyn leksika-semantikalyq jane dunietyymdyq sipaty [Lexical-semantic and worldview characteristics of horse names in the Kazakh language: dis.]: filol. gyl. kand. ... dis. – Almaty, 2007. – 29 b. [in Kazakh]
21. Baitelieva J.D. Qazaq tilindegi jylqy malyna qatysty frazeologiyalyq tirkesterdin etnomadeni uajdemesi [Ethnocultural motivation of phraseological phrases related to horses in the Kazakh language: abstract]: filol. gyl. kand. ... avtoref. – Almaty, 2007. – 26 b. [in Kazakh]
22. Hauenschild I. Botanica und Zoologica im Babur-name: Eine lexikologische und kulturhistorische Untersuchung (Turcologica, Band 66). – Wiesbaden: Harrassowitz Verlag, 2006. – 144 p. [in German]
23. Hamraeva E.N. Elementy ideografii v «Babur-name» [Element of ideography in «Baburname»] // Lingvistika. – 2015. – №20. [Electronic resource]. URL: <https://sci-article.ru/stat.php?i=1428924884> (date of access 13.10.2023) [in Russian]
24. Zahiruddin Muhammad Babur Mirza. The Baburnama: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation, Turkish transcription, Persian edition and English translation by W.M. Thackston, Jr. – Cambridge, Ma: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University, 1993. – 904 p.
25. Sayafi R.M. Farsizmy v bashkirskom iazyke (fonemnyi, semanticheskiy, morfemno-strukturnyi i morfologicheskiy aspekty) [Farsisms in the Bashkir language (phonemic, semantic, morphemic-structural and morphological aspects)]. – Ufa, 2020. – 171 s. [in Russian]
26. Bryant E. The Quest for the Origins of Vedic Culture. – New York: Oxford University Press, 2001. – 387 p.
27. Shagirov A.K. Etimologicheskiy slovar adygskih (cherkesskih) iazykov [Etymological dictionary of Adyghe (Circassian) languages]. – T. 2: P-I. – M.: Nauka, 1977. – 244 s. [in Russian]
28. Hudud al-Alam. The regions of the world a Persian geography, 372 A.H.-982 A.D. / Translated and explained by V. Minorsky. – Cambridge: University Press, 1982. – 524 p.
29. Syzdyq R. Qazaq tilindegi eskilikter men janalyqtar. Gylymi-tanyymdyq zertteu [Oldies and news in the Kazakh language. Scientific research]. – Almaty: Arys, 2009. – 272 b. [in Kazakh]
30. Qazaq tilinin kirme sozder sozdigi [Dictionary of loanwords in the Kazakh language] / Qurast. Sh. Kurmanbaiuly, S. Isaqova, B. Mizamhan B. etc. – Almaty: “Ultyq audarma biurosy” qjgamdyq qory, 2019. – 596 b. [in Kazakh]
31. Syzdyqova R. Sozder soileidi (sozderdin qoldanylu tarihyinan) [Words speak (from the history of the use of words)]. – T. 4. – Almaty: El-shejire, 2014. – 412 b. [in Kazakh]
32. Almaany English Arabic Dictionary. [Electronic resource]. URL: <https://clck.ru/36spLn> (date of access 13.10.2023)
33. Kenjalın Q.K., Tansyqbai A.Q. «Basy – bapan, aiagy – sapan» matelindegi konergen sozder [Archaisms in the proverb «Basy – bapan, ayagi – sapan»] // QazUU Habarshysy. Filologia seriasy. – 2022. – №4 (188). – B. 81–89. [in Kazakh]
34. Bogoliubov M.N. Persidskie slova s kar^o i xar^o i ryba Kara v Aveste [Persian words with kar^o and xar^o and fish Kara in Avesta] // Iranskaia filologia. Kratkoe izlozhenie dokladov nauchnoi konferencii, posviashennoi 60-letiu prof. A.N. Boldyreva. – M., 1969. – S. 91–93. [in Russian]
35. Karataeva S.K. Kyrgyz tilinin taryhyi fonetikasy (unduulor sistemasy) [Historical phonetics of the Kyrgyz language (vowel system): abstract]: filol. ilim. dok. ... avtoref. – Bishkek, 2023. – 43 p. [in Kyrgyz]
36. Pokorny J. Indogermanisches etymologisches Wörterbuch. – Vol. 2. – Bern, München: Francke Verlag, 1959. – 495 p. [in German]
37. Hinkhoj Hindi-English Dictionary. [Electronic resource]. URL: <https://dict.hinkhoj.com> (date of access 13.10.2023)
38. Lingvanex. Translate from English to Persian online. [Electronic resource]. URL: <https://lingvanex.com/translation/english-to-persian> (date of access 13.10.2023)
39. Blochmann H. Ain-i-akbari by Allam Abul Fazal. – Calcutta: Baptist Mission Press, 1873. – 768 p.
40. Rekhta Dictionary. [Electronic resource]. URL: <https://www.rekhtadictionary.com> (date of access 13.10.2023)
41. Turik sozdigi: Diuani lugat it-turk [Turkic dictionary: Diwani lugat it-Turk]. – T. 2. – Almaty: Hant, 1997. – 525 b. [in Kazakh]

42. Turner R.L. A Comparative Dictionary of the Indo-Aryan Languages. – London: Oxford University Press, 1969-1985.
43. Aslanov M.G. Pushtu-russkiy slovar [Pashto-Russian dictionary]. – M.: Russkiy iazyk, 1985. – 1008 s. [in Russian]
44. Franck J. Etymologisch woordenboek der nederlandsche taal. – Gravenhage: Martinus Nijhoff, 1892. – 1238 p. [in Dutch]
45. Mayrhofer M. Kurzgefaßtes etymologisches Wörterbuch des Altindischen. – Bd. 2: D-M. – Heidelberg: Universitätsverlag WINTER, 1963. – 700 p. [in German]
46. Kochergina V.A. Sanskritsko-russkiy slovar [Sanskrit-Russian dictionary]. – M.: Russkiy iazyk, 1987. – 944 s. [in Russian]
47. Beskrovnyi V.M. Hindi-russkiy slovar [Hindi-Russian dictionary]. – M.: GIINS, 1959. – 1318 s. [in Russian]
48. Rabinovich I.S., Korolev N.I., Aganina L.A. Nepalsko-russkiy slovar [Nepali-Russian dictionary]. – M.: Sovetskaya Enciklopedia, 1968. – 1328 s. [in Russian]
49. García M-I.M., Yapici M. Common Vocabulary in Urdu and Turkish Language: A Case of Historical Onomasiology // Journal of Pakistan Vision. – 2014. – Vol. 15 (1). – P. 193–221.
50. Lane E.W. Arabic-English Lexicon. – London: Williams & Norgate, 1863. – 367 p.
51. Misra M.P. A trilingual Dictionary being a comprehensive lexicon in English, Urdú and Hindí, exhibiting the syllabication, pronunciation and etymology of English words, with their explanation in English, and in Urdú and Hindí in the Roman characters. – Benares: E.J.Lazarus and Co., 1865. – 1300 p.
52. Shakespear J. An Introduction to the Hindustani language: comprising a grammar, and a vocabulary, English and Hindustani; also short sentences and dialogues; short ... military words of Command, Nagari and English. – London: Wm.H.Allen & Co, 1845. – 564 p.
53. Söhnen R., Söhnen R. Th., Schreiner P. Brahmapurāṇa: Summary of Contents, with Index of Names and Motifs. – O. Harrassowitz, 1989. – 596 p.
54. Amirthalingam M. Perspectives of environmental studies during the Mughal period // Journal of Indian History and Culture. – 2016. – №22. – P. 178–185.
55. Rustemov L.Z. Qazirgi qazaq tilindegi arab-parsy kirme sozderi [Arabic-Persian input words in the modern Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1982. – 159 b. [in Kazakh]

ӘОЖ 821.512.122/6-2/.3:81/371/367.4; МҒТАР16.21.49

<https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.47>Д.Ж. АРЫНБАЕВА¹, Д.Н. БАЙҒҰТОВА², А.Г. ҚҰРБАНОВ³¹Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің оқытушысы
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: dildagul.arup@mail.ru²филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: dinar_1378@mail.ru³филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: agarasha.kurbanov.67@bk.ru

Д. ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ КОННОТАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының дарынды қаламгері, жарқын жазушысы Д. Исабековтың шығармаларында қолданылған тұрақты тіркестердегі ұлттық коннотация көріністері қарастырылады.

Коннотация (лат. con – бірге және noto – белгілеу, дәйектеу) – тіл бірлігінің қосымша, ілеспе мағынасы. Коннотация белгілі түрде негізгі мағынамен байланысып, қабаттасып тұратын семантикалық немесе стилистикалық элементтерді қамтиды. Коннотация сөйленімнің экспрессивті-эмоционалды және бағалау реңктерін білдіруге қызмет етеді. Денотация (сөздің лексикалық мағынасы) мен коннотацияның мағынасы немесе қолданылуы негізінен зерттеу нысанына байланысты болады. Коннотация тілді зерттеуде және сөздің әдеби қолданылымын түсінуде маңызды рөл атқарады. Өйткені, сөздерді контекстке және жағдайға байланысты оң немесе теріс мағынамен қолдануға болады. Коннотация сөзге, сөз тіркестеріне эмоционалды немесе әлеуметтік әсер беретін субъективті мағына. Қолданылу аясына орай коннотацияның бейтарап түрі де кездесіп отырады.

Коннотация өзі мағынасын білдіретін нысаналы сөздің шартты құрамдасы болмаса да, сол тілде сөйлеушілердің сана-сезімінде сөзге байланысты тұрақты түсініктер қалыптасқанына байланысты қосарлана жүреді. Мәселен, «түлкі» сөзі жануарды білдіретін болғанымен, халық танымында қулықпен, айлакерлікпен, аярлықпен байланысты бейнеде тұрақтанып қалғандықтан, коннотациялы мәнде осы мағыналармен қауымдасып (ассоциацияланып) тұратын тұрақты тіркестердің туындауына және қолданылуына жағдай жасайды. Коннотацияны мазмұндық, мәдени, ұлттық, эмоционалды, идеологиялық, бағалауыштық қасиеттері бойынша жіктеп қарастыру тіл білімінде орнығып үлгерген.

Тұрақты тіркестер ұлттың тарихи өткенімен, әлемді танудағы сана-сезімдерімен және танымдарымен, мәдени құндылықтарымен және жетістіктерімен тығыз байланысты болғандықтан ұлттық ерекшеліктерді тіл арқылы нысаналауда маңызға ие.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Арынбаева Д.Ж., Байғұтова Д.Н., Құрбанов А.Г. Д. Исабеков шығармаларындағы фразеологизмдердің ұлттық коннотациясы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №2 (132). – Б. 102–114. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.47>

*Cite us correctly:

Arynbaeva D.J., Baigutova D.N., Qurbanov A.G. D. Isabekov shygarmalaryndagy frazeologizmderdin ulttyq konnotaciasy [National Connotation of Phraseology in the Works of D. Isabekov] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2024. – №2 (132). – B. 102–114. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.47>

Мақаланың редакцияға түскен күні 01.04.2024 / қабылданған күні 12.06.2024

Кілт сөздер: мағына, коннотация, тұрақты тіркес, Д.Исабеков шығармашылығы, ұлттық тілдік ерекшеліктер.

D.Zh. Arynbayeva¹, D.N. Baigutova², A.G. Kurbanov³

¹Lecturer of the South Kazakhstan Pedagogical University named after U. Zhanibekov
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: dildagul.aryn@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, South Kazakhstan Pedagogical University
named after U. Zhanibekov (Kazakhstan, Shymkent), e-mail: dinar_1378@mail.ru

³Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, South Kazakhstan Pedagogical University
named after U. Zhanibekov (Kazakhstan, Shymkent), e-mail: agapasha.kurbanov.67@bk.ru

National Connotation of Phraseology in the Works of D. Isabekov

Abstract. The article examines the manifestations of national connotation in phraseological units and stable expressions used in the works of the talented writer of the Kazakh people D. Isabekov. Connotation (Latin con (cum) – together and noto – to denote, quote) is an additional, concomitant meaning of a language unit. Connotation includes semantic or stylistic elements that are known to be related to the main meaning of the word. Connotation is used to express emotional and evaluative shades of speech. The meaning or use of denotation (the lexical meaning of a word) and connotation largely depends on the subject of the study. Connotation plays an important role in learning a language and understanding the literary use of a word. Words can be used with a positive or negative meaning depending on the context and situation. Depending on the circumstances of the application, there is also a neutral form of connotation.

Although the connotation itself is not a conditional component of the target word expressing its meaning, it has a dual character due to the fact that stable concepts associated with the word are formed in the minds of native speakers of this language. So, the word “fox”, despite the fact that it means an animal, in the minds of the people, being stable in an image associated with cunning and cunning, the connotative meaning creates conditions for the emergence and use of stable expressions that are associated with these meanings. The classification of connotations by content, cultural, national, emotional, ideological, and evaluative qualities has already been established in linguistics.

Stable phrases are important for reflecting national characteristics through language, as they are closely related to the historical past of the nation, worldview and knowledge in understanding the world, cultural values and national achievements.

Keywords: meaning, connotation, linguistic unit, D. Isabekov's works, national linguistic characteristics.

Д.Ж. Арынбаева¹, Д.Н. Байгутова², А.Г. Курбанов³

¹преподаватель Южно-Казакстанского педагогического университета имени У. Жанибекова
(Казакстан, г. Шымкент), e-mail: dildagul.aryn@mail.ru

²кандидат филологических наук, доцент, Южно-Казакстанский педагогический университет
имени У. Жанибекова (Казакстан, г. Шымкент), e-mail: dinar_1378@mail.ru

³кандидат филологических наук, доцент, Южно-Казакстанский педагогический университет
имени У. Жанибекова (Казакстан, г. Шымкент), e-mail: agapasha.kurbanov.67@bk.ru

Национальная коннотация фразеологизмов в произведениях Д. Исабекова

Аннотация. В статье рассматриваются проявления национальной коннотации в фразеологизмах и устойчивых выражениях, использованных в произведениях талантливого писателя казахского народа Д. Исабекова.

Коннотация (лат. *con* (*cum*) – вместе и *noto* – обозначать, цитировать) – дополнительное, сопутствующее значение единицы языка. Коннотация включает семантические или стилистические элементы, которые, как известно, связаны с основным значением слова. Коннотация служит для выражения эмоциональных и оценочных оттенков речи. Значение или использование денотации (лексического значения слова) и коннотации во многом зависит от предмета исследования. Коннотация играет важную роль в изучении языка и понимании литературного использования слова. Слова могут использоваться с положительным или отрицательным значением в зависимости от контекста и ситуации. В зависимости от обстоятельства применения встречается и нейтральная форма коннотации.

Хотя коннотация сама по себе не является условной составляющей целевого слова, выражающего его значение, она носит двойственный характер из-за того, что в сознании носителей этого языка сформированы устойчивые понятия, связанные со словом. Так, слово «лиса», несмотря на то, что обозначает животное, в сознании народа, будучи устойчивым в образе, связанном с хитростью и коварством, коннотативное значение создает условия для возникновения и использования устойчивых выражений, которые ассоциируются с этими значениями. Классификация коннотаций по содержательным, культурным, национальным, эмоциональным, идеологическим, оценочным качествам уже закрепились в лингвистике.

Устойчивые словосочетания имеют важное значение для отражения национальных особенностей через язык, так как тесно связаны с историческим прошлым нации, мировоззрением и познаниями в понимании мира, культурными ценностями и национальными достижениями.

Ключевые слова: коннотация, мировоззрение, устойчивые фразы, творчество Д. Исабекова, национальные языковые особенности.

Кіріспе

Фразеологиялық бірліктер мен тіркесімдер сөз қорындағы айналымның маңызды бөлігін құраумен бірге сөйленімнің әсерлігі мен көркемділігіне де тікелей ықпалын тигізеді. Сонымен қатар тұрақты тіркесімді сөздер легінде лингвистикалық ерекшеліктермен қоса ұлттың тарихи өткені, рухани және заттай мәдени мұралары мен халықтың дәстүрі мен салты, тіршілік бейнелері мен тұрмыстық сипаттары, сенімдері мен нанымдарының ұшқындары, діни көзқарастары мен дүниетанымдарының тілденген формалары көрініс тауып отыратындықтан, ұлт болмысын тануда және танытуда фразеологизмдердің алар орны алабөтен екенін айтып өту керек.

Қалай болғанда да миф, мифонимиялық атаулар ойдан шығарылған жасанды нәрсе емес. Халықтың өзі мен дүниетанымы туралы рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейдегі ақиқаты. Спелеонимдерге байланысты біз қарастыратын мифонимиялық атаулар ол ойдан шығарылған өтірік, жасанды дүние емес, нақты халықтың, қоғамның танымы мен рухани дамуына байланысты қалыптасқан, тарихи негізі мен логикасы бар, яғни «ақиқат» деп есептейтін дүние. «Көптеген мифологиялық бейнелер, мифонимдер уақыт өте келе тілде жоғалып, ал кейбіреулері аңыздар мен хикаяларда сақталып қалған болса, кейбіреулері географиялық объектілердің атаулары ретінде бекіген. Сондықтан аталған топонимикалық деректер олардың кейбіреулерін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді» [1, 170-б.].

«Қоғам уақыт пен кеңістікте өзгеріссіз қала аламайды. Тас ғасырынан бергі адамзат қоғамдық дамудың, этностық, тілдік, кәсіптік, т.б. өзгерулердің талай сатысынан өтті.

Сондықтан миф те оған ілесе өзгеріп отырады. Ескі қоғамды алмастырған әрбір жаңа қоғам, өз ежебілігін «таза, бос жерден» бастамайды, өзіне дейінгі қоғамның ежебілік мифтік келтірімдерінің бір бөлігін қабылдап, өзгертеді, жаңасын қосады, күрделендіреді. Осылайша қоғам ауысқан сайын, миф те ауысып отырады, бірақ бұрынғы қоғамның ежебілік түсініктері сарқыншақ түрінде сақталып отырады» [2, 25-б.]. Осы тұрғыдан келгенде А. Сейдімбектің сөздік қорындағы, әдет-ғұрыпындағы, фольклорындағы, мінез-құлқындағы көрініс тапқан ежелгі бірліктер сан мыңдаған жылдардағы өзгерістердің соңғы нәтижесі болып табылады.

С.Е. Керімбаеваның ғылыми-зеттеу жұмысындағы ғаламның мифонимиялық модель үш деңгейге негізделген жалқы есімдер тұрғысынан қаралады: «Қазақ мифологиялық жүйесіне көптеген әлем халықтарының мифологиялық жүйесі сияқты әлемнің жоғары – аспан, орта – жер, төмен – жер асты (кез келген табиғи жер асты объектілерінің атауы, спелеонимдер (Б.Б.) әлем деңгейлері мүшеленеді әрі сәйкестендіріледі» [3, 20-б.]. А. Сейдімбектің негіздемесіне сүйенер болсақ, кең байтақ даладағы үңгірлердің көпшілігі тарихи оқиғалармен, тарихи тұлғалармен байланысады. Оған дәлел: Шығыс Қазақстандағы Еңлік пен Кебекке пана болған *Үйтас үңгірі*, Балқан таудағы *Мәдидің қара*, Ойылдағы *Құныскерейдің*, Ұлытаудағы *Асанқайғының бәйбішесі Тана* жерленген шыңның басындағы *Ақмешіт әулие*, Көкшетаудағы *Кеңесарының үңгірлері*, т.б.

Жоғарыдағы көрсетілген спелеонимдер тарихи кісі есімдерінің атымен аталғанымен, өзінің көнелігімен әлемнің зерттеуші-ғалымдарының назарын аударады. Зейін салып қарасақ, спелеонимдер тіл – мәдени символ ретінде оның тарихи семантикасы да бөлек коннотацияларды жинақтаған. Тіл сияқты спелеонимдер де ақпарат бере алатын таңбалық жүйе болып табылады, бірақ тілден айырмашылығы өздігінен толыққанды ұғым бере алмайды. Өйткені спелеонимнің жиынтығы ең алдымен есте сақтау емес, оның негізгі қасиеті жинақтау мен абсолюттік орталыққа талпыну болып табылады.

Зерттеу әдістері

Зерттеуде спелеонимдердің мифонимиялық және фольклорлық бейнесін ашу назарға алынғандықтан, этнограф-ғалым еңбектеріндегі спелеонимдік материалдарды пайдалана отырып, сипаттама жасу, жүйелеу, бақылау, салғастыру, түйіндеу, жіктеу, талдау сұрыптау тәсілдері қолданылды. Ұлы Дала кеңістігіндегі қазақтардың тілдік санасы мен тілдік бейнесінде кеңістік ұғымының қалай орныққандығын анықтауда концептуалдық талдау әдісі қолданылды. Спелеонимдік концептілердің көп қабаттылығы талдау арқылы лингвомәденитанымдық сипаттамалар беруге көмектеседі. Спелеонимдердің мифологиялық болмысын тек реконструкциялау жолымен ғана тануға болатындығы сипаттау, талдау әдістері арқылы жүеге асырылды.

Талдау мен нәтижелер

Спелеонимдердің мифонимиялық және фольклорлық даму эволюциясын танып білу үшін, адамзаттың рухани жетілуінің баспалдақ жолын білу үшін, тіршілік сабақтастығын байқау үшін спелеологиялық дерек – таным қажет. Үңгірдегі бейнелеу өнерін былай қойғанда, археологиялық тұрғыдан табылған материалдық бұйымдардан-ақ саналы өмір, адам әрекеті мен шығармашылығы туралы айтуға әбден болады. Үңгірдегі қабырға суреттерінің басым бөлігі өңі солып, күңгірттенгені қазақтың көне мифологиясына жетелегендей. Оны қазақ мифологиясының болмысын қайта құру арқылы ғана тануға болады.

Спелеологияның аужайына қатысты А. Сейдімбек «Қарлы үңгір» туралы төмендегідей деректер келтіреді: «Үңгір тас қараңғы түпкіріндегі бейнелі суреттерден бастап, ең қарапайым тас құралға дейін алғашқы адамдардың күн көріс тырбанысы, еңбек әрекеті туралы да көшелі ой өрбітуге болады. Жануарлар әлемінен адамдардың саналы еңбек әрекеті

бөлініп шыққан кезден бастап, олардың шығармашылық-рухани өмірбаяны басталады. Сол өмірбаяннан бүгінгі болашақ бас тарта алмайды. Тарихи танымның бұлтартпас айғағы осындай» [4, 128-б.].

Түрлі мәдениеттің өзіндік сақтау қоймасы болатындығы белгілі, ал спелеонимдердің лексикалық құрамы бұрынғы өткен дәуірлермен тарихи кезеңдер туралы этномәдени ақпараттардан құралады. Сондықтан да болса керек А. Сейдімбек ғылыми-танымдық еңбектерінде адам мен табиғатты қабыстыра суреттеп, түрлі құбылыстарды жан-жақты бейнелеуді көздеп отырады. Ұрпақтар сабақтастығына қатысты рухани әңгіме өзінен өзі үңгірлер шежіресіне (спелеонимдерге) тізгін тартқызады. Бұл орайда спелеонимдердің мифонимиялық және фольклорлық бейнесін ашу үшін тарихи-теориялық ой-тұжырымдармен қатар эмприкалық айғақ-деректерге, тағы да киелі кеңістікпен танысуға жол ашатын мәселелерге мән беріп отыру қажет.

А. Сейдімбектің көркем туындыларында өмірдің ұлттық бейнесі, психологиясы көрінеді. Оның бір ғана дәлелі Жезқазғанның алып шахталарын аралағанда қаламгердің ұлттық, көркем ойлау шеберлігі оның көркем мәтінінің ішкі рухынан сезіледі. Автордың рухани жан дүниесіне сәйкес оның үңгірлер туралы көркемдік әлемі былайша жасалған: «Бірде Жезқазғанның алып шахталарын аралағанымыз бар. Сонда мыс рудасының кезекті бір кесегін опырып түсіргенде арғы жағынан сау етіп төгілген ордалы жыланды көзіміз көрді. Осынау төбе құйқанды шымырлататындай суық көрініске алғаш куә болғандардың талайы тіксініп, абыржып қалды. Тек байырғы қарт кеншілер ғана: «жылан ордасы ғой, тиіспендер, бәрібір өлтіріп тауыса алмайсыңдар, қазір өздері қуыс-қуысқа сіңіп жоғалады», – деп басу айтып жатты» [4, 129-б.].

Жалпы түсті металл рудасы шығарылған өңірлердің температурасы басқа өңірлермен салыстырғанда ауа температурасы екі-үш градусқа көтерілетіні белгілі. Жыландар жиі түсті металл кендері бар жерлерде пайда болатыны – осынау болмашы жылулықты сағалайтындығынан болса керек. Бұл жерде экстралингвистикалық факторлардың спелеонимдік номинацияға әсер ету дәрежесіне мән беруіміз керек. Мәселен, *Мыңшұқыр үңгірі* мұнда жергілікті пайдалы қазбалар кен орындары орналасқандығын білдірсе, *Қаратас үңгірі* темір рудасының мол екендігінен хабардар етеді, *Көк тас үңгірі* мыс өндірілген орын болғандығының дәлелі болса керек. Бұл атау алтынның бар екенін көрсетеді. Әрине тегін емес, Жезқазған мыс өндірілетін жерді білдіреді. Жыланды – түсті металл пайдалы қазбалары көп жерлерге байланысты қойылатын атау.

Қай мифтік дәстүрде болсын, кейінгі дамыған діндерде жылан аса маңызды орынға ие. Жылан – мифологиялық дәстүрлердің барлығында дерлік кездесетін символ. Бір жағынан ол өнімділікпен, жермен үңгірмен сай-сала жырамен байланысты тұрпат болып табылады. Жылан тұрпаты кейінгі палеолит заманында-ақ аса маңызды рөлге ие болған. Жоғары полеолиттің соңына таманғы археологиялық ескерткіштер – үңгірдің, жартастың кескіндеріндегі жылан бейнелері, діни сенімдердегі жылан культінің сарқыншақтары – нақ осындай тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Мифонимиялық және фольклорлық таным бойынша *аспан әлемі*, *жер беті әлемі*, *жер асты әлемі* бар. Әр әлемнің өз өмір сүретін тұрғындары, соларға қатысты мифтік аңыз-әңгімелерде жинақталған архаикалық көзқарасты байқау қиын емес. Аспан әлемінде құдіретті күшті *Тәңір*, *Ай мен Күн* болса, жер беті әлемінде, оның кіндік ортасында *Көктөбе*, *Қазығұрт*, *Бектау ата*, *Ұлытау*, *Бәйтерек*, т.б. табиғи нысандар орналасқан. Ал енді жер асты әлемінде *Телегей теңіз*, *Көк өгіз су*; табиғи жер асты объектілерінің атаулары: *үңгір*, *лабирент*, *сифон*, *жер асты суы*, т.б.

Мифонимер мен фольклорлық шығармаларда (ертегілерде, эпостық жырларда) Жылан Бапы хан жер асты елінің иесі, – деп айтылады. Жігіттер мен қыздарға ғашық болған жыландар оларды жер астындағы өз мекеніне алып кетеді. Телегей теңіз су асты, үңгірлер,

жер асты – төменгі әлем, өлілер дүниесі, яғни жылан кейіпіндегі өлілер әлемінің тұрғындары, әруақтар. А. Сейдімбек жыланды ертегілік эпостарда кездесетін символ ретінде қарастырады, ол өз кезегінде үй ошағымен, отпен, сумен ассоциацияландырып отырады. Мифтік бейнедегі жылан адамдардың ақиқат дүние туралы санадағы білім мен когнитивтік ойлаудың таңбалары мен белгілері арқылы сақталғанын автордың көркем мәтінінен аңғаруға болады.

А. Сейдімбек спелеонимдердің мифонимиялық және фольклорлық бейнесінен халықтың өмір тәжірибесімен сабақтас сыр іздейді. Ол сырды ғылыми өремен ұштастырып отырады. Автор өзінің ғылыми еңбектерінде спелеонимдерге байланысты мынадай мәселелерге көңіл бөлінеді: Қазақтың «Күн астындағы күнекей қыз», «Ер Төстік» сияқты қиял-ғажайып ертегілердің кейіпкерлері үнемі жер астына түсіп, шығып жүреді. Олардың қай-қайсысында да Жылан Бапы хан жер асты патшалығының билеушісі болып табылады. «Адамның жастығы» ертегісіндегі бөлімдерге назар аударайық.

«Сол кезде Шалқұйрыққа тіл бітіп:

– Біз енді жер астына түстік, бізге бұдан былай жер астының елі жолығады. Біраз жүрген соң *Жылан Бапы ханның* ордасына келеміз. Жылан Бапы ханның ордасына келгенімізде, мені алысқа қойып, өзің ордаға кіресің. Ордаға кіргенде есінде болсын: үйге кіргенде екі босағадан екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді. Олардан сескенуші болма, олар – Жылан Бапы ханның есігін күзеткен құлдары. Төр алдына бара бергенде, екі сұр жылан ысылдап келеді де, екеуі де жеңіңнен кіреді де, қойныңнан шығады. Қойныңнан кіреді де қоншыңнан шығады. Олар Жылан Бапы ханның ұлы мен қызы болады. Төрге отыра бергенде, дәу екі сары жылан ысылдап тұра келеді, одан да сескенбе. Бұлар Жылан Бапы ханның өзі мен әйелі, егер бұдан сескенсең сені Ер Төстік демейді, жер астының еліне қадіріміз болмайды, жер үстіне жол тауып шыға алмай қаламыз» [5, 205-б.], – дейді.

С. Қондыбай спелеонимдермен сабақтастыра отырып, жылан культі жөнінде көптеген мифтік, тарихи, лингвистикалық, этнологиялық, тотемдік, фольклорлық, т.б. деректерді молынан жинастырып, арғықазақ мифологиясындағы мифтік танымын жан-жақты әрі орынды көрсете білген. Мұны «Арғықазақ мифологиясы» деп аталатын төрт томдық еңбектен көруге болады. Онда өте кең, көп қабатты жылан культіне қатысты келесі спелонимикалық деректер бар. «Шаямардан» деген патша есімі – «Шаямардан патша», ал «Шаһимардан» деген баланың есімі – «Жылан қабықты жігіт» ертегілерінде кездеседі. «Шах» сөзі парсы тілінен аударғанда «патша, хан» дегенді білдірсе, «мар», «мари», «мардан» сөздері жылан деген мағынаны білдіреді. «Омар ата», «Шахмардан» (Шахимардан, Шаямардан, Шаймердан) есімдері «жылан баба», «жылан патшасы» деген мағынаны білдіреді [2, 297-б.].

Қазақ ертегілеріндегі Мар-ата, Шахимардан, Шаямардан есімді кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен тұрпаты «Жылан баба хан», «Жылан Бапы хан», «Жылан баба» деп аталатын басқа кейіпкерлерге ұқсайды. Осы тұрғыдан келгенде, А.Сейдімбек атаулардың ұқсастығына қарағанда, олардың барлығы мифтік кейіпкердің спелеонимдерге қатысты нұсқалары деп тұжырымдайды.

Сонымен қатар төменгі дүние кеңістігінде жер асты әлемі, қазақ мифтерінде Телегей теңізі, Көк өгіз су әлемі, Кұрдым, Кұрсай, Қорқыт, Нұрбұлақ, Құндыздың қара теңізі, Алты су, Төрт бұлақ деген атаулар кездеседі. (соңғы мифтер С. Қондыбайдың зерттеулерінен алынған) [2, 40-б.]. Қазақтың мифологиялық үлгісінде (басқа нұсқада) төменгі дүние жер асты ретінде сипатталған. Көне түркі руникалық ескерткіштерінде кездесетін жер асты билеушісінің аты – Эрклиг»

А. Сейдімбек мұндай фольклорлық ертегілердің, біріншіден, оның тау-кен дәуірінде дүниеге келгеніне күмән жоқ дейді. Ол Андрондық, Беғазы-Дәндібай мәдениетінен алынған деректер байтақ далалық ұрпақтың көшпелі мал шаруашылығының ырғақты жүйесіне

енгенге дейін отырықшы болғанын көрсетеді. Орталық Қазақстан облысындағы Мыңшұқыр, Сорқұдық, Айнакөл, Қырыққұдық, Милықұдық, Жезқазған, Саяқ, Ақшатау, Кеңгір (Кең үңгір), Бестөбе, Жосалы атаулары сонау замандардың толғаныстарының жаңғырық белгісі іспеттес деп қарайды. «Ер Төстік» ертегісінде кездесетін *Сорқұдық* қазақ даласында қазір де кездесетінін айта келіп, ертек пен өмір шындығының арасындағы сәйкестілікті ұлттық танымдағы ақпараттармен жүйелеп көрсетеді.

Әлемнің мифтік бейнесін сипаттайтын қазақ ертегілерінде кездесетін судың жағасы, су асты, судың үсті көріністері бар. Мысалы, Әлібек батыр дария сыртынан тыс әлемде қалыңдық іздейді, үш алып адам батырды су астындағы зынданға қамады, «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде су астындағы зынданның кілті туралы сюжет бар. Сол сияқты, қазақ фольклорында Ер Төстік, Қарамерген сияқты батырлар, Алпамыстың Шұбар аты сияқты үнемі мыс сарайында немесе темір құрсауда қалып қойғаны белгілі.

Сонымен қатар, қазақ фольклорлық шығармаларындағы Ер Төстік, Таусоғар, Шойынқұлақ, Қарамерген, Жылан Бапы сияқты кейіпкерлердің жер астында жүруі, Шалқұйрықтар мен Шұбар аттардың жез сарайларға қамалатыны, Көлтаусардың су түбінен мыс қазан алып шығуы мифологиялық рухани сабақтастықтың нобайын танытады. Қазақ фольклорлық дәстүріндегі «үш отау», «қырық сарай», «қырық бөлме» деген ұғымдардың да спелеонимдерге қатысы болғандығын топшылауға болады.

Осы тұрғыдан келгенде А. Сейдімбек өзінің зерттеу еңбектерінде адамзаттың тарихи-әлеуметтік даму эволюциясын танып білу үшін, рухани жетілдірудің тегін тектеу үшін, туған жер төсіндегі саналы тірлік сабақтастығын бажайлау үшін спелеологиялық дерек – таным қажет деп есептейді.

Спелеонимдердің мифологиялық бейнесі – әр түрлі қабаттардан тұратын лингвистикалық құрылым, оның мәнін, білім жүйесін – мифонимдер арқылы таным. Сонымен қатар, спелеонимдердің мифологиялық когнитивті бейнесі бір кезеңде қалыптасқан, бір күйде қатып қалған лингвистикалық танымның бейнесі емес, бұл спелеонимдер үнемі өзгеріп отыратын көптеген ғасырлар бойы өзгеріп, әртүрлі культтердің әсерін жинақтаған диахрондық құрылым.

А. Сейдімбек мифологиялық таным кеңістігін сакральдық тұрғыдан бірыңғай емес деп түсіндіреді. Ал мифологиялық әлемде болмыс біртұтас құрылым қалыптасатын шоғырланған орталық, центрлік шеңбер деп болжанады. Мистикалық энергиясы бар аумақтар, тотемдік орталықтар және бейтарап энергетикалық аумақтар, адамдарға ыңғайлы және жағымсыз қасиеттері бар зиянды кеңістіктер. Спелеонимдер жүйесі кеңістіктің жоғарыда аталған ментальдік стереотиптерінің экспликациясы болып табылады, - деп мәселені тереңнен зерттеп, айқындап береді.

Белгілі бір онимдік атауларының өз бойында тарихи-әлеуметтік, бір этносқа тән этнографиялық, географиялық, т.б. деректерді молынан сақтап отыратыны даусыз мәселе. Сондықтан да қазіргі таңда спелеонимдерді тек тілдік заңдылықтар аясында ғана зерттеумен шектелмей, сол жердің тарихына, тарихи-әлеуметтік жайларына, тарихи-мәдени өмір жолына қатысты қарастыру қажеттігі туындауда. Бұл жайлар қазақ халқының сан ғасырлық көші-қон жолдарында қалыптасқан онимдерінде де өз ізін қалдырып отырған [7, 181-б.].

«Спелеоним» тұжырымдаманың «хронологиялық» құрылымындағы келесі қабат ономастикалық атаулардың тарихи түрінің лингвистикалық онимдері болып табылатын тарихи спелеонимдер деп аталады. Мифологиялық ойлау түрінен тарихи ойлау түріне көшу, біздің көзқарасымыз бойынша, спелеонимиялық атаудың бір түріне көшудің алғышарты болып табылады. Мұнда мифологиялық сананың қалдықтары көптеген мыңжылдықтар бойы өмір сүре келе спелеонимдердің тарихилығымен алмасады. «Адам ой-санасының тарихи даму кезеңінде архаистік сананың жаһандық бір жерге шоғырлану (интегралдық, әмбебап)

детерменизмі бірінші орынға көтерілмейді, мұнда уақыт пен кеңістік, олардың пайда болу кезеңдері негізге алынады» [8, 124–125-бб.].

Еуразия жапсарында керіліп жатқан Ұлы Дала аймағының, оның ішінде қазақ халқының қиян дәуірлер шежіресі тарихи деректер арқылы тіл қатады. Түркі халықтарының ата-бабалары тарихи төл этностық кеңістігінің буырқанған тайқазанында ру, тайпалар мен этностар мидай араласып, ғасырлар бойы тіршілік еткен. Сондықтан да мәдениеттің тілмен байланысы, ғалам туралы тұжырымдамалық түсініктерді тіркеу, сақтау (жинақтау), жинақтау және жүзеге асыру (спелеонимдер) (транслиациялау) үшін тілдік таңбаларды пайдаланудан құралады. А. Сейдімбектің пайымдауынша, осы тілдік таңба қазақтың дәстүрлі мәдениетіне, фольклоры мен этнографиясына соны пайымдаулар жасайды. Мәдени-семиотикалық ақпарат, әдетте, қоғам мүшелері арасындағы тілдік коммуникацияда жүзеге асырылады.

Оған дәлел Қазақстан төрінде кездесетін бітімі мен көлемі жөнінен айрықша алып үңгірлер: *Бектау ата, Қоңырәулие, Шолақ бұлақ, Алып үңгірлер* туралы А. Сейдімбек өз ойын былайша өрбітеді: «Бектау ата үңгірінің кірер аузы едәуір кең. Оншақты қадам басқан соң үңгір іші кеңіп сала береді. Үңгірдің ұзындығы алпыс, жетпіс қадам, биіктігі бес, он метр болғандай. Бұрыштанып бітетін төрті түкпірінде тереңдігі бір метр шамасында тұщы суы бар. Суы мейлінше суық. Түбінде ағаш бұлақтары, арша сабақтары бар. Үңгірдің орта тұсынан асқанда төбесінен саңылау тесік көрінеді. Ішкі қабырғаларының қара қошқыл бітімі бұл үңгірдің ұзақ уақыт адамға тұрақ болғанын көрсетеді» [9, 12-б.].

Осы ретте А. Сейдімбектің ғылыми еңбектеріндегі топонимдік материалдарды өз алдына дербес зерттеу – халқымыздың тіл тарихы мен әдебиет, мәдениет, ономастика саласына қыруар, мол да бай мағлұмат берері даусыз. Қазақстан жеріндегі алып үңгірлерді (спелеонимдерді) арнайы зерттеген этнограф-ғалым қазақтың дәстүрлі мәдениетіне, фольклоры мен этнографиясына қатысты соны пайымдаулар жасайды. «Ұлттық ономастикалық атаулар жүйесі мәдени-ұлттық, тарихи, географиялық, дүниетанымдық факторлардың негізінде түзілгені белгілі. Өкінішке орай, ономастикалық қатар түзуде мәдени-ұлттық дәстүр бұзылып, отаршылдық онимдер пайда болды» [10, 77-б.].

Оның айтуынша: «Бектауата үңгірі туралы ел жадында күні бүгінге дейін сақталған аңыз-әңгіме, ән-жыр көп». Бектауата үңгірінің жанында Ұранқай деп аталатын шағын төбе бар. Сол жердің жергілікті халқы Бектауатаның атын тура атамай «әулие» деп құрмет тұтқан. Осы аймақтың тұрғындары «Әулие» әнін:

«Әулиеге Ұранқай тиіп тұрар,

Өзге таудың еңсесі биік тұрар.

Сен есіме түскенде, сүйген сәулем,

Ішім жалын, сыртым от болып күйіп тұрар», – деп шырқайды [9, 173-б.].

Сонымен, алып спелеонимдерді автор құрылымдық жағынан болсын, болмыс-бітімі жағынан болсын қазақ халқының бір тамырдан өрбіген бір тұтас этностың діңгегі ретінде қарастырады. Алып үңгірлердің дәстүрлі тарихын Ақселеу Сейдімбек қазақтың көшпелі өмір салтының танымымен байланыстырады.

А. Сейдімбектің мәлімдеуінше қазақ даласындағы келесі бір алып үңгір – Шыңғыстаудағы «Қоңырәулие» үңгірі. Үңгірдің кірер аузы кең. Ішінің биіктігі жеті, он алты шақырым шамасында, ені қырық, елу шақырымдай, ұзындығы жүз жиырма, жүз елу шақырымдай болады. Түбінде үлкен тұщы көл бар.

Қазақ даласында көне заманнан бастап, соңғы ғасырларға дейінгі аралықта белгілі болып отырған ең үлкен үңгірдің бірі – «Шолақбұлақ» үңгірі. Бұл үңгір Едірей тауының ішінде. Үңгірге кіру ол орналасқан Жартасты төбенің аңғарынан басталады. Жалғыз адам жүрелеп кірердей үңгір аузы он, он бес метрдей төмен құлдилап барады да, әрі қарай кең сарай алаң болып келеді.

А. Сейдімбек бұл үңгірдің ұзындығының төрт жүз, бес жүз метрдей болатындығын айта келе, табиғаттың осынау ғажайып жаратылысы өз қойнына небір қызықты құпия-сырды бүгіп жатқанына күмән тудырмайды.

Қазақстандағы спелеонимдер туралы орыс ғалымдары Н.Я. Коншин, М.П. Русаков, Н.П. Разумовский, Н.И. Наковник сияқты геолог ғалымдар зерттеп, жазбалар қалдырған. «Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті» атты тамаша еңбегінде Әлкей Марғұлан үңгірлердің атаулары туралы егжей-тегжейлі баяндайды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, спелеонимдердің ұлт танымында қабылдануы барлық уақытта тарихи-мәдени қауымдастыққа тән дүниетанымдық ассоциация жүйесінде жүріп отырады. Ақселеу Сейдімбектің ғылыми шығармашылық еңбектерінде қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты, сондай-ақ қазақ мәдениеті мен фольклоры қазақ танымында маңызды рөл атқарады. А. Сейдімбек еңбектеріндегі спелеонимдік материалдарды пайдалана отырып, қазақтардың тілдік санасы мен тілдік бейнесінде кеңістік ұғымының қалай орныққандығы ашып көрсетілді. Қазақ даласындағы үңгірлердің көлемі – жолаушыға арналған белгі ғана емес екендігі ұлт талғамының танымымен айғақталды, халықтың ең құрметті ескерткіштерінің бірі екендігі назарда болды. Сондықтан, табиғи ортаның ғасырлар бойы жұмбақ атауларын рухани танымда сақтау арқылы табиғатты тану саласына да қатысты екендігі түрлі материалдармен дәлелденді.

Спелеонимдер халықтың өткен өмір тәжірибесімен тығыз байланысты, осы тұрғыдан келгенде этнограф-ғалым А. Сейдімбек еңбектеріндегі «спеология» саласының өзіндік ерекшеліктері талданып, тұжырымдалды. А. Сейдімбек еңбектеріндегі спелеонимдердің этномәдени атаулары тақырып деңгейінде жан-жақты қарастырылып, деректерді қажетіне қарай орыналастыра білдік, пайдаланған шетелдік, орыс, қазақ ғалымдарының теориялық пайымдаулары мен көзқарастарын саралай келіп, нақты тілдік фактілер арқылы өзіндік тың тұжырымдар жасалынды. Зерттеуімізде топонимдердің бір саласына жататын спелеонимдердің семиотикалық қасиеті, оронимдерде (жалпы онимдерде) көптеген тілден тыс «пресстелген» жиынтық түрінде, тілдік мағлұматтардың жинақталып, сақталғандығы айғақталды.

Қазақ фольклорлық шығармаларында спелеонимдердің көптеп кездесетіндігі олардың алатын орны мен ерекшеліктерін дәлелдейді. Жоғарыда келтірілген ұлттық болмысты ашу арқылы спелеонимдердің мифонимиялық және фольклорлық бейнесін суреттеуге мүмкіндік туды. Спелеонимдік концептілердің көп қабатты диахрониялық, хронологиялық деңгейлерін қалыптастыратындығы дәлелденді.

Мифологиялық әлемде спелеонимдік болмыс біртұтас құрылым шеңберінде қалыптасатын шоғырланған орталық – центрлік шеңбер болып табылады. Спелеонимдер жүйесі кеңістіктің жоғарыда аталған ментальдік стереотиптерінің экспликациясын құрайды, – деген тұжырым ұсынылды.

Спелеонимдердің мифонимиялық және фольклорлық бейнесін ашудағы ізденісімізде үңгірлерге байланысты атаулар халық арасындағы топонимиялық аңыздар қатарына жататындығы ескеріле отырылып, оның арғы жағында қазақтың рухани және материалдық мәдениеті, ұлттың танымдық болмысы, ментальді-когнитивтік түрде таңбаланғанымен ерекшеленетіндігі көрсетіледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тектігүл Ж.О., Дузмагамбетов Е.А., Баядилова-Алтыбаева А.Б. Қазақ топонимдерінің мифологиялық қабаты // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – №1. Том 185. – Б. 167–179.

2. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 4 томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 510 б.
3. Керимбаева С.Е. Ономастическая экспликация мифологической модели мира в казахском языке: Автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2004. – 27 с.
4. Сейдімбек А. Алты томдық шығармалар жинағы. 2-том. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – Астана: Фолиант, 2010. – 816 б.
5. Қазақ ертегілері. 10 томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Өнер, 1997. – 405 б.
6. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 4 томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 486 б.
7. Жартыбаев А.Е. Тарихи көш жолдарында таңбаланған топонимдер (Сарыарқа өңірі материалдары негізінде) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №4 (118). – Б. 179–190.
8. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының когнитивтік, лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: Cyber Smith, 2019. – 316 б.
9. Сейдімбек А. Этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
10. Уали Н. Қазақтың дәстүрлі сөзсәптамасы: тілтанымдық үзіктер. – Алматы: Қазақ тілі, 2020. – 208 б.

REFERENCES

1. Tektigul J.O., Duzmagambetov E.A., Baiadilova-Altybaeva A.B. Qazaq toponimderinin mifologialyq qabaty [Mythological layer of Kazakh toponyms] // Al-Farabi atyndagy Qazaq ulttyq universitetinin Habarshysy. Filologia seriasy. – 2022. – №1. Tom 185. – B. 167–179. [in Kazakh]
2. Qondybai S. Argyqazaq mifologiasy. 4 tomdyq shygarmalar jinagy. 1-tom [Proto-Kazakh mythology. Collection of works in 4 volumes. Volume 1]. – Almaty: Daik-Press, 2004. – 510 b. [in Kazakh]
3. Kerimbaeva S.E. Onomasticheskaia eksplikacia mifologicheskoi modeli mira v kazahskom iazyke: Avtoref. ... kand. filol. nauk. [Onomastic explication of the mythological model of the world in the Kazakh language: Abstract]. – Almaty, 2004. – 27 s. [in Russian]
4. Seidimbek A. Alty tomdyq shygarmalar jinagy. 2-tom. Qazaq alemi. Etnomadeni paiymdau [Collection of works in six volumes. Volume 2. Kazakh world. Ethnocultural reasoning]. – Astana: Foliant, 2010. – 816 b. [in Kazakh]
5. Qazaq ertegileri. 10 tomdyq shygarmalar jinagy. 1-tom [Kazakh fairy tales. Collection of works in 10 volumes. Volume 1]. – Almaty: Oner, 1997. – 405 b. [in Kazakh]
6. Qondybai S. Argyqazaq mifologiasy. 4 tomdyq shygarmalar jinagy. 3-tom [Proto-Kazakh mythology. Collection of works in 4 volumes. Volume 3]. – Almaty: Daik-Press, 2004. – 486 b. [in Kazakh]
7. Jartybaev A.E. Tarihi kosh joldarynda tanbalangan toponimder (Saryarqa oniri materialdary negizinde) [Toponyms marked on historical streets (based on the materials of the Saryarka region)] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2020. – №4 (118). – B. 179–190. [in Kazakh]
8. Tileuberdiev B.M. Qazaq onomastikasynyn kognitivtik, lingvokonceptologialyq negizderi [Cognitive, linguoconceptological foundations of Kazakh onomastics]. – Almaty: Cyber Smith, 2019. – 316 b. [in Kazakh]
9. Seidimbek A. Etnomadeni paiymdau [Ethnocultural reasoning]. – Almaty: Sanat, 1997. – 464 b. [in Kazakh]
10. Uali N. Qazaqtyn dasturli sozsaptamy: tiltanymdyq uzikter [Traditional Kazakh speech: language excerpts]. – Almaty: Qazaq tili, 2020. – 208 b. [in Kazakh]

ӘОЖ 81:001.89; МҒТАР 16.01.21

<https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.50>Г.А. АЙТКУЛОВА¹, Д.А. ИСЛАМ²¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: aitkul_gum1985@mail.ru²филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: dosbol-75@mail.ru**ҚАЗАҚ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТАНЫМЫНДАҒЫ «ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ» КОНЦЕПТІ**

Аңдатпа. Мақалада еңбекқорлық концептінің қазақ тіліндегі когнитивтік сипаты қарастырылады. Мақаланың негізгі мазмұны – халқымыздың мәдени және ұлттық тәжірибесі мен дәстүрлері туралы мол ақпарат беретін тұрақты сөз тіркестері арқылы ұрпақан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өзінің өне бойына халық мәдениетінің даму процесі жазылған фразеологиялық бірліктер арқылы халықтың мәдени көзқарастары, стереотиптері, стандарттары мен архетиптерін тануымен ерекшеленеді. Бүгінгі зерттеуіміздің негізгі нысаны тұрақты сөз тіркестері, паремиологиялық тіл бірліктері арқылы берілетін қарапайым халық танымындағы еңбекқорлық концептінің тілдік ерекшеліктері болып табылады. Ғылыми мақаланың мақсаты – еңбекқорлық концептінің семантикалық және концептуалдық бірліктерде қолданылуын зерттеу болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін когнитивтік лингвистика, концепт, концептілік өріс, ғаламның тілдік бейнесі ұғымдарына ғылыми тұрғыда тоқталып, қазіргі таңдағы концептуалдық білім аясында зерттеліп жүрген ғалымдар пікірлерін саралай отырып, әлемнің тілдік бейнесі хақында авторлық көзқарасты қалыптастыру және еңбекқорлық концептінің лингвомәдени сипаттағы мазмұнын ашу сынды міндеттерге қол жеткізілді. Мақаланы жазу барысында тілдік бірліктердің семантикасын айқындау үшін концептуалды талдау, және когнитивтік лингвистика нысаналарындағы өзекті мәселелерді айқындауға сипаттама жасау, жүйелеу, бақылау, салғастыру, түйіндеу мен жіктеу әдістері талданатын материалдардың когнитивтік-лингвистикалық, лингвомәдени, этномәдени тұрғыдан сипаттама беруде пайдаландық.

Зерттеу нәтижесінде когнитивті дискурстағы еңбекқорлық// концептінің құрылымдық ерекшеліктері мен семантикалық көлемі анықталды.

Кілт сөздер: концепт, концептілік өріс, макроконцептілер, когнитивтік лингвистика, этномәдениет, лингвомәдениеттану, таным.

G. A. Aitkulova¹, D.A. Islam²¹PhD Doctoral Student of M. Auezov South Kazakhstan University
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: aitkul_gum1985@mail.ru²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International
Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkistan), e-mail: dosbol.islam@ayu.edu.kz***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Айткулова Г.А., Ислам Д.А. Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық» концепті // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №2 (132). – Б. 140–151. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.50>

***Cite us correctly:**

Aitkulova G.A., Islam D.A. Qazaq lingvomadeni tanymyndagy «enbekqorlyq» koncepti [The Concept of «Diligence» in Kazakh Linguistic and Cultural Knowledge] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2024. – №2 (132). – B. 140–151. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.50>

Мақаланың редакцияға түскен күні 01.04.2024 / қабылданған күні 27.06.2024

The Concept of «Diligence» in Kazakh Linguistic and Cultural Knowledge

Abstract. The article examines the cognitive nature of the concept of *diligence* in the Kazakh language. Stable phrases that provide rich information about the cultural and national experience and traditions of our people, create an artistic word from figurative thought and demonstrate the spiritual culture of the linguistic community. Through phraseological units that capture the process of development of folk culture, passed down from generation to generation, we can recognize the cultural views, stereotypes, standards and archetypes of the people. In our study, the linguistic features of the concept of *diligence* in simple folk knowledge, transmitted through stable phrases, paremiological linguistic units, are revealed. The purpose of the scientific article is to study the use of the concept of *diligence* in semantic and conceptual units. To achieve this goal, such tasks as the formation of the author's approach to the linguistic image of the world and the disclosure of the content of the linguistic and cultural nature of the concept of *diligence*, with a scientific emphasis on the concept of cognitive linguistics, the concept, the conceptual field, the linguistic image of the universe, differentiation of the opinions of scientists studied within the framework of modern conceptual knowledge, were achieved. To determine the semantics of language units during the writing of the article, the methods of concept analysis and associative experiment were used. As a result of the study, the structural features and semantic scope of the concept of *diligence* were revealed in cognitive discourse.

Keywords: concept, conceptual field, macroconcepts, cognitive linguistics, ethnoculture, linguoculturology, cognition.

Г.А. Айткулова¹, Д.А. Ислам²

¹PhD докторант Южно-Казахстанского университета имени М. Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: aitkul_gum1985@mail.ru

²кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (Казахстан, г. Туркестан), e-mail: dosbol.islam@ayu.edu.kz

Концепт «трудолюбия» в казахском лингвокультурном познании

Аннотация. В статье рассматривается когнитивный характер концепта *трудолюбия* в казахском языке. Фразеологические фразы, дающие богатую информацию о культурном и национальном опыте и традициях нашего народа, создают художественное слово из образной мысли и демонстрируют духовную культуру языкового сообщества. Через фразеологизмы, в которых запечатлен процесс развития народной культуры, передаваемый из поколения в поколение, мы можем распознать культурные взгляды, стереотипы, стандарты и архетипы народа. В нашем исследовании выявлены языковые особенности концепта *трудолюбия* в простом народном познании, передаваемые через фразеологические словосочетания, паремиологические языковые единицы. Целью научной статьи является изучение использования концепта *трудолюбия* в семантических и концептуальных единицах. Для достижения этой цели были достигнуты такие задачи, как формирование авторского подхода к языковому образу мира и раскрытие содержания лингвокультурного характера концепта *трудолюбия*, с научным акцентом на концепции когнитивной лингвистики, концепта, концептуального поля, языкового образа вселенной, дифференциация мнений ученых, изучаемых в рамках современных концептуальных знаний. Для определения семантики языковых единиц в ходе написания статьи использовались методы анализа концептов и ассоциативного эксперимента. В результате исследования были выявлены структурные особенности и семантический объем концепции трудолюбия в когнитивном дискурсе.

Ключевые слова: концепт, концептуальное поле, макроконцепты, когнитивная лингвистика, этнокультура, лингвокультурология, познание.

Кіріспе

Қоршаған ортаның ақиқат бейнесін адамның танымдық тұрғыда ойлау заңдылықтарымен зерттейтін логика, философия, физиология, психология сынды ғылымдар ежелден бізге белгілі. Ал, білімнің шындыққа қатынасын, адамның дүниені тану мүмкіндігін, ақиқаттың өлшемдерін және танымдық қасиеттерін зерттейтін философияның бір саласы – гносеология таным теориясымен айналысатын ғылым ретінде көпшілікке етене таныс. Сондықтан когнитивизмнің тамыры көне заманнан бастау алатын орасан зор дәстүрі бар деп айтуға болады. Алайда, когнитивтік бағыт аясында адамның танымдық қырларын жаңаша пайымдау мәселелері қайта жаңғырды десек артық айтқанымыз емес. Адам санасындағы қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың когнитивті болмысы әртүрлі бейнелену ерекшеліктері көрнекі бейнелер түрінде, ұлттық мәдени кодты анықтайтын коннотаттық бірліктер немесе символдар түрінде көрініс табатындығын айқындап берген когнитивизмнің зерттеу объектісі адамның ақыл-ойы, ойлауы және олармен байланысты психикалық процестер мен күйлер екендігі анықталып отыр. Қазір тіл біліміндегі танымдық революция туралы айтып жүрген көптеген ғылыми көзқарастар мен зерттеліп келген ғылыми еңбектердің сан алуандылығы когнитивті лингвистиканың қарқынды дамуына үлес қосты. Белгілі американдық лингвист Н. Хомский бұл туралы: «Когнитивтік революция адамның санасындағы ой мен танымның негізгі күйлеріне білім, түсіну, түсіндіру, сенім сынды іс-әрекеттердің жиынтығынан пайда болатын білім және ақпаратпен байланысты процестер» деп түсіндіреді [1]. Лингвистикадағы когнитивизмнің қарқынды дамуы барысында лингвокогнитология, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, социоллингвистика, психоллингвистика, гендерлік лингвистика, лингвистикалық философия және т.б. ғылыми бағыттардың өміршеңдігін дәлелдеп берді. «Общеизвестно, что язык является существенной и важнейшей частью понятия культура. Именно язык позволяет отдельным человеческим индивидам образовывать группы – этнические, возрастные, социальные, поэтому в нашем определении культуры через перечисление ее составных частей упомянут и язык» [2]. Тіл мен мәдениет сабақтастығы негізінде тұтас ұлттың болмысын танып-білуде этнолингвистика бағыты қазіргі таңда қазақ тіл біліміндегі жаңа сала десек те мәдени концептілердің көптеп зерттелуімен ерекшеленетінін айта кеткен жөн.

Тіл, таным, мәдениет сабақтастығы антропологиялық парадигма аясында зерттелуі алғашқы когнитивтік лингвистиканың, кейінірек лингвистикалық концептологияның немесе лингвоконцептологияның қалыптасуын едәуір дәрежеде қамтамасыз етті. Бұл жөніндегі ғалымдар пікірлерін саралап өтсек «...концептология тіл мен мәдениет негізіндегі адамның тілдік санасының құрамдас бөлігі – концептіні зерттейтін» [3], «өмір құбылыстарын ментальді-когнитивті түрінде таңбаланған концептілерді модельдеу лингвоконцептологияның маңызды бағыттары болып табылады» [4].

«Концептілерді зерттейтін ғылым концептология деп аталады. Концептология концептіні анықтауы барысында көптеген өзекті деп тапқан мәдени құрылымдарын ашу барысында лингвокогнитивтік әдістерді біріктіретін сала» [5]. В.Л. Иващенко болса, лингвоконцептология шеңберінде ғылыми зерттеудің бес негізгі бағытын анықтайды, олар: 1) этнолингвоконцептология: лингвистикамен өзара әрекеттесе отырып, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, этнопсихоллингвистика және жекелеген этномәдениет концептілерін немесе этномәдени концептілерді зерттеумен айналысатын бағыт; 2) салыстырмалы этнолингвоконцептология әртүрлі этномәдениеттер әлемінің концептуалды және лингвистикалық суреттерін зерттеумен шұғылданады; 3) көркем лингвоконцептология: лингвистикалық стилистикамен әрекеттесетін әдеби-көркемдік концептілер болып

табылатын лингво-фольклористика жеке әдеби-көркем шығарманың контексі негізіндегі белгілі бір автордың тілдік тұлғасы немесе когнитивтік контекстегі ауызша-поэтикалық халық шығармашылығы. 4) ғылыми лингвоконцептология немесе когнитивтік терминология: негізгі объектісі ғылыми концептілер болып табылатын бұл бағытпен негізінен әлеуметтік ғылымдар көбірек айналысады. 5) лингвоконцептография, немесе лингвоконцептологиялық лексикография: когнитивтік дискурста – ұлттық сананың стереотиптері, нышандары, бейнелері, константаларының сөздіктері және олардың теориялық негіздерінің дамуымен байланысты концептілер сөздігін құрастырумен байланысты [6, 4-б.]. «Қазіргі когнитивті лингвистика мәдени фондағы концептілерді жан-жақты зерттеуде: семантикалық талдау – компоненттік және анықтамалық, гештальт ретіндегі сананың ойсуретін анықтайтын концептуалды талдауды біріктіретін күрделі сала» [7].

Зерттеу әдістері мен материалдар

Әлемнің тілдік бейнесін тануда концептілерді концептуалды талдау әдісімен зерттеу ғасырлар бойы тұрақты өрнектер, когнитивтік үлгілер түрінде ұлттың мәдени танымындағы стереотиптерді тануға мүмкіндік береді. Ұлт тілінде сөйлеуші халықтың ғасырлар бойы сақталған дүниетанымы мен тілдік формаларда бекітілген дүниенің бұрыннан келе жатқан және сақталған ұлттық бейнесін анықтауда концептуалды талдау әдісінің мәні зор. Концептілерді талдау әлем туралы архаикалық білімдерді анықтауға әкеледі. Адамның ішкі әлемі туралы эмоциялық сезімдерді тануда концептуалды зерттеу әдістемесі концептінің белгілі бір объективті ететін құрылымдардың мағынасын түсіндіруден концептінің типологиялық ерекшеліктерін ашу үшін өте қолайлы.

Концептілерді талдау әдісінің этимологиялық түрі көптеген сөздіктер арқылы зерттеліп отырған концептінің синонимдік қатары мен танымдық белгілерін анықтауда қолданылады [8]. Концептуалды талдаудың фреймдік моделдеу әдісі концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын концепт типінің қарапайым формасын анықтау үшін қолданылды. М. Минский адамның көргенінен алған ақпараты мен есінде сақталған ақпаратын модельдеу тәсілін зерттеу арқылы фрейм ұғымын танытатын фреймдік моделдеу әдісін ұсынған болатын [9]. Концептуалды талдаудың тағы бір әдісі концептуалды метафоралық тәсіл арқылы концептілерді анықтау метафораларды зерттеу барысында санадағы логикалық операциялардың түрлі қызмет атқаратындығы байқалады. Метафора теориясында бір концептуалды аймақ-мақсатқа қызмет етуде әртүрлі метафоралардың бәсекелестігі идеясы да ұсынылды. Атап айтқанда, «Ақыл – бұл дене, ойлау – тіл, ойлау – есептеу, бұл механизм» [10]. Мәтін түзуші ұлт мәдениеті мен өркениетінен мағлұмат беретін лингвомәдени дениремаларды талдау жолында концептуалды талдау әдісі пайдаланылды. Сонымен қатар, мақаланың тұжырымдарын жасауда, когнитивтік лингвистика нысаналарындағы өзекті мәселелерді айқындауға сипаттама жасау, жүйелеу, бақылау, салғастыру, түйіндеу мен жіктеу әдістері талданатын материалдардың когнитивтік-лингвистикалық, лингвомәдени, этномәдени тұрғыдан сипаттама беруде пайдаландық. Концептуалды талдау әдісі тіл біліміндегі когнитивтік зерттеулер барысында «тілден концептіге» зерттеу жолы концептілерді модельдеу үшін ең қолайлы когнитивтік әдістердің бірі болып табылады.

Талдау мен нәтижелер

Ғалымдар пікірінше, антропоцентризм принципі екі аспектіде көрінеді: «тілдегі адам» сананың нысаны мәдениеттің аудармашысы ретінде әрекет етсе, «адамдағы тіл» принципі барлық заттардың, соның ішінде тіл мен мәдениеттің сабақтастығы ретінде, әсіресе, сөздіктер үшін аса маңызды болып саналады. Дж. Лионстың пайымдауынша, соңғы онжылдықтар көлемінде зерттеушілердің назары лингвистика оның ішінде жеке тұлғаның өзін-өзі тануы және лингвомәдени қауымдастық сынды антропоцентризммен тығыз байланысты әлеуметтік-мәдени өмірдің «этнизациясы» мәселелеріне басты назар

салынуы концептология бағытының қарқынды дамуына алып келді. Концептіні анықтау қиын, өйткені оның мазмұны, маңызды мүмкіндіктері бар. В.В.Колесов болса, қазіргі уақытта лингвистикалық әдебиеттерде концептінің көптеген анықтамалары қалыптасқандығын, зерттеушілердің көпшілігі бұл терминді негізгі деп санайтындығын, ұлттық менталитет бірлігі деп таныса, концептілер ұжымдық сана және өзгертілген идеалды объектілердің психикалық үлгілері болып табылады [11]. Кез-келген құбылыстың кеңейтілген тұжырымдамасы онтологиялық жағынан типтік тудыратын категориялаудың кескін «прототипін» құрайды [12, 97-б.]. Осылайша, бұл туралы концепт – бұл тілдік көрінісі бар және ұлттық-мәдени ерекшелігімен белгіленген ұжымдық білім мен сананың бірлігі деген қорытынды жасауға болады.

Когнитивтік лингвистиканың басты тіл бірлігі болып табылатын концептілер – тілдің мәдени ерекшелігімен сипатталатын, сол халықтың мәдени танымынан тереңірек хабар беретін дүниенің тілдік бейнесін қалыптастыратын лексемалар. Концепті өз бойына халықтың мәдени болмысының барлық мазмұнын сидыра отырып, ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде негізгі компонент болып саналады. Сонымен, концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым. *Еңбекқорлық* концепті тілдік көрінісі бар, ұлттық-мәдени ерекшеліктері байқалатын қазақ дүниетанымында берік орын алған жоғары құндылық категориясына жататын концептілердің бірі. Қазақ концептосферсында ұлттық менталитетті көрсететін, бойында философиялық, педагогикалық уәждер мен әдет-ғұрыптық, адамдық қарым-қатынас нормалары қамтылған «еңбекқорлық», «жалқаулық» концептілері айрықша орын алады.

Концептілерді әртүрлі тәсілдермен жіктеуге болады. Тақырып тұрғысынан алғанда, олар, мысалы, эмоционалдық, тәрбиелік, мәтіндік және басқа да когнитивті салаларды құрайды. Тасымалдаушыларына қарай жіктелген концептілер жеке, микротоптық, макротоптық, ұлттық, өркениеттік, жалпыадамзаттық ұғым сфераларын құрайды. Концептілер дискурстың бір немесе басқа түрінде қызмет ететінін ажыратуға болады, мысалы, педагогикалық, діни, саяси, медициналық және т.б. Дискурстың өзін бір мезгілде ұғымдарға үндеу жиынтығы ретінде және ана тілінде сөйлейтіндердің санасында бар тұжырымдама ретінде қарастыруға болады.

Адам санасында концептуалды жүйені құру реттілігі логика принциптеріне сәйкес келеді және бұл жүйе оның логикасы сияқты қасиеттерін анықтайды. Ол бір концептіден екінші концептіге логикалық ауысу, кейбір концептілерді басқалары арқылы анықтау, бұрыннан бар концепті негізінде жаңа концепт құру мүмкіндігін анықтайды.

Қазақ тіліндегі *еңбекқорлық* концептілік өрісінің мағынасын концептуалдық-семантикалық талдау барысында былайша жіктейміз (1-сызба):



1-сызба – «Еңбекқорлық» концептілік өрісіндегі макроконцептілер

БАҚЫТ концепті. Еңбекқор адам – бақыттың кілтін тапқан адам. Еңбекқорлықты адамның ең бірінші дара мінезге балаған қазақ халқы өз ұрпағын еңбекке баулудың маңыздылығын «*Бүгінгі істі ертеңге қалдырғанның ісі бітпейді*» деген аталы сөзбен адал кәсіппен жан бағуды әлімсақтан жөн санаған. Жалпы алғанда қазақ танымында еңбек пен бақыт бірін-бірінсіз елестете алмайтын ұғым қатарында. *Еңбек пен бақыт егіз, Еңбек – ырыстың бұлағы, Еңбек – бақыттың шырағы, Еңбек еткен мұратқа жетеді, Бас пен бақта бітеді, Құр жатқан Тәңірінің құтынан қағылады* атты паремиялар осының дәлелі. Демек, өз ғұмырында еңбектенген адам сөзсіз бақыттың кілтін, берекенің құтын тапқан адам екені даусыз.

Ғұлама Әбу-Нәсір әл-Фарабидің гуманистік ойларының қорытындысы – адамшылық қалып пен адамгершілікті құрап, қалыптастыратын қасиеттер ақыл мен жүректе бастау алады: жан қуаты мен ақыл даналыққа жеткізсе, жүректен шығар ар-ұят, рақым-мейірім, әділет, қанағат, ынсап ізгілік пен қайырымдылықты қалыптастырады. Ал осы ізгіліктерді қалыптастыруда адам әрқашан еңбектенудің арқасында жетіп отырғаны аян. Мәселен, «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы» [13] трактатында: «Кәсіптік күштің көмегімен адам кәсіп және өнерлерді игереді», «Бақыт дегеніміз – өзі үшін талап қылынатын жақсылық, «Бақыт әрбір адам ұмтылатын мақсат, ол бір кемелдік болып саналады», «Шамаға сәйкес еңбек ету денеге қуат береді. Ал, шектен тыс немесе жеткіліксіз еңбек ету адамның күшін кетіреді немесе әлсіз күйде қалдырады», «Әрекет етудегі мақсатқа адам алдымен өзін-өзі жетілдіру арқылы, кейін бір үйде немесе қалада тұратындарды жетілдіру арқылы жетеді», «Бақытқа жеткізетін еркін әрекет, тамаша әрекет – еңбек» деген сүбелі пікірлерінен «еңбек» ұғымының астарында «мақсатқа жету», «бақытқа жету», «ілім мен білім үйрену» сынды құндылықтар жатқанын байқау қиын емес.

Еңбек арқылы, еңбектену арқылы адам баласы адамның бақытқа кенелуі, шат-шадыман болуы, ырысты болу, т.б. адам үшін кемел шақтардың болуының алғы шарты деп түсінген қазақ танымында еңбекқорлық адамның ең ізгі қасиеттерінің бірі. Сол арқылы қызық бақыттың кілтін табуды, бақытты болуды көздеген. Демек, қазақ дүниетанымында еңбектену арқылы адам бақыттың рухани жетістіктерге жететініне бек сенген.

БАЙЛЫҚ концепті. Бұл жерде еңбекқорлықтың арқасында, адал еңбектің нәтижесінде адамзаттың бай болуы деген ұстаным қазақ лингвомәденитанымында көптеген тіл бірліктерімен ұштасып жатыр. Мәселен, *Еңбек еткен емеді, еңбексіз не өнеді? Еңбек деген байлық бар ерінбеген жететін, жоқшылық деген жебірді жермен жексен ететін. Еңбегіне қарай өнбегі. Еңбегі көптің өнбегі көп. Еңбегі жанғанның тоқтысы егіз туады. Еңбек ет те егін ек, жарымасаң маған кел. Белді бу да бейнет қыл, байымасаң маған кел. Еңбек етсең емерсің, Ерінбесең жеңерсің.* Бай, қуатты өмір сүрудің кепілі болған еңбек адамды ынталандырады, алға жетелейді, мақсатына жеткізеді. Қазақ дүниетанымында берекелі отбасы, шат-шадыман өмір сүру, денінің саулығы, ет жақындарының сүйіспеншілігіне бөлену, мақсатына жеткізетін, рухани, материалдық жетістіктің негізгі кілті болып табылатын еңбекқорлық концепті сан ғасырлық өмір тәжірибесінен өткен, ғаламдық дәрежедегі концептіге ие.

ҚОЛ концепті. Қол концептісіндегі еңбекқорлық – пысық, іскер, оң қолынан өнер тамған адамға қаратып айтылады. Қолы ұзын – қолынан қандай болмасын іс келер, бай, дәулетті адам жайында айтылатын фразема. *Қолымен күй кеседі.* Отымен кіріп, күлімен шықты, бар бейнетті тартты. Ыңырсып жатып иттердей, Өткіздім қыстың ақпанын, Қолымменен күл көсеп, Байдың оты жаққаным. [14, 347-б.]. Қазақ халқының мәдени өмірінде бата, тілек сөздердің орны ерекше. Әсіресе, еңбекке енді кіріскен жандардың ісіне сүйсінген халқымыз *Қол қуатты болсын, Еңбек ретті болсын, еңбегі жансын* деген тілек мәндегі тұрақты тіркестер ұлтымыздың еңбекке деген көзқарасын білдірсе керек. *Қолға тоқ болсын* – берекелі, қорлы-қоғамды болсын. Қол ағаш боса да, қолға тоқ болсын. *Қол қайыр* – жеңіл-желпі садаға. Болмашы көмек. Жалғыз мұраң сол болар, Қол қайырың берілген. Басқа дүние бірі де, Көмілмейді кебінмен. Енді бірде бір адамның біріне тигізген еңбек жәрдемін қазақта – *қолғабыс тигізді, қол жалғады, қолұшын берді, қолқанат* болды, Қолынан келгенше, деп атаса керек [14, 343-б.]. Сондай-ақ іскер, пысық, еңбекке адал жандарға *қолды-аяққа тұрмады, қол тимеді, қолы жүйрік, қолы қарап отырмады, қолы қолына жұқпады, бір қолы он болды, қол жұмыс*, сынды тұрақты тіркестер құрамында кездесіп, еңбекқор адамның бейнесін сипаттап тұр.

Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде сыйлы қонаққа не басқалай жақын ағайынға тартылатын ет мүшелері – сыбаға деген ерекше көңіл мен ықылас бөлетін сый бар екені мәлім. «Қол кесер – соғым союшыларға еттен берілетін сыбаға. Дәстүр бойынша шаруашылыққа көмекке келген адамды еңбек ақысыз жібермеген. Шаруаның ауыр, жеңіліне қарамай тиісті ақысын берген «келі түбі», «қол үздік» сияқты. «Қол кесер» – соғым сойған, етті мүшелеген. Етті мүшелеген уақытта қолын кесіп алса, ақы төленген. Етті мүшелегенді «соғым соятын» отбасы жақсы біледі. Союшы адам міндетті түрде «қол кесер» алған» [15].

Қол кесер. Мал сойғаны үшін алатын сыбаға. Ділдәбек қол кесерім деп санның шақпақ етінен пышақты салды да, жаяның қыртысынан апарып бір-ақ шығарды. *Көз қорқақ, қол батыр* – барлық береке мен ырыстың бастауында қажырлы еңбек тұратынын ұққан әр адамның ұраны боларлық бұл мақалдың өміршеңдігін күнделікті өмірде байқап та жүрміз. Бұл сынды еңбекқорлық қағидасы – адам болмысы мен өмірінің мәні мен мақсатын танытар қалыпты қағидасы, формуласы іспетті.

ЖҰМЫС концептісі. Еңбекқорлық концептісі жұмыс макроконцептісінде іс пен жұмысқа өте белсенді жандарға қаратып айтылатын жағымды мәндегі коннотаттық сөз оралымдарымен белгілі. Тілімізде осыған байланысты көптеген тұрақты тіркестер халық арасында көптеп қолданылады. Мәселен, *жұмыс басты, ер жанышты* – жұмыстан ешбір қолы босамайтын жұмыс женген, иығына жұмыс мінген өте еңбекқор адам туралы айтылады [14, 210-б.]. Халық арасында іскер, жұмысбасты адамды *жұмысына бұқта, жұмыла кірісті* деген тіркестермен әсемдеп айтқан. Жұмыскер адамды сонымен қатар, тәуекелшіл болатыны қай жерде еңбек бөлінісі бар қарап жатпаған адамға бірдене кез болар деген мағынада –

жүрген аяққа жөргем ілінер деген фразема арқылы еңбекқор адамның бейнесін беріп тұр. *Жақсы жұмыс жалықтырмас. Істегенде ерінбе, істе шолақ көрінбе. Жұмыстың арлығы жоқ* атты паремияларда қосымша мән қалыптастырады, бірақ еңбекқорлықтың жалпы сипатын баса көрсетеді. Осы тіркестер арқылы жұмыс істеуде жететін негізгі нәтиженің көрінісі сипатталады.

Сондай-ақ жазба ескерткіште *sin* сөзі сынтас, мола (зат есім) және сын (етістік) мағыналарында кездеседі. А. Гаркавец *sin* сөзінің алғашқы заттық ұғымды білдіріп тұрған мағынасын «надгробный камень», «образ покойника» [8, 1218-б.] деп аударады. Ал *sin* сөзінің етістік тұлғасына: «*Tavlarniñ tavi sendän kişi kesmeyin sindi*» (таулардың тауы кісі кеспей сынды) деген мысалды кездестіреміз [8, 1216-б.]. «Көне түркі сөздігінде» (ДТС) де *sin* сөзінің екі мағынасы берілген. Мысалы, *Sin* I 1. туловище, тело, стан; 2. составная часть и член; *sin* II могила және *Sin* 1. ломаться, переламываться, разламываться 2. разбиваться, побеждаться [3, 534-б.]. М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») сөздігінде сын – бой, тұрақ (сын-сымбат – А.Е.) дегенді білдіреді [4, 195-б.]. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» сынтас сөзінің бірнеше мағыналары ашылған. Мысалы, *Сын зат*. I 1. Сынақ, тексеріс, байқау. 2. *әдеб.* белгілі бір ғылыми, әдеби туындының жетістіктерімен қатар кемістіктерін талдап, баға бере айтылатын пікір. 3. Жағымсыз мінез, оғаш іс үшін тағылатын кінә, мін. *Сын II зат*. 1. Қандай да болмасын бір заттың табиғи бітімі мен сән келбеті. *Сын III зат*. Араб әліпбиіндегі «с» әріпінің айтылуы. *Сын IV етіс*. 1. Қирау, бүліну. 2. Аяқ қол сияқты дене сүйегінің морт кетуі. 3. Ағаш, т.с.с. қақ бөлінуі, қурауы, құлауы. 4. *ауысп.* Басылу, тауы шағылу, мою. 5. *ауысп.* Шығынға ұшырау, ұтылу. 6. *ауысп.* Күн райының (аяз, жел) ызғару, қайту, толастау, басылу [18, 506-б.]. Ғалым С. Қаржаубайұлы «Еуразияның далалық зонасы мен далалық таулы аймақтарда орналасқан скифтердің киелі орындарында сағанатастың ортасына тас бағана (сынтас) орналастырылған, ал Сібір және орманды алқаптарда ағаш бағана орнатылғаны туралы деректер аса мол» деген пікір айтады [15, 42-б.]. Ғалымның келтірген мәліметіне сүйенсек, сынтастардың көне скифтер заманынан бері орнатылып келе жатқанына көзіміз жетеді. Академик Р. Сыздық «Көне түркілердегі сын сөзінің мағынасы «кеуде, дене, мүсін» дегенді білдірсе, екінші мағынасы мола болған (ДС, 503) Демек, сынтас дегенді екі түрлі мағынада түсіндіруге болады: бірі адамның мүсінін, көбінесе кеудесін бейнелейтін тас, екіншісі «моланың басына қойылатын тас». Бұл екі мағына бір-бірімен іліктес. О баста сынтас «адам мүсінін бейнелейтін тас» деген мағынаны білдіре келе, мұндай тастарды моланың басына да қоятын болғандықтан, сын сөзі мола ұғымын да беріп кеткен болуы керек. Қайткен күнде де сын – көне түркі сөзі. Бұл күнде сын сөзі өзінің көне мағынасында жеке тұрып қолданылмайды. Тек тіркес құрамында сақталған», – дейді [19, 146-б.]. Оған дәлел, халық арасында «сынында

мін жоқ», «сыры кетсе де сыны кетпеген», «сырлы аяқтың сыры кетсе де сыны кетпейді» деген тіркестер мүсін мағынасын білдіріп тұр. Ғалым С. Қаржаубайұлы ғылыми еңбектерінде қытай жылнамаларында «бағана тас», «бағана» ұғымдарына байланысты деректер қалғанын жайлы мәлімет береді. Оларды қазақ халқы «сынтас» деп атаған деп тұжырымдайды. Сынтас дегеніміз – тас бетіне қашалған адам бейнесіндегі бағана тастар. Көне түркілердің танымы бойынша сағана тас ортасына қойылған ағаш тас бағаналар «Тәңір ағашы» деп аталған. Қайтыс болған адамның жаны «Тәңір ағашына» қонып, екінші өмірін бастайды деген түсінік болған. «Тәңірлік дін түсінігі бойынша төменгі және ортаңғы, жоғарғы әлемді жалғастырушы қасиетті кіндік – сынтас. Ол жаратушы Тәңірден адамзатқа берілген бақыт, байлықтың символы» [15, 44-б.].

«Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде наным-сенімге байланысты кездесетін сөздердің бірі – *kešenä*. Ғалым А. Гарковец ескерткіште кездесетін кесене сөзіне «гробница, усыпальница, дом мертвых» деп аударма жасайды [8, 1121-б.]. Тарихи мәліметтер бойынша «кесене» – X–XII ғасырларда қаланған сәулет өнерінің түрі. Кесене салу Қарахан мемлекетінің тұсында өркендеген. Оның дәлелі ретінде «Айшабибі», «Қарахан», «Бабаджа қатын» секілді кесенелерді айтуымызға болады. Кесене салу дәстүрінің дамуына XIII ғасырда монғол шапқыншылығы айтарлықтай кедергі келтірген. Сол себепті де XIV–XV-ғасырларға дейін кесенелер салынбаған. «Қожа Ахмед Яссауи», «Баба түкті Шашті Өзіз», «Арыстан баб», «Көккесене», «Алашахан», «Домалақ ана», «Райымбек баба», «Уқаш ата» секілді әлемге әйгілі киелі орындар салынған. Кесене – қайтыс болған адамға арналып салынған монумент, жерлеу құрылысы. Қыпшақтанушы Б. Көмеков «Кешене, кесене салуды исламмен танысқан соң білген болуы керек деуге болатын сияқты. Өйткені деректерден көне түркі дәуірінде сәулетті кесене салу дәстүрі кездеспейді» деп айтады [7, 220-б.]. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» кесене сөзінің заттық мағынасы берілген. Мысалы, Кесене *зат.* 1. Беделді, атақты кісілердің көрнекті болып, күмбезді көтерілген қабірі. 2. *сәулет.* Қабір, бейіт, күмбезді мәдени-тарихи ескерткіш, 3. *тар.* Ұй, қоныс-тұрақ, төбесі жабылған құрылыс [20, 691-б.]. «Диалектологиялық сөздікте» кесене сөзіне «кесене – ойлы-қырлы жер бедері. Жердің кесенесін тасалап, тығылып жатсаң, қарақұйық сені көрмейді» деп анықтама берген [17, 346-б.].

Қазақ халқының танымында «қорған, сынтас, әулие, кесене» сөздері ең таза жерлер болып есептелінген, тіпті адасып, елсіз, сусыз қалған кездерде осы жерлерге түнеп шығуға болады деген де түсінік бар. Тамырымызды тереңге тартатын «қорған, сынтас, әулие, кесенеге «барып дұға оқу, медет тілеп аралау, басына түнеу, құран бағыштау дәстүрі» әлі күнге дейін жалғасуда десек қателеспейміз. Сонымен қатар, бұл жерлерді мал-жанның аралап, аяқ асты етуіне жол бермеген.

Әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық кәсібі, мінез-құлқы, наным-сенім, салт-дәстүрлерімен байланысты туындаған сөздік қоры бар. Халықтың өзіне ғана тән менталды ерекшелігін айқындап тұратын сөздердің концептілік мәні сол халықтың ғасырлар бойындағы жинаған өмірлік тәжірибесінен туындайды. Қашан да түркілер үшін космономдік түсініктер құдіретті құбылыс деп танылған. Ежелгі түркі тайпалары аспан әлемін қасиетті деп санап, оны жаратушы құдірет Тәңірі деп түсінген. Аспан денелері атауларының концептуалды өрісі кең. Мысалы, ай сөзінің сұлулық, өлім, әйелге тән символ, ақиқат, байлық сынды концептілік қасиеттерін атап айтуымызға болады.

«Кодекс Куманикус» ескерткішінде айға байланысы *ayda bizgä saxınmax* (ай да бізді сағынбақ) [8, 57-б.], *ay altundan elçi keliyir* (алтын айдан елші келеді) [8, 57-б.] мысалдарын кездестіреміз және бұған қарап айға қатысты түркілік ұғымды байқаймыз. Қазақ халқында айға байланысты тыйым сөздер мен наным-сенімдер бүгінгі таңға дейін қолданыс тауып келеді. Мысалы, «айға қарап қолыңды шошайтпа», «айға қарап дәрет сындырма», «айға дененді көрсетпе», «айға қарап телмірме». Сонымен қатар, жаңа туған айды көрсе халқымыз

«жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке» деп бата жасап, оған сәлем салған. Аспан денелері жайлы түркілік дүниетанымның бейнелі түсініктері, тілдік модельдері халық арасында фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен фольклорлық сюжеттер көптеп кездеседі. Аспан денелеріне байланысты наным-сенімдер мен тыйым сөздер бүгінгі күнге дейін сақталып, халық өмірінен өзіндік орын алған. Түркілік танымнан туындаған наным-сенімдер жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруге де негізделіп туындаған. «Түркі халықтарының біраз бөлігі – көшпелі халық. Осыған орай тағдыры көшіп-қонумен байланысты болған халықтар табиғат құпиясын түсінуге, түрлі көріністерді тамашалап, бағалай білуге ұмтылған. Көшпелі түркілердің мифтік аңыздарындағы құпия – адам мен табиғат байланысына құрылған Жер мен Суға, Ай мен Күнге табынуы. Аспан денелері, өсімдіктер мен жануарлар әлемінде тылсым бір күш бар деп санап, оған құрметпен қарауды, сақтап қалуды ұрпағына аманат еткен. Олардың дені сау тұлға болып қалыптасуына табиғаттың тікелей әсері барын түсіндіре отырып, табиғатпен етене байланысты болуға және оған жанашырлықпен қарауға тәрбиелеген» [24, 99-б.]. Ау (ай), *kun* (күн) *yulduz* (жұлдыз) сынды аспан әлемі ұғымын білдіретін тілдік бірліктерден түркілердің аспан әлемін зерттеп, ондағы ай мен күннің, жұлдыздың орын алмасуын бақылап, ауа райын болжай алатын қасиеттері болғандығын байқаймыз.

Тілдің негізгі қызметі тарихи-мәдени тілдік деректерді бойына сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізуінде. Тамыры тереңде жатқан әрбір атаудың ұлт үшін тарихи-әлеуметтік маңызы зор. Осындай ғасырлар бойғы ақпараттарды бойына сақтаған атаулардың бірі аспан әлемімен байланысты туындаған бірліктер. Аспан әлемі ұғымдарды білдіретін бұл бірліктер танымдық ақпараттарға бай, түркілік наным-сенімдермен тікелей байланысты болып табылады. Өз кезегінде құмандар аспан әлемінің сырларын жақсы білген. Астрономия ғылымын игеріп, жұлдыздарды бақылаған, тіпті оларға сиынған да. Бұл үрдіс түркі елдерінде әлі де сақталынған. «Кодекус Куманикус» мәтініндегі *yulduzçı* (жұлдызшы) сөзінің кездесуіне байланысты қыпшақтардың жұлдыз жорамалмен де айналысқанына көзімізді жеткіземіз. Жазба ескерткіштен: Мысалы, *yulduz köründü* (жұлдыз көрінді), *yulduz ekinçi köründü* (екінші жұлдыз көрінді), *qačan kördilär ol yulduznı* (ол жұлдызды қашан көрдіңдер) [8, 63-б.], *andan yulduzun ilgäri bardı* (оның жұлдызы ілгері барды), *anıñ yulduzun kördük* (оның жұлдызын көрдік), *Ol yulduz neçik bir oxlan bigev edi* (ол жұлдыз жас өспірім сияқты көрінді) [8, 63-б.], *yulduznı tuvurdiñ* (жұлдызды тудың) [8, 76-б.], *biz anıñ yulduzun kördük* (біз оның жұлдызын көрдік), *qačan kördilär ol yulduznı, ulu sovünç sövündilär* (ол жұлдызды көргенде сағыныштан ұлы қуанышқа бөлендік) [8, 63-б.]. Өз кезегінде орта ғасырлық қыпшақтар аспан денелерінің қозғалысын бақылап, жыл мезгілдері, ауа райына байланысты ақыл-кеңестерді жұлдызшыдан біліп отырған. Жұлдыз сырын ұғуға тырысқан түркілердің танымын байқатады.

Жұлдыз сөзі түркі тектес халықтардың ішінде фонетикалық өзгешеліктерімен кездесетіні заңды құбылыс. Мысалы, қарашай-балқарша – «жұлдыз», башқұртша – «йондыз», құмықша – «юлдуз», қырғызша – «жылдыз», ноғайша – «юлдыз», татарша – «йолдыз», қазақша – «жұлдыз». Қазақ танымында темір қазық, үркер, жеті қарақшы, ақбоз ат, кіші аю секілді жұлдыздарға байланысты аңыздар көптеп кездеседі. «Жеті қарақшыны таныған адам, жеті қараңғы түнде адаспайды», «үркер – алты, жұт – жеті», «үркер жерге түспей жер қызбайды» деген мақал-мәтелдер арқылы жұлдызға қарап, ертеңгі ауа райын болжау, тағдырды болжау, бұрыннан келе жатқан наным екеніні белгілі. Халық танымында жұлдыздарды санамайды, жұлдыз санаса, өлім-жітім, жаманшылық көп болады деген түсінік болған. Сол сияқты халқымыз аспаннан ағып түскен жұлдызды көргенде «менің жұлдызым жоғары» деп айтып үлгеру керек деп ойлаған, оның себебі аспаннан жұлдыз аққан кезде өмірден бір адам өтті деген таным-түсінік болған.

Күн сөзіне байланысты «Кодекус Куманикус» жазба ескерткішінде *kun toxiči* (күн тоғысты, күннің шығуы) [8, 586-б.], *kun batiši* (күн батысы) [8, 586-б.], *kun tuvušniŋ* (күн батты, күннің батысы) [8, 582-б.], *kun altundan älcı kelıyır* (älci – elci техникалық қателік кеткен болуы мүмкін) (алтын күннен елші келіп) [8, 57-б.], *künniŋ yarixi qarardı* (күннің жарығы қарыды) [8, 57-б.] сынды тіркестерді кездестіреміз. Жалпы түркі елдерінің аспан әлеміне байланысты танымдары өзгеше сипатта болған. Оған ерекше назар аударып, өзіндік космологиялық пікірлерін қалыптастыра отырып, тыйымдар мен ырымдарға қатты сенген. Мысалы, «күнге қарап дәрет сындырма», «күн батарда күнмен таласып жұмыс істеме», «күн батарда ұйықтама», «күн батқан соң қорадан мал шығарма», «күн шығарда ұйықтама» деген тыйым сөздер күні бүгінге дейін қолданылады.

Қазіргі қазақ тілінде «жай», «жай түсу» мағынасындағы ұғымдар кездеседі. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *жай* сөзінің мағынасын ашатын бірнеше концептілерге түсініктеме берілген. Мысалы, *жай* сөзі зат есім, сын есім, үстеу, етістік тұлғалы сөз таптарында кездеседі (зат есім: найзағай, хал-ақуал, белгілі бір орын, мекен-тұрақ, садақ; сын есім: қатардағы қарапайым, жайлы, қолайлы; үстеу: байыппен ғана, сабырмен, салмақтап сөйлеу, өзімен өзі, жайбарақат, қозғалыссыз, әрекетсіз, әдеттегіден кеш, кейін, соң, әйтеуір, әншейін ғана, мәнсіз бос, ақы-пұлсыз, бос, төлеусіз, тегін және етістік: таратып ыдырату, керу, жазу [25, 558–565-бб.]. «Кодекус Куманикус» жазба ескерткішіндегі «*уау*» сөзі «садақ», «*уауші*» сөзі «садақшы» мағынасында беріледі. «Кодекус Куманикус» жазбасында «*уау*» – жай тасы, «*уауші*» – жайшы терминдері діни сенімдерінен ғана емес, астрономиялық білімдерімен қатар этнографиясынан да хабар береді» деген тұжырым жасайды [24, 736-б.]. Тарихшы ғалымдар Б. Көмеков пен Қ. Анарбаев жазба ескерткіштегі «*уау*», «*уауші*» сөздері тек садақ және садақ жасаушы деген ұғымдарды ғана емес халықтың нанымна қатысты да қолданылған тілдік бірліктер деп қарастырады. Ал лингвист ғалым Ж.А. Манкеева жайшы сөзіне «*уауші* – *жайшы*, *сиқыршы* (жаңбыр шақырушы)» деген түсінік береді. [2, 332-б.]. Дала өркениетінің тәртібі бойынша жер құрғап, жаңбыр жаумай, құрғақшылықтан мал-жан қатты қиналған уақытта жайшы сиқырмен жаңбыр шақыратын болған. Р. Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» еңбегінде Н.И. Ильминскийдің жайшы сөзін – жаңбыр шақырушы, ал Ш. Уәлиханов сиқырмен жаңбыр шақырушы деп көрсеткенін атап өтеді: «Бірақ жайшы – кез келген сиқыршы (жалпы жадыгөй адам) емес ауа-райын өзгерту үшін сиқырлық жасаушы адам [19, 76-б.] деп түсіндіреді. Міне осы жай шақырғандағы найзағайдың ойнауын түркілер «*sazayan*» деп атаған. «Кодекус Куманикус» жазба ескерткішінде *sazayan* айдаһар мағынасында берілген. *Sazayan* ұғымына Р. Сыздық мынандай пікір білдіреді: «Нөсер жауған кезінде ауада электр зарядтарының бір-біріне соқтығысуынан пайда болған күшті құбылысты нажағай немесе найзағай дейміз (ҚТТС, VII, 310). Бұл сөз қыпшақ тілдерінде сазаған тұлғасында да қолданылған. Сазаған сөзі – бұлт ішіндегі аждаһа дегенді білдіреді. Демек нажағай мен /аждаһа /аждақай сөздерінің өрісі (туысы) бір: нажағай көктегі от боп жарқылдайтын қанатты аждаһа деген сенімнен шыққан болар. Сондықтан бұл сөздің қару атауы ретіндегі найза сөзіне еш қатысы жоқ сияқты» [19, 125-б.] дейді. Байқағанымыздай, сазаған найзағай, жай, жайшы ұғымдарына байланысты халық танымна наным-сенімдер сақталған. Халық арасында жай түссе «Тәңірдің қаһары», «оғы» түсті деген түсінік те осыған байланысты туындаса керек. Және тұспалдап, оның атын атамай, «көксөкқан» деген, бұл «көк тәңірінің оғы соқты» деген сөз тізбегінің ықшамдалған түрі. Әлі күнге дейін күн күркіреп, найзағай ойнаса, биік жерге шығуға, ақ киім киюге, атқа мініп жалғыз жүруге, ағаш қасында тұруға тыйым салынады. Жай сөзі қазіргі қазақ тілі фразеологиясында да көрініс тапқан. Мысалы, жай соққандай [түскендей] («есеңгіреп, қиналып отырған адам»); жай оғындай атылды [болды] 1. («шаншыла, тұтқиылдан шабуылдады, күтпеген жерден тарпа бас салды»), 2. («шаншудай қадалды»); жай оғындай жайратты («сұлатып салды, мұрттай ұшырды») [13, 227–228-бб.].

Әрбір ұлттың рухани санасы мен болмыс-бітімі сол ұлттың тілімен тығыз байланысты деген қағиданы ұстансақ, «Кодекус Куманикус» жазба ескерткішінің лексикасы құрамынан ұлттық дүниетанымның терең тамырын тарту арқылы түркілердің табиғатты меңгеруге ұмтылуын, табиғат құбылыстарын түсінбеген кезеңдегі бақсы-балгерлерге, әулиелерге сеніп, сиқырлы күштерге құлшылық еткенін байқаймыз.

Зерттеу нәтижесінде орта ғасырлық «Кодекус Куманикус» жазба ескерткіш тіліндегі тәңірлік, мистикалық, космоимдік *Teñir, kök, бүgü, baqçï, qam, qam qatïn, rämillik, keşenä qurğan sïn, yulduzçï, ay, kun, yulduz, yau, yauçï, sazaran* сынды лингвомәдени ұғымдардың көне түркілік дүниетанымнан бастау алатындығына көз жеткіздік. Талдау нысанына алынған лингвомәдени сипаттағы ұғымдардың қазіргі тілдік қолданыстағы көрінісі нақты мысалдармен дәлелденді.

Наным-сенімдерге байланысты қалыптасқан лексикада халықтың сан ғасырлық өмірі мен мәдениеті сақталған. Ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған этномәдени құндылықтар қаншама уақыт өтсе де ұлт санасында сақталып, бүгінгі таңда халық арасында өзіндік қолданысын жоғалтпаған.

Қорытынды

Тіл – адамзаттың ой-толғауы, айналасында болып жатқан құбылыстарды қабылдауы, өмірді пайымдау арқылы ақиқат дүниені тануының бірден бір құралы. Адамзаттың ой-толғауы, айналасында болып жатқан құбылыстарды қабылдауы, өмірді пайымдау арқылы ақиқат дүниені тануы тіл арқылы бейнеленеді. Түркілік дүниетанымнан хабар беретін тілдік дерекке бай орта ғасырлық «Кодекус Куманикус» жазба ескерткіші қыпшақ тіліндегі құнды жәдігерлердің бірі. Ескерткіште мол этнографиялық материалдар жинақталған. «Кодекус куманикус» мәтінінде кездесетін этномәдени концептілер сол кезеңде өмір сүрген түркілердің таным-түсінігінен салт-дәстүрі мен наным-сенімін байқатады. Көне түркілік дүниетаныммен сабақтасып жатқан орта ғасырлық құмандардың рухани-мәдени өмірі жайлы деректер тілдік санада сақталып, әдеби ескерткіштерде көрініс берген. «Кодекус Куманикус» жазба ескерткішіне лингвистикалық талдау жасау арқылы орта ғасырлық түркілердің рухани, мәдени, әлеуметтік, этникалық танымын айқындауға көп мүмкіндік туғызады. Мақалада «Кодекус Куманикус» ескерткіш тілінде кездесетін наным-сенімдерге қатысты лингвомәдени бірліктерге концептуалдық-семантикалық талдау жасалынды. Антропоэзектілік ұстаным негізінде әлемді тілдік деректер арқылы тану бүгінгі таңда лингвистика ғылымының өзекті мәселелерінің біріне айналуға мүмкіндік туғызады. Мақалада орта ғасырлық түркілік дүниетаным мен бүгінгі қазақ халқы танымы арасындағы жақын сабақтастық анықталды. Орта ғасырлық құман тілінің қазіргі қазақ тілімен жақындығы салыстырмалы талдау негізінде ашылды. «Кодекус Куманикус» жазба ескерткіші тілін зерттеу нәтижесінде орта ғасырлық құман тілі қазіргі қазақ әдеби тілінің қайнар көзі деген тұжырым жасалынды. Яғни ғасырлар бедерінде жалғасын тауып, дамып келе жатқан қазақ тілінің тамыры тереңде екендігі дәлелденді.

Орта ғасырлық «Кодекус Куманикус» мәтініндегі діни және мистикалық наным-сенімге және космоимдік атауларға қатысты тілдік бірліктер орта ғасырдағы түркілердің рухани өмірінің көрінісі. Көкке (Тәңірге), аспанға табыну көне түркілердің дүниетанымымен байланысты туындаған. Көне тәңірлік діни наным-сеніммен туындаған *Teñir* (тәңір), *kök* (көк) сөздерінің орта ғасырлық «Кодекус Куманикус» жазба ескерткіші мәтінінде жиі кездесуі заңды құбылыс. Қазіргі қазақ тілінің лексикасында *Тәңір, көк* сөздерінің белсенді қолданысы қазақ тілінің түп-тамыры тереңде жатқандығының дәлелі.

Baqçï (бақсы), *qam* (шаман), *qam qatïn* (сиқыршы қатын), *rämillik* (құммен пал ашу), *rämilik etkil* (пал ашу), *bugu* (әулие), *keşene* (кесене), *qurğan* (қорған), *sïn* (сынтас) сияқты мистикалық танымнан туындаған тілдік бірліктер мен *yulduzçï* (жұлдызшы), *ay* (ай), *kun* (күн)

yulduz (жұлдыз) сынды аспан денелеріне қатысты атаулар бүгінгі күнге дейін халық санасында сақталып, тілдік қолданыста кездесіп жатады. Осыған байланысты мақалада түркілік танымнан туындаған лингвомәдени тілдік бірліктердің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы айқындалды. Халық өмірімен тығыз байланысты Тәңірге, айға, жұлдыздарға қатысты танымдық түсініктер, наным-сенімдердің бастау алуы көне түркілік тіршілікпен байланысты екендігі, олардың әлі күнге дейін халық санасында сақталып, тіршілігінен орын алып келетіні тілдік деректер арқылы айқындалды. Қорытындылай келе, «Кодекус Куманикус» жазба ескерткіші орта ғасырлық құмандардың өмірінен, мәдениеті мен тарихынан мол ақпарат бере отырып, жалпы когнитивті қорға бай түркі тілдерінің сөздің қоры мен олардың бүгінгі таңдағы жалғастығын айқындауға мол мүмкіндік туғызатын құнды ескерткіштің бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Боранбаев С. Түркі және қыпшақ тілінің туыстығы туралы жинақ. – Шымкент: Нұрлы әлем, 2005. – 115 б.
2. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 365 б.
3. Древнетюркский словарь. – Астана: Ғылым, 2016. – 708 с.
4. Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 592 б.
5. Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках. Тюркологический сборник. – М.: Наука, 1981. – 192 с.
6. Көмеков Б., Анарбаев Қ. «Кодекус Куманикус» қыпшақтардың тарихи-мәдени ескерткіші (XIII-XIV ғғ.): монография. – Алматы: Нұр-Сұлтан, 2020. – 336 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.14. – Алматы: Дәуір, 2011. – 956 б.
8. Гаркавец А. Кодекус куманикус. – Алматы: Баур, 2015. – 1344 с.
9. Күлтегін. Тоныкөк. – Астана: Аударма, 2022. – 96 б.
10. Гүлсевин Г., Құлбарақ С. «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тоныкөк» жырларындағы ортақ мотивтер: көне түркілік дүниетаным бейнесі // *Turkic Studies Journal*. – 2022. – №3. – Б. 58–70.
11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.8. – Алматы: Дәуір, 2011. – 744 б.
12. Pansat Zh., Khalikova N. Semantic Features of Color in Emotional, Expressive Words: The Concept of «Blue» in the Kazakh Language // *International Journal of Society, Culture and Language*. – 2023. – Vol. 11, 2. – P. 85–93. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.556420.2676>
13. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
14. Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 120 б.
15. Қаржаубайұлы С. Тас кітаптың құпиясы. – Алматы: Арыс, 2019. – 384 б.
16. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.10. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
17. Диалектологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2017. – 800 б.
18. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.13. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
19. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Дәуір, 2009. – 369 б.
20. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.7. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
21. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.2. – Алматы: Дәуір, 2011. – 744 б.
22. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т.4. – Алматы: Дәуір, 2011. – 744 б.
23. Анарбаев Қ.С. Ұлы Дала көшпелі тайпаларының көне және орта ғасырлық наным-сенімдеріндегі тарихи сабақтастық мәселесі («Кодекс Куманикус» (XIII-XIV ғ. басы) жазба ескерткіші материалдары бойынша) // *Türkoloji. Naziran* 24.065.2013;(64). – Б. 104–110. 2604997 (dergipark.org.tr)
24. Қадашева Қ., Асанова Ұ.О., Мырзаханова А.Қ. Түркі халықтарының дәстүрлі тәрбие жүйесіндегі фольклордың рөлі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2019. – №2 (112). – Б. 91–100.
25. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т. 5. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.

REFERENCES

1. Boranbaev S. Turki jane qypshaq tilinin tuystygy turaly jinaq [Collection on the kinship of the Turkic and Kipchak languages]. – Shymkent: Nurly alem, 2005. – 115 b. [in Kazakh]
2. Mankeeva J.A. Qazaq tilindegi etnomadeni ataulardyn tanyndyq negizderi [Cognitive foundations of ethno-cultural names in the Kazakh language]. – Almaty: Jibek joly, 2008. – 365 b. [in Kazakh]
3. Drevnetiurkski slovar [Ancient Turkic dictionary]. – Astana: Gylym, 2016. – 708 s. [in Russian]
4. Qashqari M. Turik sozdigi [Turkish dictionary]. – Almaty: «Taimas» baspa uii, 2007. – 592 b. [in Kazakh]
5. Kliashtornyi S.G. Mifologicheskie siujety v drevnetiurkskih pamiatnikah. Tiurkologicheski sbornik [Mythological subjects in ancient Turkic monuments. The Turkological collection]. – M.: Nauka, 1981. – 192 s. [in Russian]
6. Komekov B., Anarbaev Q. «Kodekus Kumanikus» qypshaqtardyn tarihi-madeni eskertkishi (XIII–XIV gg.) [Historical and cultural monument of the Kipchaks “Codecus Kumanicus” (XIII–XIV centuries)]: monografiya. – Almaty: Nur-Sultan, 2020. – 336 b. [in Kazakh]
7. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.14. – Almaty: Dair, 2011. – 956 b. [in Kazakh]
8. Garkavec A. Kodekus kumanikus [Codecus cumanicus]. – Almaty: Baur, 2015. – 1344 s. [in Russian]
9. Kultegin. Tonykok [Kultegin. Tonykok]. – Astana: Audarma, 2022. – 96 b. [in Kazakh]
10. Gulsevin G., Qulbaraq S. «Kultegin», «Bilge qagan» jane «Tonykok» jyrlaryndagy ortaқ motifter: kone turkilik duniyanym beinesi [Common motifs in the songs “Kultegin”, “Bilge Kagan” and “Tonykok”: the image of the ancient Turkic worldview] // Turkic Studies Journal. – 2022. – №3. – B. 58–70. [in Kazakh]
11. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.8. – Almaty: Dair, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
12. Pansat Zh., Khalikova N. Semantic Features of Color in Emotional, Expressive Words: The Concept of «Blue» in the Kazakh Language // International Journal of Society, Culture and Language. – 2023. – Vol. 11, 2. – P. 85–93. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.556420.2676>
13. Kenesbaev I. Frazеologialyq sozdik [Phraseological dictionary]. – Almaty: Arys, 2007. – 800 b. [in Kazakh]
14. Aidarov G. Tonikuq eskertkishinin (VIII gasyr) tili [Language of the tonikuk monument (VIII century)]. – Almaty: «Qazaqstan» baspa uii, 2000. – 120 b. [in Kazakh]
15. Qarzhaubauly S. Tas kitaptyn qupiasy [The mystery of the stone book]. – Almaty: Arys, 2019. – 384 b. [in Kazakh]
16. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.10. – Almaty: Dair, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
17. Dialektologialyq sozdik [Dialectological dictionary]. – Almaty: Arys, 2017. – 800 b. [in Kazakh]
18. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.13. – Almaty: Dair, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
19. Syzdyq R. Sozder soileidi [Words speak]. – Almaty: Dair, 2009. – 369 b. [in Kazakh]
20. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.7. – Almaty: Dair, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
21. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.2. – Almaty: Dair, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
22. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.4. – Almaty: Dair, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
23. Anarbaev Q.S. Uly Dala koshpeli taipalarynyn kone jane orta gasyrlyq nanym-senimderindegi tarihi sabaqtastyq maselesi («Kodeks Kumanikus» (XIII-XIV g. basy) jazba eskertkishi materialdary boiynsha) [The problem of historical continuity in the ancient and medieval beliefs of the nomadic tribes of the Great Steppe (based on the materials of the written monument “Codecus Cumanicus” (XIII-early XIV centuries))] // Türkoloji. Haziran 24.065.2013;(64). – B. 104–110. 2604997 (dergipark.org.tr) [in Kazakh]
24. Qadasheva Q., Asanova U.O., Myrzahanova A.Q. Turki halyqtarynyn dasturli tarbie juiesindegi folklordyn roli [The role of folklore in the system of traditional education of the Turkic peoples] // Iasau universitetinin Habarshysy. – 2019. – №2 (112). – B. 91-100. [in Kazakh]
25. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. T.5. – Almaty: Dair, 2011. – 752 b. [in Kazakh]

А.Т. КЕМБАЕВА¹, О.С. ЖҰБАЙ²¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: kembaeva_ainur@mail.ru²филология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
профессоры м.а. (Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: alm-ornai@mail.ru

ТІЛДІК ТҰЛҒА КЕҢІСТІГІНДЕГІ «РУХ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ (Ш. Мұртаза шығармашылығы бойынша)

Аңдатпа. Қазіргі таңда концептология ғылыми бағыты лингвомәдениеттану, антропоцентристік лингвистика сияқты қазақ тіл білімінде көбірек зерттеліп жүрген өзекті мәселелердің қатарында. Аталған үш саланың негізгі зерттеу нысаналары өте ұқсас. Себебі осы тармақтардың барлығында тіл адам факторымен тығыз байланыста болып келеді.

Ұсынылып отырған мақалада қазақстандық көрнекті жазушы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза шығармаларындағы «Рух» концептісі зерттеліп қарастырылады. Автор аталған концептінің жан-жақтылығын және оның өз шығармашылығындағы маңыздылығын көрсетіп отырады.

Мақаланың мақсаты – тілдік тұлғаның көркем дүниелеріндегі «Рух» концептісінің әртүрлі семантикалық реңктер мен субтекстерге қалай ие болатынын және оның сюжеттердің дамуы мен кейіпкерлердің өзіндік сипаттамаларына қаншалықты және қалай әсер ететінін талдау.

Қазақ тіл білімінде шындық болмыс туралы білімдер жиынтығының тілдегі көрінісі – ғаламның тілдік бейнесі. Осыған байланысты кез келген тілдің өзіне ғана тән ерекшелігін көрсететін концептілері болатыны белгілі. Мақаланың негізгі міндеті сол – зерттеу объектісіне айналып отырған тілдік тұлғаның шығармаларындағы «Рух» концептісінің қандай ақпараттық, мәдени реңктерге ие болуын айқындау. Нақтылап айтатын болсақ, ғылыми мақалада автордың ұлттық ерекше дүниетанымындағы бұл концептінің қолданылу аясын талдадық.

Зерттеу мақаласы Шерхан Мұртазаның қазақстандық тарих пен мәдениетті білдіру үшін осы концептіні қалай қолданатынына назар аударып отырып, «Рухтың» адам баласының ұлттық бірегейлігімен, өнерімен, тілімен, табиғатымен және рухани дүниесімен байланысы туралы мәселені көтереді.

Мақаланың ғылыми-практикалық маңыздылығы - кейіпкерлердің ішкі әлемін талдау мен олардың рухани ізденістеріндегі «Рух» концептісінің берілуін айқындап беру. Ғылым әлемінде «концепт» термині тек лингвистиканың ғана емес, сонымен қатар философия,

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Кембаева А.Т., Жұбай О.С. Тілдік тұлға кеңістігіндегі «рух» концептісінің өзектілігі мен қолданылу аясы (Ш. Мұртаза шығармашылығы бойынша) // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №2 (132). – Б. 167–179. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.52>

***Cite us correctly:**

Kembaeva A.T., Jubai O.S. Tildik tulga kenistigindegi «ruh» konceptisinin ozektiligi men qoldanylu aiasy (Sh. Murtaza shygarmashylygy boiynsha) [Relevance and Scope of Application of the Concept «Spirit» in the Field of Linguistic Personality (based on the work of Sh. Murtaza)] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2024. – №2 (132). – B. 167–179. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.52>

Мақаланың редакцияға түскен күні 02.04.2024 / қабылданған күні 12.06.2024

психология тәрізді іргелі ғылым салаларының негізгі терминдерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты, Шерхан Мұртазаның шығармашылығындағы «Рух» концептісін зерттеу оның адам жан-дүниесін жасаудағы суретшілік қыры және философ ретіндегі өзіндік шеберлігін, сондай-ақ осы тақырыптың тілдік, әдеби және мәдени пікірталас контексіндегі маңыздылығын айқындап беру.

Зерттеудің материалы ретінде Ш. Мұртазаның көркем шығармалары алынды.

Мақаланы әдебиеттанушылар мен лингвист мамандарға қосымша ретінде пайдалануға болады.

Кілт сөздер: рух, кейіпкер, лингвистика, лингвомәдениеттану, концептология, әдебиет, өнер, мәдениет, тарих, ұлт, мінез, философия.

A.T. Kembayeva¹, O.S. Zhubai²

*¹PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: kembraeva_ainur@mail.ru*

²Professor of Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty), e-mail: aim-ornai@mail.ru

Relevance and Scope of Application of the Concept «Spirit» in the Field of Linguistic Personality (based on the work of Sh. Murtaza)

Abstract. Currently, the scientific direction of conceptology is one of the most studied topics in Kazakh linguistics, like linguoculturology, anthropocentric linguistics. The main research goals of these three areas are very similar because in all these moments language is closely connected with the human factor.

This article examines the concept of «Spirit» in the works of the outstanding Kazakh writer and public figure Sherkhan Murtaza. The author demonstrates the versatility of this concept and its significance in his work.

The aim of the article is to analyse how the concept of «Spirit» takes on different semantic shades and subtexts in the literary works of a linguistic personality and to what extent and how it influences the development of the plot and the features of the characters.

In Kazakh linguistics, reality is a linguistic image of the universe that represents a body of knowledge about the existence. In this context, it is known that each language has concepts that reflect its unique features. The main objective of the article is to determine what informative and cultural shades the concept of «Spirit» takes on in the works of the linguistic personality that becomes the subject of research. More precisely, in this present article we have analysed the scope of application of the concept «Spirit» in the author's country-specific worldview.

The research article raises the question of the connection of the concept «Spirit» with human national identity, art, language, nature and spirituality and focuses on how Sherkhan Murtaza uses this term to express the history and culture of Kazakhstan.

The scientific and practical significance of the article lies in analysing the inner world of the heroes and defining the concept of «Spirit» in their spiritual quest. In the world of science, the term «concept» is one of the most important terms not only in linguistics, but also in such branches of fundamental science as philosophy and psychology. In this regard, the study of the concept of «Spirit» in the work of Sherkhan Murtaza should reveal its figurative side in the creation of the human soul and his own skill as a philosopher, as well as the importance of this subject within the framework of linguistic, literary and cultural discussions.

The artistic works of Sh. Murtaza were used as research material.

The article can be used as a supplement for literary scholars and linguists.

Keywords: Spirit, character, linguistics, linguoculturology, conceptology, literature, art, culture, history, nation, character, philosophy.

А.Т. Кембаева¹, О.С. Жубай²

¹PhD докторант Қазақстанның Ұлттық университеті атындағы аль-Фараби
(Қазақстан, г. Алматы), e-mail: kembaeva_ainur@mail.ru

²доктор филологиялық ғылымдар, и.о. профессоры Қазақстанның Ұлттық университеті
атындағы аль-Фараби (Қазақстан, г. Алматы), e-mail: aim-ornai@mail.ru

АКТУАЛЬНОСТЬ И ОБЛАСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОНЦЕПТА «ДУХ» В ПРОСТРАНСТВЕ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ (ПО ТВОРЧЕСТВУ Ш. МУРТАЗЫ)

Аннотация. В настоящее время научное направление концептологии входит в число наиболее изучаемых актуальных вопросов казахского языкознания, таких как лингвокультурология, антропоцентрическая лингвистика. Основные исследовательские задачи этих трех направлений очень схожи. Потому что во всех этих моментах язык тесно связан с человеческим фактором.

В представленной статье исследуется концепт «Дух» в произведениях выдающегося казахстанского писателя, общественного деятеля Шерхана Муртазы. Автор демонстрирует многогранность данного концепта и его значимость в своем творчестве.

Цель статьи – проанализировать, как концепт «Дух» в литературных произведениях языковой личности приобретает различные смысловые оттенки и подтексты и насколько, и как он влияет на развитие сюжетов и характеристики персонажей.

В казахском языкознании реальность представляет собой языковую картину мироздания, представляющую собой совокупность знаний о бытии. В связи с этим известно, что любой язык имеет концепты, отражающие его уникальную особенность. Основная задача статьи – определить, какие информационно-культурные оттенки приобретает концепт «Дух» в произведениях языковой личности, становящейся объектом исследования. Точнее, в научной статье мы проанализировали сферу применения этого концепта в национальном специфическом мировоззрении автора.

В исследовательской статье поднимается вопрос о связи «Духа» с национальной самобытностью человека, искусством, языком, природой и духовностью, акцентируя внимание на том, как Шерхан Муртаза использует этот концепт для выражения истории и культуры Казахстана.

Научно-практическая значимость статьи заключается в анализе внутреннего мира героев и определении концепта «Дух» в их духовных исканиях. В мире науки термин «концепт» является одним из основных терминов не только лингвистики, но и таких отраслей фундаментальной науки, как философия и психология. В связи с этим, изучение концепта «Дух» в творчестве Шерхана Муртазы должно выявить его живописную сторону в создании человеческой души и его собственное мастерство как философа, а также значение данной темы в контексте языковых, литературных и культурных дискуссий.

В качестве материала исследования были взяты художественные произведения Ш. Муртазы.

Статья может быть использована в качестве дополнения для литературоведов и лингвистов.

Ключевые слова: дух, характер, лингвистика, лингвокультурология, концептология, литература, искусство, культура, история, нация, характер, философия.

Кіріспе

Әлемнің тілдік бейнесінде Рух адам баласына қатысты негізгі компоненттері ретінде дене және жан-дүниемен бірлікте қарастырылады. Мұндай жан мен рух сияқты материалдық емес рухани-адамгершілік құндылықтар жеке тұлға үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін бағалы.

Концептілерді зерттеуге қатысты айтылған пікірлердің қандайын алатын болсақ та, концептіні тілдік көріністер арқылы ғана тануға болады деген ортақ тұжырымға тіреледі. Шын мәнісінде әр ұлт өз тілінде дүние, әлем туралы түсініктерін түрлі тілдік фактілер арқылы кесіп-пішеді, қоршаған әлемнің тілдік әлемі, негізінен алғанда, адамдар санасындағы дүние логикалық бейнеленуі жағынан ұқсас болып келеді [1, 22-б.].

«Рух» ұғымы – адам өмірі мен мәдениетінің көптеген аспектілерін қамтитын көп қырлы және көп мағыналы тақырып. Бұл ұғымды әртүрлі контекстерде түсіндіруге болады және ол әртүрлі мағыналарға ие болады.

«Рух» адамның рухани өлшеміне, оның ішкі табиғатына және моральдық ұмтылыстарына сілтеме жасай алады. Бұл діни нанымдарға, рухани тәжірибеге және өмірдің мәнін іздеуге байланысты болуы мүмкін. Сондай-ақ, «рух» ұғымы адамның мінезіне, оның сенімдері мен құндылықтарына байланысты болуы мүмкін. Бұл адамның іс-әрекетінде, оның қоршаған әлемге және басқа адамдарға деген көзқарасында көрінуі мүмкін. «Рух» ұлттық бірегейлік пен мәдени мұраның символы бола алады. Ол белгілі бір адамдар тобының немесе халықтың рухани құндылықтары мен дәстүрлерін білдіре алады. «Рух» ұғымы табиғатпен және қоршаған ортамен де байланысты болуы мүмкін. Бұл адам мен табиғат арасындағы рухани байланысты, қоршаған әлеммен үйлесімділікті түсіну болуы мүмкін.

Шерхан Мұртаза суреткерлік өнердің сан алуан саласын әуел бастан жыға танып, соны жадына мықтап түйіп, оны әбден игеруге тас-түйін бекініп келген қаламгер. Тіл, өнер мен әдебиет адам жанын білдірудің негізгі құралы ретінде әрқашан терең және мағыналы ұғымдардың тасымалдаушысы болды. Адамның ішкі әлемі, оның сезімдері, ойлары мен ұмтылыстары, адам жанының табиғаты және оның сыртқы әлеммен байланысы көптеген өнер мен әдебиеттерде көрініс тапты. Шығармашылығы осы тақырыпты бай зерттейтін жазушылардың бірі – Шерхан Мұртаза. Оның романдары, бір қарағанда, қарапайым шығармалар сияқты көрінуі мүмкін, бірақ мұқият ізденген кезде олар адам руханиятының күрделі және терең аспектілерін және «рух» ұғымын ашады.

«Рух» концептісінің өзі бай семантикаға ие және контекске байланысты әр түрлі мағынада қолданылады. Шерхан Мұртазаның өз романдарында «рух» ұғымын қалай қолданатынын және бұл ұғым адам жанын, оның қоршаған әлеммен байланысын терең талдауға қалай ықпал ететінін зерттейтін боламыз. Суреткер Д. Марковтың: «Адам концепциясы – шығарманың барлық құрамды элементтері тарамдалып та, тоғысып та жататын негізгі орталық» [2, 55-б.] - деп жазуы қаламгерлердің негізгі шығармашылық ұстанымына айналғандығына баса назар аударылды.

Шерхан шығармаларындағы «рух» концептісінің көбінесе жеке дара емес, «қазақ рухы» тіркесінде берілуі жайдан жай емес. Шығармаларының өн бойында ұлт тағдыры мен қоғам бірлігі негізгі тақырып ретінде алынып, тілдік тұлғаның прагматикалық деңгейін аша түсетіндігін байқауымызға болады.

Шерхан Мұртаза шығармашылық кеңістігіндегі «рух» әрқашан біржақты және анық көрсетілмейтінін атап өту маңызды. Бұл ұғым дерексіз, символдық және көптеген субтекстерге ие болуы мүмкін. Сонымен бірге «рух» ұғымы оның шығармаларында басты рөл атқарып қана қоймай, оқырмандар алдында адам жанының және адам өмірінің ерекше терең және қызықты аспектілерін ашады.

Сондай-ақ «рух» пен ұлттық бірегейлік, табиғат, өнер және адамның рухани сферасы арасындағы байланысты да Ш. Мұртаза шығармаларынан кездестіруге болады. Біздің зерттеу – Шерхан Мұртазаның ең танымал романдарындағы «рух» концептісін талдауға арналған. Біз бұл концептінің оның мәтіндерінде қалай көрінетінін және оның оқиға желілері мен кейіпкерлердің бейнелеріне қалай әсер ететінін қарастырамыз. Сонымен қатар, біз Мұртазаның өз романдарында қазақстандық мәдениет пен тарихты білдіру үшін осы концептіні қалай қолданатынын зерттей отырып, «рух» пен ұлттық бірегейлік арасындағы

байланысқа назар аударамыз. Және ең бастысы «Рухтың» табиғат және қоршаған ортамен байланысын, сондай-ақ оның символдық мағыналарын талдаймыз. Сонымен бірге, Шерхан Мұртазаның романдарындағы «рух» кейіпкерлердің ішкі әлеміне қалай әсер ететінін және оны рухани іздеу мен даму контекстінде қалай қарастыруға болатынын зерттейміз. «Тіл белгілі бір салада жұмыс істейтін адам үшін қызмет етеді. Сондықтан нысанаға алынған объектіні сипаттау үшін тіл білумен қатар, сол объект (нысана) туралы айту үшін сипаттаудың әдіс-тәсілдерін білу қажет» [3, 76-б.].

Ш. Мұртаза характер жасаудың шебері. Ш. Мұртазаның қай кейіпкерін алмасаңыз, оның жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы, сөйлеген сөзі мен істеген ісі шыншыл да нанымды бейнеленетіні соншалық, жазушының бұл туындысы да «сүйіспеншіліктің жемісі» екенін байқаймыз. Бұл жерде әңгіме кейіпкердің оқырманға ұнау-ұнамауында емес, оның неліктен ұнайтындығында. Суреткердің осындай шеберлігін байқай отырып, оның адам бойындағы рухты, рухани байлықты оқырман тарапына емін-еркін жеткізгенін көре аламыз. А.Ф. Лосев «тілде таңба шексіз көп контексте қолданылатын, оның әрқайсысында белгілі бір мағынаға ие болатынын, сонымен қатар таңбаның динамикалық түрде символға өтуін, тілдік таңбаның арнайы сипаты ретінде оның шексіз валенттілігін, яғни басқа таңбалармен қарым-қатынасын атап көрсетеді» [4, 44-б.]. Нақтырақ айтқанда, кез келген адам баласында өзінше қалыптасатын мінез болады. Және көрініс тапқан мінездің негізіндегі қалыптасқан рухтың деңгейіне орай негізгі байланыс ашылатындығын атап өтуіміз керек. Демек, қаламгер өзінің шығармаларында кейіпкерлерінің мінездерін сипаттап қана қоймайды, сонымен бірге характерлерін ашу тәсілі арқылы оқырманның кейіпкер бойындағы көрініп тұратын өр-рух туралы өзіндік пікірінің қалыптасуына да әсер етіп, сезімдерді оятуды көздейді. Орыстың көрнекті жазушысы, әңгіме жанрының майталманы В. Шукшин: «Мен үшін басты тақырып - адамның рухани сұлулығы, адамгершілігі, жан тазалығы» [5, 214-б.], - дейді. Жазушының бұл айтқан пікірлері қазақ әдебиетінің көрнекті прозашылары Б. Соқпақбаев, С. Мұратбеков, Ш. Мұртаза, Ә. Кекілбаев, О. Бөкей, Д. Исабеков, Қ. Ысқақов, Т. Әбдіков, Т. Нұрмағанбетов сияқты жазушылардың ұстанымына айналды.

Қарастырылып отырған тілдік тұлға әр түрлі жанрда жазылған шығармаларының көркемдік әлем, сонымен бірге, характерді бейнелеудегі ізденістерін біз өз мақаламыздың мәнін ашуда қарастыра отырып, қаламгердің проза жанрында орасан жетістіктерге қол жеткізе алғанын байқауымызға болады. Автор прозасында адам болмысын философиялық, адамгершілік-эстетикалық тұрғыдан бейнелеуге ұмтылады. Ш. Мұртаза өзінің көлемді жанрларды дүниеге әкелуі кезінде жеке суреткерлік концепциясынан адаспай, Кеңістік пен Уақыт, Намыс пен Рух мәселелерін ерекше назарында ұстап, тек бір ғана тұлғаны емес, бүкіл бір ұрпақтың тағдырын шынайы суреттеуге ұмтылады.

Жалпы, жазушы Шерхан Мұртазаның қай шығармасында болса да тек шындықты жазуды мақсат етеді. Кейіпкерлерінің тілі, жалпы бейнесі ұлттық болмысымызбен үйлесім тауып тұрады. Қарапайымдылығын шығарма жазу барысында шебер пайдалана отырып, ұғынықты тілмен оқырманның үдесінен шыға білген. Қысқа ғана қайырып, орасан зор дүниені тамаша бейнелеп, жеткізер ойын ұғынықты жаза білген. Дүниені жалпылай алып қарасақ, біз тек материя мен рухты ғана табамыз. Адам өзінің денесімен тіршілік етіп жатса да, негізгі өмірді сүріп жатқан оның рухы болып табылады. Жазушы осы бір ұғымды өз шығармаларында қай мақсатта қолданғанын және оның мәнін ашу біздің басты талабымыз болып отыр.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Бұл зерттеу жұмысында салыстырмалы тарихи, сипаттамалық, типологиялық және коцептуалды талдау әдістері қолданылды. Нақты материалды жинау кезінде үздіксіз іріктеу қолданылды. Нақты материалдың контекстік және этимологиялық талдаулары «рух» тілдік

бірлігінің семантикалық көлемін анықтады. Зерттеу жұмысы «рух» концептісін ашу үшін философиялық және лингвомәдени талдау әдістеріне жүгінді.

Зерттеу барысында «Қара маржан» мен «Ай мен Айша» романы, сонымен қатар соңғы жылдары жарық көрген әңгімелері мен драмалық шығармалары – «Домалақ ана», «Ноқтаға басы сыймаған» пьесаларын зерттеу нысанына аламыз. Сонымен бірге, тілдік тұлғаның шығармашылығына байланысты баспасөз материалдары, қолжазбалары мен сұхбаттары, шеберханалық материалдар, сондай-ақ деректі құжаттар мақаламызға негіз болды.

Талдау мен нәтижелер

«Рух» ұғымы философия, дін және мәдениет тарихындағы ең әмбебап және көп мағыналы ұғымдардың бірін білдіреді. «Рух» термині адам болмысының әртүрлі аспектілеріне түсіндірме жасау үшін, сондай-ақ шындықтың рухани аспектілерін сипаттау үшін қолданылады.

Діни тұрғыда рух көбінесе физикалық материядан ерекшеленетін өлмейтін рухани бастама ретінде қарастырылады. Мысалы, христиандықта «рух» жан өлгеннен кейін өмір сүретін және оның моральдық жағдайына жауап беретін адамның өлмейтін бөлігі болып саналады. Исламда адамның жаратылысы мен тағдырына байланысты «рух» ұғымы да бар.

Философияда рухты ойлауға қабілетті дерексіз және саналы тұлға ретінде түсіндіруге болады. Рене Декарт әйгілі «Cogito, ergo sum» («мен ойлағандықтан бармын») сөзін тұжырымдап, адам танымындағы ақыл мен рухтың рөлін атап өтті.

Психологияда «Рух» адамның жеке басының аспектілерін, соның ішінде эмоцияны, мотивацияны, сананы және өзін-өзі тануды білдіреді. Психологтар рухани және психологиялық факторлардың адамның мінез-құлқы мен психикалық жағдайына қалай әсер ететінін зерттейді.

Ғылыми контекстерде «рух» терминін «рухани энергия» немесе «кванттық энергия» сияқты табиғаттың энергетикалық аспектілерін сипаттау үшін қолдануға болады, дегенмен мұндай ұғымдар даулы зерттеулер аясында жиі талқыланады.

Рухтың мәдени және әлеуметтік аспектілеріне ұлттық рух, уақыт рухы (zeitgeist) немесе белгілі бір мәдениеттің және дәуірдің ұжымдық сенімдерін, құндылықтары мен мұраттарын бейнелейтін қоғам рухы кіруі мүмкін.

Контексте және мәдени факторларға байланысты «рух» ұғымы әртүрлі формалар мен интерпретацияларды қабылдай алады. Бұл термин философия, дін және ғылым әлемінде қызығушылық пен қайшылықтарды тудыруды жалғастыра отырып, философиялық және рухани пікірталастардың, сондай-ақ білімнің әртүрлі салаларындағы зерттеулердің тақырыбы болып қала береді.

Жалпы алғанда Ш. Мұртазаның тілдік тұлғасы «рух», «намыс», «отансүйгіштік», «руханият», «ана тілі» тәрізді концептілік құрылымдардан тұрады. Біздің мақаламызда Шерхан Мұртазаның шығармашылық кеңістігіндегі «рух» концептісін талдау арқылы «рух» ұғымының тіл мен әдебиет саласындағы рөлін анықтай аламыз. Мұнда жазушы шығармашылығының өмір шындығымен байланысы, көркемдік нысанына үнемі қоғамдағы өзекті, зәру мәселелердің шешілу жолында адам бойындағы мінез бен рухтың сипатталуы сөз болады.

Мәселен, «Қара маржан» романында қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтарға, әлеуметтік тартыстың адам тағдырына, рухани әлеміне, өмірлік-азаматтық тұғырына ықпалы, жеке адамға, оның мінезіне, психологиялық жағдайына, ішкі жан дүниесінің өзегі болып табылатын рухына әсері секілді көкейкесті мәселелерге назар аударылады. Ал «Ай мен Айша» романында жеке адамға тарихи дәуірдің, қоғамның әсер етуі, әу баста дұрыс қалыптасқан, санада берік орныққан ұлттық озық дәстүрдің адамның рухани кемелденуіне қосқан үлесі секілді мәселелер алдыңғы кезекке қойылған. Ал «Қызыл жебе» роман-

эпопеясы осы қилы заман тудырған, сол аласапыранда «халқым» деп қабырғасы қайысқан Тұрар Рысқұловтай біртуар азаматтың, ұлт тарихындағы ұлы тұлғаның өмір жолын негізге ала отырып, өмір шындығын көрсетуге ұмтылады. Осыған орай ғалым Ж. Манкеева: «Тіл – этносты танушы құрал. Ол сол ұлт өкілінің ұлттық жан дүниесін, сезімін сипаттайды. Адамның рухани қызметі тек қоғамда дамиды, әрі рух арқылы адамзатқа беріледі. Этнопсихология халықтардың ұлттық ерекшелігінің негіздерін, себептерін, дамуын я жоғалуын ашуға тырысады. Онда пайдалы нәрселер жетерлік», – дейді [6, 76-б.].

«Табылған теңіз» повесінде бейнеленген түсінік-танымдар сол кезеңдегі халықтың рухани тірегіне айналды. Орал өмірінің кезеңдерін көрсете отырып жас адамның рухани қалыптасуы үшін адам үнемі өзін жетілдіріп, дамытып отыруы тиіс деп есептейді. Шерхан Мұртазаның Асқаралы Алатау мен қасиетті Қаратаудың киелі өлкесінде дүниеге келіп, тарихи танымал тұлғалар – Бәйдібек пен Домалақ анадан тарауы, сонымен қатар, алдыңғы буыннан естіген қастерлі аңыз-әңгімелердің өзінің шығармашылық өміріне ерекше әсер етіп, қалыптасуына жетекшілік жасаған факторлардың бірі және бірегейі десек те болады. Қазақстан халқы тәуелсіздік алған жылдардағы қоғамымыздағы ерекше ықпал алған мол келеңсіздіктерде қаламгердің «Домалақ Ана» драмасында жеке дара адамдық мәселеден басталып, адамзаттық проблемаларға дейін ретімен дамып, айырықша суреттеледі. «Ноқтаға басы сыймаған» шығармасы, нақты айтқанда тарихи элегиясының жазылуына себепкер болған Бауыржан Момышұлындай батыл да батыр тұлға еді. Оның ұлты мен Отанын ерекше қадірлеген, дін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді қастерлеп өткен, әділет пен адамгершілік жолында күресіп, үлкен арпалыспен өмір сүрген абзал жанның өмірлік ұстанымы себеп болған десек болады.

XX ғасырдың соңында филологияда «концептуалды-мәдениеттанымдық» бағыт қалыптасты [7, 8-б.]. Жалпы алғанда, «концепт» ұғымы тіл білімінде «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері» (А. Вежбицкая), «концепт – біздің нысан туралы білімдеріміздің жиынтығы» (В. Телия), «құдайлық ілімді танудың, сол арқылы, соны ұғыну арқылы халықтың рухын, ұлттың мәдени менталдығын танудың кілті» (В. фон Гумбольдт) сияқты анықтамалармен беріліп, қарастырылып жүргені белгілі. Жоғарыда аталған шығармалардағы рух концептісін жеке-жеке, мән-мағынасын аша отырып, жазушының жеткізгісі келген ойларын кезекпе кезек тұжырымдау арқылы оның әр шығармадағы «рух» ұғымын қалай пайымдағанын көруге болады.

«Қара маржан» романы. Қазақ әдебиетінде өндіріс тақырыбын нысан ету XX ғасыр басынан қалыптасты десе болады. Романдағы тартыстың эстетикалық мәні характерлердің көркемдік логикасына байланысты. Туындыны түгел оқып шыққанда, оқырман ойында басты кейіпкер Нариман өзінің адалдығымен, адамгершілігімен, жұмысқа деген ынта-ықыласымен, іскерлігімен есте қалады. Бітім-болмысы бөлек, бір-біріне кереғар келетін екі жан дүниенің, рухтың, тұлғаның арасындағы тартыс өмірде де, өнерде де әлімсақтан бері келе жатқан адалдық пен арамдықтың, қараулық пен қайырымдылықтың, рухани сұлулық пен сиықсыздықтың мәңгі бақи мәмілеге келмес тартысына айналды. Шығармадан «рух» концептісін ашып талдайтын болсақ:

Адалдық рухы: басты кейіпкер Нариман өзінің адалдығымен, жұмысқа деген құлшынысымен және іскерлік қабілетімен ерекшеленеді. Бұл оның мінезіндегі адалдық рухын көрсетеді, бұл рух тұжырымдамасының маңызды аспектісі.

Рухани сұлулық: Басты кейіпкер Нариманның Жарастың қылықтары мен әрекеттерін кек тұтпауы, Мәрзияны маскүнемнен қалған әйел деп мұрнын шүйірмей, тағдырдан соққы алған қамкөңіл жан екенін түсініп, оған үйленуі, бар жауапкершілікті мойынына алуы, оның жан дүниесінің, рухының сұлу екенін дәлелдейді.

Шығармадағы «рух» концептісінің әр түрлі мағына мен реңкке ие болуын және когнитивтік моделін төмендегі мысалдардан байқауға болады:

1. Рух – аруақ. Адамға деген махаббат тілсіз, түсініксіз болғаннан соң бишара перизаттар денесі мұхит бетіндегі ақ көбікке айналып, рухы аспанға ұшып кететін көрінеді;

2. Рух – намыс. Рухы қанша берік болғанмен қос иығынан басқан зіл қаратас еңсені езбей қоймас-ты. Үш жүз тонна тротил мен аммонит карьерде емес, Нариманның ішінде жарылып, сол жарылыс сыртқа шықпай, алау, түйін күйінде кеудесінде әлі қамалып тұрған сияқты еді;

3. Рух – өлім. Ұрлықты дүниеден өліктің рухы қиналмай ма екен деп те қойды Нариман.

Өз дәуіріндегі оқиғаны осылай суреттеген жазушы шығармашылығындағы рух ұғымын атап кетпесек болмайды. Өйткені әрбір болып жатқан оқиғадағы, уақыт пен кеңістіктегі басты рөлді сомдайтын сол замандағы адамдар болса, адамды сомдайтын оның жан-дүниесі мен рухы. Кейіпкерді сондай мінезді өр-рухты қылып жаратқан Ш. Мұртазаның да шеберлігінде сөз жоқ. «Нариманның өзгелерден оқшау қасиеті – жаңашылдығы» [8, 123-б.] деген Бақытжан Майтановтың пікірі сөзімізге дәлел.

«Ай мен Айша» романы. Жалпы романдағы кейіпкерлер іс-әрекеттері өзіндік болмысымен оқырманды иландырады. Өмірді өзіндегідей әсер етіп ойлантады, тебіренеді. Өйткені «Ай мен Айша» шығармасындағы әлеуметтік шынайылығы, парасатты кейіпкер өмірбаянының заман тынысымен қатар өмір сүруі, қандай жағдай болмасын психологиялық тұрғыда құлдырамауы рухтың жоғарғы дәрежедегі мықтылығын көрсетеді. Шығармада психологиялық сипаттамасы бар әр кейіпкердің бойындағы қабілет, дарын мен жарқын қасиеттерді мадақтап, мінез бен рухтың адам өмірінде алатын орнын сипаттайды. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы «рух» концептісі әлеуметтік шынайылықтың, батырлардың рухының күшінің, сондай-ақ олардың кейіпкерлерінің психологиялық аспектілерінің ерекше үйлесімі арқылы көрінеді.

Рух күші: роман кейіпкерлері қиындықтар мен сынақтарға қарамастан, жоғары рух күшін көрсетеді. Олар қиындықтарға қиырлықпен қарайды және өмірдегі қиындықтардан бас тартпайды. Олардың кедергілерді жеңу және алға жылжу қабілеті рухтың күші мен рухани тұрақтылықты көрсетеді.

Адам өміріндегі мінез бен рухтың орны: Роман сонымен қатар адам өміріндегі мінез бен рухани қасиеттердің маңыздылығын көрсетеді. Кейіпкерлер өздерінің қабілеттері мен таланттарын көрсетеді, бұл психологиялық сипаттамаға ие. Олардың батылдық, табандылық және адалдық сияқты рухани қасиеттері олардың өмірі мен қарым-қатынасында маңызды рөл атқарады. Өлген адамның рухына табыну, рухтан қорқу сияқты түсініктер арқылы қалыптасқан «рух» концептісінің көрінісі роман-диалогияда көптеп кездеседі. Мәселен:

Рух – аруақ. Көзім түсіп кетіп еді, Айша жылап тұр екен. Кім біледі, қарызынан құтылғанына қуанғаны шығар: «Баламды кәпір қылдырдың-ау» деп, енді оған түсінде Мұртаза налымайтын болар, рухы риза болған шығар. Айша аруақтан ғана қорқады... Егер аспандағы жұлдыздар жер бетінен кешіп кеткен жандардың рухтары екен: рас болса, онда олар мені қайта мүсіркемес пе? Өлген адамдардың жаны жұлдыздарға айналса, олардың ортасында Мұртаза да бар шығар... Түп атасын білмеген – тексіз. Ал сен, балам, тексіз емессің. Тек зердеңде жүрсін. Халық «Домалақ» деп кеткен Нұрилә, жаның жаннатта болғыр, сенің ұлы Анаң, менің ұлы Апам. Ұрмәттің, яғни, арабтың қызы. Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы. Өскеннен кейін басына барып дұға қыл, құран оқыт. Сауабын аласың. Рухы сені желеп-жебеп жүретін болады...

Мұндағы Домалақ ана мен Мұртазаның рухы автордың түпсанасындағы әке, ата-баба рухына тағзым ету, тәу ету, табыну тәрізді түсініктерден туындаған. Демек, «Ай мен Айша» шығармасында «рух» концептісі көбінесе «рух - аруақ» моделінде кездесетінін байқадық.

Ш. Мұртазаның шығармашылық кеңістігіндегі «рух» концептісін қолдануы арқылы қазақ тіл білімінде ұлттық руханият, ұлттық ойлау, ұлттық сенім, ұлттық діл мен дін, ұлттық сөйлеу мен ой қорыту мәселелері орныға түскенін байқауымызға болады.

М.Т. Күштаева: «Концепт пен ішкі форма» терминдерінің мәнін ажырату қиын. Бұл терминдер сөздердің алғашқы мағынасы, ұлттық мәдени тілдік құбылыстың ерекшелігін түсіндірудің кілті болып табылады» [9, 35-б.] - деп шығарманың ең алдымен адам жанына әсер ететін құдіреті мен рухани күшіне баса назар аударады. Шығармадағы кейіпкерлердің өмірден көрген қиындығының бір ғана бөлігін үзіндідегі: «Сорымызға қарай, балалық шағымыз соғыс жылдарына тап болды» [10, 53-б.] деген бір ғана сөзбен жеткізуге болады.

«Домалақ Ана» драмасы. Тілдік тұлғаның «Қара маржан» романының кульминациясында өте сәтті шыққан Домалақ Ананың кесенесінің басындағы динамикалық сюжеттер қаламгерді жаңа әрі тың бір дүние жазуға итермелейтінін байқауға болады. Осы шығармасында Ш.Мұртаза адами жаратылыс пен болмыстың адамзат баласында жазылмаған заңдылықтарын үлкен шеберлікпен сәтті жеткізе білді. Рух бейнесі «Домалақ Ана» шығармасында оқиғаның ең шегіне жетіп, шиыршық атып, дами түскен кезінде көркем қиюластырып ескі- жаңаның философиялық тарихи күрмеуіне өзінше жауап іздейді. Мәселен:

Рух: - Арқар атып, адам атып, жан-жағын жалмап жүрген неткен жалмауыз жансың?

Жарас: - (Өз басын өзі тоқпақтап) Мен-мен-мееен.....

Рух: - Тілің байланып қалса да, не айтайын дегеніңді түсініп тұрмын, жарлы жан.

Аманқұл: - Қайдағы Жарлы? Бұдан бай адам жоқ! Жақында шетелге тұтас кенішті сатып жіберді

Рух: - Тасыған зой, тасыған. Тасыған – төгіледі. Кеудесін желік кернеген. Кернеген сөгіледі [11, 385-б.] - деп тәуелсіз қазақ елінде өрескел орын алған қоғамдық мәселені көтере отырып, Жарастың нәпсіқұмарлықпен жасаған қателіктерін анық көрсетеді. Осылайша, жазушы күнә мен қатені түзеудің адамзат үшін ешқандай да кеш емес екенін Рухқа айтқызу арқылы жеткізеді.

Рух концептісі кейіпкерлердің өзара әрекеттесуі және олардың біреуінің ішкі монологы және адам болмысы мен жаратылысының жазылмаған заңдары аясында ашылады. Олай болса, шығармадағы Рух концептісінің моделі:

1. *Рух – даналық. Рух шын жүректен шыққан даналықтың символы ретінде:* Драмада рух даналық пен философиялық түсініктің символы болып табылады. Ол адамның табиғаты, оның қызметі және оның іс-әрекетінің салдары туралы рефлексия тудыратын сұрақтар қояды. Рух адамның жанын жегідей жеп оған маза бермейді, бұл оның адам табиғатын терең зерттеуін көрсетеді.

2. *Рух – адамгершілік. Рух моральдық жауапкершілік ретінде:* Рух сонымен қатар өз іс-әрекеттеріне моральдық жауапкершілікпен байланысты. Жарастың қателігі және оның нәпсіқұмарлық әрекеттері моральдық нормалар мен қағидаларды бұзу ретінде қарастырылады. Рух қателерді түзетуге және моральдық тәртіп орнатуға шақырады.

Ғалым Г.Н. Смагулова: «Әр адам ұлт тілінің өкілі ретінде өз болмысы мен танымдық интеллект қасиеттері арқылы дараланып көрінеді, әрі сол ұлт тілін дамытуға, сөздік құрамын байытуға үлесін қосады» - дейді [12, 4-5 бб.].

«Ноқтаға басы сыймаған» драмасы. Бұл шығармада да автор «рух» концептісін түрлі семантикалық реңкте беруге тырысады. Мәселен: 1. *Рух – әруақ;* 2. *Рух – жігер, қайрат* бір сөйлемнің бойында көрініс тауып тұр. *Бауыржан: - (Солдаттарға) Отырыңдар! (Бәрі жапырыла отырады) Жауынгерлер! Ортамызға Отанымыз Қазақстаннан өнер қайраткерлері келді. Қан сасыған майданға олар тамаша үшін келген жоқ. Біздің де іздеріміз, сұрарымыз бар екен. Жан алысып, жан берісіп жатқан жауынгерлерге рух беру*

үшін, қазақ халқының ыстық сәлемін, ата-баба **рухының** жігерін ала келді. Осы концерттен кейін сендер алдыңғы шепке, ажал аранына аттанасыңдар... немесе сол драманың бесінші көрінісінде автор Шибай атты кейіпкердің ойымен «рух» концептісін өзгеше семантикалық реңкте береді:

*Шибай: - Жолдастар, осы күні театр сахнасынан соғыс тақырыбына жазылған спектакльдер көрінбей кетті. Бұл жастарды патриотизм **рухында** тәрбиелейміз десе, сол спектакльдерді сахнаға қайта шығаруымыз керек. Партия бізден соны талап етіп отыр.*

*Бауыржан: - Дұрыс айтасың, еңсесі түскен ез болар. Осы елге мен еңсемді түзейін деп келдім. (Тау жаққа, айнала төңірекке қарап) Дәл осы жерден үй салғызамын. Екі қабат. Төменгі қабаты - қонақ бөлме, асхана... және, және бильярд. Жоғарғы қабатта – кабинет, тау жақ бетте - жеке спальня. Кабинеттің терезесі – тура ана Манас шыңына қарап тұратын болады. Сонда Манастың **рухына** сиынып отырып, кітап жазамын...»*

Келтірілген мысалдардан тілдік тұлғаның жауынгерлер рухы, ата-баба рухы, патриотизм рухы, Манастың рухы сияқты тіркестерді шебер қолданғанын байқауымызға болады. Жауынгер, ата-баба, патриотизм (қазіргі отансүйгіштік), Манас сынды сөздердің әр түрлі лексикалық мағынаға ие болатынына қарамастан, барлығының мағыналық тұрғыдан басын қосып тұрған рух концептісінің негізгі қызметі өжеттік пен жігер, қажыр-қайрат сынды ұғымдарды ұтымды әрі нақты беруінде.

Жоғарыда біз қарастырып өткен шығармаларында тілдік тұлға парасаттылық пен адамгершілік, салт-дәстүр, философиялық ой, көркемдік пен сұлулық, отансүйгіштік, дүниетаным ұғымдарын «рух» концептісінің аясында берген. Өмірі мен қызметінде де оның өзінің тек жалаң сөзбен ойын жеткізуші ғана емес, прагматик-баяншы болғанын байқауымызға болады. Соңғы кездегі зерттеу еңбектерінде біз қарастырып отырған тілдік тұлғаның руханият жанашыры деп атанып жүргені содан болар.

Ш. Мұртазаның шығармаларынан оның аялық білімінің ұлттық мәдени құндылықтарға негізделіп, біз талдап отырған «рух» концептісінің өзі қазақ халқының негізін, түбірін жете аңғартатынын байқауымызға болады. Демек, Ш. Мұртаза тіліндегі қазақ халқының рухани дүниетанымы оның тіліндегі «ғаламның бейнесі» ретінде көрінеді.

Сөз өнерін ерекше бағалаған ол өзінің «*Бір кем дүние*» атты шығармасындағы тәмсілдерінің бірінде: «*Демек, өнер, әдебиет – рухани дүние тоқтаса, асағаны ақ май болса да қоғам өледі*» - деп рух концептісін толықтыра түсетін өнер, әдебиет сияқты құндылықтарды ерекше дәріптейді.

Демек, тілдік тұлға қолданысындағы «Рух» концептісінің когнитивтік моделін төмендегідей беруімізге болады: *Рух – Отанды сүю; Рух – намыс; Рух – қазақы болмыс; Рух – әруақты сыйлау, табыну; Рух – ерік-жігер; Рух – қайрат; Рух – ана тілін дәріптеу; Рух – Абай, Ыбырай, Шоқан, Бес арыс, Үш бәйтерек мектебі және ең бастысы – Рух – Қазақ ұлты.* Соңғысы оның публицистикалық дүниелері мен эпистолярлық жанрадағы дүниелерінде көптеп кездеседі.

Демек, ғасырлар өтіп, кезендер ауысып, қоғам дамып жатқан мына заманда рух пен руханияттың қашан да өміршең екендігін аңғарамыз. Аңғарып қана қоймай, соның сілемімен жүріп келеміз. Осы формуланы, өмір формуласын сезінген Ш.Мұртазаның қолданысындағы «Рух» концептісінің мәңгілік тақырып екендігін мойындауымыз қажет.

Сонымен, «Рух» концептісі зерттеулер мен пікірталастардың тақырыбы болып қала береді және оның мағынасы әртүрлі контекстер мен мәдениеттерде әртүрлі болуы мүмкін. Бұл ұғым ғалымдарды, философтарды, діни лидерлерді және суретшілерді шабыттандырады және адам ойы мен мәдениетінің әртүрлі аспектілерінде өз ізін қалдырады. Осындай шығармаларды артынан мұра қылып қалдырса да Шерхан Мұртаза: «Халық жазушысы атандым. Жазғанымның бәрі алтын дей алмаймын, бірақ солардың көбі және дәмділері тек балалық шақтың нәрінен, балауса балғын шақтың әсерінен туған» [13, 7-б.] - дейді.

Қорытынды

Шерхан Мұртазаның шығармаларындағы «рух» концептісін зерттеу бізді оның шығармашылығы мен осы тақырыптың қазіргі тілдік, әдеби және мәдени пікірталас контексіндегі маңыздылығын терең түсінуге әкелді. Шерхан Мұртаза жазушы, суретші және ойшыл ретінде бізге «рух» концептісінің объективі арқылы әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан адамның ішкі әлемін, оның жанын және қоршаған әлеммен байланысын бай зерттейтін мұра қалдырды. Біз өз зерттеулерімізді қорытындылап, негізгі тұжырымдарға баса назар аударғымыз келеді:

- Біз Шерхан Мұртазаның шығармашылық кеңістігіндегі «рух» ұғымының терең және көп мағыналы аспектілері бар екенін анықтадық. Бұл ұғым абстрактілі, символдық және көптеген субтекстерден тұруы мүмкін. Айта кету керек, «рух» әрдайым айқын және бір мағыналы бола бермейді, бірақ бұл полисемиялық, оны зерттеу үшін қызықты тақырыпқа айналдырады. Ш.Мұртаза бұл тұжырымдаманы адам жаны мен өмірінің терең аспектілерін ашу үшін пайдаланады, оның шығармаларына күрделілік пен тереңдік береді.

- Біз «рухтың» ұлттық бірегейлік және мәдениетпен байланысына назар аудардық. Шерхан Мұртаза бұл тұжырымдаманы қазақ мәдениеті мен тарихын өз шығармаларында білдіру үшін қолданады. Ол мұны символизм, образдар мен тіл арқылы жасайды, бұл оның шығармаларын әдеби ғана емес, сонымен қатар мәдени артефактілерге айналдырады. Осылайша, «рух» ұлттық бірегейлікті білдірудің негізгі элементіне айналады. Біз «рухтың» табиғатпен және қоршаған ортамен байланысын талдадық. Ш. Мұртаза бұл тұжырымдаманы адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікке баса назар аудару үшін, сондай-ақ өз шығармаларындағы табиғи элементтерді бейнелеу үшін қолданады. Бұл оның мәтіндеріне терең мағына мен табиғи құбылыстармен байланысты қосады, бұл оның шығармаларын одан да байытылған және метафоралық етеді.

- Біз Шерхан Мұртазаның шығармаларындағы «рухтың» кейіпкерлердің ішкі әлеміне қалай әсер ететінін зерттедік. Біз оның бұл тұжырымдаманы жеке тұлғаның терең аспектілерін және кейіпкерлерінің рухани ізденістерін ашу үшін қолданатынын анықтадық. Бұл оның шығармаларын оқырмандар үшін өзекті және маңызды етеді, олар өздерінің рухани ізденістерімен резонанс жасай алады және түсінеді.

- Біздің зерттеуіміз қазіргі тілдік, әдеби және мәдени контексте «рух» тұжырымдамасының өзектілігі мен маңыздылығын көрсетеді. Қарқынды технологиялық даму және әлеуметтік-мәдени шындықтың өзгеруі дәуірінде руханият, адам жаны және қоршаған әлеммен байланыс туралы сұрақтар маңызды және өзекті болып қала береді. Шерхан Мұртаза жазушы ретінде оқырмандарға осы маңызды мәселелер туралы ойлануға бірегей мүмкіндік беру арқылы заманауи шығармашылық шеберлікті байытуға ықпал етеді.

Мақалада тілдік тұлғаның шығармашылық кеңістігіндегі «рух» концептісінің қолданылу аясын мәтіндерінен талдау негізгі мақсат болса, дискурс теориясы тұрғысынан талдау – болашақтың еншісінде деп білеміз. Өйткені, «Дискурс теориясының бір қыры – сөйлеу мәдениеті. Бүгінгі түрлі саланың дискурстық тұрғыда қарастырылуы – соның дәлелі. Мәтінді сөйлеу үдерісі арқылы зерттеген ғалымдардың бірі – Н. Уәли. Ол «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты докторлық диссертациясында мәтін мен дискурсты байланыстыра қарастырған. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру дискурсты меңгеруге тікелей қатысты. Сондықтан ғалым мәтінді коммуникациялық бірлік ретінде көрсетіп, оның тілдік ерекшеліктерін дискурстық анықтау мүмкін еместігін мысалдармен дәйектеп шыққан. Ғалым «мәтінді тек автор туғызбайды, мәтін автор мен адресаттың тілдік ойлауының өзара әрекеті» дей келе, мәтін прагматикасын көрсеткен» [14, 183-б.].

Шерхан Мұртазаның шығармаларындағы «рух» концептісін зерттеуді жалғастыра отырып, бұл зерттеу өнер мен тілдің, әдебиеттің терең және көп қырлы ұғымдарды білдіру құралы ретіндегі маңыздылығын атап өткен жөн. Шерхан Мұртаза сөз бен бейненің шебері

ретінде өнердің ойын-сауық құралы ғана емес, сонымен бірге адамның жаны мен өмірдің рухани аспектілерін зерттеудің философиялық құралы бола алатындығын көрсетеді.

Сонымен қатар, бұл зерттеу тіл, әдебиет, мәдениет және сәйкестік арасындағы интерконнекцияға баса назар аударады. Шерхан Мұртаза тілдік тұлға ретінде ұлттық және мәдени құндылықтарды білдіру үшін «Рух» концептісін белсенді қолданады. Оның шығармалары тарихи құжаттарға ғана емес, сонымен бірге ұлттық мұраны болашақ ұрпаққа сақтайтын және беретін мәдени мұра ескерткіштеріне айналды.

Шерхан Мұртазаның шығармаларындағы «рух» концептісін зерттеу қазіргі қоғамдағы руханият тақырыбының өзектілігін көрсететінін атап өткен жөн. Технология мен материализм маңызды рөл атқаратын әлемде өнер мен әдебиет адам өмірінің терең аспектілерін түсінуге көпір ретіндегі қызметін жалғастыруда. Ш. Мұртазаның шығармаларындағы «рух» өзін-өзі түсінудің, өзін-өзі танудың және табиғатпен байланыстың маңыздылығын еске салады.

Шерхан Мұртазаның шығармашылығындағы «рухты» зерттеу, сонымен қатар суретшінің адам жанын зерттеуші және терең шындықты іздеуші ретіндегі рөліне баса назар аударады. Шерхан Мұртаза өз шығармалары арқылы бізді өзіміздің рухани ізденістеріміз бен ойларымыз туралы ойлауға шақырады. Бұл өнер біз өзіміздің және өмір сүріп жатқан әлемнің көрінісін көретін айна болуы мүмкін екенін көрсетеді. Шерхан Мұртазаның шығармашылығындағы «рухты» зерттеу философиялық зерттеулер мен рухани ізденістердің өзектілігін көрсетеді. Ш. Мұртаза жазушы ретінде бізге өмірдің мәні, адамның табиғаты және оның әлеммен байланысы туралы сұрақтар қояды. Ол бізді рухани ашылулар мен өзін-өзі тану әлеміне саяхатқа шақырады.

Жалпы концепті ұғымы – біздің этномәдени санамызда сақталатын, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған терең мағыналы ұғым. Осыған орай, Ш. Мұртаза шығармашылығында кездесетін «рух» концептісінің ерте кезден-ақ қазақы болмыстың негізгі көрсеткіштерінің бірі болғандығын атап өтуіміз керек. Автор тек тілдік тұлға ретінде бұл концептінің шығармаларында қолданылып, көрініс беруіне өзінше реңк қосады.

Шерхан Мұртазаның шығармаларындағы «рух» концептісін зерттеу оның суретші ретіндегі шеберлігін және оқырмандарды терең рухани рефлексия әлеміне тарту қабілетін көрсетеді. Оның шығармалары маңызды және өзекті болып қала береді және бұл зерттеу тіл мен өнердегі «рух» ұғымын түсінуге мүдделі оқырмандар мен зерттеушілердің ой-өрісін кеңейтуге ықпал етеді деп үміттенеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шалбаева А. Жақсылық пен жамандық концептілерінің танымдық көрінісі: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2010. – 31 б.
2. Марков Д. Проблемы теории социалистического реализма. – М.: Художественная литература, 1978. – 413 с.
3. Есинбаева Ж. Ғылыми-көпшілік стиль: дискурстық, тілдік-стильдік талдау: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2009. – 178 б.
4. Лосев А.Ф. Проблема символа и реалистическое искусство. – М.: Искусство, 1976. – 367 с.
5. Шукшин В. Вопросы самому себе. – М.: Молодая гвардия, 1977. – 387 с.
6. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
7. Нерознак В.П. Теория словесности старая и новая парадигмы / Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология / Под общ. ред В.П. Нерознака. – М.: Академия, 1997. – 320 с.
8. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 148 б.
9. Күштаева М.Т. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2005. – 24 б.
10. Мұртаза Ш. Ай мен Айша: Роман-диалогия. – Астана: Елорда, 2000. – 393 б.

11. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 434 б.
12. Смагулова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Білім, 1998. – 196 б.
13. Оразбек М. Көркем прозадағы шығармашылық тұлға мен авторлық позициясының арақатынасы (1980-2000 жылдар бойынша): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 42 б.
14. Қожахмет А.Қ., Хусаинова Л.М. Лингвистикалық зерттеулердегі мәтін және дискурс теориясы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 178–189. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.14>

REFERENCES

1. Shalbayeva A. Jaksylyk pen jamandyk konceptilerinin tanymdyk korinisi: filol. gyl. dok. ... avtoref. [Cognitive reflection of the concepts of good and evil: abstract]. – Almaty, 2010. – 31 b. [in Kazakh]
2. Markov D. Problemy teorii sotcialisticheskogo realizma [Problems of the theory of Socialist realism]. – M.: Hudojestvennaia literatura, 1978. – 413 s. [in Russian]
3. Esinbaeva J. Gylymi-kopshilik stil: diskurstyq, tildik-stildik taldau: filol. gyl. kand. ... diss. [Popular science style: discursive, language-style analysis: diss.]. – Almaty, 2009. – 178 b. [in Kazakh]
4. Losev A. F. Problema simvola i realisticheskogo iskusstva [The symbol problem and realistic art]. – M.: Iskusstvo, 1976. – 367 s. [in Russian]
5. Shukshin V. Voprosy samomu sebe [Questions to yourself]. – M.: Molodaia gvardia, 1977. – 387 s. [in Russian]
6. Mankeeva J. Madeni leksikanin ulttyq sipaty [National character of cultural vocabulary]. – Almaty: Gylym, 1997. – 272 b. [in Kazakh]
7. Neroznak V. P. Teoria slovestnosti staraia i novaia paradigm. Russkaia slovestnost. Ot teorii slovestnosti k structure teksta. Antologia [The theory of literature old and new paradigms / Russian literature. From the theory of literature to the structure of the text. Anthology] / Pod obsh. red V.P. Neroznaka. – M.: Akademia, 1997. – 320 s. [in Russian]
8. Maitanov B. Kazakh prozasyndagy zamandas beinesi [The image of a contemporary in Kazakh prose]. – Almaty: Gylym, 1982. – 148 b. [in Kazakh]
9. Kushtaeva M.T. Tary konceptisinin semanticalyc kurylymy lingvomadeni mazmuny: fil. gyl. kand. ... aftoref. [Semantic structure and linguocultural content of the concept of “millet”: abstract]. – Almaty, 2005. – 24 b. [in Kazakh]
10. Murtaza Sh. Ai men Aisha: roman-dilogia [The moon and Aisha: a novel-dilogy]. – Astana: Elorda, 2000. – 393 b. [in Kazakh]
11. Abdezuly K. Tarih jane tagdyr [History and fate]. – Almaty: Kazygurt. 2004. – 434 b. [in Kazakh]
12. Smagulova G.N. Magynalas frazeologizmderdin ulttyq-madeni aspektleri [National and cultural aspects of semantic phraseology]. – Almaty: Bilim, 1998. – 196 b. [in Kazakh]
13. Orazbek M. Korkem prozadagy shygarmashylyq tulga jane aftorlyq poziciasynyn araqatynasy (1980–2000 jyldar boiynsha): filol. gyl. kand. ... avtoref. [The ratio of creative personality and author's position in artistic prose (by 1980–2000): abstract]. – Almaty, 2007. – 42 b. [in Kazakh]
14. Kojahmet A.K., Husainova L.M. Lingvistikalyc zertteulerdegi matin jane diskurs teoriasy [Text and discourse theory in linguistic research] // Iassau universitetinin habarshysy. – 2023. – №2 (128). – B. 178–189. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.14> [in Kazakh]

UDC 82.03; 82:81'255.2; IRSTI 17.07.61
<https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.53>U.B. BAILIYEVA¹, N.A. ALDABEK², B.D. DAUTOVA³¹PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: baylievaulzhan@gmail.com²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: nurgul74_74@mail.ru³Senior Lecturer of Abai Research Institute at Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: Dautova.bibigul1979@gmail.com**THE CONCEPT OF “REASON” IN ABAI KUNANBAYEV’S WORKS AND ITS
TRANSLATION INTO RUSSIAN AND ENGLISH LANGUAGES**

Abstract. This article discusses the concept of “reason” in the works of Abai Kunanbayev and the features of its transmission in the original texts of the author, as well as their translations into Russian and English. The article compares the levels of equivalence in the translation versions and the methods used during the translation process. The concept of “reason” reflected in Abai's poem and edifying words is studied and the process of translating from one language to another is examined. During the article's discussion, Abai's works were considered as original text; translations of the words of edification into Russian by S. Sanbayev, R. Seisenbayev and C. Serikbayeva, E. Zhumagul, into English by Richard McKane, Simon Geoghegan and translations of poems by Dorian Rottenberg into English were selected. To determine the degree of equivalence of concepts, the article relies on the equivalence theory of V.N. Komissarov. The article emphasizes the lack of semantic and cultural identity in addition to pointing out that the literal English translation of the concept “reason” does not reflect all the cultural implications of the original word. The article's research methods are based on translation theory and practice. The recognition and understanding of the poet's degree of thinking, feeling, and creativity is a prerequisite for the translator's talent and creativity to reach a high level and acquire a poetic quality. A number of techniques for translating Abai's poems into other languages have been identified, corresponding to the methods of linguistic representation of the original and capable of expressing the meaning of the original in a foreign language.

Keywords: Abai Kunanbayev, concept, reason, translation equivalence, linguocultural representation.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Bailiyeva U.B., Aldabek N.A., Dautova B.D. The Concept of “Reason” in Abai Kunanbayev’s Works and Its Translation into Russian and English Languages // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №2 (132). – Б. 180–193. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.53>

***Cite us correctly:**

Bailiyeva U.B., Aldabek N.A., Dautova B.D. The Concept of “Reason” in Abai Kunanbayev’s Works and Its Translation into Russian and English Languages // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2024. – №2 (132). – Б. 180–193. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.53>

Date of receipt of the article 23.01.2024 / Date of acceptance 19.06.2024

У.Б. Байлиева¹, Н.А. Алдабек², Б.Д. Даутова³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: baylievaulzhan@gmail.com

²филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: nurgul74_74@mail.ru

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының аға оқытушысы (Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: Dautova.bibigul1979@gmail.com

Абай Құнанбаев шығармаларындағы «ақыл» концептісі және оның орыс және ағылшын тілдеріне аударылуы

Андатпа. Бұл мақалада Абай Құнанбаевтың шығармаларындағы «ақыл» концептісі және оның автордың түпнұсқа мәтіндерінде, сондай-ақ олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларында берілу ерекшеліктері қарастырылады. Мақалада аударма нұсқаларындағы эквиваленттілік деңгейлері және аударма үдерісі барысында қолданылған әдістері салыстырылады. Абай өлеңі мен қара сөздеріндегі ақыл концептісінің берілуі зерттелінеді, сонымен қатар аударма үдерісі кезіндегі аударма тілдеріне тәржімалану ерекшеліктері қарастырылады. Мақаланы талқылау барысында Абай шығармалары түпнұсқа ретінде, қара сөз аудармасы ретінде С. Санбаев, Р. Сейсенбаев және К. Серікбаева, Е. Жұмағұлдың нұсқаларының орыс тіліндегі аудармалары, Ричард Маккейн, Саймон Гейгенның ағылшын тіліндегі, өлең аудармасы ретінде Дориан Роттенбергтің ағылшын тіліндегі аудармасы алынды. Концептілердің аудармада берілуін, олардың эквиваленттілік дәрежесін анықтау үшін мақала В.Н. Комиссаровтың эквиваленттік теориясына сүйенеді. Мақалада «ақыл» концептісінің ағылшын тіліндегі сөзбе-сөз аудармасы түпнұсқа сөздің барлық мәдени салдарын көрсетпейтініне назар аударумен қатар, семантикалық және мәдени сәйкестіктің жоқтығына баса назар аударылады. Мақаланың зерттеу әдістері аударма теориясы мен тәжірибесіне негізделген. Ақынның ойлау, сезіну, шығармашылық дәрежесін тану, түсіну – аудармашының таланты мен шығармашылығының биік деңгейге жетіп, ақындық қасиетке ие болуының алғышарты. Түпнұсқаны тілдік бейнелеу әдістеріне сәйкес келетін және шет тілінде түпнұсқаның мағынасын бере алатын Абай өлеңдерін басқа тілдерге аударудың бірқатар әдіс-тәсілдері анықталады.

Кілт сөздер: Абай Құнанбаев, концепт, ақыл, аударма баламалылығы, лингвомәдени көрініс.

У.Б. Байлиева¹, Н.А. Алдабек², Б.Д. Даутова³

¹PhD докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: baylievaulzhan@gmail.com

²кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: nurgul74_74@mail.ru

³старший преподаватель научно-исследовательского института Абай при Казахском национальном университете имени аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы), e-mail: Dautova.bibigul1979@gmail.com

Концепт «разум» в произведениях Абая Кунанбаева и его перевод на русский и английский языки

Аннотация. В данной статье рассматривается концепт «разум» в произведениях Абая Кунанбаева и особенности его передачи в оригинальных текстах автора, а также их переводах на русский и английский языки. В статье сравниваются уровни эквивалентности вариантов перевода и методы, используемые переводчиками в процессе перевода. Изучается концепт «разум», отраженное в стихотворениях и словах назиданиях Абая, и рассматривается процесс перевода с одного языка на другой. В ходе обсуждения статьи

произведения Абая выступают текстом оригинала; были отобраны переводы слов назиданий на русский язык С. Санбаева, Р. Сейсенбаева и К. Серикбаевой, Е. Жумагула, на английский язык Ричарда Маккейна, Саймона Гейгона и переводы стихотворений Дориана Роттенберга на английский язык. Для определения передачи концептов, выявления степени их эквивалентности статья опирается на теорию эквивалентности В.Н. Комиссарова. В статье подчеркивается отсутствие семантической и культурной идентичности, а также указывается, что дословный английский перевод концепта «разум» не отражает всех культурных значений оригинального слова. Методы исследования статьи основаны на теории и практике перевода. Признание и понимание степени мышления, чувства и творчества поэта является необходимым условием выхода таланта и творчества переводчика на высокий уровень и обретения поэтического качества. Определен ряд приемов переводов стихотворений Абая на другие языки, соответствующих способам языковой репрезентации оригинала и способных выразить смысл оригинала на иностранном языке.

Ключевые слова: Абай Кунанбаев, концепт, разум, переводческая эквивалентность, лингвокультурное выражение.

Introduction

The basic concept of any linguistic and cultural society is the concept of “reason”. The content of its conceptual volume, complex structure and large number of units made it possible to study it as a macro-concept in the language. Words and phrases that convey mental processes and facets of human intellect comprise a broad lexical and phraseological category in all languages. “Reason” is a universal category in any national culture. It is the ability to think logically and creatively, generalize the results of the mind and intellect. The reason can be subordinated to the units of understanding, memory, recollection, opinion, judgment, understanding, thought, argument, conclusion, etc. Linguists and translators have been studying philosophical difficulties in texts for a long time, including the conceptual representation of “reason” in the language. In science, according to human knowledge, it is not difficult to notice that the human mind is complex and has a certain localization. E.I. Golovanova concludes that “the most complex of concepts in a person's knowledge of the world is the concept of “reason”, because intelligence is the defining thing that separates humans from animals, as well as humans from each other” [1, p. 85]. E.S. Kubryakova adheres to the opinion that “the concept does not come from the meaning of the word, but from the personal and national experience of a person in the meaning of the word” [2, p. 10]. The linguistic image of the world is the knowledge of the system, accumulated experience and common views characteristic of the speakers of a certain language. Therefore, language research in the anthropocentric direction is conducted in connection with the culture, mind, and worldview of the representatives of that nation.

The explanatory dictionary of V.I. Dahl has an analogous interpretation of the mind, which reads, “the mind is the general name of human cognitive abilities, the ability to think; it is a part of the soul” [3, p. 473]. Kant sets the following tasks regarding the problem of “Pure Reason”. The first task is the subject of theory of knowledge, the second is ethics, and the third is the subject of aesthetics. The “ultimate goal of our use of reason”, which Kant emphasized, should be organized around the following questions: “What can I know? What do I need to do? What can I believe?” [4, p. 67]. Abai emphasizes the value of moral judgment and critical thinking in his definition of reason, which is similar to Kant's ideas on ethical action and reasoning.

Abai Kunanbayev was the first Kazakh thinker to focus on spiritual and moral science. He argued that the basic principle of morality is the principle of humanism “be a complete man” (tolyq adam), which determines the orientation of a person to master the models of moral behavior. Only then a person become “complete”, “holding the reason, willpower, heart altogether”. It is known that Abai contributed to the development of the theory of Kazakh spirituality, explaining the reason

from a philosophical perspective, revealing its importance for a person seeking to improve moral qualities and self-development. According to doctor of philological sciences, professor Zh. Dadebayev the concept of reason in Abai's works is of great importance. From the core of the poet's principle of unity of reason, solidarity of reason, the following main ways and mechanisms of improving people's character can be seen: a) avoiding evil, falsehood, injustice; b) unity in goodness, truth, and justice; c) to overcome evil with good, ignorance with humanity, to destroy it by spreading language, art, propaganda [5].

Considering the concept in the context of a linguistic personality, N.Yu. Shvedova concludes: “the author's perception of a linguistic personality and knowledge of the mental world reflected in the text” [6, p. 428]. Since the original principles are so deep and intricate, translating Abai Kunanbayev's ideas from Kazakh into Russian and English presents several difficulties. Capturing the variations and cultural significance of the Kazakh language, which may not have exact equivalents in the Russian and English languages, is one of the most difficult aspects in translating Abai's works. For example, the idea of “reason” in Abai's writings includes wisdom and knowledge acquired throughout life experiences in addition to logic and reasoning. This all-encompassing view of reason is ingrained in Kazakh society, and is difficult to find an exact translation variations in Russian or English languages without distorting the original meaning.

Research methods and materials

The text under investigation is the Kazakh writer Abai Kunanbayev's *poem and words of edification*. The words of edification were translated into Russian by the Kazakh writers, translators Satimzhan Sanbayev under the title “Words of Edification” (1970); translations by Rollan Seisenbayev and Clara Serikbayeva under the title “The Book of Wisdom” (1992–1993), new translation versions of Erbol Zhumagul under the title “Words of Edification” (2021) were selected. The words of edification were translated by Richard McKane, Simon Geoghegan and the poems translated by Y. Vinokurov (1887) into Russian and by Dorian Rottenberg into English. In addition to pointing out that the literal English translation of “reason” does not capture all the cultural implications of the original word, the given article highlights the absence of semantic and cultural identity. Translation theory and practice form the foundation of the article's research techniques. Comparing the original and translated editions was one of the procedures used to determine translation equivalency. Poet's original and translated texts were analyzed conceptually and contrastively, and translations were systematically organized.

The given article was guided by the works on the theory and practice of translation by V.N. Komissarov. The examination of translations in the original and in another language helps in identifying and documenting the type of equivalent used by the translator. A comparative investigation of the content and translation alternatives of the text in the original reveals that there are several different levels of equivalents. Additional consideration concerns the concept of equivalence, formulated by the researcher of Russian translation studies V.N. Komissarov: “translation equivalence is the commonality (semantic proximity) of the original and the content of the translation”, arguing that the essence of the original content should be preserved in the translation. V.N. Komissarov also identified five levels of equivalence theory: “the level of linguistic signs, the level of statement, the level of message (structure), the level of description of the situation, and the level of the purpose of communication” [7, p. 34].

Results and discussion

Translating Abai is an attempt to convey feelings and situations in the great poet's poems through the expression of knowledge of the linguistic world of Kazakhs, devoted to the algorithms of the national thinking type. The famous translator G. Belger stated that “it is necessary to recognize that there are no real, high-ranking translations of Abai's works. Currently, when the collection about Abai will be published, editors and publishers do not know which translation to

stop at and which translation to get the best. It is also wrong to place all the blame on the translators. There are a number of specific, compact poetic translations by such translators as V. Rozhdestvensky, M. Petrovykh, M. Tarlovsky, L. Ozerova, Yu. Neuman. However, if you compare the translations with the original, the rhythmicity and words come, but not in the style of Abai” [8, p. 402].

A.A. Galieva in his scientific work, after studying the lexical inconsistencies in the versions of Abai's words of edification translated into English, indicates that according to the concept of “reason”, the inconsistencies with the word reason and syntagmatic sequences used in Abai’s words are recognized as contextual correspondences: “*aqyl*” – “*reason*”, “*aqyl*” – “*intelligence*”, “*aqyl keseli*” – “*harmful attitudes of mind*”, etc [9, p. 20].

Academician R. Syzdyk mentions several thematic groups in Abai’s edification words and states that they can form a conceptsphere. The scientist is talking about the reason, as well as the world, human being, soul, science and knowledge, etc [10, p. 96]. It means that in order to translate Abai’s poems or words, translators must take into account that Abai wrote in categorical way. And each concept, frame, term or word that makes up the conceptsphere has its own characteristics.

Analyzing the Russian translations of Abai's words of edification, it can be noticed that the translation versions of C. Serikbayeva and R. Seisenbayev, E. Zhumagul are translated at a high level. During the translation, the authors tried to preserve the original content and effectiveness of the work.

New translation of words of edification translated by E. Zhumagul were published in 2021 under the guidance of Kazakh PEN club. As translator says: “Abai's text is extremely dense with highly complex sentences, which in the Russian translations were often interpreted and divided into several smaller ones. This resulted in serious syntactic discrepancies that destroyed the composition of the original and led to an unacceptable distortion of the author's style” [11, p. 13].

The translation of S. Sanbayev Abai's words is relatively low. While rendering the original texts, the translator tried to maintain accuracy in his work, but translator took liberties in many places. In addition, the author's style was not preserved, some words rendered voluntarily without using equivalents.

Comparing the versions of the English translation, we notice that R. McKane's translation is a gradual translation made from the Russian version by C. Serikbayeva and R. Seisenbayev, and Simon Geoghegan’s translation is a gradual translation of E. Zhumagul's Russian version. That is, errors in the Russian language and the translation of the Russian language representation of the concept into English.

Below, the features of translation into Russian and English of poem, words of edification, which reflect the concept of reason in Abai's works are analyzed.

Table 1 – Reason is the virtue, wisdom, common sense in the human being

1	2
Original version:	Men bolsam, eger, aǵyn jemek dedim, <i>Aqyldy</i> boldym elden bölek dedim. Men <i>aqyldy</i> bilemen ne qylsam da, Aqyl meni bilese kerek dedim. <i>Aqyldy</i> jan tabylmas maǵan syrlas, Körine tentek köp nadan moiyn bürmas. Ädiletsiz, <i>aqylsyz</i> , arsyzdardy Men bolsam, eger, aǵyn jemek dedim, <i>Aqyldy</i> boldym elden bölek dedim. Men <i>aqyldy</i> bilemen ne qylsam da,

continuation of the table 1

1	2
	<p><i>Aqyl</i> meni bilese kerek dedim. <i>Aqyldy</i> jan tabylmas mağan syrlas, Körine tentek köp nadan moiyn bürmas. Ädiletsiz, <i>aqylsyz</i>, arsyzdardy Köre tūra, köñilde tynyştyq tūrmas [12, p. 229].</p>
<p>Y. Vinokurov's version:</p>	<p>Da, vpravdu mudrost - svet, a glupost - tma, Ī <i>umnyi</i> byt hotel by ia vesma! No vse j ne byt mne <i>vlastelinom mysli</i>. Boiüs, hlebnu ia <i>gorä ot uma!</i></p> <p>Naidu l sebe ia vroven <i>mudresov?</i> Īa doljen budu jit sredi <i>glupsov</i>. Ī, ne naidä ni chestnyh i ni <i>umnyh</i>, Īa poteräiu um v konse konsov [13, p. 234].</p>
<p>Dorian Rottenberg's version:</p>	<p>Had I preferred the white one, said the lad, A <i>mind</i> of mighty <i>power</i> I could have had. But I would rather not become <i>a sage</i> For then indeed my fate would have been sad.</p> <p>In <i>wisdom</i> nobody would equal me; By troublemakers envied would I be. And then, not finding <i>wise</i> and honest friends, No peace of <i>mind</i> or comfort would I see. [14, p. 187].</p>

In the above poem “Masgud”, criticism of intellect, abundance of intellect, and evaluation of reason with its time and environment is clearly seen. Through these verses, the poet has conveyed Masgud's morality and common sense. Original text is translated into Russian as a free translation, the actual words used by the poet are not given. The translator developed the idea of the poem's content through modulation transformation, but Abai's style and structure of the poem have not been preserved. The adjective “aqyldy” renders into Russian as “umnyi” – to be smarter, while in English it is translated as “mind of mighty power”. The author's notion of “reason” in the line “I control mind” is not present in the translation, “reason should control me” is the unchanging personality of the poet's worldview. According to the specifics of the translations between “intelligent” and “intelligent person”, in the following paragraphs “intelligent person” is given with the equivalent of “mudres”, while in English “intelligence” is translated as a noun. At this point, we notice that the concept of reason, including the unit “mind” has several conceptual meanings. The opposite of the given unit, the concept of “mind” is translated in the Russian language as an antonym translation in the way that there is no “intelligent person”. If there are additions made by the author in the Russian translation, it is noted that the English translation by Dorian Rottenberg was translated directly from the Kazakh language. During the comparison of the translation versions, it is determined that the poems in the Kazakh and English languages are literal translations. In English, “aqyldy” – “a mind of mighty power”, “aqyldy bileu” – “a sage” - dana, “aqyl bileu” – “fate” – tağdyr, “aqyldy zhan” – “in wisdom” – danalyqta, “aqylsyz” is given in different units. In the “Dictionary of the Abai's language” by A.Ysqaqov, the linguist defines the word “aqyldy” as “a lot of consciousness, thinking, listening”, and the word “aqylsyz” as “unconscious, thoughtless” [15]. According to V.N. Komissarov's theory of equivalence, the translation of the given verses corresponds to the third type. That is, there is a lack of parallelism of lexical structure and syntactic structure in the original and translated versions. The general concepts

used to describe the situation in the original have been preserved in the translation, and the structure of the original and the translation cannot relate to the relationship of syntactic transformation.

Table 2 – Reason as the highest level of mind

Original version:	Ol aitty: - Tahqiq bül aitqanyñnyñ bärı ras, jaratuşy <i>artyq aqyl</i> iesı ekendıgı mağlüm boldy [16, p. 109].
S. Sanbayev’s version:	- Vse, chto ty govoril, - istina, - zametil uchenyi.- Povtoräiu, ia soglasen s tem, chto sozdatel iavläetsä nositelem <i>vysşego razuma</i> [17, p. 76].
Roland Seisenbayev and Clara Serikbayeva’s version:	- Verno vse, chto ty govoril, - otvetil uchenik, - iasno, chto Sozdatel obladaet poistine <i>velikim razumom</i> [16, p. 273].
Erbol Zhumagul’s version:	On skazal: - Vse, chto ty skazal – pravda, ochevidno, chto Sozdatel obladatel <i>soverşennogo razuma</i> [11, p. 195].
Richard McKane’s version:	“You have spoken truly, master,” replied the pupil. “It is clear that the Creator possesses <i>sublime intelligence</i> [16, p. 438].
Simon Geoghegan’s version:	“Everything you have said is true”, Aristodemus replied. “It is clear that the Creator’s <i>reason and intelligence are perfect and sublime</i> ” [11, p. 308].

The twenty-seventh word of Abai describes a dialog between Socrates and his disciple Aristodemus, who reflected on God and reason. Abai devoted great attention to Socrates' teachings, outlook, and principles. In this word, Almighty Allah has singled out man among all other creatures and endowed him with reason as a great gift. And if the Creator gives intelligence, he is convinced that his intelligence is superior to all minds and consciousnesses, and that he is the possessor of the highest intelligence.

According to the analysis of the well-known Abai scholar Garifolla Esim, Abai made several valuable comments about the reason in the speech given by Socrates. First, the concept of the existence of a reason apart from the human mind. What kind of reason is it? Abai says that it enters a person with the soul. Is that why the poet says, “heart is an armor of the mind”? The abode of the soul is the heart. Therefore, in order to have a mind, a heart is needed first. Let the mind enter a person with a soul, then what is the extra-human mind, where is its source? This is a problem. Secondly, if the soul is the mind, what is the soul? An animal also has a soul, but it does not have a reason. Thirdly, there is another power who gives a soul and intelligence to a person, and it is Allah. God has the reason, but man cannot recognize him, God has the soul, but man does not understand his soul, man is only the one who feels, perceives, and obeys the miracles and power of God [18, p. 70].

Therefore, translators must consider philosophy of the given word. The translation of “*artyq aqyl*” into Russian translates as “*veliki razum*”, “*vysşı razum*”, “*soverşennyi razum*” which means high intelligence, sublime intelligence in English. If we consider the gradual translation from Russian to English, the concepts of “reason” and “intellect” are compared. Simon Geoghegan’s version, translator gives two synonyms “*reason and intelligence are perfect and sublime*”, while Richard McKane renders as “*sublime intelligence*”. Intelligence is the ability to get used to new situations, learn new knowledge through experience, understand abstract concepts and use one's knowledge to manage the environment; the pursuit of knowledge and overcoming cognitive difficulties such as perception, feeling, memory, thinking, imagination. By intellectual means a person of great intelligence, knowledge, analytical thinking ability. This explains the meaning of the concept of “intelligence” in English. From the point of equivalency, given variants does not fully render meaning of the phrase “*artyq aqyl*”, translations into Russian and English are in the level of message (structure). The translation and the original correspond to the fourth level of V.N. Komissarov's theory of equivalence, because in the translation, words with a meaning close to the

linguistic units of the original are taken, the author's communicative intention, and syntactic structures are preserved. The way of showing and describing the situation is highly translated.

Table 3 – Reason in the eyes

Original version:	Bül ısteriniñ bärı özin körsetpek, özin-özi bazarğa salyp, bir <i>aqyly közindegi</i> aqymaqtarğa «bärekeldi» degizbek [16, p. 147].
S. Sanbayev’s version	<i>Oni iz koji lezut, chtoby vystavit sebä kak na bazare i sorvät pohvalu v svoi adres ili vyzvät chü-nibüd zavist. No chto s togo, esli kto-to budet zavidovät ih narädam? Presledovät v jizni tolko lichnye vygo-dy — znachit byt ogranichennym chelovekom. Ne ot bölşogo uma idet jelanie cheloveka obladät vsemi bla-gami mira</i> [17].
Roland Seisenbayev and Clara Serikbayeva’s version:	Staraiutsä vystavit sebä napokaz, kak na torgah, vyzyvaiut zavist u glupsov, chei <i>um tolko v glazah</i> [16, p. 309].
Erbol Zhumagul’s version:	Vse eti dela – stremlenie otlichitsä, jelanie, vystaviv sebä na bazar, zastavit kakogo-nibüd pridurka s odnoi storony s odnoi myslü na lise voskliknüt: «Molodchina!» [11, p. 234].
мұғалімі, ал Түркістан облысының 138 шағын жинақты мектебіндегі 248 дене шынықтыру мұғалімінің 53 дене мұғалімі жоғары оқу орнын қашықтан бітірген екінші мамандық иелері.

Еліміздің болашағы мектептегі білім сапасына, оқушылардың денсаулығына тікелей байланысты екендігін ескерсек, дені сау, жан-жақты дамыған, білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеуде ауыл мектебінің алатын орны өте үлкен [3, 162-б.]. Мемлекет басшысының бәсекеге қабілетті дамыған 30 елдің қатарында ену бағытындағы стратегиялық жоспарын іске асыру үшін жалпы білім беретін мектептің қоғам алдындағы жауапкершілігін терең сезінуіміз қажет. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары экономиканы оңтайландыру бағытында жүргізілген реформалардың әсерінен ауылдық жердегі өндірістің тоқырауы, жаппай жекешелендіру салдарынан жұмыссыздықтың орын алуы, мал шаруашылығының жойылып, еңбек көздерінің азаюы салдарынан халықтың, әсіресе жастардың үлкен қалаларға қоныс аударып, баланың дүниеге келуінің азаюы елдегі көптеген мектептердің шағын жинақты мектептер қатарына қосылуына себеп болды.

Бүгінде шағын жинақты мектептерді мұғаліммен қамтамасыз ету өте өзекті мәселе болып отыр. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің статистикалық мәліметтеріне сүйенсек елімізде 350 мыңнан аса мұғалім жұмыс жасаса, салыстырмалы түрде 3000-нан астам мұғалім жетіспейді. Мұғалімдердің жетіспеушілігі көбінесе ауылдық жерлердегі шағын жинақты мектептерде байқалады [4, 158-б.].

Қазіргі кезде республиканың мектептерінде жұмыс жасайтын басқа саланың мамандары бірнеше жылдан бері мұғалім болып сабақ беріп қалғандықтан, оларды орнынан қозғау мәселесі, олардың орнына арнайы мамандарды тарту жұмыстары республиканың кейбір мектептерінде жүргізілмей келеді. 2014 жылы қабылданған «Дене шынықтыру және спорт» туралы Заңда «Мектептерде дене шынықтыру сабағын тек арнаулы білімі бар маман жүргізуге тиіс», - деп көрсетілген [5]. Сондықтан осы жұмыстың нәтижесінде шағын жинақты ауыл мектептеріндегі базалық білімі сәйкес келмейтін дене шынықтыру мұғалімдеріне сабақта ұлттық қозғалыс ойындарын сапалы өткізуге әдістемелік көмек көрсету мақсаты көзделеді.

Аталған ауыл мектептеріндегі дене шынықтыру пәнінің жүргізілу сапасы сын көтермейді. Дене шынықтыру мұғалімдері арнаулы орта және жоғары білімді болғанымен, оқу орнын сырттай аяқтаған немесе басқа саланың мамандары. Олардың дене тәрбиесінің жалпы және арнайы әдістерін, сабақтың тығыздығы мен жүктемесін анықтау әдістерін меңгермегендігін, мектептің материалдық базасының мүмкіндігін ескеріп, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты дене сапаларын дамытатын ұлттық қозғалыс ойындарын өткізу, сабақты сыныптарды біріктіріп өткізу кезінде қолданатын әдіс түрлерін игермегенін анықтадық.

Осы мақалада шағын жинақты мектептерде дене шынықтыру пәнін сапалы өткізуге бақытталған нақты ұсыныстар, туындаған мәселелерді шешу жолдары, сабақ өткізу нұсқалары мен әдістерін тиімді қолдануға арналған әдістемелік нұсқаулар жан-жақты қарастырылады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Арнайы және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, интернет желісінің материалдарын теориялық талдау және жалпылау; бақылау, салыстыру, математикалық талдау әдістері қолданылды. Қордаланған мәселелерді шешу, оқушылардың дене шынықтыру пәніне ынта-ықыласын оятып, қызығушылығын арттыру, дене шынықтыру мұғалімдерінің біліктіліктерін арттыру мақсатында аталған шағын жинақты мектептердің дене шынықтыру мұғалімдеріне Халықаралық туризм және меймандостық университетінің базасында «Шағын жинақты мектепте дене шынықтыру пәнін сапалы өткізу әдістемесі» тақырыбында 36 сағаттық біліктілік арттыру курсы ұйымдастырдық. Курсқа Қызылорда және Түркістан облысының ШЖМ-нен

13 дене шынықтыру мұғалімі қатысып, біліктіліктерін жетілдірді. Оларға курстан өткендігі жөнінде арнайы сертификат берілді. Курс барысында жоғарыда аталған мәселелердің оң шешілуіне бағытталған тақырыптар таңдап алынып, ғылыми дәрежесі бар ғалымдар дәріс жүргізді. Курс соңында курсқа қатысушылар өтілген тақырыптарды қаншалықты деңгейде меңгергендігін анықтау мақсатында тест тапсырды. Сонымен қатар, курсқа қатысушылардан мектепте дене шынықтыру пәнін сапалы жүргізуге және оқушыларының дене тәрбиесі мен спортқа қызығушылығын арттыруға бағытталған сауалнама жүргізілді. Мәселенің өзектілігі ескеріліп, Халықаралық туризм және меймандостық және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеттерінің «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламалары бойынша оқу жұмыс жоспарына элективті пәндер каталогына 3 кредит «Шағын жинақты мектептерде дене шынықтыру сабағын өткізу әдістемесі» атты курс енгізілді. Бұл курсты оқу барысында білім алушылар ШЖМ-де дене шынықтыру пәнін жүргізудің арнайы әдістерін, ойын ережелері мен нұсқаларын меңгеріп, оқушылардың жас ерекшеліктері мен дене сапаларын дамытуға бағытталған ойындарды таңдауды, сабақ тығыздығы мен жүктемесін реттеуді, мектептің ерекшеліктеріне сәйкес ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ жасау әдістемелерін игереді.


Талдау мен нәтижелер

Ғылыми-әдістемелік оқулықтарды, мақалаларды, әдебиеттерді талдау, сауалнама өткізу, алынған мәліметтерді статистикалық талдау, тест қабылдау. Шағын жинақты мектептер толық мектептерден бірқатар артықшылықтарға ие: мұғалімдердің әр оқушының жеке ерекшеліктері мен өмір сүру жағдайларын терең білуі, отбасымен бірлесіп жұмыс істеудің үлкен мүмкіндіктері, іс жүзінде бес, алты оқушысы бар сыныптарда жеке оқыту және т.б. Бұл артықшылықтар дене шынықтыру пәнін жүргізу барысында кері әсерін тигізеді. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептер туралы құқықтық-нормативті құжаттарында белгіленетін шараларды толық атқаруға міндетті деп көрсетілген. Сондықтан дене шынықтыру пәнін толыққанды өткізу қажет.


Шағын жинақты мектептердің негізгі құрылымдық компоненті – бір ғана педагог басқаратын сынып-жинақ. Жинақталған сыныптардың санына сәйкес мектеп бір, екі, үш не одан да көп жинақты мектеп болуы мүмкін. Жинақ құрамы екі, үш немесе төрт сынып жинақтан құралады [6, 163-б.].

Шағын жинақты мектептегі дене тәрбиесі бойынша оқу үдерісінің ерекшелігі – сабақ өткізу үшін әртүрлі сыныптардың балаларын ұйымдастыру болып табылады. Біз зерттеу нысанымыздағы Түркістан облысының «Сауран», Қызылорда облысының «Жаңақорған» аудандарындағы шағын жинақты мектептерінің жалпы білім беретін толық мектептерден өзіндік артықшылықтарын анықтадық (1-сурет). Бұл артықшылықтар аталған мектептердегі бала санының аздығы, сабақ өткізу әдістерін тиімді қолдануға, ата-анамен жұмыс жасаудың жеңілдігі, дарынды оқушымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндіктің мол болуы, оқушылардың күнделікті қол еңбегімен айналысып, дене дамуы мен дене дайындықтарының жоғары деңгейде болуы, бұлшық еттерінің үлкен жүктемелерге дайын болуы, табиғат аясында оқу жылының 6 ай мерзімінде сабақ өткізуге қолайлы болуына байланысты. Осы ерекшеліктер дене шынықтыру мұғалімдеріне сабақты жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндіктер жасайды.

Ал, шағын жинақты мектептердің кемшілік тұстарын арнайы саралау барысында спорт жарыстары мен ұлттық қозғалыс ойындарын өткізуге бала санының жетіспеушілігі, спорт залының жоқтығы, арнайы спорт құрал-жабдықтарының жетімсіздігі, сыныптардың қосылып оқытылатындығы, жақсы мамандардың тұрақтамайтындығы, арнайы әдістемелік оқулықтардың аздығы, мұғалімнің сабаққа дайындалуына көп уақыт жұмсауы, бір мұғалім бірнеше пәннен сабақ беретіндігі және т.б. дене шынықтыру пәніне қатысты бірнеше мәселені анықтадық (2-сурет). Дегенмен, аталған мәселелерді еңсеріп, дене шынықтыру пәнін толыққанды өткізу керек.




1-сурет – Шағын жинақты мектептердің артықшылықтары



2-сурет – Шағын жинақты мектептердің кемшіліктері

Аталған мектептерде дене шынықтыру пәнін жүргізетін мұғалімдермен өзара сұхбаттасу барысында жоғарыда аталған мәселелермен қатар, сабақ өткізу барысында дене тәрбиесі мұғалімінде кездесетін негізгі қиындықтарға көз жеткіздік (3-сурет).



3-сурет – Шағын жинақты мектепте дене тәрбиесі мұғалімінде кездесетін мәселелер

Мұғалімдер негізгі мәселе ретінде сабаққа дайындыққа көп уақыт кететінін, әр сыныпқа бөлек ұзақ мерзімді жоспар (ҰМЖ), орта мерзімді жоспар (ОМЖ), қысқа мерзімді жоспар (ҚМЖ) дайындайтынын, спорт түрлерінен жарыстар өткізуге қиындықтар туатынын (оқушылар санының аздығы мен параллель сыныптардың жоқтығы), дене тәрбиесінен оқу-әдістемелік оқулықтар, спорттық құрал-жабдықтар мен дидактикалық материалдардың жетіспеушілігін атап өтті. Біз бұл мәселелерді жан-жақты талдап, курс барысында аталған мектеп мұғалімдерін университеттің профессор-оқытушыларының әр жылдары баспадан шығарған «Шағын кешенді мектептерде дене шынықтыру пәнін жүргізіп, ұйымдастыру» 2007 ж., «Мектепте волейболды өткізу әдістемесі» 2014 ж., «Мектепте баскетболды өткізу әдістемесі» 2014 ж., «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» 2021 ж., «Оқу орындарында спорт секцияларын ұйымдастыру негіздері» 2022 ж., «Дене шынықтыру» 2022 ж., «Спорттық іріктеу негіздері» 2023 ж., «Мектепте ұлттық қозғалыс ойындарын ұйымдастырып, өткізу» 2010 ж. атты оқу құралдарымен және спорттық құрал-жабдықтармен (волейбол, баскетбол, футбол, фугзал доптары, секіртпелер, гимнастикалық төсеніштер, кубиктер, үстел теннисі қалақтары мен доптары) қамтамасыз еттік. Бұл өз кезегінде дене шынықтыру мұғалімдеріне мотивация беріп, сабақты жоғары деңгейде өткізіп, оқушылардың ынта-ықыласын арттыруға үлкен көмек болды.

Біз зерттеу жұмысы барысында шағын жинақты мектептерде дене шынықтыру сабағын доптармен түрлі жаттығулар жасау, серуендеу, жүгіру, секіру, нысанаға доп лақтыру және т.б. ойындар кезінде бір бөлмеде бір уақытта өткізу үшін мектептің оқу жоспарының кез-келген басқа сабақтарымен байланыстыру мүмкін емес екендігін аңғардық. Бұл мәселе министрлік және облыстық білім басқармалары тарапынан терең зерделеуді қажет етеді.

Қазіргі таңда еліміздегі жалпы білім алатын оқушылардың басым көпшілігі шағын жинақты мектептерде оқитын болғандықтан, спорт түрлерінің әдіс-тәсілдерін, төрешілік

ережелерін жетік меңгерген дене шынықтыру мамандармен қамтамасыз ету өте өзекті мәселе болып отыр.

Осыған орай, бұл ғылыми мақалада шағын жинақты мектептерде дене шынықтыру сабағында ұлттық қозғалыс ойындарын жүргізудің тиімді әдістерін ұсыну арқылы дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету бағыттары жан-жақты қарастырылады.

Шағын жинақты мектептер үшін дене шынықтыру пәнінің мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету үшін ең алдымен шағын жинақты мектеп жағдайындағы дене тәрбиесінің мазмұны мен ерекшеліктері анықталды және осы анықталған ерекшеліктер негізінде мұғалімнің ойын, жарыс әдістерін қаншалықты деңгейде меңгергені талданып, сәйкесінше ұлттық қозғалыс ойындарды іріктеуге мүмкіндік жасалды. Осы мүмкіндікті пайдаланып оқушылардың дене сапаларын жетілдірудің негізгі бағыттарын талдау арқылы шағын жинақты мектептерде ұлттық қозғалыс ойындарын тиімді өткізудің мәселелері қарастырылды. Нәтижесінде шағын жинақты мектептерде дене шынықтыру пәнін сапалы жүргізу бағытында әдебиеттерді талдау жұмыстары жүргізілді. Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін талдау барысында шағын жинақты мектептің барлық ерекшеліктерін ескере отырып, бала саны аз сыныптарда ұлттық қозғалыс ойындарды өткізудің әдістемесін оқып-зерттеуге және табуға бағыт-бағдар берді.

Шағын жинақты мектептердегі дене тәрбиесі бағдарламасына вариативті нұсқаны қолдану арқылы ашық спорт алаңында және кең бөлмелер мен дәліздерде өткізуге жеке және жұппен орындалатын ұлттық қозғалыс ойындарын енгіздік. Осы ұсынысымызды тексеру үшін Түркістан облысы Сауран ауданы, С.Қожанов ауылындағы шағын жинақты мектеп пен Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Билібай ауылындағы шағын жинақты мектеп базасында педагогикалық эксперимент жүргізілді. Экспериментке 5-сыныптың, эксперименттік топ (ЭТ, 24 оқушы) және бақылау топтары (БТ, 20 оқушы) қатысты. Эксперименттік және бақылау топтарында сабақтар шағын жинақты мектептің жағдайына сәйкес қойылды. Эксперимент және бақылау топтарында екі оқу жылына жоспарлаған тәжірибе барысында (2021–2022 ж. және 2022–2023 ж.) мазмұны мен ережелері әртүрлі 102 сабақ өткізілді.

Шағын жинақты мектептердегі дене шынықтыру пәніндегі негізгі міндеттердің бірі ұлттық қозғалыс ойын түрлерін таңдауда оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, өте мұқият жүргізілуі тиіс. Бұл тәрбиелік және сауықтыру міндеттерін шешудің бірден-бір жолы болып табылады. Мұғалімге әрбір сабақта оқушылардың дене сапаларының (күш, ептілік, жылдамдық, төзімділік, икемділік) барлығын жоғары деңгейге көтеріп, барынша жетілдіру керек. Сонымен қатар, оқу бағдарламасына енгізілген барлық ұлттық қозғалыс ойындарын оқушылардың жасы мен жынысына қарамай жоғары деңгейде барлық сынып оқушыларын қатыстырып жүргізуді естен шығармау қажет.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің докторанты С. Жүзеев өзінің ғылыми еңбегінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін этнопедагогикалық дәстүрлерді ескере отырып, даярлау тиімді әсер ететінін атап өтеді [7, 3070-б.]. Халықтың еңбек-тұрмыс салтын бейнелейтін ұлттық қозғалыс ойындары балалардың ойынға деген ынта-ықыласын көтеріп, олардан ойындағы күрделі элементтер мен тез шешім қабылдау, досына көмектесу, ұйымдасып әрекет ету қасиеттерін дамытуға көмектеседі. Мысалы: «Қоға-ай гөк» ойынын келесі нұсқамен өткізсе оқушылардың қызығушылығы артатынын тәжірибе барысында аңғардық [8, 301-б.]:

Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойыншылардың арасынан біреуі «жалмауыз кемпір» рөліне сайланады. Қалған ойыншылар «қаздар» болып саналады да, бір-бірінің белдерінен ұстап тізбек құрады. «Қаздар» кемпірге жақындап:

Қоға-ай гөк,

Гөк, гөк қоға-ай гөк,

Гөк, гөк қоға-ай гөк, - деп әндетеді.

«Жалмауыз кемпір» алдында тұрған «қазға» ине береді де, жоғалтып алма - дейді (ине орнына сіріңкенің шиін қолдануға болады). «Қаздар» әндетіп кейін қайтады, сол кезде «Жалмауыз кемпір»:

Әлгім, әлгім қайда?

Әлгім, әлгім қайда? - деп дауыстайды.

«Қаздар»:

Әлгің, әлгің қайда?

Әлгің, әлгің қайда?

Қалды алыс сайда, - деп әнде жөнеледі.

- А, солай ма, онда ісім сендермен болсын, - деп «жалмауыз кемпір» «қаздарды» ұстап алуға әрекет жасайды.

Ойын барысында әрбір ойыншы «Жалмауыз кемпір» рөлін кезектесіп атқаруға міндетті. Ойынға 6–8 оқушы қатысып, әрқайсысы 5 минуттан «Жалмауыз кемпір» рөлін атқарған жағдайда ойын өте қызықты да тартысты өтеді. Мұғалім ойын соңында жалмауыз кемпір рөлін атқарған қай ойыншы көп «қаз» ұстаса, сол ойыншыны жеңімпаз болғанын жариялайды. Бұл ойынның ерекшелігі жас ерекшелігіне қарамай барлық сыныптың оқушылары бір мезгілде қатыса алады. Ойын барысында балалардың ұйымшылдық, достық қатынастары нығайып, сөйлеу қабілеттері жаттығады. Ал, өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын қалыптастырып, еңбекке баулиды, ширықтырып, шынықтырады [9, 204-б.].


Мұғалім «Жалмауыз кемпір» рөліне 1–2-сынып оқушыларын да міндетті түрде қатыстыруы тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының барлығы өзінің жүктемеге (жаттығуларға) бейімділігін, ептілігін көрсетіп, әрдайым жылдам болуға тырысып, «Жалмауыз кемпір» рөлін сомдауға ұмтылады. Шағын жинақты мектептерде осындай «Асау мәстек», «Үй артында қол ағаш», «Қарақұлақ», «Атқума», «Қимақ», сияқты ұлттық қозғалмалы ойындарды әртүрлі нұсқамен өткізуге мүмкіндік мол. Бұл ұлттық ойындарды сабақта және сабақтан тыс уақыттарда тиімді өткізсе, алдымен еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдылары қалыптасып, оқушылардың білімге деген құштарлығын арттырып, халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға негіз болады [10, 83-б.].

Шағын жинақты мектепте мұғалімге дене дайындығы жоғары, белсенді, ойын ережелерін жақсы меңгерген, достарына үлгі бола алатын 3–4-сынып оқушылары ұпайларды санауға, спорттық құралдарды (доптар, орындықтар, серкітпе, кубиктер және т.б.) үлестіруге, құралдарды жинап алуға, қатысушыларды алаңға орналастыруға көп көмегін тигізеді.

Ойындардың мазмұны сан-қырлы бейнелерге бағытталып, ережелері мен нұсқалары әртүрлі болып, бір сарынды (монотонды) емес, сан алуан қимыл-әрекеттермен кезектесіп, жүгіру, секіру, бұрылу, аунау, еңбектеу, өрмелеу, тартылу, лақтыру элементтері көп болған сайын оқушылардың ойынға қызығушылығы мен ынта-жігері де арта түседі. Адам бойында 630-дан астам бұлшық ет топтары болса, олар әр түрлі қимыл-әрекетке, дене жүктемелеріне қатысқанда ғана дамып, жетіледі. Сондықтан оқушылар қимыл-қозғалысқа неғұрлым жас кезінен бастап көп қатысса, соғұрлым бұлшық еттері жетіліп, дене бітімі сұлу да сымбатты болып қалыптасады.

Сонымен қатар, ұлттық қозғалыс ойындарды жас ерекшеліктеріне сәйкес дәл іріктеп, жүйелі түрде өткізсе оқушылар үйретілген қимыл-әрекеттерді жақсы меңгереді. Зерттеу жұмысы барысында ұлттық қозғалыс ойындардың оқушы ағзасына әсер етуін анықтау мақсатында тамырдың соғу жиілігін көрсететін физиологиялық қисықтың (екі оқушы нәтижесі бойынша) сызбасы жасалды. 4–5-суреттерде эксперимент және бақылау топтары

бойынша жүректің соғу жиілігі көрсетілген. Эксперименттік топта ашық ауада ұлттық қозғалыс ойындарымен өткізілген сабақтар бақыланды. Сабақтың кіріспе-дайындық бөлімінде орында тұрып және жүгіру, секіру, өрмелеу, тасымалдау, лақтыруға бағытталған қозғалыс ойындар орындалды. Бақылау тобындағы жеңіл атлетика бойынша өткізілген сабақ (жылдамдықпен жүгіру, спорт алаңындағы кіші допты лақтыру жаттығулары және т.б.) қадағаланды.




4-сурет – Эксперимент тобы бойынша ашық ауадағы сабақтың орташа физиологиялық қисығы

Эксперимент тобы бойынша 4-суретте көрсетілген дене шынықтыру сабағының орташа физиологиялық қисығын талдайтын болсақ, сабақтың кіріспе-ұйымдастыру бөлімінде тыныштық қалыпта оқушылардың жүрек соғу жиілігі (ЖСЖ) 80 рет соғып, қалыпты жағдайды көрсетті. Дайындық бөлімінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес буын бұлшық еттерін қыздыру мен жылдамдықты дамытатын ойындарды өткізіп, жүктемені біртіндеп көтеру нәтижесінде ЖСЖ 175-ке дейін көтерілді. Сабақтың негізгі дамыту бөлімінде жаңа ойындарды түсіндіру барысында ЖСЖ 130-ға дейін төмендеді. Бұл жаңа ойын ережесін түсіндіру барысында оқушылар демалыс алып, тынығуымен түсіндіріледі. Ал, 16–40 минут аралығында күшті және шыдамдылықты дамытатын ойындарды өткізіп, жүктемені біртіндеп ұлғайту барысында ЖСЖ біртіндеп 180-ге дейін көтерілді. Бұл дене жүктемесінің оқушыларға дұрыс жүргізілгенін көрсетеді. Сабақтың қорытынды бөлімінде 40-шы минуттан бастап біртіндеп тынысты қалпына келтіретін ойындар жүргізіліп, 45-ші минутта ЖСЖ қалыпты жағдайға келді. Бұл физиологиялық қисық арқылы сабақ жүктемесі мен тығыздығының жоғары деңгейде жүргізілгенін көруімізге болады.

Ал, бақылау тобында дәстүрлі бағдарламамен жүргізілген жеңіл атлетика сабағында біз зерттеу жүргізген оқушының ЖСЖ, 5-суретте көрсетілгендей, құбылмалы болды. Бұл өзгерістер дене жүктемелері мен дене жаттығуларының арасында демалыс уақытының көп болуымен және сабақ жүктемесі мен тығыздығын дұрыс сақтамауынан болып отыр.

Жүргізілген эксперимент нәтижелерінен көріп отырғанымыздай дене шынықтыру сабағын өткізу барысында кіріспе-ұйымдастыру бөлімінен бастап дене жүктемелері мен тынығуды тиімді алмастырып отыру сабақтың сапасы мен тығыздығына жақсы әсер ететінін көреміз. Ал, сабақ барысында дене жүктемелерінің бала ағзасына әсерін есепке алмай, сабақтағы жүктемені тек бір бағытта жүргізу сабақ жүктемесі мен тығыздығының төмендеуіне және оқушылардың дене шынықтыру пәніне қызығушылығының бәсеңдеуіне

әкеледі. Осы мәселені әрбір дене шынықтыру мұғалімі сабақ өткізу барысында міндетті түрде назарға алып отыру тиіс деп санаймыз.



5-сурет – Бақылау тобы бойынша сабақтың жеңіл атлетика бөлімінің физиологиялық қисығы

Екі жыл жүргізілген тәжірибе жұмысының қорытындысы бойынша эксперимент жүргізілген бастауыш сынып оқушылары орта сыныпқа ауысқаннан кейін эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылардың дене дайындықтарындағы өзгерісті анықтау мақсатында оқу жылының басы мен соңында, 1–2-кестелерде көрсетілгендей, бақылау жаттығулары бойынша нормативтер қабылдадық (1–2-кестелер).

1-кесте – 5-сыныптағы қыз балалардың дене дайындығының өзгерісі (қыркүйек 2022 ж. – мамыр 2023 ж.). Эксперимент тобы, n=24

№	Бақылау жаттығулары	Көрсеткіштер							
		тобы	бастапқы		соңғы		өсу	p	
			x	s	x	s			
1	6 минут жүгіру (м)	Ә	1034,3	20,9	1196,8	22,4	162,5	<0,05<	
		Б	1053,9	26,2	1138,7	25,3	0,19	0,05	
2	30 метрге жүгіру (сек)	Ә	5,94	0,07	5,48	0,07	0,46	<0,05<	
		Б	5,89	0,06	5,70	0,07	0,19	0,05	
3	Белтемірге жатып тартылу (саны)	Ә	7	0,8	14	0,9	7	<0,01<	
		Б	8	0,9	11	1,1	3	0,05	
4	Орнында тұрып ұзындыққа секіру	Ә	141,3	2,2	155,4	2,1	14,1	<0,05	
		Б	1,41,6	2,7	148,7	2,2	7,1	<0,05	
5	Теннис добын лақтыру (150 гр) /м/	Ә	14,8	0,6	19,8	0,9	5,0	<0,01	
		Б	15,1	0,7	18,2	1,2	3,1	<0,05	
6	Қол күшін анықтау (динамометрия) /кг/ Оң қол	Ә	21,1	20,9	0,8	28,2	0,7	7,1	<0,01<
		Б			1,1	23,8	0,9	2,9	0,05
		Сол қол	Ә	18,4	0,9	24,1	0,8	5,7	<0,01<
		Б	18,6	0,7	20,7	0,9	2,1	0,05	

2-кесте – 5-сыныптағы ер балалардың дене дайындығының өзгерісі (қыркүйек 2022 ж. – мамыр 2023 ж.). Бақылау тобы, n=20

№	Бақылау жаттығулары	Көрсеткіштер						p
		тобы	бастапқы		соңғы		өсу	
			x	s	x	s		
1	6 минут жүгіру (м)	Ә	1124,3	28,4	1287,6	29,4	163,3	<0,01
		Б	1117,7	30,2	1200,4	27,8	82,7	<0,05
2	30 метрге жүгіру (сек)	Ә	5,81	0,06	5,42	0,07	0,39	<0,05
		Б	5,82	0,05	5,64	0,07	0,18	<0,05
3	Белтемірге жатып тартылу (саны)	Ә	2	0,4	6	0,5	4	<0,01
		Б	2	0,4	4	0,5	2	<0,05
4	Орнын да тұрып ұзындыққа секіру	Ә	156,8	3,9	177,4	3,2	20,6	<0,01
		Б	154,7	4,1	164,8	2,9	10,1	<0,05
5	Теннис добын лақтыру (150 гр) /м/	Ә	29,3	1,8	38,6	1,4	9,3	<0,01
		Б	28,7	1,4	32,1	0,8	3,4	<0,05
6	Қол күшін анықтау (динамометрия) /кг/ Оң қол	Ә	23,7	0,8	31,8	0,9	8,1	<0,01
		Б	24,1	0,7	27,3	1,1	3,2	<0,05
	Сол қол	Ә	18,9	0,7	26,1	0,8	7,2	<0,01
		Б	19,3	0,7	22,4	0,9	3,1	<0,05

Кестедегі мәліметтерден бақылау жаттығуларындағы көрсеткіштердің эксперименттік топтың қыздарында және ер балаларында да жоғары болғанын көреміз. Әсіресе, күш (тартылу, қол күшін өлшеу) және төзімділік (6 минут жүгіру) көрсеткіштерінде ілгерілеу байқалды. Күш-жылдамдық көрсеткіштерінде де алға жылжу тіркелді, бұл өз кезегінде эксперименттік топта күш жүктемесінің біршама жоғарылағанымен түсіндіріледі.

Қорытынды

Зерттеу қорытындысы бойынша шағын жинақты мектептердің мүмкіндігін ескеріп, дене шынықтыру сабағына арналып жасалынған ұлттық қозғалыс ойындарын тиімді өткізуге арналған әдістеменің жақсы нәтиже бергенін және оны жалпы орта мектептерде де пайдалануға болатынын зерттеу нәтижелері көрсетті.

Сан алуан ұлттық қозғалыс ойындарымен өткізілген дене шынықтыру сабақтары оқушылардың қимыл дағдыларын жан-жақты қалыптастырып, жаңа қимыл-әрекеттерге бейімділігі мен күрделі жаттығуларды орындай білуге негіз болады. Атап айтқанда, бастауыш сынып оқушыларымен өткізілетін ұлттық қозғалыс ойындарын гимнастика мен жеңіл атлетика элементтері басым ойындармен тығыз ұштастырып өткізгенде орта сыныптарда кездесетін неғұрлым күрделі қимыл-әрекеттерді меңгеруге және спорттық ойындармен белсенді шұғылдануға көмектесетінін тәжірибе нәтижелері көрсетті.

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі және ұлттық қозғалыс ойындарын түрлі әдістер мен нұсқалар бойынша өткізуге бағытталған әдістемені болашақ дене шынықтыру және спорт саласының мамандары, шағын жинақты мектептерде жұмыс жасап жатқан дене шынықтыру мұғалімдері көмекші құрал ретінде қолдана алады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижесін республиканың барлық шағын жинақты мектептерінде қолдануға болады. Өйткені, біз барлық шағын жинақты мектептердің дене шынықтыру пәнін ұйымдастырып, өткізу барысында кездесетін мәселелерді, ғылыми әдебиеттер мен осы тақырып аясында жазылған ғылыми мақалаларды, Халықаралық, республикалық деңгейде өткізілген ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар материалдарын талдап, саралап айтарлықтай айырмашылықтың жоқ екендігіне көз жеткіздік.

Ең басты мәселе, ШЖМ-ге оқу-әдістемелік және материалдық (спорттық құрал-жабдықтар) тұрғыдан көмектің аздығында. Біз зерттеу жүргізген мектептерге оқу-әдістемелік құралдары мен спорттық жабдықтармен қолдау көрсеттік. Бұл өз кезегінде мұғалімдердің дене шынықтыру сабағын жоғары деңгейде өткізуге, түрлі әдістерді тиімді қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға оң әсер етті. Сонымен қатар, дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру курстарын ұйымдастырып, тәжірибе алмасулар арқылы әдістемелік көмек көрсету қордаланған мәселелерді тиімді шешуде үлкен қолдау болатынына көз жеткіздік. Алдағы уақытта бұл жұмыстың аясын кеңейтіп, басқа да ШЖМ өткізіп, әдістемелік қолдау көрсетуді жоспарлап отырмыз. Біздің зерттеу нысанымызда қойылған мақсат-міндеттер толық орындалды деп айта аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №270 қаулысы. [Электронды ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270> (қаралған күні 13.11.2023)
2. Қайратұлы Б. Ауыл алаңынан – Олимпиада тұғырына // Егемен Қазақстан. – 2022, 06 желтоқсан. – Б. 10.
3. Мұхамеджанов Б.Қ., Сейдахметов Е.Е. Жалпы орта мектеп дене тәрбиесі мәні туралы ғылыми-педагогикалық көзқарастар // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2019. – №1 (111). – Б. 159–166.
4. Аймағамбетов А.Қ. Еліміздің қай өңірінде мұғалімдер жетіспейді: Қазақстан педагогтарының сөзінде сөйлеген сөзі // Ізденіс КЗ. – 2021. – №3 (75). – Б. 158.
5. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №228-V ҚРЗ «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы. [Электронды ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228> (қаралған күні 13.11.2023)
6. Есіркепов Ж.М. Шағын кешенді мектептердегі оқушылардың дене тәрбиесі мен спортқа қызығушылығын қалыптастыру жолдары // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – №3/1. – Б. 163–166.
7. Zhuzeyev S., Zhailauova M., Abuova A., Koizhibayev M., Aidarov O., Maigeldiyeva Z. Professional training of future primary school teachers based on ethnopsychological features and ethnopedagogical traditions // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2022. – №17 (9). – P. 3067–3077.
8. Алимханов Е. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 330 б.
9. Ахмедов Б.А., Абилдаев А.К., Мухамеджанов Б.К. Дене мәдениетінің жеке тұлғаның дамуындағы маңызы туралы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №2 (116). – Б. 200–211.
10. Есіркепов Ж.М. Шағын кешенді ауыл мектептерінде дене тәрбиесінен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – №8/2. – Б. 82–86.

REFERENCES

1. «Qazaqstan Respublikasynyn auylidyq aumaqtaryn damytudyn 2023–2027 jyldarga arналған tujyrymdamasy turaly» QR Ukimetinин 2023 jylygy 28 nauryzdagy №270 qaulysy [Resolution of the government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 270 “On the concept of development of rural territories of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027”]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270> (date of access 13.11.2023) [in Kazakh]
2. Qairatuly B. Auyl alanyнан – Olimpiada tugyryna [From the village square – to the Olympic pedestal] // Egeмен Qazaqstan. – 2022, 06 jeltoqsan. – B. 10. [in Kazakh]
3. Muhamedjanov B.Q., Seidahmetov E.E. Jalpy orta mекteп dene tarbiesi mani turaly gylymi-pedagogikalyq kоzqarastar [Scientific and pedagogical views on the essence of general Secondary School Physical Education] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2019. – №1 (111). – B. 159–166. [in Kazakh]

4. Aimagambetov A.Q. Elimizdin qai onirinde mugalimder jetispeidi [In which regions of the country there is a shortage of teachers]: Qazaqstan pedagogtarynyn siezinde soilegen sozi // Izdenis KZ. – 2021. – №3 (75). – B. 158. [in Kazakh]
5. Qazaqstan Respublikasynyn 2014 jylgy 3 shildedegi №228-V QRZ «Dene shynyqtyru jane sport turaly» Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 3, 2014 No. 228-V KR “On Physical Culture and sports”]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228> (date of access 13.11.2023) [in Kazakh]
6. Esirkepov J.M. Shagyn keshendi mektepterdegi oqushylardyn dene tarbiesi men sportqa qyzygushylygyn qalyptastyru joldary [Ways to form students' interest in physical education and sports in small comprehensive schools] // Qazaqstannyn gylomy men omiri. – 2020. – №3/1. – B. 163–166. [in Kazakh]
7. Zhuzeyev S., Zhailauova M., Abuova A., Koizhibaev M., Aidarov O., Maigeldiyeva Z. Professional training of future primary school teachers based on ethnopsychological features and ethnopedagogical traditions // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2022. – №17 (9). – P. 3067–3077.
8. Alimhanov E. Qazaqtyn ulttyq halyq ойындары мен спорттың теориялық және педагогикалық негіздері [Theoretical and pedagogical foundations of Kazakh national folk games and sports]: monografia. – Almaty: Qazaq universiteti, 2018. – 330 b. [in Kazakh]
9. Ahmedov B.A., Abildaev A.K., Muhamedjanov B.K. Dene madenietinin jeke tulganyn damuyndagy manyzy turaly [On the importance of Physical Culture in the development of personality] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2020. – №2 (116). – B. 200–211. [in Kazakh]
10. Esirkepov J.M. Shagyn keshendi auyl mektepterinde dene tarbiesinen synyptan tys jumystardy uymdastyru erekshelikteri [Features of the organization of extracurricular activities in physical education in small complex rural schools] // Qazaqstannyn gylomy men omiri. – 2019. – №8/2. – B. 82–86. [in Kazakh]

ӘОЖ 378.147.88; МҒТАР 14.35.09
<https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.65>Г.И. САЛГАРАЕВА¹, Р.А. НАБУОВА²¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: salgaraeva78@mail.ru²педагогика ғылымдарының кандидаты,Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: nabuova@mail.ru**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫСЫН
ДАМУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын дамытуға болашақ педагогтарды кәсіби даярлау мәселесіне назар аударады. Авторлар жүргізген ғылыми-зерттеулері студенттердің шығармашылық, зияткерлік белсенділігін артуына ықпал етеді. Әдебиеттерге шолу жасау барысында әлеуметтік дағды мен даярлық ұғымдарының мәні анықталып, сондай-ақ әлеуметтік дағдыны дамытудың мәселесі нақтыланған. Студенттердің кәсіби даярлығын дамыту үдерісінің мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік, рефлексиялық компоненттерінің деңгейлері бойынша бағалау жүргізілген.

Эксперимент барысында арнайы курс ұйымдастырылып, онда теориялық, практикалық және әдістемелік тапсырмалармен қамтыла отырып, кешенді жұмыс жүзеге асырылған. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын дамытуда болашақ мұғалімдердің дайындығының көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалып, эксперименттік жұмыстың нәтижелері ұсынылған. Студенттер оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуға бағытталған технологияларды және берілген ақпараттарды игеріп, оны практика барысында сәтті іске асыруда айтарлықтай өзгеріске қол жеткізеді.

Нәтижелерді талдауда болашақ педагогтардың өз мамандығына, кәсіби іс-әрекетіне деген қызығушылықтары артқаны, шығармашылық ойлауы мен танымдық қабілеттерінің едәуір жақсарғаны байқалады. Алынған нәтижелер студенттерді даярлау барысында қолданылған әдістер және ұйымдастырылған жұмыстардың тиімділігін көрсетеді. Сәйкесінше, «Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын дамыту әдістемесін» оқу жоспарына пән ретінде енгізуді қажет деп санайды.

Кілт сөздер: даярлық, әлеуметтік дағды, әлеуметтену, бастауыш сынып, білім беру, кәсіби іс-әрекет.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Салгараева Г.И., Набуова Р.А. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын дамытуда студенттердің даярлығын қалыптастыру // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №2 (132). – Б. 321–335. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.65>

***Cite us correctly:**

Salgaraeva G.I., Nabuova R.A. Bastauysh synyp oqushylarynyn aleumettik dagdysyn damytuda studentterdin daiarlygyn qalyptastyru [Formation of Students' Readiness to Develop the Social Skills of Younger Students] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2024. – №2 (132). – B. 321–335. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.65>

Мақаланың редакцияға түскен күні 03.04.2024 / қабылданған күні 30.05.2024

G.I. Salgarayeva¹, R.A. Nabuova²*¹Senior Lecturer of the Kazakh National Women's Teacher Training University (Kazakhstan, Almaty), e-mail: salgaraeva78@mail.ru**²Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Kazakh National Women's Teacher Training University (Kazakhstan, Almaty), e-mail: nabuova@mail.ru***Formation of Students' Readiness to Develop the Social Skills of Younger Students**

Abstract. The article is devoted to the problem of professional training of future teachers in the development of social skills of primary school students. The scientific research conducted by the authors contributes to the increase of creative and intellectual activity of students. The review of the literature defines the essence of the concepts of “social skills” and “training”, as well as clarifies the problem of developing social skills. The assessment of the levels of motivational, cognitive, activity, and reflexive components of the process of developing students' professional training has been carried out.

During the experiment, a special course was organized, within the framework of which complex work was carried out, including theoretical, practical and methodological tasks. The indicators and levels of preparedness of future teachers for the development of social skills of primary school students are determined, and the results of experimental work are presented. Students master the technologies and information provided aimed at developing students' social skills and achieve significant changes with their successful implementation during practice.

When analyzing the results, it was noted that future teachers had increased interest in their profession, professional activity, and significantly improved creative thinking and cognitive abilities. The results show the effectiveness of methods and organized work in the process of teaching students. Accordingly, the authors consider it necessary to include the subject “Methods of developing social skills of primary school students” in the curriculum.

Keywords: training, social skills, socialization, primary school, education, professional activity.

Г.И. Салгараева¹, Р.А. Набуова²*¹старший преподаватель Казахского национального женского педагогического университета (Казахстан, г. Алматы), e-mail: salgaraeva78@mail.ru**²кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор Казахского национального женского педагогического университета (Казахстан, г. Алматы), e-mail: nabuova@mail.ru***Формирование готовности студентов к развитию социальных навыков младших школьников**

Аннотация. Статья посвящена проблеме профессиональной подготовки будущих учителей по развитию социальных навыков учащихся начальных классов. Научные исследования, проводимые авторами, способствуют повышению творческой и интеллектуальной активности студентов. В ходе обзора литературы определены суть понятий «социальные навыки» и «подготовка», а также уточнена проблема развития социальных навыков. Проведена оценка уровней мотивационного, познавательного, деятельностного, рефлексивного компонентов процесса развития профессиональной подготовки студентов.

В ходе эксперимента был организован специальный курс, в рамках которого выполнялась комплексная работа, включающая теоретические, практические и методические задачи. Определены показатели и уровни подготовленности будущих учителей по развитию социальных навыков учащихся начальных классов, а также представлены результаты экспериментальной работы. Студенты осваивают технологии и предоставленные

информации, направленные на развитие социальных навыков студентов и достигают значительных изменений при их успешной реализации в ходе практики.

При анализе результатов отмечены, что у будущих учителей повысился интерес к своей профессии, профессиональной деятельности, значительно улучшилось творческое мышление и познавательные способности. Результаты показывают эффективность методов и организованной работы в процессе обучения студентов. Соответственно, авторы считают необходимым включить в учебную программу предмет «Методика развития социальных навыков учащихся начальных классов».

Ключевые слова: подготовка, социальные навыки, социализация, начальный класс, образование, профессиональная деятельность.

Кіріспе

Тез өзгертін қазіргі әлемде, сондай-ақ ХХІ ғ. еліміздің алға қойған міндеттерін жүзеге асыруға белсене қатысатын, заманның ағымымен ілесе жүретін жаңа буын мұғалімін даярлау мәселесі қызу талқылануда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында Білім беру жүйесінің негізгі міндеттері кадрларды даярлауда кәсіби қызметтерді жүргізуге деген дағдылар мен құзыреттерді алуға бағытталған жоғары білім беру процесінің сапалылығы мен үздіксіздігі болып табылатындығы айтылады [1].

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің қолданыстағы бағдарламаларының мазмұны мектеп бағдарламаларына енгізілген өзгерістерді қолдағанымен толық көлемде есепке ала бермейді, ал бұл өз кезегінде педагог-мұғалімдерді даярлау сапасына теріс әсер етеді.

Бастауыш білім берудегі болашақ педагог-бакалаврларын даярлау бағдарламасы қазіргі заманғы талаптарға сай белсенді, көшбасшы, әлеуметтік жауапкершілігі мен кәсіби құзіреттілігі бар маман даярлау мақсаты бойынша бағдарламаның құзіреттіліктер салалары мен білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері аясында бірқатар сипаттама берген: бастауыш білім берудің мазмұнының теориялық мәселелерін білу, оқушылардың мектептегі ортасы мен оқу іс-әрекетіне бейімделіп, табысты әлеуметтену, мониторинг жасай алу, сонымен қатар педагогикалық процесте коммуникативтік, рефлексивті, танымдық дағдыларын дамытуда сабақтарды тиімді ұйымдастырып, оны іс жүзінде жүзеге асыру және өзінің кәсіби іс-әрекеті мен баланың әрекетінің нәтижесін алдын-ала болжамдай алу мен көре білу [2]. Бұндағы айтылған талаптардан біз бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын дамытудың қажеттілігін қолдайтынын анық көре аламыз. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушыларға білім беруде өзгермелі заманымызға сай олардың әлеуметтік дағдысын дамытуда әдістемелік тұрғыдан даярлап, сабақты соған сай жоспарлай алуын және оқушылардың білім беру кеңістігіндегі әлеуметтік ортасын құрып, оның оқыту субъектілерінің қызметін жүйелі түрде ұйымдастыруға машықтандыру біздің зерттеуіміздің өзекті мәселесі болып табылады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу әдісінде теориялық, эмпирикалық әдістер қолданылды. Теориялық зерттеуде зерттеу аясына сай ғалымдардың жазған еңбектеріне, жариялаған ғылыми мақалаларына талдау жасалынды. Нәтижесінде әлеуметтік дағды, әлеуметтік дағдыны дамыту, даярлық ұғымдары туралы анықтамаларға толығырақ түсінік берілді. Мақаланың теориялық аспектісін талдауды негізге ала отырып эксперимент жүргізілді.

Эксперимент барысында білім алушылардың даярлық деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Ондағы алынған мәліметтерді ескере отырып, болашақ мамандарға тақырыпқа бағдарланған теориялық білім мен практикалық тапсырмалар құрастырылды.

Аналитикалық әдістер арқылы эксперименттің бастапқы нәтижесі мен эксперименттен кейінгі нәтижелерге талдау жүргізілді. Статистикалық әдістермен салыстыру жұмысы жүзеге асырылды.

Талдау мен нәтижелер

Оқушылардың әлеуметтік дағдыларын зерттеудің қажеттілігі, ең алдымен, олардың қойылған талаптарға бағынбай, агрессивтілік пен эгоцентризм басымдығын көрсететін, топтағы тұлғааралық кикілжіндерді өздігінен шеше алмайтын оқушылармен практикалық жұмыс жүргізудің проблемалық жетілген мәселелерімен негізделеді. Әлеуметтік дағдының дамуы адамның қоғамда табысты бейімделуі және өзін-өзі жүзеге асыру үшін басқа адамдармен тиімді өзара әрекеттестігі мәселелері қарастырылады. Сондықтан болашақ бастаушы сынып мұғалімін оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуға даярлау ғылыми әдебиеттерді талдау мен теориялық негіздерді зерделеуден бастау алып, кәсіби даярлықтың басты аспектілерді анықтау маңызды болып отыр.

Әлеуметтік дағды және даярлық ұғымдарының мағынасын анықтау мақсатында бірқатар ғалымдардың ой-пікірлеріне тоқталайық. Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында әлеуметтік дағды ұғымының мәні туралы қазіргі таңда әртүрлі ғылыми бағыттардың өкілдері философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік және басқа да аспектілердің өз тұрғыларынан белсенді зерттеулерінен көруге болады.

Э. Гидденстің анықтамасында әлеуметтік дағдылар – бұл күнделікті әлеуметтік өзара әрекеттесуде көрініс табатын вербальды және вербальды емес мінез-құлық дей келе, ғалым келесідей дағдыларды ажыратып көрсетеді: өзіндік эмоционалды күйін және сезімдерін дұрыс көрсету білігі; ересектермен және құрдастарымен өзара әрекеттесу; жағдайға байланысты өзіндік эмоцияларын реттеу [3].

Сондай-ақ әлеуметтік дағды жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігі мәселесімен тығыз байланыстылығын айта келе, Ю.М. Жуков [43], Ю.Н. Емельянов, Е.В. Коблянская, А.Ю. Кожаспиров, А.А. Кидран, А.В. Петровский, М.Г. Ярошевский, Н.А. Лупанова, Е.Н. Ремнева сияқты ғалымдар әлеуметтік құзыреттіліктің мәнін қарастырды және сондай-ақ басқа зерттеушілер оны адамның әлеуметтік өмірінің әртүрлі салаларындағы (Р.А. Зобов, В.Н. Келасьев, В.Н. Куницына, К.Р. Рубин) білім, білік, дағдылар, мінез-құлық тәсілдері (модельдер, үлгілер, сценарийлер) ретінде анықтайды.

Әлеуметтік дағдылар әлеуметтенудің әртүрлі теорияларында әлеуметтік рөлдер (Ф.М. Грешем және С.Н. Эллиот, Э. Дюркгейм, И.С. Кон, Дж. Мид, Д.Б. Шугарман), әлеуметтік жағдайлар (J. Lavoie, S. Yachison, A. Crossman және V. Talwar), әлеуметтік өзара әрекеттестік (А.В. Мудрик, Н.Ф. Голованова) сияқты ұғымдар аясында қарастырылады.

Әлеуметтік дағды ұғымы туралы түсінікті ең алғаш өз зерттеуінде В. Слот адам өзінің өмір сүру жолында игеріп, оны қоғамда өмір сүруге пайдаланатын әлеуметтік әрекеттестік әдіс-тәсілдерінің жиынтығы деген анықтама береді. Сонымен қатар философиялық, социологиялық, орысша-қазақша түсіндірме сөздіктерде және ғалымдардың еңбектерінде өз тараптарынан анықтама берген. Аталған сөздіктер мен ғалымдардың еңбектерін талдай келе, жалпы әлеуметтік дағды қоғамда адамның табысты болуы үшін өмір жолында меңгерген іс-әрекеті, қабілеті және әлеуметтік тәсілдер жиынтығы деп айтуға болады. Әлеуметтік дағдыны қалыптастыру және оны әрі қарай дамытудың ең қолайлы кезеңі бастаушы сынып жасы болып табылады. Себебі, бастаушы мектепте жүргізілетін жұмыстар өсіп келе жатқан тұлғаның табысты әлеуметтенуіне, оқу процесін сәтті игеруге, әлем мен өзіне деген қарым-қатынасының қалыптасуы арқылы қоғамға кіруіне және басқа да тұлғалық дамуға оң әсер беретін дағдыларды дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Сондықтан оның маңыздылығы жөнінде зерттеген бірқатар ғалымдардың еңбектерін талдап өтейік.

Л.С. Выготский өз зерттеуінде «тұлға кез-келген жас кезеңінде ортада белсенді бола алады және өзі арқылы белсенділікті көрсетеді», «нақты жас кезеңдерде динамикалық өзгерістердің болуы дамудың әлеуметтік жағдайымен байланысты» деген тұжырымдар береді [4]. Бұдан біз дамудың әлеуметтік жағдайы тұлғаның даму траекториясын негіздейтінін, оның барысында бала бойында тұлғаның жаңа қасиеттері қалыптасатынын байқаймыз.

В. Абраменкова және М.В. Осорина сияқты зерттеушілер әлеуметтік дағдыларды дамытуда дәстүрлі ойын іс-әрекеті әлеуметтік дағдыларды қалыптастырудың негізгі құралдары ретінде болатынын ескере отырып, оны балалардың субмәдениеті тұрғысында қарастырады [5].

Ал Е.П. Белинская мен О.А. Тихомандрицкая баланың әлеуметтік-бағдарланған дағдыларын қалыптастыруға мәдениеттің көптүрлілігі де әсер ететіндігін айтады. Қазіргі мәдениеттің әртүрлі типтері өзара тығыз байланысты, мұндай байланыстың шекараларында әртүрлі мәдени стереотиптерді таратушылардың тұлғааралық өзара әрекеттесуі жүзеге асады. Дәл осы жалпы мәдени әлеуметтік-бағдарланған стереотиптер баланың жеке-дара өмірлік траекториясын құрастыруда аса маңызды болады [6].

Ф.М. Грешам мен С.Н. Эллиотт әлеуметтік дағдыларды субъектінің белгілі бір әлеуметтік рөлді орындай алу қабілеттілігін қамтамасыз ететін білім мен дағдылардың жиынтығы дейді. «Рөл – бұл функция, берілген рөлді атқаратын әрбір адамнан күтілетін нормативті бекітілген мінез-құлық тәсілі [7].

J. Lavoie, S. Yachison, A. Crossman және V. Talwar адамдардың қоғамдағы өзара әрекеттесу тәсілі әлеуметтік жағдайға байланысты деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, әдеттегі шеңберден тыс өзара әрекеттесу жаңа, типтік емес әлеуметтік жағдайларды тудыруы мүмкін. Әлеуметтік дағдылар туралы айтатын болсақ, J. Lavoie, S. Yachison, A. Crossman және V. Talwar оларды адамның әлеуметтік жағдайлармен күресу қабілеті ретінде сипаттайды, атап айтқанда типтік әлеуметтік жағдайларда (басқа субъектілермен өзара әрекеттесу процестерінде) табысты болу, сондай-ақ жаңа жағдайларды өз бетінше құру және сол арқылы жетістікке жету деп санайды [8].

Г.В. Белокурованың зерттеуінде әлеуметтік дағдылар «белгілі бір әлеуметтік рөлді орындау үшін қажетті алынған білім мен дағдылардың жиынтығымен қамтамасыз етілген іс-әрекеттерді орындаудағы субъектінің игерген тәсілдері» ретінде анықталады [9, 11-б.].

Осылайша, әлеуметтенудің әртүрлі тұжырымдамаларындағы ең маңыздылардың бірі ретінде әлеуметтік рөл ұғымына сүйене отырып, зерттеушілер әлеуметтік дағдыларды әлеуметтік рөлдерді орындау үшін қажетті және адам өмірі барысында алған білім мен дағдылардың жиынтығы ретінде анықтайды.

Білім беру процесінде оқушылар тек білім мөлшерін (оқуды, жазуды және санауды) игеріп қана қоймай, сонымен қатар мінез-құлықты (өзінің және басқалардың мінез-құлқын) норма талаптарына сәйкес бағалау, өзара әрекеттесу тәсілдері туралы білімдерін, мәселелерді шешу үшін ақпаратты талдау және қолдану, басқа адамдармен жемісті ынтымақтастық жасау, бірлескен іс-шараларға тиімді қатысу, өзіндік оқу әрекеттеріне мақсат қойып, жоспарлау және бағалау дағдыларын игеруі керек. Сонымен бірге, бұқаралық практикада білім беру процесінде оқушылардың әлеуметтік дағдыларын мақсатты қалыптастыру тетіктерінің қарастырудың маңыздылығы арта түсті [10; 11].

Әлеуметтік дағды бастауыш сынып оқушысының әлеуметтенуінің нәтижесі екендігіне назар аударайық. Ол оқушының өзінің әлеуетін жүзеге асыруға ұмтылдыратын іс-әрекет. Мұндайға жету үшін денсаулық, сапалы білім, тиімді ұйымдастырылған сабақ, мінез-құлық дағдылары қажет. Сондықтан, жоғарыда аталған жұмыстар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мазмұнының өзекті мәселелерін талдауға негіз болды.

С.И. Ожегов пен Н.Ю. Шведовалардың түсіндірме сөздігінде дайындықтың келесі анықтамасы берілген: «1. Бір нәрсе жасауға келісім. 2. Белгілі бір нәрсе үшін барлығы жасалған, бәріне дайын болу жағдайы» [12].

Ал Г.М. Кожаспирова, А.Ю. Кожаспиров [13] және т.б. ғалымдар дайындықты адамның болашақ іс-әрекетке ішкі бағыты ретінде қарастырады. Педагогикалық қызметке даярлығы - бұл кәсіби-педагогикалық білім беру стандарттарын меңгеруді қамтитын мұғалімнің кәсіби шеберлік деңгейі [14].

А.И. Мищенконың даярлық ұғымына ұсынған анықтамасы: «мұғалімнің кәсіби даярлығы – сананың сапалық сипаттамаларын, ойлау стилін, азаматтық және кәсіби ұстанымдарын көрсететін, соған сай бағыттылығын шоғырландыратын тұлғаның тұтас күйі. Оның құрамдас бөліктері білім, практикалық дағдылар мен шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі болып табылады [15].

В.А. Слостенин педагогикалық еңбекке даярлықты кәсіби функциялардың сәтті орындалуын қамтамасыз ететін жеке қасиеттердің жиынтығы ретінде қарастырады [16].

А.П. Сманцер: «кез-келген іс-әрекет тиісті дайындықты қажет етеді. Белгілі бір іс-әрекетке дайындықтың бастапқы деңгейін білу орындаушы үшін де, оның жетекшісі үшін де маңызды [17]. Сондықтан, кейбір студенттер ұсынылған материалды түсінуі мүмкін, бірақ оны игеруге ұмтылмайды, өйткені оларда қажетті оқу мотивациясы жоқ, белгілі бір оқу материалын зерттеу мақсаттары жоқ, ал басқаларының саналы мақсаттарға ие, бірақ бастапқы дайындық деңгейі жеткіліксіз. Бұндай жағдайда мұғалім студенттердің толыққанды оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру үшін қажетті құралдарды табу маңызды.

Сонымен қатар даярлық күзіреттілік ұғымымен қатар жүреді. Болашақ мұғалімді кәсіби даярлауда белгілі бір игеруі қажет күзіреттіліктермен байланыстырылады.

А.М. Шакирова мен Т. Курттың ғылыми зерттеулерінде білім беру бағдарламаларына талдау жасау барысында, жүйелі және өзара байланыстылықты қамтамасыз ете отырып, білім беруді меңгеруге тиіс кәсіби күзіреттіліктер туралы жан-жақты түсінік берген. Бұл студенттердің оқу үдерісіне тікелей қызығушылығына, мақсаттары мен оның кәсіби ұмтылысына сай бейімделуге мүмкіндік береді [18].

Осылайша, педагогика ғылымында даярлық ұғымы педагогикалық тұрғыдан ойлай, жобалай, ұйымдастыра алу және іс жүзінде әрекет ете алу қабілетін қамтитын күрделі жеке тұлғалық білім беру ретінде түсіндіріледі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың әлеуметтік дағдылар жүйесін дамыту туралы түсінігін қалыптастыруда төмендегідей маңызды аспектілерді ескеруі қажет:

- когнитивті аспект (мұнда оқушылардың өзара іс-әрекет тәсілдеріне, мінез-құлық нормалары мен құндылықты бағдарлар туралы біліміне баса назар аударылады);

- эмоционалды-әрекеттік аспект (эмоционалды жағдай деңгейінде тиімді өзара іс-әрекетті құруға бағдарлану мен өзіндік іс-әрекеттерін, қылықтары мен себептерін жалпыадамзаттық құндылықтармен байланыстыра отыра талдай алу);

- рефлексивті-бағалау аспектi (белгілі бір білім негізінде саналы адекватты шешім қабылдауға деген баланың қабілеттілігі мен дайындығы және маңызды бағдарланудың негізі);

- мінез-құлықтық аспектi (жаңа жағдайға шеберлікпен ауыса алу);

Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартының ережелерін ескере отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін бастауыш білім беру сатысында оқушылардың әлеуметтік дағдысын жүзеге асыру мәселесінің осындай маңызды аспектілерін білуі керек.

Жоғарыда ғылыми еңбектерді талдай келе, аталған барлық қасиеттерді болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетке даярлығын бағалау кезінде қарастырып және оны ескеруіміз қажет деп санаймыз.

Студенттерде оқушылардың әлеуметтік дағдысын жүзеге асыруға даярлығының қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін құрал ретінде педагогикалық диагностика қолданылады. Зерттеу нысаны ретінде біз ҚазҰлтҚызПУ 2022/2023 оқу жылының «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 3 және 4-курс студенттері (46 адам) таңдалды. Диагностика мақсатты түрде үшінші курс студенттеріне жүргізіледі, сондай-ақ төртінші курста көптеген әдістемелік пәндерді, оқыту әдістемесін өтетіндіктен 4-курс студенттері бақылау тобы ретінде алынды.

Эксперимент бір семестр аясында жүзеге асырылды, бұл бізге болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуға даярлығының нақты деңгейі туралы қорытынды жасауға, сондай-ақ осы процестің динамикасын бақылауға мүмкіндік берді.

Мұндағы біздің мақсатымыз болашақ мұғалімдердің бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын дамыту проблемасына даярлық деңгейін анықтау, студенттер бұл мәселелерді біле ме, жоқ па, студенттер бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын дамытуды жүзеге асыруға бағыттылығының, сондай-ақ мамандардың кәсіби қасиеттері мен құзыреттіліктерінің мәні туралы түсініктерінің мазмұнын анықтау болды.

Өз зерттеуімізде Л.М. Репетаның құзіреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтауға пайдаланған әдістемесін қолдандық. Ол құзіреттіліктің қалыптасу деңгейін төртке бөліп қарастырған: сыни, базалық, ілгері және шығармашылық. Бұл деңгейлерді біз экспериментімізде пайдалануды жөн көрдік, себебі, құзыреттілік ұғымы көптеген авторлардың еңбектерінде кәсіби даярлық ұғымымен теңестіріледі.

Сыни деңгей (СД) – жаңадан алынған ақпаратты әрі қарай өз іс-әрекетінде мақсатты түрде қолдана алу қабілетінің болмауы; өздігінен танымға деген психологиялық даярлығының әлсіздігі, еліктеу (имитациялық немесе репродуктивті) түріндегі іс-әрекеті байқалады.

Базалық деңгей (БД) – барлық білім алушылар үшін міндетті. Базалық деңгейді қалыптастыру критерийлеріне мыналар жатады: жаңа ақпаратты қабылдауға дайын болу, оқытушының ұсынған мақсаты дайын іс-әрекетті қолдану, іс-әрекетті мұғаліммен бірлесе жоспарлау, тек оқулықтағы ақпаратты пайдалану, өзіндік болжам жасай алмау, ұсынылған үлгі, жоспар бойынша ғана жүру, жұмыстың нәтижесін рефлексия түрінде емес, баяндама тұрғысында ұсыну.

Ілгері деңгей (ІД) – өз мамандығы бойынша ілгері (озық) құзіреттілікті меңгерген: оқытушы немесе басқалардың көмегімен мақсатты тұжырымдай білу, қажетті ақпараттарды тауып, оны талдай алу; қатарластарымен бірлесе отырып іс-әрекетті жоспарлай алу, білімін қолдану, оқытушының ұсынған оқулығынан немесе басқа да дереккөздерден алған білімдерін өз жұмыстарында пайдалана білу; оқытушымен бірлесе жасалған жоспарға сәйкес зерттеуді орындауда болжамдарды ұсына алу және негіздей білу; оқытушымен бірлесіп әзірленген жұмыстардың нәтижелерін баяндама түрінде ұсыну; оқытушының көмегімен рефлексия жасай алу.

Шығармашылық деңгей (ШД) – ақпаратты өз бетінше іздеу, оған интерпретация жасап, жаңа пәндік мазмұндармен байланыстыру; мақсат құру, зерттеу іс-әрекетін өздігінен немесе басқалармен бірлесе отырып жоспарлау; оқу бағдарламаларынан тыс әртүрлі дереккөздерден алған білімдерін қолдану; өздігінен болжам жасай алу; тәжірибені өздігінен жоспарлау; жұмыс нәтижелерінің ұсынымдарын баяндама түрінде және бағалау түрінде ұсыну; рефлексияны өздігінен жүзеге асыру.

Эксперимент барысында болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейлері зерттеу қызметінің компоненттеріне негізделген. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуға қаншалықты деңгейде даяр екендігін өлшеуге мүмкіндік береді. Мотивациялық компонент білім алушылардың оқу процесіндегі оқу мотивтерін ескереді. Танымдық компонент студенттерді оқытудың теориялық жағын көрсетеді. Іс-әрекеттік компонент алған білімдерінің практикада қолдану жағын анықтаса, рефлексивтік компонент өз іс-әрекетін бақылау, бағалау және өзін-өзі жүзеге асырумен анықталады.


Әдебиеттерге талдау жасай келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуға дарлық деңгейінің сипаттамалары 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуға даярлығы деңгейінің сипаттамасы

Деңгей	Компонент	Сипаттамасы
Бастапқы	Мотивациялық	Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің сыртқы мотивтері бойынша педагог қызметіне деген қысқа мерзімді қызығушылығы бар
	Танымдық	Әлеуметтік дағды туралы теориялық білім аз және материалды толыққанды меңгермеген
	Іс-әрекеттік	Білімді игеруде ақпараттарды іздеу және өңдеу дағдыларын ішінара игерумен сипатталады
	Рефлексивтік	Болашақ педагог ретінде алдағы іс-әрекетінің нәтижелерін болжай алуы төмен
Орта	Мотивациялық	Болашақ мамандығына деген жеке көзқарастар мен құндылық бағдарлары тұрақты. Болашақ педагог ретінде оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытудың қажеттілігін саналы түрде түсінеді
	Танымдық	Әлеуметтік дағды туралы жалпы түсінік бар
	Іс-әрекеттік	Білімді игеруде ақпараттарды іздеу және өңдеу дағдылары қалыптасқан
	Рефлексивтік	Оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуда өз іс-әрекетін бақылап, болжамдайды
Жоғары	Мотивациялық	Өзінің мамандығына деген жоғары ішкі қажеттілігі басым. Оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуға деген айқын ұмтылысы бар
	Танымдық	Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік дағды туралы теориялық білімі бар және оны оқушылардың бойында дамытудың ықтимал сенімді тәсілдерін біледі
	Іс-әрекеттік	Білімді игеруде ақпараттарды іздеу, өңдеу және оны практикада қолдану дағдыларын меңгерген. Оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуда тиімді шешім қабылдай алады
	Рефлексивтік	Болашақ педагог ретінде оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытудың нәтижелерін болжамдайды, өз іс-әрекетін бақылай және бағалай алады. Өз іс-әрекетін жетілдіруге ұмтылады

Мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттердің болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуға даярлаудың бастапқы деңгейі сауалнама арқылы анықталды.

Сауалнаманың нәтижесінде білім алушылардың болашақ мамандыққа деген ынтасын, оқушылармен жұмыс жасауға қызығушылық танытады деген қорытынды жасалды (бақылау тобы 76%, эксперимент тобы 68%). Бұл мәліметтер толығырақ төмендегі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мотивациялық компонентінің даму деңгейі

Сауалнама бойынша екі топтың да білімді игеруге қызығушылық танытатындығын, олардың әлеуметтік дағды туралы ақпараттарының аз болғанына қарамастан, ол туралы білімдерін кеңейткісі келетіндігінен байқалды. Алған білімдері мен қабілеттерін болашақта жұмысқа орналасқанда іске асырғысы келеді. Бұл өз кезегінде жетістікке жетуге көмектеседі. Білім алушылардың жаңаны тануға деген қызығушылығы мен табысқа жету ниеті бізге болашақ бастауыш мұғалімін оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуға даярлау процесіне көмектеседі.

Білім алушылардың жауаптарын талдай келе, олардың өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысының бар екендігі көрінді. Алайда, танымдық компонент бойынша берілген жауаптарға назар аударсақ, көптеген білім алушылар оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуды қалай жүргізу керектігін, неден бастайтынын, ол қандай қызметтерді қамтитынын, қандай әдістерді пайдалану керектігін білмеді. Студенттердің танымдық даму деңгейінің төмен екенін көреміз. Бұл мәліметтердің көрсеткіші төмендегі 2-суретте бейнеленген.



2-сурет – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің танымдық компонентінің даму деңгейі

Сауалнама негізінде білім алушылар оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамыту мәселесін шығармашылық тұрғыда шешімін табуда қиналатындығы көрінді. Сонымен қатар, ақпараттарды іздеуде, оны практикада қолдануда ықтимал сенімді тәсілдерді білмейтіндігін байқадық, себебі, олар көбіне интернет-ресурстарға жүгінеді. Ал бұл сәйкесінше көп жағдайда нәтижелі бола бермейді.

3-суретте көрсетілген нәтижелер білім алушылардың даярлық деңгейінің іс-әрекеттік компонентін дамыту сыни деңгейді көрсетеді. Білім алушылардың тәжірибе барысында келесі кемшіліктерді көрсетті:

- алған ақпаратты өңдеуде ең маңыздысын бөліп көрсетуде қиналады;
- игерген білімін практикада қолдануы төмен;
- дәрістен алған білімін басқа дереккөздерімен салыстырып, талдауға сирек түседі;
- берілген материалды өз сөзімен жеткізбей, жатқа айту қалыптасқан.



3-сурет – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің іс-әрекеттік компонентінің даму деңгейі

Іс-әрекеттік компонентте сыни деңгейінің басым болуы, студенттердің практика барысында интернеттегі дайын материалдарды өндемей пайдаланатындығы, оқу бағдарламаларымен таныс болғанымен, іс-жүзінде сирек пайдаланатындығы анықталды. Мұндай нәтижеден соң сәйкесінше, 4-суретте де төмен деңгей көрсететіндігін байқаймыз.



4-сурет – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексивті компонентінің даму деңгейі

4-суретте рефлексивті компонентінің даму деңгейі бойынша алынған мәліметтерде білім алушылар алдағы іс-әрекетінің нәтижелерін болжай алуы төмен. Сондықтан өз іс-әрекетін бақылауда және бағалауда қиналады.

Алынған мәліметтерді талдай келе, студенттердің көпшілігінде білім беру үдерісінде әлеуметтік дағды туралы түсініктері аз, баланың жеке басын дамытуда оны жүзеге асырудың қалай болатынын білмейтіні анықталды. Білім алушылар өз мамандығына және оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуға қызығушылық танытқанымен, оны іс жүзінде жүзеге асыру дағдылары қалыптаспаған.

Осылайша, біз бастауыш сыныпта оқушыларда әлеуметтік дағдыны дамытудың маңыздылығын түсінгенімен, студенттерде ол туралы теориялық білімдері мен әдістемелік біліктерінің жетіспейтіндігі анықталды.

Қалыптастырушы эксперименттік кезеңде білім алушыларды оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуға даярлауға бағытталған арнайы бағдарлама құрылды. Арнайы бағдарламалар аясында эксперименттік топтың білім алушыларына «Әлеуметтік дағдыны дамыту әдістемесі» тақырыбында теориялық аспектілері бойынша курс жүргізілді. Курс мазмұнында әлеуметтік дағды ұғымы, бастауыш сыныпта әлеуметтік дағдыны дамытудың рөлі, маңызы, аспектілері, әлеуметтік дағдыны дамыту жұмыстарын ұйымдастыру сынды тақырыптары қамтылды. Сондай-ақ теориялық аспектілермен қатар білім алушыларға практикалық, студенттің өзіндік жұмыс тапсырмалар жүйесі де құрылды.

Теориялық аспектіде алған білімдерін тексеру мақсатында пікірталас, дөңгелек үстел, ашық алаң, ыстық орындық және т.б. әдістер пайдаланылды. Сын тұрғысынан ойлауға бағытталған практикалық тапсырмалардың берілу нұсқасын ұсынайық.

1-ші тапсырмаға әлеуметтік дағды, Soft skills (жұмсақ дағдылар) және Hard skills (қатты дағдылар) ерекшелігін «Төрт сөйлем» әдісі арқылы орындау ұсынылды, ол 2-ші кестеде көрсетілген.

2-кесте - «Төрт сөйлем» әдісі

Оқу мақсаты	Пікір	Дәлел	Мысал	Қорытынды
Әлеуметтік дағды				
Soft skills (жұмсақ дағдылар)				
Hard skills (қатты дағдылар)				
Өзіндік ой-тұжырым				

Берілген тапсырма бойынша әлеуметтік дағды ұғымының басқа дағды ұғымдарынан айырмашылығын, ұқсастығын айқындап, дәлелді тұстарымен мысал келтірді, тапсырманы орындау барысында студенттердің дәрістегі материалдан басқа қосымша дереккөздерді пайдаланып жаңа мәліметтер оқып ізденгендігі байқалды.

2-ші тапсырмаға әлеуметтік дағдыны дамыту бойынша «Ойлан, құрастыр» әдісі бойынша 3-кестеде жаттығулар құрастыру және күзиреттіліктерін айқындау берілді.

3-кесте - «Ойлан, құрастыр» әдісі

Әлеуметтік дағды	Әлеуметтік дағдыны дамыту жаттығуын құрастыру	Оқушыда қалыптасатын күзиреттіліктер
Өзін ұстау мәдениеті дағдылары		
Ересектермен және құрдастарымен өзара іс-әрекет		
Адамгершілік нормалар		

2-ші тапсырмада ұсынылған әлеуметтік дағдылардың дамуына жаттығулар құрастыру ұсынылды. Бұл жаттығуды құрастыру барысында студенттер сынып пен мұғалімнің бірлескен іс-әрекетке бағытталған жағдаяттық ойындар, жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылған тренингтер, метафоралық әдіс арқылы әңгіме құрастыру және т.б. тапсырмаларды құрастырып, соған сай оқушыларда қалыптасатын коммуникативтік, ақпараттық, жалпы-мәдени, оқу-танымдық және т.б. құзіреттіліктерді анықтады.

Осындай перспективалық бағыт ретінде ұсынылған бағдарламаның негізінде шығармашылық, әдістемелік түрлі тапсырмалар ұсынылды. Студенттерге нормативті құжаттарды, бастауыш білім беру бағдарламалары мен үлгілік оқу бағдарламаларын «INSERT», «Қос жазба күнделігі» әдістері арқылы талдау жасау ұсынылды. Студенттер ондағы зерттелетін әлеуметтік дағдыны дамыту мәселесіне бағытталған тақырыптар тізбегіне, мақсаттары мен мазмұнына, әдістемелік мәніне талдау жасады.

Сонымен қатар, материалды меңгеру үдерісін өздігінен дербес ұйымдастыру үшін кейс әдісін қолдану арқылы проблемалық-жағдаяттық оқу ұсынылды. Кейс әдісінің артықшылығы теория мен практиканы үйлесімді ұштастыра алу мүмкіндігі, ал бұл маман даярлауда өте маңызды болып табылады. Кейс әдісі түрлі жағдайларды талдауға, баламалы нұсқаларды бағалауға, ең тиімді нұсқаны таңдау мен оны жүзеге асыруды жоспарлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.


Оқу үдерісінде кейс-технологияны қолдану студенттердің өз мамандығына, кәсіби іс-әрекетіне деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Студенттердің белсенді таным әрекетін қамтамасыз етіп, оларды түрлі мәселе туғызған сұрақтардың шешімін табуға тартады. Соның негізінде студенттерде білімдерін өзектендіру, талдау дағдыларын дамыту, шешім қабылдау, баламалы нұсқаларды қарастыру, салыстырмалы талдау жүргізу және қорытынды жасау мүмкіндігі жүзеге асады.

Курс аясында алған білімі негізінде студенттер оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуға, бірқатар сын тұрғысынан ойлауға бағытталған тапсырмаларды құрастырып, оны педагогикалық практика кезінде қысқа мерзімді жоспардың мазмұнына тиімді кіріктіріп, сабақтан тыс жұмыстарда іске асыруға мүмкіндік алды. Жүйелі және тұрақты ұйымдастырылған шығармашылық әрекеттер ерекше ойды талап ететін әлеуметтік қарым-қатынастар мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға тиімді әсер етеді деген қорытындыға келдік.

Эксперименттен кейін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік дағды туралы түсінігі ғана емес, оны қалай дамытып, оны неден бастау керектігі туралы танымдары кеңейе бастады. Оны эксперименттен кейінгі танымдық компонентінің шығармашылық және ілгері деңгейлерінің жоғарылағанынан байқалады. Экспериментке дейін танымдық компоненттегі шығармашылық деңгей 9% болса, ал эксперименттен кейін бұл деңгей 17%-ға көтерілді; танымдық компоненттің ілгері деңгейінің көрсеткіші экспериментке дейін 13,7% болса, эксперименттен кейін 29%-ға жоғарылады.

Эксперименттен кейін білім алушылардың кәсіби даярлығының іс-әрекеттік компонентін дамытудағы сыни деңгейі 2%-ға төмендеп, Ілгері деңгейі 7%-ға жоғарылады. Бұндағы алынған нәтижелер білім алушылардың әлеуметтік дағдыны дамытуға байланысты берілген материалдарды талдай және қорытындылар жасай алуы, оқушылардың жас және тұлғалық ерекшеліктеріне сай тапсырмаларды дұрыс құра алуларынан байқалады.

Рефлексивті компонент бойынша эксперименттен кейін білім алушылардың кәсіби даярлығының сыни деңгейі 5%-ға азайып, шығармашылық пен ілгері деңгейінің көтерілгендігі байқалды. Ал бұл өз кезегінде оқу үдерісінде алған білімдерін өзектендіруде, баламалы нұсқаларды қарастырып, шешім қабылдауда, қорытынды жасауда және өз жұмысының жауапкершілігін түсіне бастағанымен байланыстыруға болады.



5-сурет – Білім алушылардың кәсіби даярлығының экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі салыстырмалы көрсеткіші

Алынған нәтижелерді саралай келе, эксперименттік топтағы білім алушылардың кәсіби даярлығының жоғарылағаны байқалды. Эксперименттік және бақылау топтарының білім алушыларының салыстырмалы нәтижесін 5-суреттен көруге болады.

Жүргізілген эксперименттің нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын дамыту бойынша болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын қалыптастыруда атқарылған жұмыс оң әсер еткенін растады және оны жоғары білім беру жағдайында қолданудың тиімділігін дәлелдеді.

Қорытынды

Мақалада сипаттаған зерттеуде біз әлеуметтік дағды ұғымын нақтыладық, оны жүзеге асырудың заманауи тәсілдерін анықтап, әлеуметтік дағдыны дамытуда студенттердің кәсіби даярлығын кезең бойынша қалыптастыру технологиялары ұсынылды, бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын дамытуды қамтамасыз етуге маманның кәсіби даярлығын қалыптастыру процесінің тиімді жұмыс істеу жолдарын тексердік. Білім алушылардың оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуға даярлығын қалыптастыруға бағытталған эксперименттік жұмыстан алынған нәтижелер бойынша айтарлықтай оң өзгерістерге қол жеткізгенімізді көруге болады.

Жұмыс барысында әлеуметтік дағдыны дамытудың барлық аспектілерін қамтитын курс ұсынылды, сондай-ақ ол практикалық тапсырмалар беруді қамтыды. Эксперимент топтың студенттері болашақта оқу үдерісінде оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамыту барысында қолданатын технологияларды сәтті игергені көрсеткіштен байқалады.

Алынған нәтижелер білім алушылардың жаңа білім мен мамандығы бойынша кәсіби іс-әрекетке қызығушылық танытқандығын және олардың шығармашылық деңгейінің жоғарылағандығын көрсетті. Бұл студенттерді оқушылардың әлеуметтік дағдысын дамытуға дайындау бойынша ұйымдастырылған жұмыстың тиімділігін айқындауға, сондай-ақ ол студенттерге өздерін кәсіби маман ретінде қалыптастыруға белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы. [Электронды ресурс] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (қаралған күні 13.06.2024)
2. «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы. 2020-2021/ 2021-2022 оқу жылы. [Электронды ресурс]. URL: https://epvo.kz/#/register/education_program (қаралған күні 13.06.2024)
3. Гидденс Э., Саттон Ф. Основные понятия в социологии. – М.: Изд. дом Высшей школы экономики, 2018. – 336 с.
4. Выготский Л.С. Педагогическая психология / под ред. В.В. Давыдова. – М.: АСТ: Астрель, 2014. – 456 с.
5. Абраменко В.В. Социальная психология детства: учебное пособие для студентов университетов, педагогических институтов и психолого-педагогических колледжей. – М.: ПЕР СЭ, 2008. – 431 с.
6. Белинская Е.П., Тихомандрицкая О.А. Проблемы социализации: история и современность: учебное пособие. – М.: Изд-во Московского психолого-социального ун-та; Воронеж: МОДЭК, 2013. – 208 с.
7. Gresham F.M., Elliott S.N. Social skills rating system. – Bloomington, MN: Pearson Assessments, 2008.
8. Lavoie J., Yachison S., Crossman A., Talwar V. Polite, instrumental, and dual liars: Relation to children's developing social skills and cognitive ability // International Journal of Behavioral Development. – 2017. – №41. – P. 257–264.
9. Belokurova G.V. Pedagogical conditions for the formation of social skills of a preschooler by means of etiquette: abstract of PhD thesis. – Ulyanovsk, 2008. – 22 p.
10. Запятая О.В. Формирование социальных умений младших школьников в образовательной среде школы: автореф. ... канд. пед. наук. – Пенза, 2011. – 22 с.
11. Столяренко Л.Д. Педагогическая психология. – 2-е изд., перераб. и доп. – Ростов н/Д: Феникс, 2003. – 544 с.
12. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – М.: ООО «Издательство ЭЛРИС», 2003. – 944 с.
13. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Словарь по педагогике. – М.: ИКЦ «МарТ», Ростов-н/Д: Изд. центр «МарТ», 2005. – 447 с.
14. Педагогический словарь / под ред. В.И. Загвязинского, А.Ф. Закировой. – М.: Академия, 2008. – 352 с.
15. Шибанова Н.М. Подготовка будущего учителя к гражданско-правовому воспитанию младших школьников: дис. ... канд. пед. наук. – Чита, 2004. – 226 с.
16. Слостенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. Заведений / под ред. В.А. Слостенина. – М.: Издательский центр «Академия», 2013. – 576 с.
17. Сманцер А.П. Теория и практика реализации преемственности в обучении школьников и студентов. – Минск: БГУ, 2011. – 289 с.
18. Шакиева А.М., Курт Т. Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың мүмкіндіктері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 377–392. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.30>

REFERENCES

1. QR «Bilim turaly» Zany 2007 jylgy 27 shildedegi №319 Zany [The Law of the Republic of Kazakhstan “On Education” dated July 27, 2007 No.319]. [Electronic resource] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (date of access 13.06.2024) [in Kazakh]
2. «Bastauyshta oqytu pedagogikasy men adistemesi» bilim беру bagdarlamasy. 2020-2021/2021-2022 oqu july [Educational program «Pedagogy and methods of primary education»]. [Electronic resource] URL: https://epvo.kz/#/register/education_program (date of access 13.06.2024) [in Kazakh]

3. Giddens E., Satton F. Osnovnye poniatie v sociologii [Basic concepts in sociology]. – M.: Izd. dom Vysshei shkoly ekonomiki, 2018. – 336 s. [in Russian]
4. Vygotskiy L.S. Pedagogicheskaya psihologiya [Educational psychology] / pod red. V.V. Davydova. – M.: AST: Astrel, 2014. – 456 s. [in Russian]
5. Abramenko V.V. Socialnaya psihologiya detstva [Social psychology of childhood]: uchebnoe posobie dlia studentov universitetov, pedagogicheskikh institutov i psihologo-pedagogicheskikh kolledzhei. – M.: PER SE, 2008. – 431 s. [in Russian]
6. Belinskaya E.P., Tihomandrickaya O.A. Problemy socializatsii: istoriya i sovremennost [Problems of socialization: history and modernity]: uchebnoe posobie. – M.: Izd-vo Moskovskogo psihologo-socialnogo un-ta; Voronej: MODEK, 2013. – 208 s. [in Russian]
7. Gresham F.M., Elliott S.N. Social skills rating system. – Bloomington, MN: Pearson Assessments, 2008.
8. Lavoie J., Yachison S., Crossman A., Talwar V. Polite, instrumental, and dual liars: Relation to children's developing social skills and cognitive ability // International Journal of Behavioral Development. – 2017. – №41. – P. 257–264.
9. Belokurova G.V. Pedagogical conditions for the formation of social skills of a preschooler by means of etiquette: abstract of PhD thesis. – Ulyanovsk, 2008. – 22 p.
10. Zapiataia O.V. Formirovaniye socialnykh umeniy mladshih shkolnikov v obrazovatelnoi srede shkoly [Formation of social skills of younger students in the educational environment of the school]: avtoref. ... kand. ped. nauk. – Penza, 2011. – 22 s. [in Russian]
11. Stoliarenko L.D. Pedagogicheskaya psihologiya [Educational psychology]. – 2-e izd., pererab. i dop. – Rostov n/D: Feniks, 2003. – 544 s. [in Russian]
12. Ojegov S.I., Shvedova N.Iu. Tolkovyi slovar russkogo iazyka [Explanatory dictionary of the Russian language]. – M.: OOO «Izdatelstvo ELRIS», 2003. – 944 s. [in Russian]
13. Kodjaspirova G.M., Kodzhaspirov A.Iu. Slovar po pedagogike [Dictionary of Pedagogy]. – M.: IKC «MarT», Rostov-n/D: Izd. centr «MarT», 2005. – 447 s. [in Russian]
14. Pedagogicheskii slovar [Pedagogical dictionary]: ucheb. posobie dlia studentov vysshikh ucheb. zavedeniy / pod red. V.I. Zagviyazinskogo, A.F. Zakirovoi. – M.: Akademia, 2008. – 352 s. [in Russian]
15. Shibanova N.M. Podgotovka budushego uchitelia k grazhdansko-pravovomu vospitaniiu mladshih shkolnikov [Preparing a future teacher for the civil law education of younger students]: dis. ... kand. ped. nauk. – Chita6 2004. – 226 s. [in Russian]
16. Slastenina V.A., Isaev I.F., Shianov E.N. Pedagogika [Pedagogy]: ucheb. posobie dlia stud. vyssh. ped. ucheb. zavedeniy / pod red. Slastenina V.A. – M.: Izdatelskiy centr “Akademia”, 2013. – 576 s. [in Russian]
17. Smancer A.P. Teoriya i praktika realizatsii preemstvennosti v obuchenii shkolnikov i studentov [Theory and practice of implementing continuity in the education of schoolchildren and students]. – Minsk: BGU6 2011. – 289 s. [in Russian]
18. Shakieva A.M., Kurt T. Qashyqytan oqytu jagdaiynda bolashaq shetel tili mugalimderinin kasibi quzyretterin qalyptastyrudyn mumkindikteri [Opportunities for the formation of professional competencies of future foreign language teachers in the context of distance learning] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №4 (130). – B. 377–392. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.30> [in Kazakh]

ӘОЖ 37.01 МҒТАР 15.41.43

<https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.66>Т.Қ. МУСТАПАЕВА¹, Г.У. ЕЛЕУСИНОВА², Б.Ш. ИБАТУЛЛИН³¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: tmustapaeva89@mail.ru²педагогика ғылымдарының кандидаты,Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті
(Қазақстан, Ақтөбе қ.), e-mail: eleusinova71@mail.ru³полковник, С. Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: visv_ibatulin@mail.ru

МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУДІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада буллинг ұғымына түсініктеме бере отырып, буллинктің бірқатар түрлерін көрсетеді және буллинктің туындау себептеріне қысқаша ақпарат беріледі. Мақаланың зерттеу өзектілігінде мектептегі буллинктік әрекеттердің оқушылардың эмоциялық, тұлғалық қасиеттеріне қоса, оқуға қатынасына да кері әсер ететіндігі, субъективті әл-ауқатының нашарлауы тұжырымдала отырып, оның алдын алудың маңыздылығын сипаттайды. Мектептегі буллинктің алдын алуға қатысты бірнеше шетелдік зерттеулерге теориялық талдау жасау барысында жүйелеу, жалпылау, педагогикалық өнімдерді талдау әдістері және эксперименттік деректерді статистикалық өңдеу әдістері қолданылады. Шетелдік зерттеулер негізінде буллинктің алдын алудың әртүрлі механизмдері мен ғылыми тұжырымдары дәйектеледі. Корея, Мексика, АҚШ, Финляндия, Нигерия елдеріндегі буллинктің алдын алу тәжірибелері талданады. Шетелдік тәжірибелер бойынша оқушыларда эмпатиялық қабілетті жетілдіру, өзіндік тиімділікті арттыру, конфликтіге қатысушылардың қарым-қатынасын қалпына келтіруге байланысты өзара әрекеттесуді жақсарту, позитивтілікті ұстану, буллинктік жағдаяттардағы бақылаушылардың жанашырлық сезімін жетілдіру, өзіндік қорғаныс әрекеттерін меңгертуге байланысты арнайы іс-шаралардың маңыздылығы айқындалады. Мақалада Алматы және Түркістан қалалары бойынша мектеп оқушылары арасында орын алатын физикалық және психологиялық жәбірлеу әрекеттерінің түрлері мен көріну жиілігі туралы статистикалық деректер келтірілген.

Кілт сөздер: буллинг, мектептегі буллинг, буллинктің алдын алу, физикалық зорлық-зомбылық, психологиялық жәбірлеу.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Мустапаева Т.К., Елеусинова Г.У., Ибатуллин Б.Ш. Мектептегі буллинг мәселесі және оны шешудің шетелдік тәжірибелері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №2 (132). – Б. 336–349. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.66>

*Cite us correctly:

Mustapaeva T.K., Eleusinova G.U., Ibatullin B.Sh. Mekteptegi bulling maselesi jane ony sheshudin sheteldik tajiribeleri [The Problem of Bullying at School and Foreign Experiences in Solving it] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2024. – №2 (132). – B. 336–349. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.66>

Мақаланың редакцияға түскен күні 02.04.2024 / қабылданған күні 27.06.2024

Т.К. Мустапаева¹, Г.У. Елеусинова², В.Ш. Ибатулин³

¹*Senior Lecturer of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: tmustapaeva89@mail.ru*

²*Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University
(Kazakhstan, Aktobe), e-mail: eleusinova71@mail.ru*

³*Colonel, S. Nurmagambetov The Military Institute of the Ground Forces
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: visv_ibatulin@mail.ru*

The Problem of Bullying at School and Foreign Experiences in Solving it

Abstract. The article explains the concept of bullying, shows a number of types of bullying and provides brief information on the causes of bullying. The relevance of the research of the article is that bullying activities at school have a negative impact on students' emotional and personal qualities, as well as on their attitude to learning, the deterioration of their subjective well-being, and the importance of its prevention. Systematization, generalization, methods of analysis of pedagogical products and methods of statistical processing of experimental data during the theoretical analysis of several foreign studies related to the prevention of school bullying are used. Based on foreign studies, different mechanisms and scientific findings of bullying prevention are presented. Bullying prevention practices in Korea, Mexico, USA, Finland, and Nigeria are analyzed. According to foreign experiences, the importance of special activities related to improvement of empathic ability of students, increase of self-efficacy, improvement of interaction related to restoration of relations of conflict participants, adherence to positivity, improvement of empathy of observers in bullying situations, mastering of self-defense actions is determined. The article provides statistical data on the types and frequency of physical and psychological violence among schoolchildren in the cities of Almaty and Turkestan.

Keywords: bullying, bullying at school, bullying prevention, physical violence, psychological violence.

Т.К. Мустапаева¹, Г.У. Елеусинова², В.Ш. Ибатуллин³

¹*старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета
имени Ходжи Ахмеда Ясави, (Казахстан, г. Туркестан), e-mail: tmustapaeva89@mail.ru*

²*кандидат педагогических наук, доцент Актюбинского регионального университета
имени К. Жубанова, (Казахстан, г. Актобе), e-mail: eleusinova71@mail.ru*

³*полковник, Военный институт Сухопутных войск имени С. Нурмагамбетова
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: visv_ibatulin@mail.ru*

Проблема буллинга в школе и зарубежный опыт ее решения

Аннотация. В статье рассматривается понятие «буллинга», некоторые виды буллинга и дана краткая информация о причинах буллинга. В исследовательской актуальности статьи описывается важность ее профилактики, формулируя, что буллинговые действия в школе негативно влияют как на отношение учащихся к обучению, так и на эмоциональные, личностные качества, ухудшение субъективного самочувствия. При теоретическом анализе ряда зарубежных исследований, связанных с профилактикой школьного буллинга используются такие методы как систематизация, обобщение, методы анализа педагогической продукции и методы статистической обработки экспериментальных данных. На основе зарубежных исследований представлены различные механизмы и научные данные профилактики буллинга. Анализируются практики предотвращения буллинга в Корее, Мексике, США, Финляндии и Нигерии. По зарубежному опыту определяется значимость специальных мероприятий, связанных с развитием у учащихся эмпатических способностей, повышением самооффективности, улучшением взаимодействия, связанного с

восстановлением общения участников конфликта, поддержанием позитивности, совершенствованием чувства сострадания наблюдателей в буллинговых ситуациях, овладением самостоятельными защитными действиями. В статье приведены статистические данные о видах и частоте физического и психологического насилия среди школьников городов Алматы и Туркестан.

Ключевые слова: буллинг, буллинг в школе, профилактика буллинга, физическая насилие, психологическая насилие.

Кіріспе

Мектептегі буллинг мәселесі – бүкіл әлемдегі оқушылардың физикалық және психикалық денсаулығына қауіп төндіретін күрделі әлеуметтік мәселе болып отыр. Жақында жүргізілген жаһандық зерттеулер көрсеткендей, «оқушылардың 32%-ы бір айда бір немесе бірнеше күн мектепте құрбылары тарапынан буллингтің қандай да бір түрін бастан кешіреді» (ЮНЕСКО, 2021) [1]. Мектептегі буллинг жасөспірім кезіндегі мінез-құлық проблемалары мен әлеуметтік регрессияны тудырып қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың ересек болып есеюі кезіндегі өміріне ұзақ мерзімді теріс әсер етеді. Сондықтан балалар мен жасөспірімдердің игілігі үшін мектептегі буллингтің алдын алу қажеттілігі өзекті болып табылады. Ол үшін ең алдымен балалардың психологиялық субъективті әл-ауқатын жақсарту маңызды болып табылады. PISA халықаралық зерттеу талдаулары көрсеткендей [2], жалпы білім беретін мекемелердегі әл-ауқаттылықты бірнеше жылдар бойы зерттеу арқылы мектептегі жалпы психологиялық климат, оқушылардың білім деңгейлері мен өмір сүру дағдылары, баланың өзі және өз өмірі туралы ойлары, оған қоса, мектептен тыс кезеңдердегі психологиялық әл-ауқаты мектептегі зорлық-зомбылыққа байланысты болатындығын мәлімдейді.

Оған қоса, қазақстандық қоғамның әлеуметтік сұранысына орай, Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың «Біз Қазақстандағы барлық баланың бақытты өмір сүруін қамтамасыз етуіміз керек, және әр баланың үніне құлақ асуымыз қажет» деген сөзі де мектептің буллингсіз болуын меңзейді [3].

«Мектептегі зорлық-зомбылық» және «буллинг» терминдері жиі синоним ретінде пайдаланылады және буллинг термині жәбірлеу ұғымымен нақтыланады. Дегенмен, біз өз зерттеуімізде шетелдік тәжірибелер туралы сөз ететіндіктен, буллинг терминін қолдануды қалдырдық. Мектептегі зорлық-зомбылық әртүрлі тәсілдермен көрсетілуі мүмкін және оның агрессорлар, құрбандар, бақылаушы-куәгерлерге қатысты әрекеттің жағымсыз салдарына байланысты буллингтің түрі көрінеді. Әдетте, буллинг мектептерде оқушылар мен мұғалімдерді қатыстыруы мүмкін барлық агрессивті әрекеттерді білдіреді. Буллинг – оқушылар арасындағы мектептегі зорлық-зомбылықтың ерекше түрі және оның белгілеріне: зиян болатыны, қасақана жасалатыны, уақыт өте келе қорқыту жағдайы жиілейтіндігі және үздіксіз бола бастайтындығы, агрессорлар мен құрбандар арасындағы күштер тең болмайтыны, агрессор күшті, құрбандар әлсіз мінез-құлық формасын көрсететіндігімен сипатталады [4; 5].

М.А. Valle-Barbosa және басқалар мектептегі зорлық-зомбылық туралы зерттеулердің көпшілігі буллингке бағытталғанын көрсетеді, дегенмен бұл білім беру орындарында кездесетін тұлғааралық зорлық-зомбылықтың бір ғана түрі [6].

Буллинг бұл – оқу орындарының күнделікті шындығына кіретін және мектеппен қатар өмір сүретін үлкен проблемаларының бірі. Ол тек ересек адамдар (мұғалім, ата-ана), ғылыми қоғамдастықты ғана толғандырып қоймайды, бастысы балаларды алаңдататын, олардың өмірінде із қалдыратын зорлық-зомбылық түрі. Буллинг салдарының ауырлығына және орын алу жиілігіне байланысты балаларға ең көп әсер ететін әлеуметтік құбылыстардың біріне

айналды. Осы жағдайға байланысты бұл проблеманы зерттеу соңғы елу жылда басталып, бұл құбылысты жоюға тырысатын көптеген зерттеулер жасалды.

Буллинг оқушының немесе балалар тобының бірнеше рет қайталануы негізінде мектептегі әлімжеттілік әрекеті салдарынан құрбан болатын оқушылардың физикалық және/немесе психологиялық зардап шегуін білдіреді. Ондайда балаға әдейі, қайталанатын және күшті әрекет қолданады. Бұл жағымсыз әрекеттер көбінесе жасөспірімдік шақта пайда болады және әртүрлі нысандарда және әртүрлі әдістерде жүзеге асырылуы мүмкін, мысалы, физикалық агрессия, сөздік және психологиялық агрессия немесе басқа да түрлерде көрінуі мүмкін. D. Falla және басқалардың зерттеулерінде, тіпті, қорлау ым-ишарасы, мазақ етіп күлу, құрдастар тобынан шығарып жіберу арқылы жалғыз қалдыру және т.б. әрекеттер, егер бұл әрекеттер уақыты өте ұзаққа созылса, бүкіл білім беру мекемесіне өте үлкен қауіп төндіріп, жағымсыз әсер етеді делінген [7]. Зорлық-зомбылықты негізінен басқалардан артықшылығын білдіргісі келетін балалар көрсетеді және олар жәбірленушіге үнемі қорқыту, қорлау, соққы беру немесе итеру арқылы жасайды. Ал жәбірленушілер әдетте қорғансыз, әлсіз және осал ретінде қабылданады, соның салдарынан жәбірленушілер әртүрлі сипаттағы әрекеттер кезінде қажетсіз жағдайға ұшырайды. D. Pérez-Jorge және басқалар (2023) зерттеулерінде көрсетілгеніндей, бұл жағдай жәбірленушіде оқшаулану, меланхолия сезімі, азаптану мен қорқақтық мінез-құлықты тудырады; өзін-өзі бағалаудың төмендігі, мектепке келмеу, оқу үлгерімінің төмендеуі және эмоционалдық тұрақсыздық сияқты көптеген салдарға әкеледі [8].

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеудің басты міндеті – біріншіден, мектептегі буллингтің алдын алуға байланысты шетелдік тәжірибелерге теориялық шолу жасай отырып, буллинг мәселесін шешуге қатысты тұжырымдарды дәйектеу. Екіншіден, Қазақстанда мектептегі буллинг мәселесінің көріну ерекшеліктері мен орын алу жиілігін эксперименттік тұрғыда айқындау болып табылады.

Осыған байланысты зерттеу жұмысында мектептегі буллингтің алдын алуға қатысты бірнеше шетелдік зерттеулерге теориялық талдау жасау барысында жүйелеу, жалпылау, педагогикалық өнімдерді талдау әдістері және эксперименттік деректерді статистикалық өңдеу әдістері қолданылды.

Зерттеуге Алматы қаласынан 52, Түркістан қаласынан 84 оқушы қатысып, мектеп оқушылары арасында орын алатын физикалық және психологиялық жәбірлеу әрекеттерінің түрлері мен көріну жиілігі туралы статистикалық деректер келтірілді.

Зерттеу жұмысында мектептегі оқушылар арасындағы жиі кездесетін физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық түрлері, олардың ұлдар мен қыздарда көрінуі, сонымен қатар зорлық-зомбылықтың жас ерекшелігіне байланысты көрінуі секілді мәселелер айқындалады.

Талдау мен нәтижелер

Бүгінгі таңда мектеп жүйелері бұрынғыдан да әртүрлі, мектептегі білім жүйесі мәдени, этникалық, жыныстық, діни және/немесе физикалық ерекшеліктерді қамтиды, бұл да кемсітушілік немесе әлімжеттілік эпизодтарын тудыру ықтималдылығын білдіреді [9]. Бұл жиынтықтарда мектептегі зорлық-зомбылық ошағы болып табылатын жағдайлар да кездеседі. Оның орын алу жиілігіне, жеке және әлеуметтік салдарына байланысты мектептің өмір «салтына» айналып кету қаупі де болуы мүмкін [10].

Осыған мысал ретінде 15-16 жас аралығындағы жастардың буллингтік әрекеттері өскен мәдени ортасына байланысты болатынын көрсететін (Miranda, A., және басқалар, 2023) Миранда және т.б. зерттеушілердің еңбегін қарастыруға болады [11]. Аталмыш ғалымдардың зерттеулерінде патронаттық тәрбиеде болған оқушылар мен патронаттық тәрбиеде болмаған оқушылардың буллингтік әрекеттеріндегі бірқатар өзгешеліктің бар екендігін дәлелдейді.

Аталмыш зерттеуде осы екі топ категориясын салыстыра отырып, патронаттық тәрбиеде болған жастардың ешқашан патронаттық тәрбиеде болмаған жастармен салыстырғанда жәбірленушілер мен қылмыскерлер тарапынан буллингтің жоғары көрсеткіштерін, сондай-ақ мектептегі оқу үлгерімінің төмен болатындығы анықталған. Оған қоса, оқушылар буллинг тәжірибесі туралы жәбірленуші ретінде де, қылмыстық әрекетті мәжбүрлі орындаушы ретінде де жиі хабарлаған. Буллингтің ең көп тараған себептері жәбірленушілердің сыртқы түрі, салмағын және жынысын білдіру болатындығы анықталған.

Ендігі кезекте осы мәселені шешуге байланысты қандай зерттеулер бар екеніне, сондай-ақ, оның алдын алуға байланысты қандай тәжірибелер бар екендігіне тоқталайық.

Бірқатар зерттеулерде мектеп қызметкерлерінің (мұғалім, тәрбиеші, психолог, әлеуметтік қызметкер, мектеп әкімшілігі және т.б.) көзқарасы бойынша буллингтің алдын алудағы кедергілерге мыналарды жатқызады: мұғалімдердің буллинг жағдайларын анықтау және оған қарсы әрекет ету туралы білімдерінің болмауы, буллингті шешуге, оны зерттеп оқуға мотивацияның болмауы, алдын алудың жаңа стратегияларын қарастыруға қызығушылығының болмауы, уақыттың болмауы, ата-ананың мүдделері мен қаржысына байланысты өзіндік тиімділіктің болмауы және ресурстардың жетіспеушілігі сияқты проблемалар қарастырылады.

Жалпы психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде мектептерде буллингтің алдын алу мен оған араласуға қатысты төрт түрлі көзқарас типі бар екендігі анықталады:

- реактивті тип;
- кооперативтік тип;
- ниетті тип;
- бастамашы тип.

Қай зерттеуді қарастырсақ та, буллингтің алдын алу мен оған араласуға «идеалды» көзқарас жоқ екендігі анықталды. Буллингтің алдын алуға байланысты алғашқы жұмыстардың бірі Норвегия тәжірибесінде Д. Олвеустің (Olweus Bullying Prevention Program (OBPP)) бағдарламасына тиесілі. Осы орайда, буллинг мәселесін бағалау стратегиялары мен процедуралары туралы қажетті білімдер жүйесі қалыптасқан. Оның ішіндегі маңыздысы буллинг болған жағдайда бастамашы және бірлескен түрлердің комбинациясы тәжірибеде пайдалы деп есептелінеді. Бастамашы және реактивті типтер іс жүзінде көп нәрсені жасайды, бірақ олардың біртұтас стратегиясы жоқ, ал ниетті және кооперативтік типтер айтарлықтай пассивті және көбінесе басқаларға бір нәрсе жасауға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары оқушылар арасындағы буллингті өзара шешу қиын екендігі байқалады. Олай болса, буллингті шешуде немесе оның алдын алуда ересектердің, оның ішінде мұғалімдердің әсері зор екендігі дәлелденеді. Және мектептегі буллинг мәселесін шешуге қатысты негізгі бағытты – мұғалімдермен жұмыс істеу керектігіне баса назар аударады. Мұғалімдерге арналған буллингпен күресу бойынша тренингтер ұйымдастыру арқылы мұғалімдердің бұл іс-әрекетке дербес қажеттіліктерін арттыру, ресурстарын жетілдіру негізінде бірқатар нәтижеге қол жеткізуге болатындығы тұжырымдалады.

Мектептерде буллинг оқиғаларының сөзсіз орын алатынын ескере отырып, мұғалімдер мен мектеп қызметкерлерін осы оқиғалармен сезімтал және тиімді күресуге дайын болуын қамтамасыз ету үшін алдын алу және реактивті стратегияларға үйретудің арнайы бағдарламаларын құрастыру және оны жүзеге асыру өте маңызды деп есептейді [12].

Буллингтің алдын алуға қатысты мұғалімдерге арнайы білім беру аясында оқушылардың буллингті қалай бастан өткеретіні, оның оқу-білім нәтижелерімен қаншалықты байланыстылығы бар екенін түсіндіре отырып, буллингтен зардап шеккен балаларға мұғалім мен мектептің қолдауының маңыздылығы, қауіпсіз мектеп ортасын құру мүмкіндіктерін кеңейту жолдары айқындалады.

Мұғалімдердің мектеп оқушыларымен бірлесе отырып, осы мәселені шешу жолдарын да қарастыруға болады. Мектепте буллингтік әрекеттердің бар екендігін мойындау, мектептердегі қорлаудың ошақтарын анықтау, балаларды біріктіру үшін арнайы тембилдингтік жоспарлар әзірлеу де маңызды. Себебі, оқушылар мұғалімдер мен мектеп әкімшіліктеріне қарағанда буллингтің жоғары деңгейі туралы хабардар, ал бұл өз кезегінде одан да жоғары деңгейдегі буллинг оқиғаларын азайтады. Мұндай қолдау буллингтің әсерін азайтуға және уақыт өте келе оны мүлдем азайтуға көмектеседі. Сонымен қатар, балалар мен жастарға салауатты білім беру тәжірибесін беру үшін балаларды қорғау жүйесі мен білім беру жүйесі бірлесіп жұмыс істеуі керек. Миннесота штатындағы тәжірибеге сүйенсек, осы екі жүйеде мұғалімдер қандай да бір проблемалар туралы хабарлаған жағдайда шаралар қабылдау керек деп есептелінеді, олардың барлығы балаларға, жастарға және отбасыларға жоғары сапалы қызмет көрсетуге тырысатынын мойындайды [11]. Мұғалімдер мен мектептердің қолдауы барлық білім алушылар үшін маңызды болғандықтан, бұл мәселелерді шешетін саясат оқушыларға пайдалы болуы мүмкін.

Оңтүстік Корея тәжірибесінде соңғы жылдары мектептердегі буллингті азайту үшін білім беру бағдарламаларының айтарлықтай саны әзірленгенін көрсетеді (шолу үшін Baldry және Farrington, 2007; Jimenez-Barbero, Ruiz-Hernandez, Llor-Saragoza, Pérez-García, және Llor-Esteban, 2016) [13].

Соңғы жылдардағы буллингке қарсы арнайы ұйымдастырылатын бағдарламалар, тек қана агрессорға, қылмыскерлерге немесе құрбандарға ғана емес, сонымен қатар, қасындағы адамдарға, яғни бақылаушы немесе көріп тұрған адамдарға да бағытталып құрастыруды қолға алып келеді. Бірқатар зерттеушілер буллингтің құрбаны да, орындаушысы да болып табылмайтын буллингті бақылаушылар мектептегі буллингтің алдын алуда маңызды рөл атқаратынын пайымдайды.

C. Salmivalli және оның әріптестері мектептегі буллингті қорқыту жағдайларына және құрбандардың тәжірибесіне әсер ететін топтық құбылыс ретінде қарастырады (Salmivalli, Lagerspetz, Björkqvist, Österman, және Kaukiainen, 1996) [14], (Карна А. және басқалар, 2011) [15]. Аталмыш ғалымның айтуынша, «Бақылаушылар бұзақыға көмектесу және күшейту арқылы буллингтің жалғасуына үлес қоса алады, сөйтіп, бұзақыға олар іздеген билік позициясын береді». Немесе керісінше, сонымен қатар, олар жәбірленушілерді қорғау, бұзақы әрекеттерді тоқтату сияқты әрекеттерімен буллингтің әрі қарай жалғасуына кедергі жасай алады.

Кейбір зерттеулерде балаларда эмпатия (Nickerson A.B. және басқалар, 2014; Salmivalli C. 2010; Thornberg R. 2007) және өзіндік тиімділік қасиеттерін қалыптастыру негізінде де буллингтің алдын алуға болатындығы тұжырымдалған. Айталық, Фин мектептеріндегі KiVa бағдарламасы мектептердегі буллингтік әрекеттердегі бақылаушылар немесе қасындағылардың оң психологиялық қасиеттерін жақсарту арқылы қорғаныш мінез-құлқын ынталандыруға бағытталған (Карна А. және т.б., 2011). Бұл бағдарламаның негізгі түйіні – балалар арасында рольдік ойындар арқылы құрбан болған балаларға жанашырлық сезімін дамыту арқылы буллингті азайту болып табылады [15].

Корея тәжірибесінде мектептердегі буллингпен күресу үшін Корея үкіметі 2014 жылы тәжірибелік білім беру тәсіліне баса назар аудара отырып, мектептердегі зорлық-зомбылыққа қарсы сайтқа негізделген қарсы шаралар (SCAVIS) саясатын қабылдады. SCAVIS тәжірибеге бағытталған буллингке қарсы бағдарламалар арнайы тақырыптағы лекцияларға, мектептегі буллингті бастан кешіретінін көрсететін ауқымды сауалнамалардың нәтижелеріне негізделген. Осы саясаттың бір бөлігі ретінде Білім департаменті Ұлттық полиция агенттігімен бірлесіп «Жастар полициясы академиясын (ҰРА)» әзірледі. ҰРА жобасы 2014 жылы 19 жас полиция академиясымен басталды, ал кейінгі жылдары олардың саны тез өсті.

2019 жылдың соңына қарай бүкіл ел бойынша 52 ҰРА жұмыс істеді. 2019 оқу жылында ҰРА академияларда буллингке қарсы 4303 бағдарлама ұсынды [16].

Мектептегі буллингтің алдын алу бойынша басқа да соңғы білім беру әрекеттерін қарастыруға болады. Атап айтсақ, мектептегі буллингке жауап ретінде бақылаушылардың мінез-құлқын өзгертуге бағытталған арнайы іс-шаралар тек мектептерде емес, жергілікті полиция бөлімшелерінде арнайы оқытатын буллингтің алдын алу бойынша тәжірибелік бағдарлама құрастырып, ол бағдарламада рөлдік ойындар мен сот-медициналық зерттеулер сияқты оқушыға бағытталған әрекеттерді көзбен көріп, мәселені шешуге өзі қатысу үлкен мәнге ие.

Мексика тәжірибесіндегі буллингтің алдын алу іс-шараларына тоқталатын болсақ, мұндағы негізгі тұжырым буллингті дау-дамайлы жағдаяттар ретінде қарастыра отырып, оны шешуге байланысты қарым-қатынас механизмдерін пайдалануды ұстанатын еңбектер бар. David Pérez-Jorge және басқалар Мексика елінде буллинг мәселесінің өршіп тұрғанын тілге тиек етеді. Аталмыш ғалымдардың деректеріне сүйенсек, Халықаралық оқушыларды бағалау бағдарламасы (PISA) 2018 жылы Мексикадағы студенттердің 23%-ы кем дегенде айына бір рет буллингті бастан өткергенін пайымдайды. Бұл деректер зорлық-зомбылықтың жоғары деңгейін көрсетеді. Мексиканың білім беру орындарында зорлық-зомбылықтың көбеюін ескере отырып, оқушылардың дау-дамайды шешу үшін қарым-қатынасты пайдалану туралы білімдерін қалпына келтіру тәжірибесін қолдана отырып, буллингтің алдын алу мүмкіндігіне қол жеткізуге болатынын тұжырымдайды [9].

Тағы бірқатар еңбектерде (G. McCluskey, 2010), (P. McCold, 2013) мектептегі буллингті жою және алдын алу мақсатында буллингке қатысушылардың өзара конфликт жағдайын түсіндіруге, өзара оны шешуге бағытталған тәсілдерді көрсетеді. Бұл тұжырымға негізделген буллингтік әрекеттерден кейінгі оқушылардың өзара қарым-қатынасын қалпына келтіруге бағытталған нақты модельдерді ұсынады. Айталық, «Жәбірленуші – құқық бұзушы медиациясы», «Позитивті тәртіп», «Қалпына келтіру конференциялары» және «Бейбітшілік шеңберлері» бағдарламаларының тиімділігін айқындайды [17; 18].

